Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 85 жылдығына арналған және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
бағдарламалық мақаласы аясында өткен

«Түркі жазуы мен түркі мәдениеті: түркі жұртының бірегейлік негізі»

атты республикалық ғылыми - тәжірибелік конференциясы материалдары

ЖИНАҒЫ

27 қазан 2017 жыл

Орал, 2017

УДК 811
ББК 512

Жалпы редакциясын басқарған:

Төраға:

Иманғалиев А.С., М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик

Мүшелері:

Юров О.В., М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, саясаттану ғылымдарының кандидаты, доцент

Тасмағамбетов Ә.С., М.Өтемісов атындағы БҚМУ «Рухани жаңғыру» институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, доцент

Қыдыршаев А.С., М.Өтемісов атындағы БҚМУ қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Хасанов Ғ.Қ., М.Өтемісов атындағы БҚМУ қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы

Мүтиев З.Ж., М.Өтемісов атындағы БҚМУ филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Дюсембина Г.Е., М.Өтемісов атындағы БҚМУ қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD), аға оқытушы

Түркі жазуы мен түркі мәдениеті: түркі жұртының бірегейлік негізі: Респ. ғыл. - тәжіриб. конф. мат. жин. – Орал: М.Өтемісов атын. БҚМУ РБО, 2017. - 227 б. Қазақша, орысша.

Конференция материалдарының мақалалар жинағында әлем өркениетіндегі түркілік мәдени мұра, түркі тілдерінің зерттелуі, латын әліпбиіне ауысудың негізгі тетіктері, емлені жетілдіру мәселелері қарастырылады. Сондай - ақ, қазақ тілін меңгертудің жаңа технологияларға негізделген әдіс - тәсілдері, қазақ тілтанымындағы тың бағыттар, заманауи білім берудің өзекті мәселелері, қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі, тіл мен әдебиет байланысы, бүгінгі таңдағы бағыт - бағдары мен дамуы тексеріс көзіне алынады.

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

А.С. Иманғалиев,
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик

Бұл күндері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті өзінің 85 жылдық мерейтойын атап өтуде. Осы атаулы датаға орай университетімізде сан түрлі іс - шаралар өтуде. Олардың барлығын атап шығу мүмкін болмас. Алайда соның бір жарқын көрінісі ретінде бүгінгі ұйымдастырылып отырған «Түркі жазуы мен түркі мәдениеті: түркі жұртының бірегейлік негізі» тақырыбындағы республикалық ғылыми - тәжірибелік конференциясын атап өтсек керек - ті.

Екіншіден, елімізде үлкен рухани өрлеу тудырған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласы аясында өтіп жатқан конференцияның рухани маңызы арта түсері анық. Елбасы ұлттың рухани жаңғыруына бастайтын нақты қадамдардың алдыңғы қатарына қазақ тілі әліпбиін латын қарпіне көшіру мәселесін қойып отыр. Қазақ тілі – мемлекеттік тіліміз болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор деп білеміз. «2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек» - деді Елбасы.

Түркі жазуы мен түркі мәдениеті туралы сөз қозғағанда *көне түркі жазуы, көне түркі әліпбиі, түркі руникалық әліпбиі* – Орталық Азия жерін бағзы заманнан мекендеген түркі тілдес тайпалардың тұңғыш әріптік жазуы болғандығына назар аударамыз. Жазу тарихы – өте қызық. Мәселен, Көне түркі Орхон - Енисей әліпбиінде 35 әріп бар екен. Ғалымдардың зерттеуінше соңғы отыз - қырық жыл ішінде Қазақстан жерінде де Көне түркі жазба ескерткіштерінің бар екендігі анықталып отыр. Талас бойынан төртбұрышты тас мөр мен дөңгелек тастың жарты сынығына бедерленген руникалық ойма жазулар, Іле бойынан жартастарға қашалған руникалық жазу үш жерден табылды. Осы өңірден жүзіктегі руникалық жазу да анықталды. Сыр бойында ескі кенттердің орнынан табылған саз балшықтан күйдірілген дөңгелек алқа, құмыра сияқты ойылған руникалық жазулар белгілі болды. Сондай - ақ 1985 жылы Шығыс Қазақстаннан жартасқа қашалған руникалық жазу, ал 1987 жылы бауға тағылған мөрдің табанына ойылған руникалық жазу табылды Жайық өңірінен анықталған қола айнадағы руникалық жазу 1986 жылы жарияланды. Яғни, түркі жазуы мен түркі мәдениетінің тарихы әріде жатыр деген сөз.

Ендеше, бұл конференцияда жасалатын баяндамалардың тартымды және табысты болатындығына сенеміз. Барлық қатысушыларға сәттілік тілейміз!

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ШЕШЕНДІК ДӘСТҮР – ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨЗІ

Қыдыршаев А. С.,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі,
Қыдыршаев О.А.,
Магистр - оқытушы,
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Орал қаласы
kdirshaev_abat@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының шешендік дәстүрі түркі мәдениетіне тән рухани құндылықтар көзі ретінде таратылады. Халықтық шебер сөздер қазақтың елдік, қоғамдық өмірінің күллі жақтарын елестететін айнасы, халықтың ой - пікірінің, сана - сезімінің, жалпы дүниетанушылық көзқарасының арнасы, жеткен кемелі екені таразыланады. Қазақтың от ауызды орақ тілді шешен - билер мұрасының тағылымын рухани байлығымыз ретінде кейінгі ұрпаққа дәріптеу, тереңдігіне, тұңғиығына бойлау мәселесі нақтылы мысалдармен молынан айтылады.

Тірек сөздер: шешендік, ұлттық шешендік өнер, шешен - би, импровизация, риторика, құндылықтар.

Аннотация. В статье рассматривается о распространении казахской традиции красноречия как источника ценностей тюркской культуры. Слова народного мастера-зеркало отражения казахского единства общественной жизни, пути мировоззрения и достижения совершенства народный мысли. Иллюстрация конкретных примеров говорит о быстроте острословия, о преемственности духовного наследие казахов из поколения в поколение.

Ключевые слова. ораторство, национальное искусство красноречия, спикер, импровизация, риторика, ценность.

Annotation. The article deals with the spread of the Kazakh tradition of eloquence as a source of values Turkic culture. Words of the national master-mirror reflecting the Kazakh unity of social life, the way of worldview and achievent of the perfection of popular thought. The illustration of specific examples shows the rapidity of wit, the continuity of the spiritual heritage of Kazakhs from generation to generation.

Key words: oratory, national art of eloquence, speaker, improvisation, rhetoric, value.

Бүгінде қазақ халқының ұлттық шешендік өнерінің тарихы Түркі қағанаты, қараханидтер, қыпшақтар мемлекеттері дәуірінен бастау алары, VI - IX ғ.ғ. түркі тілдес халықтарға ортақ саналатын Орхон - Енисей жазба ескерткіштеріндегі Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк сияқты қашалып жазылған жазулардан бері таратылары мәлім. Бұл орайда Ж.Баласағұнидің «Құтадғу білік», М.Қашқаридің «Диуани лұғат - ат түрік», Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани хикмет», А.Игүнекидің «Ғибатул Хама» сынды көптеген еңбектерінің өркениет әлеміндегі орны ерекше. Сондай - ақ, туындыгері беймәлім «Кодекс Куманикс» (XIII - XV ғ.ғ.), «Оғызнаме» жырлары, кейінгі кезеңде жазылған қазақтың тарихшылары Хайдар Дулати («Тарихи Рашиди»), Қадырғали Жалайри («Жамиғ-ат-Тауарих»), Захариден Бабырдың («Бабырнаме») еңбектері тарихи әдеби - көркем шежірелер ретінде жазылғаны ақиқат. Бұған жалғас бес ғасырға (XV - XIX ғ.ғ.) созылған қазақтың көркем әдебиетіндегі шешен - билерді (Майқы, Кетбұға, Асан қайғы, Жиренше, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым) түгел түптеп білу, мұраларына үңілу, керегінше пайдалану да жас шешенге қажетті қағида. Шешендік өнердің туып, қалыптасуы қоғамның пайда болуымен байланыстылығы туралы пікірді қазақ шешендік өнерінің даму тарихы да дәлелдейді [1; 60].

Тарихи аңыз-әңгімелерге, кейбір жазба деректерге қарағанда қазақтың шешендік өнері алғашқы хандықтарды құрысқан Майқы би, Аяз билермен (XII - XIII ғ.ғ.), Асан қайғы, Жиренше шешендермен (XIV - XVI ғ.ғ.) тығыз байланысты. Ал, хандықтың нығайған кезінде, яғни Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би, Сырым батыр өмір сүрген замандарда (XVII - XVIII ғ.ғ.) шешендік өнер өзінің даму дәуіріне жеткен. Демек, қазақ халқының зор мақтаныш боларлық мәдени бай мұраларының мол саласы – әдебиет мұрасы. Философиямен қабысқан терең ой - пікірлер арнасынан асқан ақыл, сезімді сергітіп, жүрек тербеткендей қажырлы қайрат, екпін, ынта, аңсаған әділдік, бой шымырлатып, жүйе босатарлықтай сөз – осылардың бәрі қазақ халқының ауыз әдебиетінің асылдығын көрсететін қасиеттер. Сол себептен де «Өнер алды – қызыл тіл» дейді қазақ мақалы.

Қазақ халқы адам баласының қоғамдық қатынасының ең маңызды құралы сөзді өте жоғары бағалай білген. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, орынды айтылған жақсы сөздер отыз тістен шығып, рулы

елге жайылған, көпке өнеге болған. Мұндай жүйелі сөздер ауыздан - ауызға көшіп, атадан балаға ауып, біздің заманға да жеткенін көреміз.

Қазақ халқының ғасырлар бойы сақталып келе жатқан ауыз әдебиеті – түпсіз бұлақ, бітпес мол қазына. Қазақ халқының мәдени мұрасының ішінде көпке дейін ойдағыдай еске алынбай, зерттеу жағынан кенже қалып келген өткендегі ұлы сөз аталарының, айыр көмей, темір жақ шешендерінің қамал бұзарлықтай қаһарлы, жүйе босатарлықтай жылы сөздері, өмірді кеңінен алып, заманында кемеліне келтіре сөйлеген би - шешендердің ескіден қалған нақыл сөздері қазақтың ауыз әдебиетінен көрнекті орын алады.

Шешендерден қалған мұндай шебер сөздер, бір жағынан, қазақтың елдік, қоғамдық өмірінің күллі жақтарын елестететін айнасы болса, екіншіден, халықтың ой - пікірінің, сана - сезімінің, жалпы дүниетанушылық көзқарасының арнасын, жеткен кемелін көрсетеді. Әділетті сағалаған шешен - билердің, ақыл айтқан қадірлі ақсақалдардың атақтарын іргелі қазақ еліне әйгілі еткен – олардың ұлт атынан, іргелі ел, аймақ атынан айтқан шешен сөздері, әділ биліктері, өмірдің өзгешеліктерін ақылға салып, өлшей айтқан болжал сөздері. Кенеттен тауып, кемеліне келтіре сөйлеген адамды қазақ «би», «шешен» дейтіні бүгінде мәлім. «Би» сөзінің арғы тегі түрік сөзі болса керек. Биік, жоғары, өте, бек, ұлы, қуатты, күшті мағынасында. Түрік тіліндегі «бек» сөзі бай, биік, бас, бастық, хакім, әмір мағыналарында. Хан төңірегіндегі орда - сарайлардағы биік мәртебелі абыройлы да құрметті адамдарға айтылады. Қазақта «бек» өте, аса, тіпті (жақсы, жаман, үлкен, кіші т.б.) мағынасында. Сонымен қатар қазақта «биік» дегенде сөз бар. Ол «жоғары» мағынасында. Сол биіктің соңғы буынын алып тастап, «би» деген бірінші буынын қазақ түріктің «бек» сөзінің мағынасына жақындатады. Бірақ қазақ ханға жақын адамдардың бәрін «би» демеген. Әуелде ханға кеңес беретін, ақыл қосушыны ғана «би» десе керек. Түрік тіліндегі елдердің көбі ондайын «қази» дейді.

Қазақ ауыз әдебиетінде «би» деген сөз өте әріден кездеседі. Ертедегі Аяз би, Шыңғыс заманында жасаған Майқы би, Кетбұға (күймен сөйлейтін болған) билер – тек ханға, хан сарайына жақын ғана адамдар емес, оның үстіне ақыл иесі, сөз тапқыш айтқыштар. Халық аузында аты қалған кеңесшілер – көпке ұнамды, ұмытылмастай ақыл сөз айтқандар. Бері келе мұндай сөз

шеберлерін халық өзгелерден ерекшелеп, бөліп алып «шешен», «би» атаған. Жиренше шешен, Саққұлақ шешен, Төле би, Қазыбек би, Мөңке би, т.б. «Шешен» түрік тілдерінде сөзге шебер мағынасында. Қазақ «шешен» деп ойланбай, кенеттен орынды сөз тауып айтқан адамға айтады. Сұлу сөзді мағыналы етіп, ұтып сөйлейтін, жазатын адамды сөзге би, шешен адам екен дейді. «Би» атауы әуелде хан қасындағы кеңесшілерге айтыла тұрса да, кейін қалың көптің халықтың өз арасынан шыққан айтқыштарда «би» аталған. Сонымен, «шешен», «би» сөздерінің мағынасы кірігіп, көбіне айтқыш, сөйлегіш ұғымын береді.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі, фольклорындағы ауызша айтылған сөздердің иесі бары, айтушының аты белгілісі, тек осы шешен - билер сөздері ғана. Аталы сөздері іргелі елге жайылып, шешендік даңқтары талай заманды басып өтіп, өзгермей, өшпей, мұра болған ақылгөй адамдар қазақ халқында жүздеп саналады. Өз басы ғана сөзге жүйрік болған аталарын былай қойғанда, түу ата тегінен бері қарай, тұқым қуалап, төңірегінің көбі шешендікке ие болғандардың өзі сан алуан. Бізге сөздері жеткен шешендердің көпшілігі қазақ хандығы орнағаннан бастап көрінеді. Бірақ қазақ халқының ескі заманын суреттейтін батырлар жырларындағы Сыпыра жыраудың өзі шығыстағы көп заманды ішіне түйген, ғасырлар бойғы ұлы оқиғаларды ойына жинаған, келешекті болжай сөйлейтін кәрі құлақ, өткір, ақылгөй шешен адам болғандығы анық. Өңшең жүйрік, дүлдүл, толғау сөзге бұлбұлдай сайраған Тоқтамыстың тоғыз батыры Сыпыра жыраудың шалымына келмей қалғанына не айтарсың! Демек, қазақтың үш жүзіне ортақ, сонау әріден келе жатқан Асан қайғы, Жиренше шешен, Сыпыра жыраулар – өткенді өрнектей ойына тізіп, кезеңін кеңінен қамтыған, келешекті болжағыш, нағыз самғаған саңлақтар.

Шешендіктері шешеннен асып, батпан бұлды сөздері еттен өтіп, сүйекке жетіп, жазықтыны жанынан түңілдірген сөз иелерінің атақтары Алтын орда хандығы ыдырап, қазақ хандығы ерекшеленген замандардан бері қарай анықтала бастайды. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» нақылы – аталы сөздердің арғы тегін іздеуден қалған қазақ мақалы. Бұл айтылып отырған Майқы би – Шыңғыс, Жошы заманында жасаған адам. Ұлы жүз Жаныс Төле би, Саржан билер, Орта жүз Тобықты Әнет баба, Арғын Қаз дауысты Қазыбек, Сүйіндік Айдабол би, Ормамбет би, ер құнын екі ауыз сөзбен бітірген Едіге би, Керей Жәнібек би,

Арғын Бекболат, Тіленші билер, Кіші жүз Алшын Әйтеке би, Қаражігіт би, Мәме би, Қара Тоқа Есет би, Мөңке билерден қалған нақыл сөздері қажыры қас батырларға берілместей қамалдарды бұзған болып келеді. Екі ауыз аталы сөздерімен ердің құнын, рулы елдің ісін бітірген деседі. Ендеше, қазақ халқының ертедегі елдік мәні бар істерінің бәрі осындай аталы сөз айтқан көсемдерінің алдына келіп шешілетін болған, шешендердің айтқан құнарлы сөздеріне жұрт бағынатын болған. Бұл сөздерді мазмұн жағынан алып қарасақ, өмірді кеңінен шолып, тереңнен қамтығаны байқалады. Мұндай шешендер аз сөйлеп, көп айтқан. Естіген, білгендерін көңілге көп түйіп, сөздерін көпке бірдей әділдікке сүйей, тұжырымды етіп, тәлім - тәрбиелік мәнін өсіре, жауыздықтан аулақтата, жақсылықты үлгі ете, сөз тыңдаушыларды жетелей сөйлеген. Көптің басына қауіп төніп, ел шетіне жау тақалған замандарда, болмаса елмен ел егесіп, қару күшін сарқып, көп есеге салған күндерде, не болмаса хандардың қаталдығы, білегі жуан белділердің әділетсіздіктері шектен асып, қауымның қабырғасына батқандай кездерде, шешен билердің елдік мәні бар ем сөздері ондайларға тойтарыс беріп, енді қайтып беттетпейтін болған. Әз Жәнібек, Әз Тәуке замандарын былай қойғанда, қазақтың етек жеңі біркелкі жиналып, іргелі ел болған кезі Абылай хан заманы болса, ол кезең қазақ халқының тарихында өзгеше көрінеді. Ақылды Абылай елдің ақылгөйлерін төңірегіне жинап, елеулі іс істеуге ұмтылған. Ол кездерде қазақ халқының байтақ жер - суы мен байлығы сырт дұшпандардың тынышын ала берген. Қазақ елі талай жауларымен жағаласып, көп қиыншылыққа кездесіп отырды. Сол күндерде елге ақылшы болып, батырлармен бірге елдің елдігін, бүтіншілігін, намысын қорғасқанда осы сөз иелері – шешен, билері.

Әз Жәнібек заманында қазақта екі - ақ түрлі кісі болыпты: бірі – батыр, бірі – би деу де осыны дәлелдейді. Халық тарихында шешендік сөздер ас-жиындарда, жәрмеңкеде айтылатын дау-тартыс, ақындық, шешендік айтыстармен ғана шектелмегені мәлім. Бұл орайда көпті көрген данагөй қариялардың үлгілі, өнегелі, ақыл - нақыл, үгіт - насихат, әзіл сөздері де мол. Дегенмен де шешендік сөздердің қайсысы қай уақытта шығып, қалай қалыптасқанын кесіп - пішіп айтуда оңай емес. Мәселен, ежелгі грек тарихында шешендік өнердің өсіп - өркендеуіне атақты Солон заңы бірден-бір себепкер болғаны мәлім. Ежелгі Афиннің мемлекеттік қайраткері әрі ақыны Солонның (б.ғ.д. 638

- 558 ж.ж.) құлдықпен сот істерін демократиялауға бағытталған әлеуметтік реформалары «Солон заңы» делінген. Солон заңы бойынша Афиннің әрбір азаматы өз мүддесін қорғауға тиісті болған. Ал бұлай істеу әркімнің қолынан келе бермейтіні де аян. Осыдан келіп сот алдында айтылатын сөзді алдын ала жұптайтын, даярлайтын логогрифтер – сөз жұптаушылар пайда болған. Ал дау - талап мәселесін қарайтын қазақ қауымындағы ежелгі әдет заңы («Жеті жарғы» іспеттес) гректің Солон заңына ұқсастырылады. Демек, қазақ қауымында ертеден қалыптасқан ел ішіндегі дау-жанжалды мәмілемен шешіп реттеудің халықтық тәсілі дәстүрлі шешендік өнердің дамуына әсер еткен. Афин азаматтарының шаршы топ алды өз көзқарастары мен саяси мақсаттарын баяндау қажеттігі шешендікпен арнайы шұғылдануды керек еткені сияқты халық алдында талқыланатын дау - жанжал, билік - бітім сөздерде жеңіске жету үшін қазақ билерінен халықтың салт - санасын, әдет - ғұрпын жетік білумен бірге ойға ұшқыр, тілге шешен болуды талап еткен. Сондай - ақ халықтың тапқыр шешен адамға көрсететін құрметі мен білігі үшін беретін сыйы («би ақысы») шешендік өнерді дамытуда ынталандырушылық, қызықтырушылық қызмет атқарған. Қысқасы, қазақ шешендік өнерінің тарихи тармақтары сан қатпарлы. Ұлттық шешендік өнерінің тарамдарын білу – бүгінде ұтқыр ойлы, шешен тілді ұрпақ тәрбиелеудің кепілі де.

Халқымыздың сөйлеу өнеріне қай кезеңде де ерекше мән бергені аян. Ал қазіргі таңда тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті адамдарға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуда. Қайта оралған «тиімді коммуникация жағдайымен формасының құралы» шешендіктану ғылымы қоғамдағы сөйлеу мәдениеті деңгейін көтерумен мықты «шешен тұлғаларды» тәрбиелеу мәселесін шешу жолдарын ұсынуы тиіс [2; 13].

Ал әлемдік шешендіктану ілімінің бір тармағы қазақтың шешендік дәстүрі, әлеуметтік феномен тұрғысынан таразылағанда, белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда, қалай да бір адами оқиғаға байланысты қалыптасып, айрықша тапқырлықпен, суырыпсалмалықпен, көркем тілмен айтылатын озат ойлар мен тәлімді тұжырымдар үрдісі болмақ. Ал қазақтың от ауызды орақ тілді шешен - билер мұрасының тағылымын рухани байлығымыз ретінде кейінгі ұрпаққа қалай дәріптеп, оның тереңдігіне, тұңғиығына қалай бойлап жүрміз? Мәселен, қазақ халқы шешендік мұрасының жас

атаулыға жұғысты болар өнегелік-тағылымдық бір қыры – *сөздің құдіретті күшке ие екендігін аңғартуы, сөздің өзіндік бояуы, дәмі, адам сезіміне әсер етерлік қоңыр исі бар екендігін, ал оның күші дауыс ырғағы арқылы берілетіндігін танытуы*. Демек, дауыс үнділігі – сөйлеушінің сан қырлы қалтарысты иірімдерін танытатын басты құрал да. Шаршы топ алды қарсыласынан сескенгендер ол құралды орынды қолдана да алмайды, дірілдеп, жарқыншақталып шыққан дауысыңнан сенің кім екенің де танылмақ. Мысалы, халық шежіресінде Қазыбек бидің қалмақ ханы Қонтажыға айтқан сөзінің аса байсалдылықпен айтылатынын, әр сөздің үні сазды шығатынын, онда асып - сасудың, мүдірудің жоқтығын білеміз.

Бұл байсалдылықпен, қоңыр үнділікпен, ешбір кідіріссіз екпіндете шыққан дауысынан жауы оның психологиясын біліп отыратындығын байқаймыз. Онда Қазыбектің ерлігі, қайсарлығы сезілумен қатар, достық құшағы да ұғынылады. Шешен сөзі қарсыласының жан жүйесін босатып тастайды, абдыратып жібереді, бірақ өзі ықшам, белі бекем буылған, өлісерге баруға бел байланған, серттен ауытқу сезілмейді, қарсыласын ойынан жаңылыстырып, құмықтырып тастайтыны аңғарылады. Енді осы оқиғаның қалай өрбігеніне үңіліп көрелік. Абылайдың заманында қалмақ пен қазақтың арасындағы жауынгершілік кезінде қалмақтың Қонтажы ханы қалың қолмен келіп, бейбіт жатқан қазақ елінің бір шетін шауып әкетіпті. Қоралы қой, үйірлі жылқыға қосып, «құл етемін» деп ұл әкетіпті, «күң етемін» деп қыз әкетіпті.

- Бұл қорлыққа қалай шыдаймыз, - деп ер азаматтар Абылайға келіпті. Абылай кеңінен толғайтын, алыстан орайтын сабырлы адам екен.

- *Шабыспақ оңай, табыспақ қиын, елші жіберіп алдынан өтейік, бітімге келсе, оны көрейік, келмесе ант өзіне ауар. «Ант аумай, ат жүгірмес» деген, еліміздің ісі әділ екеніне барша халықтың көзі жетсін. Ісі әділ елдің туы жығылып, аяғы сынбас болар,* - депті.

«Сөз бермейтін шешенмін, жол бермейтін көсеммін, қол бастаған батырмын, мың кісіге татырмын» деп, кеудесін қағатын Қонтажы емес пе. Қонтажы алдына жауласқан елдің адамы барса, теп-тегіс бауыздап, аттарын жылқысына қостыра салады екен. Сол Қонтажыға «мен барайын» дегендерден 100 кісі елші болып барғалы жатады. Ол кезде Қазыбек тайға мініп жүретін 15 жасар бала екен.

- *Тай бәйгесіне қосылып болдым ғой, енді ат бәйгесіне де бір қосылып көрейінші,* - депті, тайына мініп келген Қазыбек Абылайға. Абылай балаға назарын салып, біраз қарап тұрыпты да:

- Талабыңда жақсы екен, тайыңда жақсы екен, меселің қайтпасын. Барсаң бар, балам, - депті.

Көз көрім жерге дейін елшілерді шығарып салып, бір дөңнің басына келгенде Абылай жұрттың бәрін тоқтатып, былай депті:

- *Батыр болып қол бастау, көсем болып ел бастау оңай емес. Осының бәрінен де ел тағдырын шешерлік сөз бастау оңай емес. «Жауластырмақ жаушыдан, елдестірмек елшіден». Ел тағдыры қылыштың жүзімен де, шешеннің сөзімен де шешілетін кез болады. Айтылған сөз, атылған оқпен тең, оны қайтып ала алмайсың, байқап сөйлеңдер. Дәлдеп атып жауды өлтіруге де болады, дәлдеп айтып көндіруге де болады. Қонтажыға құлақкесті құл емес екендігімізді естеріңнен шығармаңдар. Жау алдында жасық елдің адамына ұқсамаңдар. Тауындағы түлкіні бабындағы тазы алар. Тозғындаған аққуды шалғындаған қаз алар. Бірліктерің берік болсын. Үлкендеріңді кішің сыйлаңдар. Орынды жерінде кішіні де тыңдаңдар. Басшыларың Тайкелтір би болсын, атшыларың мына тайлы бала болсын. Атшыдан бастап басшыға дейін ел намысы үшін бара жатқан елші екендеріңді естеріңнен шығармаңдар. Қонтажы икемге келетін болса, асықпассыңдар, егер икемге келмесе, қар суы кеппей келетін болыңдар. Ал, жолдарың болсын, барыңдар,* - деп Абылай дөң басында тұрып қалыпты. Елшілер Қонтажының елі қайдасың деп жүріп кетіпті. Жолаушылар күні-түні жол жүріп, боранды күндерді бастан өткізіп, аязды түндерде аттарына қар тепкізіп, асу - асу белдерден, суы ащы көлдерден өтіп, бір күндері қалмақ елінің шетіне жетіпті. Сұрай - сұрай ханның ордасына келіпті.

Қонтажы ақпанның сақылдаған сары аязында кештетіп жеткен елшілерді қонақ үйіне түсірмей, қоңсыларына бөліп - бөліп қондыра салыпты. Тайлы бала тайынан түспей, аттарды күзетіп, далада тұрып қалыпты. Оны ханның ханымы көріп тұрыпты.

Қонтажы түнде өзінің уәзірлерін жиып алып, ақылдасыпты.

- Тайға мінгізіп бала жібергені, Абылайдың мені мазақ еткені ғой. Осылармен сөйлесіп әуре болғанша түп - түгел қырып тастап, тыныш отырсам қайтеді, - депті. Уәзірлері «мақұл -мақұл» десіпті. Сонда ханның ханымы отырып:

- *Тай дегеніңіз тұлпар болмасын, бала дегеніңіз сұңқар болмасын. Қазақ деген қабырғалы ел. 100 жігітті өлтіріп жайлана алмассыз. Алдыңызға бір елден елші келіп отырғанда, хандық қалпыңызды сақтаңыз. Елшіні өлтіру – бір елді қорлау болады. Өз елін аямаған адам, кісі қорлағыш келеді,* - деген екен.

Хан біраз ойланып:

- Олай болса, осы 100 - дің ішінде өзіме өзі, сөзіме сөзі лайық адам болса сөйлесермін, болмаса аман - есен елдеріне қайтарармын. Ертең елшілерді ордама келтіріңдер, бет - аузын көрейін, көріп отырып сыбағаларын берейін, - депті.

Ертеңіне елшілер ханның ордасына келеді. Елшілер отырар – отырмастан - ақ, ызбарланған хан көлбеп жатқан аяғын жимастан:

- Неге келдіңдер, - деп сұрапты.

Айдаболдың Тайкелтірі майдалап сөйлейтін бақпа адам екен. А дегеннен ақтарылмай, ханның көмейін байқайын деген оймен:

- *Өгізді өлеңге, өрлікті төменге байлап, алдыңызға келіп отырмыз, алдияр!* - деп, сөзді ханға тастапты.

Тайкелтірдің бірден кішірейе сөйлеуі, ханның мерейін өсіре, қаһарлана түсуіне жол ашады. Өзінен әлсізді оп - оңай ауызына қағып салып, жаман үйренген тәкаппар шіркін, жантайып жатқан қалпында мынаны айтқан екен:

- Кешке дейін бір жауап берермін, жауап бермесем, ат - көліктерің аманында елдеріңе қайта берерсіңдер, - деп, қолын есікке қарай бір сілтейді де, сөзді келтесінен кесіп жіберді. Кесіліп қалған сөзді іле жалғай алмай, Тайкелтір кідіріп қалғандай болады. Сол кезде, босағада отырған бала орнынан атып тұрып:

- *Ел ебелек емес, ер көбелек емес, тақсыр! Дат!* - депті.

Хан көзінің астымен сүзе қарап:

- Сен кім едің? - дегенде, бала кідірместен:

- Мен, халқым – қазақ, руым – Қаракесек, әкем – Келдібек, атым – Қазыбек. Елде жүргенде балалардың басшысы едім, қазір ағаларымның атшысымын. Ат бәйгесіне бірінші рет қосылып тұрмын, - депті.

- Датыңды айт! - деп, хан сұқ қолымен өзінің алдын нұсқапты. Бала адымдап басып, ханның алдына барыпты да, оның көзінен көзін айырмастан тұрып, мынаны айтқан екен:

Қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай
жатқан елміз.
Елімізден құт қашпасын деп,
Жерімізді жау баспасын деп,
Найзамызға үкі таққан елміз.
Жау аяғына басылмаған елміз,
Ешбір дұшпан басынбаған елміз.
Адал көңілімізді жасырмаған елміз,
Басымыздан намыс асырмаған елміз.
Атаның өсиеті балаға
Баланың айтатын анты анаға:
Арымнан жаным садаға!
Ерлеріміздің анты осындай,
Еліміздің салты осындай,
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.
Еңкейді деп шалқая берме,

Асқақтаған хандардың
Ордасын таптай білген елміз.
Анадан ұл туса, құл боламын
деп тумайды,
Енеден қыз туса, күң боламын
деп тумайды.
Ұл мен қыз сенің тұтқыныңда отырса,
Оларды азат етпей еліміз тынбайды.
Қатты болсаң темір шығарсың.
Сен темір де, мен көмір,
Еріткелі келгенмін.
Сен көкте ұшқан құс болсаң,
Мен іліп түсер сұңқармын.
Сен жерде жортқан аң болсаң,
Мен қуып жетер тұлпармын
(Бала сөйлеген,сайын ханның
көзі бажырая түседі).
- Сен қабылан болсаң, мен арыстан -
Алысқалы келгенмін.
Жау тілегенге жасыл түседі,
Табысқалы келгенмін.
Елімнің шетіне ойран салған өзің,
Беретін болсаң, айыбыңды мойындап бітім бер!
Болмаса тұрысатын жеріңді айт,
Шабысқалы келгенмін! - депті.

Хан бажырайған қалпында отырып қалып, сәлден кейін есін жиғандай тамсанады да:

- Япырмай, дауысың қаздың дауысындай екен, қазақ деген қаз дауысты болады екен. Сенің атың қаз дауысты Қазыбек болсын. Мына қасыма отыршы, - деп, хан қағыла түсіпті.

Сонда Қазыбек:

- *Біздің елде үлкенді кіші сыйлайды, ағаларым төрде отырса, елімнің төрде отырғаны. Елім төрде отырса, менің төмен отырғанымның оқасы жоқ*, - деп, жалт бұрылып орнына барып отырыпты. Аждаһамен арбасқандай болып отырған елшілердің сонда ғана көңілдері өсіп, дұшпан алдында мерейі үстем бола беріпті. Әлгіде ғана айбат шегіп отырған айбарлы хан, қалбаң қағып, орнынан ұшып тұрыпты да:

- Ай, мына елшілерді қонақ үйге апарыңдаршы! Жол жүріп келді ғой, тыныксын! - депті.

Сөйтіп, ісі әділ елдің елшілерінің сөзі қаһарлы әрі қылышынан қан тамған ханды қалбаң қақтырыпты. Қонтажы қанша бойлауық, кер аяр болғанымен лажсыз көніпті. Тұтқындарды босатып, тартып әкелген мал - мүліктерді айып - анжысымен қайтармақ болыпты. Жегенін қайта құсу ханға оңай болып па, шауып алып келген мал - мүліктерді түгелдеп жиып болғанша, көктем де келіп қалады. Елшілер де аттарына қонуға айналады. Елшілерді құрметпен аттандырып салуға көп халық жиналады. Екі елдің адамы қош айтысып, енді айырылайын деп тұрғанда, қазақтың бір жас жігіті келіп көпке арыз етеді:

- Мен жылқышы едім, жылқы бағып жүргенде Қонтажының қолы бас салды. Тұтқын етіп осында әкелді. Келген соң бір уәзір үстімдегі тонымды тартып алды. Еркіммен бермеп едім, ұрып тісімді сындырды. Жаныма балаған жалғыз атым бар еді, мына қайтып бара жатқан жылқының ішінде көрінбейді. Күрек тісім сынып, күлкім бұзылды, киімімнен айырылып, көркім бұзылды, атымнан айырылсам, ұйқым бұзылады, халайық, осыған не айтасыңдар? - депті әлгі жігіт.

Хан мен елшілер бетпе - бет тұр екен. "Қайтер екен, не айтысар екен" деген халық, оларды қоршай қалады. Ойда - жоқта айтылған арыз хан мен елшілерді халық алдында таразыға тағы бір тартады. Алтын сапты болат семсерін беліне байланып, жанат ішігін үстіне киініп, қарақасқа тұлпарына мінгелі тұрған хан:

- *Ат дегені сырты түк, іші боқ бір тай шығар. Тон дегені тоқтының терісі шығар, оның несін сөз етіп тұр, бітіскеннен кейін «қол сынса, жең ішінде, тіс сынса, ауыз ішінде» кете бермес пе? Қайта сөз қозғаудың не орны бар*, - деп, теріс айналыпты.

Ханның сөзі жөн сияқты. Елшілер тағы бір тұйыққа тірелгендей болып аңыра қалыпты. Сонда тайына мініп тұрған Қазыбек тебініп, ілгері шығып:

- *Қалайша тіс сынса, ауыз ішінде, қол сынса, жең ішінде кете бермек. Біз – жаманымызды жасырмайтын, жақсымызды асырмайтын елміз. Астыңдағы мінген ат, қанат емей немене, Тоқтышағым терісі, жанат емей немене, Ауыздағы отыз тіс, болат емей немене, Қанатынан айырылу, болатынан майрылу оңай емес, хан! Табысқаның рас болса, еліміздің адамын қанатынан қайырмай табыс, болатынан майырмай табыс, жанатынан айырмай табыс. Жаяу, жалаңаш жүре беретін ол – сенің құлың емес, еліміздің ерікті ұлы. Ерікті ұл көрікті болуға тиісті,* - деген екен.

Олақ ой, шолақ тілді хан көп алдында Қазыбектен оңбастай жеңіледі.

- Жанатыңа жанатым, - деп, ол үстіндегі жанатын шешеді. Қанатыңа қанатым, - деп, тұлпарын жігіттің алдына көлденең тартады. Болатыңа болатым, - деп, беліндегі семсерін береді. Жәбір көрген жігіт жанатты киіп, болатты асынып, қарақасқа тұлпарға қарғып мінеді. Елшілер шүу деп жүріп кеткенде, хан тұрған орнында тұрып қалыпты. Іргелі ел атынан айтылған сөздің атасына түсінген Қонтажы Қазыбектің билігіне қол қоймасқа шарасы қалмайды. Тілектерін орындайды. Сөйтіп, қажыры қатты қарлы сөз берілместей қамалды алып, ел-жұртының ар-намысын аяққа бастырмай, жоғары ұстатады.

Сондай - ақ, қазақ шешендігінің өнегелік тағылымына *шешендіктің ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздерді әдемі тізбектеп оралымды орналастыру, тиімділігін күшейтіп, қисынды ойға сыйғызу екендігін аңғартуын; сөзбен тоқтату, сөзден жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсірудің орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізуі, яғни, қарсыласыңды ұтымды сөзіңмен, тапқырлығыңмен, шешендігіңмен иілте білу оңай шаруа еместігін, сөзсіз, бұл ойлау қабілетіңе де байланыстылығын, шаршы топ сенің төкпектетіп, ешбір мүдірмей сөйлеуіңе тәнті боларын, ұшқыр ойлы қалыпта сөйлей алатын адамның қолынан кесімді істің де келері дау туғызбайтындығын; тұспалдап сөйлеуге, меңзеуге, бейнелеуге, символдауға, басқаны айта отырып, нені нысаналып отырғанын жасыра айтуға, жұмбақтап айтуға, яғни терең зейінділік пен ойлылыққа төселтуін; астарлап сөйлеу халқымыздың сөйлеу мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса тереңдетер құбылыс екендігін аңғартуын; тапқырлыққа, шапшаңдыққа, тез жауап берушілікке баулуын; өзгені тыңдауға, өзгенің өнегелі ісінен тағылым алуға жөн сілтеуін, т.б.* қосар едік [3; 4; 5; 6].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінініне келсек, шешендік дәстүр – рухани құндылық көзі. Түркі мәдениетіне тән шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнті ете отырып, орасан рухани шапағат, парасат сыйлаймыз. Ал рухы зор, рухани бай ұрпақ – түркі әлемінің сенімді келешегі.

Әдебиеттер:

1. Адамбаев Б. Казахское народное ораторское искусство. Ана тілі. – А.,1997. – 208 с.

2. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Орал, 2004. – 156 б.

3. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. Орал, 2005. – 142 б.

4. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану: теориясы мен практикасы.Орал, 2012. – 230 б.

5. Қыдыршаев А.С. Шешендік өнер. Орал, 2015. – 60 б.

6. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Оқу құралы. – Орал, 2017. – 364 б.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНЕ КӨШІРУ ТУРАЛЫ

Садуақас Н.А.,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қаласы
Sadu_ngd@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліне арналған латын графикасының жобалары сөз болады. Бұл жобалардағы диграфтар мен диакритика мәселелері талданады. Қазақ тіліне лайықты латын графикасының варианты ұсынылады.

Тірек сөздер: латын графикасы, диграфтар, диакритикалық таңбалар, латын жазуы, жобалар, фонетикалық принциптер.

Аннотация. В статье рассматривается основные проекты латынской графики для казазского языка. Подвергается анализу проблема диграфов и диакритики. Предлагается оптимальный вариант латынской графики для казахского языка.

Ключевые слова: латынская графика, диграфы, диакритические знаки, латынская письменность, фонетические принципы.

Annotation. The main projects of the Latin graphics for the Kazakh language are considered in the article. The problem of digraphs and diacritics is analyzed. The optimal variant of the Latin graphics for the Kazakh language is proposed.

Key words: Latin graphics, digraphs, diacritics, Latin script, phonetic principles.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндаған терең мәнді ұстанымдары халықтың зор ықыласына ие болып, қолдау тауып отырған мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі істердің, маңызды тарихи оқиғалардың бірі деп білеміз. Қазір латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы «Қазақстан - 2050» «стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға

тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың-ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруге, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», - деп атап көрсеткен еді. Президенттің бұл тарихи маңызды шешімін көкірегі ояу, болашақты ойлаған халқы, әсіресе, тіл мамандары, қуана қолдап отыр. Әліпби мен жазу - әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіліміз болып табылады. Осы тұрғыда қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор деп білеміз. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып, мемлекеттік тілге деген сұраныс та артып келеді. Сондықтан Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отыр. Қазір шетелдермен әр түрлі саладағы байлданыстардың күшеюіне байланысты осы шараларды рәсімдеу құжаттарын жазуда латын әріптерінің қажеттілігі анық байқалады. Сондай-ақ, Елбасының мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы сарабдал саясаты, оның шетелге барған сапарында БҰҰ мәжілісінде қазақ тілінде сөйлеуі қазір мемлекеттік қызметтегі адамдарға ерекше ықпал етті деп айта аламыз. Қазір шетелден келушілер саны көбейіп, Қазақстанға әлемнің назары ауып отырған тұста еліміздегі өзге ұлттармен қатар, шетел азаматтарының да мемлекеттік тілді үйренуге деген ынтасы артып отыр. Мысалы, кешегі Қытай жерінде өткен ән додасында жерлесіміз Димаш Құдайбергеновтың қазақ тілінде ән айтып, елді аузына қаратуы, әншінің шетедік жанкүйерлерінің қазақша ән айтуға, қазақ тілін үйренуге деген ықыласын оятқаны баршаға аян. Қазіргі Қазақстанның дамып, әлем көз тіккен талай маңызды шаралардың ұйтқысы болуы, оның мемлекеттік тілі мен жазуының да осы биіктен көрінуіне түрткі болып отыр. Осындай көптеген жағдайлар, күнделікті өмірдің өзі, жаңа технологиялар заманы қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің қажеттілігін алға тартты.

Сонымен бірге, қазақ жазуының латын әріптеріне көшірілуі – ел болашағы – жас ұрпақтың оқу - білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашады. Қазіргі заман – жазу заманы, ғылым мен техника, оқу - білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Адам жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір - бірімен байланыс жасап, жүрген - тұрғанын, жасаған жұмыстарын да

жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас іс қағаздары, компьютер, интернет, агент т.б. арқылы хабарласулар – бәрі де – жазу арқылы жүзеге асады. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатаны байқалады. Барлық дәрі - дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Осы жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс - әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Сондықтан латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Латын әріптерімен жазу арқылы басқа тілді де меңгеру, оны жазу да бір - біріне жақындап, бір әріптен екінші әріпке ауысып отыру қиындығын жеңілдетіп, тілдің қолданысына да оң әсер етеді. Осындай жағдайда білім алып, мамандығын шыңдап жатқан жастарға әлемнің қай жерінде жүрсе де кедергі келтірмей, жұмысын жеңілдете түсуге ықпал етеді. Сонымен бірге кез - келген әліпбиге қойылатын талаптар бар десек, оның ішінде алдымен негізгі үш - төртеуін айтуға болады: 1) әлеуметтік жағы(көпшілікке тиімді, қолдауына ие болуы), 2) графикалық (әріптің дыбысты таңбалау, көру, оқу, жазуға оңтайлы болуы), 3) техникалық (баспа ісі, компьютер, телефакс, интернет т.б.), 4) лингвистикалық (тілді дәл жеткізуі) талаптарға сай болуы керек. Қазіргі таңда латын әліпбиі осы талаптар биігінен көрініп, үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Қазіргі әліпбиімізге байланысты жазуымызда орын алған қиындықтарды түзетіп, тіліміздің табиғи айтылымына қайшы келетін кемшіліктерімізден арылатын кез келді. Әр сөзді бабалар салған жолмен ұлттық үндесіміне қарай айтуымыз үшін жарыса қапталдап кедіргі келтіріп келген ескі әліпбиімізді латын әліпбиіне ештеңеден қорықпай алмастыра салуға мүмкіндік туды. Дүниежүзі елдерінің 80 пайызы латын қарпін қолданады екен. Ендеше, латын әліпбиінің болашағы да зор.

Қазіргі таңда парламент депутаттары алдында таныстырылған «Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің нұсқасы» талқылану үстінде. Бұл әліпбидің жетістігі компьютер пернетақтасына орналаса алатын, классикалық латын әліпбиіне сай жасалғандығы болып табылады. Ал қазақ тіліндегі

кейбір дыбыстардың екі әріппен берілгендігі ойлануды қажет етеді. Шама келгенше «бір әріп - бір дыбыс» деген ұстанымда тұрсақ, оқуға жеңіл болар еді. Қазақ жазуы тарихында әр түрлі графикадағы әліпбилер қолданылса да, оның барлығында да «бір әріп бір дыбысты таңбалау керек» деген ұстаным болған. Соған орай қазақ халқының санасында ғасырлар бойы қалыптасқан «бір әріп – бір дыбыс» ұғымын өзгерте салу да дұрыс емес деп ойлаймыз. Бір дыбысты екі әріптің тіркесімен беру, яғни диграф қолдануды ағылшын жазуының жетістігі деп қарауға болмайды. Егер бүгінгі күні жазу заңдылығын өзгерту мүмкіндігі болса, ағылшындардың өзі де диграфтан қашқан болар еді. Себебі, «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымындағы жазулармен салыстырғанда, диграф оқу-жазу әрекетіне көп салмақ түсіреді. Цифрлық технология деп компьютер пернетақтасының жағдайын алға ұстап, тілдің оқу-жазу мәселелерін одан кейін қоюға болмайды. Сондықтан ұсынылған жаңа әліпбиге қатысты төмендегі мәселелерге назар аудару керек деп ойлаймын

1) Латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиінде 8 дыбысты таңбалайтын 8 диграф ұсынылған. Өзен суының алдына қанша қосымша арна салып қойсаң да, тасыған кезде арнасының осал тұсын бұзып кетіп жатады. Сол сияқты жазу емлесінің осал тұстары да халықтың тілді бұзып сөйлеп, қате жазуына жол береді. Түрік әліпбиінде «к-қ» дыбыстарына тек ортақ бір жіңішке «к» әрпі беріліп, оны жуан сөзде - «қ», жіңішке сөзде «к» деп оқу туралы емле болса да, оны жұрт барлық уақытта жіңішке түрде «к» деп айтуынан, қазіргі түріктер жуан «қ» дыбысын айтпайтын күйге жеткен дейді. Осындай кемшіліктерге біздің жаңа ұсынылған әліпби нұсқасындағы диграфтармен берілген таңбалар да жол беруі мүмкін. Мысалы, қазақ мектебін бітіріп келген балалар да, біріншіден, «ң» дыбысын «н» дыбысымен алмастырып айтуға, екіншіден, «аманкелді» деген сияқты сөздердегі позициялық жағдайда «н» дыбысын «ң» деп үндестіре айтуы керек болса да, жазылуы бойынша айтуға бейім тұрады. Ал қазақ тілін нашар меңгергендер «ң» дыбысын айта алмай, үнемі «н» дыбысымен айтатынын көріп жүрміз. Сондықтан аталған әліпбидегі диграф тіліміздің ерекшелігін танытатын төл дыбыстарымыздың бірі «ң» дыбысына қауіп төндіріп тұрғаны айдан анық. Сондықтан «қ» дыбысын жоғалтқан түрік ағайындар секілді болашақта біздің ұрпақтарымыз да «ң» дыбысын айта алмай

қалмасына кім кепіл болады. Сондықтан ойды дәл бере алмай, әр түрлі оқуға жол беріп тұрған төмендегі сөздерге назар аударайық:

Ң - [ng] , Ғ- [gh], Г- [g]: Үш таңба құрамында бірдей таңбалар болуы:

Теңге – tengge: 1) теңге - tengge. 2) тенге- tenge. 3)теңе - te(ng)e .

Таңға – tanggha: 1)таңға - ta(ng)(gh)a . 2)танға – ta(n)gha. 3)таңга – ta(ng)ga.(таңға - 5 таңба, tanggha - 7 таңба; танға 5 – tangha 6).

Тез жазуға деген асығыстық диграф салдарынан қатар келген бірдей таңбаның біреуін ғана жазуға итермелеп, ол қате оқуға жол беруі мүмкін. Сонымен қатар, «teginge» дегенді «тегіңе» деп оқимыз ба, әлде «тегінге» ме?

2) Ә – [ae], Ө – [oe], Ү – [ue], Е – [e]: Төрт таңба құрамында бірдей таңбалар болуы. Қазақ тілінде дауыссыздарға дауысты дыбыстардың ықпалы күшті болады десек, сөз құрамында «а», «е» дыбыстары актив қолданылатынын ескерсек, оның диграфтар құрамында келуі бұл дыбыстарды жиі пайдалануды қажет етеді. Бұл өз кезегінде өзімен бірге қиындықтарды ілестіре жүретінін ескеруіміз керек. Бірдей әріптердің жиі қолданысы жазу мен оқуға салмақ салады.

3). Іі – [Іі] / [Ии];Jj – [Йй]. «И» таңбасына байланысты бұрыннан келе жатқан айтыстың жалғасы:

И – Орыс тілінен енген сөздердегі дауысты дыбыс (институт, инженер).

И – Қазақ тілінде дауысты дыбыстан кейін келген үнді дауыссыз (айна, ойна, көйлек, күй).

И – Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстан кейін келген қос дыбыстың таңбасы(би - бій, тиын - тыйын, жиналыс - жыйналыс).

Кезінде осы дыбыстарға қатысты дұрыс түсіндіру болмағандықтан, оны бірде – дауысты, бірде – дауыссыз деп жазылған оқулықтар жұртты шатастырды. Ал қазіргі таңда, біріншіден, қазақ тіліндегі үнді дауыссыздар - «й» мен «у», екіншіден, орыс тілінен енген сөздердегі дауысты - «и» мен «у», үшінші, сөз ішінде қатар келген «ұу, үу, ый, ій» тіркесімдерін де жазуда осы үш жағдайды да бірдей етіп, жалаң «и», «у» қаріптерімен таңбалау айту мен жазу арасында кейде қателікке жол беріп отырғаны да белгілі жай. Сондықтан өз кезінде Қ.Жұбановтай алыптар қолдаған латын әліпбиіне өту кезінде қиындық келтіріп отырған осындай жағдайлар ескеріледі деп ойлаймыз.

4). Х / Һ--- [Hh]; Қазақ тілінің қазіргі артикуляциялық базасында жоқ дыбыстарды әліпбиге алу тіліміздің фонологиялық заңдылықтарына нұқсан келтіреді. Бір дыбыс екі түрлі әріппен

таңбалануы (яғни, бір адамның екі төлқұжаты бар секілді) фонологиялық заңдылықтарына (сөз тану, сөз ажырату, сөз жасау) кері әсер етеді. «Х» таңбасына қатысты фонологиялық мәселелер:

Х - химия, хлор, хоккей. (орыс тілінен келген сөздерде жазылды).

Х – қабар - хабар, қош келдің - хош келдің, қат жазу - хат жазу;

Х – Хадиша - Қадиша; Хакім - Кәкім, әкім, Хамит – Қамит - Әмит; Хорлан - Қорлан; (араб тілінен келген сөздерде болғанмен қазақша игерілді).

Һ - қаһарман, Гауһар, мәшһүр, шаһар, жиһаз.(одағай - аһ, оһ, аһыла - үһіле).

5). Қазақ тіліне тән төл дыбыстардың жеке дара таңбаланбауы: Ә, Ө, І, Ү, Ұ, Қ, Ғ, Ң, Һ. Қазақ тіліне тән төл дыбыстардың үшеуіне ғана жеке әріп алынған, қалғаны диграф арқылы таңбаланған. Қазақ тілінің үндесіміне тән, төл әліпбиін жасаймыз деп отырып, оны басқа тілден – ажыратып тұрған төл дыбыстарына жеке - жеке таңба берілмеуі – басты қателік, жаңадан ұсынылып отырған әліпбидің басты талапқа сай келмеуі деп есептеуге болады.

Қ – [Q q]; Ұ – [U u]; – [Іі] / [Ии]; (Іі – [Ии] - дауысты туралы жоғарыда айтылды).

6). Сөз бұрынғыға қарағанда ұзындау жазылады, бұл жағдай адамды кейде диграфтардан қашып, оны жалаң жазуға итермелейді. Мысалы, диграфпен берілген «ң» дыбысын «н» - мен алмастырып айту дағдыға айналуы мүмкін: Ң - Н: Жәңгір – Жәнгір - Zhae(n)gir (6 - 8). Жәңгір – Жәңір - Zhae(ng)ir (6 - 8).

Сөз бұрынғыға қарағанда ұзындау жазылады:

Үш (2 әріп) - uesh (4 әріп).
Әже – aezhe (3-5).
Көше – koeshe (4-6).
Шөже – shoezhe (4-7).
Жәшік – zhaeshik (5-8).
Шөңге – shoengge (5-8).
Шежіре – shezhire (6-8).
Жәңгір – Zhaenggir (6-9).

Кезінде Қ.Жұбанов өзі ұсынған әліпбиінде қазақ тілі дыбыстарына алынған әріп санын барынша үнемдеуге назар аударған еді. Ғалым дәйекші арқылы бұрынғы әліпбидегі 13 әріпті (17 таңбаны) 7 әріппен (7 таңбамен) жазуға болатынын көрсетеді:

а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, ұу, үу, ый, ій, е =13(17);

а, о, ұ, ы, у, и, е =7(7).

Сондықтан жаңадан ұсынылатын әліпбиде де дәйекшіні қолданып, тіліміздегі төл дыбыстардың әрқайсысының өз әріп - таңбасы болуына жағдай жасау керек.

7) Қазіргі әліпбиімізде орыс тілінің он үш әрпі бар(в, ё, и, ц, ч, щ, ф, х, ь, ъ, э, ю, я). Қазақтың төл әліпбиін, үндесімін ескерген әліпбиде «Ц» сияқты жат дыбыстар енбеуі тиіс. Жаңа әліпбиге осының алты әрпі (в, и, ц, ч, ф, х) енген:

В – [Vv]: вагон, волга, вокзал.

Ц – [C c]: Цирк, цемент, циркуль, цитрус;

Ч – [Ch]: чемодан, чад, чех.

Ф – [Ff]: фантастика, ферма, фабрика, фотограф.

Х – [Hh]: хром, химия, хоккей, холдинг.

И – [Ii]: Орыс тілінен енген сөздердегі дауысты дыбыс (институт, инженер, ипотека).

8). Диграфтар сөздің құрамы, түбірі, мағынасы, буынға бөлу, тасымалдауды қиындатады, оқушыларды қателесуге жетелеуі мүмкін:

Жанға (жаңха) – zhanga: 1) жанға – zha(n)gha. 2) жаңха – zha(ng)ha. (жан-ға, жаң - ха).

Теңге – тенге-теңе : te(ng)ge – te(n)ge – te(ng)e

9). Кірме сөздерді оқуда диграфтардың кедергі болуы мүмкін. Мысалы, Ое – [ө], Y– [ue]: Қазақ тіліндегі мәтінде орыс тілінен енген «поезд», «иероглив» деген сияқты өзге тіл сөздеріндегі «ое», «ие» тіркесін «ө», «ү» деп шатастырмау үшін, аздап дайындықпен келу қажет болады.

Қазір латын әліпбиінің артықшылығына, оған көшудің дұрыстығына ешкім шүбә келтірмейді. Дегенмен, орыс мектебін бітіргендер мен әлі күнге қазақша білмей, аудармашы көмегіне жүгініп жүргендер және қазақ мектебінде оқи тұра, көптілділік саясатымен кейбір пәндерді ағылшын тілінде меңгергендер қазақтың ғылыми тілінің дамуына үлес қоспайтыны, бұл мемлекеттік тіл саясатындағы айтылып келе жатқан мәселе екені баршаға аян. Ал осы топтар мемлекеттік тілдің латын графикасына көшудегі жұмыстарынан да сырт қалатын түрі бар. Бұл жағдайда олардың қазақ тілі жазуының латын графикасына көшудің өтпелі кезеңіндегі қиыншылықтарын қазақ тілді топтармен бірлесе көтеріспейтіні де анық. Елбасының парасатты шешімі арқасында, әлі де жаңа әліпбиді талқылап, кең түрде ақылдасуға мүмкіндік алып отырмыз. Осындай жағдайда латын графикаға негізделген әліпбиімізді қабылдауда кемшілік жіберуге

ешқандай да қақымыз жоқ. Бұрын әліпбиімізде өзге әріптердің болуы орыс тілінен енген сөздердің өзгеріссіз енуіне себеп болса, енді диграфтар ағылшын сөздеріне қамқорлық жасап, латын әліпбиіне көшудегі басты мақсатымыз болған тіліміздің үндесім талаптарына сай келмей қалмасын. Сондықтан тіл мамандарының білікті шешімдерімен қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келетін, қазақ сөзінің әрбір үндес әуезін, дыбыстар тіркесі заңдылықтарын сақтайтын әліпби жасап, тіліміздің табиғатына сай ғылыми негізде емле ережелерін құрастырып, мемлекеттік тіліміздің одан әрі өркендей беруіне жол ашу керек. Әліпби құрамынан орыс тілінің «в, ф, ц, ч, э, ё , я, ю, ь, ъ, х» және дауысты «и» мен «у» дыбыс-әріптерін, сондай-ақ, араб-парсы тілінен келген «h» дыбысын шығарып тастау керек. Сонымен қатар, әліпбидегі әріптерді таңбалауға барынша назар аударған жөн. Мысалы, «ж» таңбасының «zh» емес, «j» болғаны оңтайлы сияқты, себебі ағылшынша ол «джэй» деп оқылады. Әріпті латынша оқылуына емес, ағылшынша оқылуына бейімдеп беру – керек. Себебі біздің алдағы мақсатымыз – қазақ тілін дамытумен қатар, өлі латын емес, тірі ағылшын тілін меңгеру. Жоғарыдағыдай талдау жасай отырып, біз диакритикалық таңбаларға жүгінуден басқа тиімді жол жоқ деген пікір айтпақпыз. Сондықтан біз жаңадан ұсынылатын әліпбиде дәйекшіні қолданып, тіліміздегі төл дыбыстардың әрқайсысының өз әріп-таңбасы болуына назар аудару керек деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, латын әліпбиіне өткен түркі бауырларымыздың барлық тәжірибесін зерттеп, олардың жіберген кемшілігін көре отырып, олардың соңынан, бүгінгі ғылыми деңгейіміз өскен тұста, латынға өткелі отырмыз. Елбасымыз барлық жағдайды жасап, ойлануға уақыт беріп, жауапкершілікке үндеп отырған тұста бізге қателесуге болмайды. Келісіп пішкен тон келте болмайды дегендей, қазіргі таңда ақылдаса отырып, әліпби түзудің теориясы мен практикасын назарға алып, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келетін жаңа әліпбиімізді ғылыми тұрғыда жасауға барлық мүмкіншілігіміз бар деп білемін.

ЛАТЫН ЖАЗУЫ НЕГІЗІНДЕ ТӨЛ ӘЛІПБИДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жексенғалиев Б.Ө.,
БҚО әкімдігінің МКҚК «Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру, қайта даярлау және мемлекеттік тілді оқыту орталығы» директорының міндетін атқарушы,
Орал қаласы
Bolat_zheksengaliev@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиін қабылдауға қатысты ой-пікір айтылған. Бұл арада әліпбидегі дыбыстық-әріптік құрамға байланысты туындап отырған басты мәселе ретінде өзге тілдерден алынған сөздер мен интертерминдерді қолдану және осы мәселеге қатысты түпкілікті, нақты шешімге келу туралы ой айтылады. Басты тұжырым – қазақ тілінің табиғи бітім-болмысын сақтау үшін сөздік қордағы барлық сөздерді, шет тілдерден келген терминдерді қоса, тілдің басты заңы үндесім нормаларымен қолдану, төл дыбыстар таңбаларынан құралған жаңа әліпби құрамы мен жаңа емле ережелерін қабылдау.

Түйін сөздер: латын графикасы, диграфтра, диакритикалық таңбалар, фонетикалық принциптер.

Аннотация. В статье обсуждается проблема перехода казахской письменности на латынскую графику. Автор высказывает мнение что, главной проблемой является вопрос использование инородных слов и интертерминов, и для сохранения самобытной природы языка оно требует принятия конкретных окончательных мер. Главное утверждение - использовать все слова словарного фонда, включая инородых слов и международных терминов по основному закону языка, закону сингармонизма. Так же принятия национального алфавита из букв исконно казахских звуков, принятия новых правил казахской орфографии.

Ключевые слова: латынская графика, диграфы, диакритические знаки, латынская письменность, фонетические принципы.

Annotation. The article discusses the problem of transition of the Kazakh writing on latinskoy schedule. The author suggests that the main issue is the question of the use of foreign words and Interterminal, and to preserve the original nature of language, it requires a specific final action. The most important statement is to use all the words in the vocabulary of the Fund, including inertech words and international terms according to the basic law of language, law of synharmonism. As the adoption of national alphabet letters native Kazakh sounds, the adoption of new rules of the Kazakh orthography

Key words: Latin graphics, digraphs, diacritics, Latin script, phonetic principles.

Қазіргі кезде елімізде болашақ қазақ әліпбиінің жобасы талқылануда. Маңыздылығы, қажеттілігі жағынан, мүмкін тілдің ғана емес, тұтас қазақ ұлтының бүгіні ғана емес, болашағы үшін де – бірегей, басты мәселе – ұлттық әліпби туралы, қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы Елбасы бастамасына орай елімізде жалпы халықтық талдау мен сараптаудың басталуы қазіргі қазақ қоғамының бұл өзгерістерге дайын екендігін және жаңа әліпби, ең алдымен, қазақ тілі болашағы үшін, «**қазақ тілін жаңғырту үшін**» керек екендігін анық түсініп отырғандығын білдіреді. Басты мәселе анық – қазіргі қазақ жазуына, оның емлесіне өзгерістердің сөзсіз қажеттігі. Жазу жүйесінде болатын бұл өзгерістер «ұлт үшін деген ұлы іс» (А.Байтұрсынұлы) екендігі сөзсіз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттың рухани жаңғыруына бастайтын нақты қадамдардың алдыңғы қатарына қазақ тілі жазуын латын жазуына көшіру мәселесінің қойылып, нақты міндеттер белгіленуі де ұлттық сананы сілкінту, жаңғырту міндетінен туындап отырғандығы анық. Өйткені қай заман, қай ұлт болмасын ұлттық менталитет, ұлттық код, ең алдымен ұлттық тіл екендігі аян. Сондықтан да қазіргі ғаламдану кезеңінде бәсекеге қабілетті тіл болудың негізгі шарттарының бірі ұлттық жазуға байланысты екенін ескерген Елбасы мәселені нақты қойды. **«2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек» [1].**

Бүгінде графика, яғни таңба мәселесінде бәрі анық, қазақ әліпбиі үшін латын жазуын таңдадық. Ал әліпби құрамы мен емле ережелеріне қатысты, нақты айтсақ, басқа тілдерден енген сөздердің айтылым, жазылым нормалары мен қазақ тілі үшін жат дыбыстар мен әріптердің қаншалықты қажеттілігі мәселесінде ортақ байламға келе алмай жүргеніміз де рас.

Сондықтан да әліпби реформасын бастамастан бұрын біз жазуға қатысты ең негізгі деген осы мәселелерді шешіп алуымыз керек. Ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық құрамы туралы

нақты да түбегейлі шешімге келу қажет. Қазір осы мәселеде түсінбестік көп, жаңа қазақ әліпбиі туралы ұсыныс - жобаларда дыбыстық құрам әртүрлі беріліп жүр.

Бұл арада біз әлемдік тәжірибені алып қарайық. Қай тілді алсаңыз да, дыбыстық құрам төл дыбыстардан құралады. Қазақ тілінің дыбыстық құрамы туралы да еш таластың болуы мүмкін емес. Өйткені қалыптасқан ереже бойынша тілден тілге сөз ауысқанымен, еш уақытта дыбыс ауыспайды. Ақаңның, Ахмет Байтұрсынұлының ақ жолы – бұл бағытта біз ұстанатын басты қағидат.

«Қазақ тілінің төл дауысты дыбыстарының жүйесі 9 дауысты дыбыстан (а, ә, е, о, ө, ы, і, ұ, ү), төл дауыссыз дыбыстарының жүйесі 17 дауыссыздан (й, у, р, л, м, н, ң, б, г - ғ, д, ж, з, п, к - қ, т, с, ш) құралады» [2:21]. Бұл ақиқатпен ешкім таласпайтын болуы керек. Ал дыбыстардың таңбалануы, яғни әріппен берілуі туралы әңгіме басқа. Әр дыбысты жеке әріппен таңбалауға болады немесе Ақаңның жолымен қос дыбыстарды (жуан,жіңішке жұп дауыстыларды) бір әріппен таңбалауға да болады, сол сияқты әлемдік тәжірибе үлгісімен бір дыбысты бірнеше әріппен де беруге болады. Бұл – ақылдасып шешілетін мәселе. Ең бастысы, дыбыстық құрамға қатысты түрлі пікірдің болмауы.

Мәселе мәселеден туындап жатады. Әліпби құрамына төл дыбыстар таңбаларымен бірге жат дыбыстар таңбаларын апару туралы ойдан бас тартар емеспіз. Бұл ойды жақтаушылардың айтатын басты уәжі – бұл әріптер халықаралық сөздерді жазу үшін, айту үшін керек және осы әріптерге тіліміз дағдыланып қалды. Өз тарихымызда өзге тілдің дыбыстық құрамын түгел алған тәжірибеміз бар және оның арты неге әкелгені де белгілі.

Жалпы әлемдік тәжірибеде тілдер арасында сөз алмасу қалыпты құбылыс болғанымен, сонымен бірге тілден тілге жазу, сөйлеу ережелері ауыспайтыны да талассыз. Сол сияқты халықаралық термин сөздердің ортақ қолданылу, жазылу ережесі де жоқ. Әр тіл өз сөздік қорындағы кірме сөздерді өз тілінің емле ережесімен жазып, дыбыс заңдылығымен айтады. Ол заңды да. Ағылшын, неміс, орыс тілдеріндегі түбі бір сөздердің (*army, harmony, medicine* - ағылшын, *armee, harmonie, medizin* - неміс – *армия, гармония, медицина* – орыс тілі) сөздерінің қолданылу нормалары бұған айқын дәлел, орыс тіліндегі түрік тілдерінен енген сөздер (*буран, арбуз, капкан,*

аким, маслихат т. б.) де, ертеректе тілімізге орыс тілінен енген «*үстел, самаурын, бөрене, болыс»* сөздері де осы қатарда.

Тіл мәңгілік болу үшін ол өзінің табиғи болмысын сақтау керек. Ал тілдің табиғи болмысы сақталуы үшін тіл өзінің заңымен өмір сүруі керек. *«Тіл болса, оның законы боларға керек»* [3.391]. 1940 жылдан бізде бәрі басқаша болды. *«Орыс тілінен енген сөздердің тұлғасы сақталып, орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылады»* деген ережемен бірге қазақ тіліне орыс тілінің орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтары қоса келіп, бұл нормалар өзге тілден енген сөздердің ғана емес, төл сөздеріміздің де айтылуы мен жазылуына ықпал етіп отыр.

Жақында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «А.Байтұрсынұлының өнегесі мен Ә.Қайдар қағидасы» атты мақаласында академик Өмірзақ Айтбайұлы қазақ терминжасамындағы А.Байтұрсынұлының ұлағатты жолы мен өнегесіне тоқталып, *«өзімізде бар, болған кемел үлгіні есепке ала бермейтін күйге жеткеніміз»* және осының салдарынан ана тіліміздің қадірі кете бастағанын тағы да есімізге салды.

«*Шынында, ойсыз - күйсіз жан ауыртпай, даярға ұмтылу салдарынан тіліміздің шырқын 70 жыл бойы бұзып келгенімізді ашып айтар кез келді. Сонау 30 - жылдардың орта шенінен бас алған тіл бұзар зиянкестік әлі күнге жалғасып келеді»*[4].

Сол *«тіл бұзар зиянкестік»* салдарынан жат сөздердегі жат дыбыстық нормалар жеке сөздер айтылымына ғана емес, қазіргі қазақ сөзінің жалпы сөйлеу интонациясына әсер ете бастады. Қазақ сөзінің саздылығы мен әуезділігі жұтаңдап, бояуы кете бастауының басты себебі де тіл бұзар жат тілдік заңдылықтарда жатқаны анық. ХХ ғасыр басында осы мәселе көтерілгенде Алаш зиялылары бекер дабыл қақпаған екен. Орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа шет тілдерден енген сөздерді орыс тілі ережелерімен айту, жазу тәсілінің ана тілімізге ықпалы қандай болғанын бүгінде қазақ ғалымдары ашық айтып отыр.

«*Тілдің даму тарихы мен қалыптасуы жайына үңіліңкіресек, тіл заңын үнемі бұзумен келгеніміз мәлім. Бұзу емей немене, орыс тілі арқылы сатылап бізге жеткен бөгде сөздерді, яғни интертерминдерді, кеңестік ұғымдар арқалаған русизмдерді Құран сөзіндей кие тұтып, сол күйінде бұлжытпай алу ауруына шалдықтық»*[4].

«XX ғасырдың 30 - жылдарынан бастап сырттан келген, әсіресе орыс тілі арқылы келген термин сөздерге қазақы шапан жабу дәстүріне тыйым салынды. Туған тіліміздің тағдыр - талайына зауал болып төнген осы кесірден күні бүгінге дейін арыла алмай отырмыз»[5].

Оның басты себебі – бізде күні бүгінге дейін халықаралық термин сөздерді қолдануға қатысты ғылыми дәлелденген бірыңғай ережеміз бен ұстанар нақты қағидатымыз болмай отырғандығында. Сондықтан да қазақ тіліндегі жат тілдік заңдылықтар және халықаралық сөздердің қазақ тілінде айтылымы мен жазылымы мәселесі қазіргі жағдайда тіл болашағымен тікелей байланысты мәселеге айналды.

Бұл аурудың бізге өтіп кеткендігінің бір дәлелін бүгінгі күні елімізде жүріп жатқан жаңа әліпби жобасына қатысты талқылаулардан көруге болады. Туған тілдің мүмкіндігіне сенбей, шет тілден енген сөздерді жазу үшін керек деп тіл табиғатына жат таңбаларды (ф, в, ч, и) жаңа әліпби жобаларына қайтадан тықпалап отырғанымызды басқаша қалай түсіндіреміз. Тіліміз тағы да жартылай, қосамжар емлемен өмір сүре ме ? Біз осы мәселеде қашан түпкілікті шешім қабылдаймыз? «*Дүниеде бірде - бір тілде, оның ішінде орыс тілінің өзінде де, бұрын - соңды қолданылмаған, тіл табиғатына жат»* [6:27] тәсілден қашан арыламыз? Әлде біз «өзін және өз тілін құрметтейтін» елдер қатарында емеспіз бе? Ғаламдану заманында біз интертерминдерсіз өмір сүре алмаймыз деген уәжге біз де қосыламыз, бірақ бұл өзге тілден келген сөзді сол тілдің айтылым, жазылым нормаларымен қоса алу дегенді білдірмейді ғой.

Бұл – термин сөздердің қолданылуына қатысты біз әлі нақты, тәуекел шешім қабылдай алмай отырғандымыздың белгісі. Ал тіл болашағы үшін халықаралық сөздердің қазақ тілі заңына сәйкес айтылым, жазылым нормаларын реттеудің, емле ережелеріне өзгерістер енгізудің уақыты жетті деп ойлаймыз. Өзге тілден сөздерді біз қазақ тіліне қызмет етуі үшін алдық қой. Ал тілімізге қызмет етсе, сол тіл заңына бағынуы керек. Ол дегеніміз – барлық тілдердегі тәжірибемен «*интертерминдердің тұлғасын өзгертпей, тұрпатын қазақ тілінің заңдылығына бағындыра қабылдау»* [4].

«Қазақ тілі терминологиясы жазу емле ережелеріне тікелей тәуелді. Яғни термин сөздер үшін бөлек емле жасалмайды, ол ортақ ережеге бағынады. Ендеше емле ережемізде термин сөздерді жасау, қабылдау жөнінде жіберілген өрескел қатені

түзеу кажет» [4]. Академик Ө. Айтбаевтың бұл пікірі бұл бағытта атқарылар істің бағыт - бағдарын анық көрсетіп тұр деп ойлаймыз. Өз мақаласында бұл мәселені толықтай сараптаған ғалым қазақ терминологиясын тығырықтан шығарар жолды да нақты айтып отыр. Тек көп болып қолдап, ғалым пікіріне зер салайық, ағайын!

Ең алдымен, үкіметтің тиісті органдарына А. Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамымен, басқа да мүдделі мекеме, ұйымдармен бірлесіп, осы жылдың қараша, желтоқсан айларынан қалдырмай қазақ терминологиясының өзекті мәселелеріне арналған арнайы жиын өткізу туралы ұсыныс түсіреміз. Жиында жаңа қазақ әліпбиінің қабылдануына байланысты қазақ тілі емлесіне кешенді өзгерістер енгізу мен жаңа емле қағидаттары талқыланып, болашақта атқарылар іс - шаралардың бағытын айқындайтын қаулы-қарар, шешімдер қабылданса, «ұлт үшін деген ұлы іс» (А.Байтұрсынұлы) түзу де, даңғыл жолға түседі деп ойлаймыз.

Бүгін тарих ұлт пен ұлт тіліне даму мен өркендеуге жаңа мүмкіндіктер беріп отыр. Ғасырлар бойы тілді өзге тілдер ықпалынан қорғап келген үндесім заңы қазақ тілін оқыту әдістемесінің, тілдің орфоэпиялық нормаларының және жаңа ұлттық жазудың тірегі болғанда ғана қазақ тілінің ажары кіріп, қазақ сөзінің сәні келеді, қазақ сөзі құлақ күйі кеткен емес, құлақ күйі келген домбыраның қоңыр үні болып, Өмірзақ ағамыз айтқандай «*сап таза күйінде»* болашаққа жетпек. Біз бұл мүмкіндікті пайдалануымыз керек.

Әдебиеттер:

1. Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Егемен Қазақстан», 26. 04. 2017 ж.

2. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002 ж

3. А.Байтұрсынұлы, Тіл тағылымы. Алматы, 1992 ж

4. Ө.Айтбаев «А.Байтұрсынұлының өнегесі мен Ә.Қайдар қағидасы», «Егемен Қазақстан», 25.09.2017 ж.

5. Ә. Кекілбай, «Ана тілі», №6, 2005 жыл,

6. Ә.Қайдаров, Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас, Алматы, 2003 ж.

ЖАҢА ӘЛІПБИ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

Аронов Қ.Ғ.,
филология ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
университетінің аға оқытушысы,
Орал қаласы.
aronov@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілінің латын графикасындағы жобалары сөз болады. Бұл жобалардың тиімділігі мен фонетикалық принциптерге сай келетін тұстары талданады.

Түйін сөздер: латын графикасы, қазақ тілі, диграфтар, фонема, фонетикалық принциптер.

Аннотация. В статье рассматривается проекты латынской графики для казахского языка. Анализируется эффективность и совпадение этих проектов фонетическим принципам казахского языка.

Ключевые слова: латынская графика, фонема, казахский язык, фонетические принципы.

Annotation. The article considers projects of the Latin graphics for the Kazakh language. The effectiveness and coincidence of these projects are analyzed in the phonetic principles of the Kazakh language.

Key words: projects , Latin graphics, Kazakh language, phonetic princips, digraph, fonema

Еліміздің парламентінде 11 қыркүйекте тыңдалған алғашқы әліпби жобасы қазақ қоғамында қызу талқыланды. Еліміздің басқа аймақтары тәрізді біздің облысымызда, Орал қаласында арнайы ұйымдастырылған әртүрлі ұжымдық жиындарда, дөңгелек үстелдерде, семинар, конференцияларда т.б. осы жоба барынша жан-жақты талқыланып, түрліше пікірлер айтылды, ұсыныстар жасалды. Солардың бірқатарына сарапшы маман ретінде өзіміз де қатысып, пікір - ұсыныстарымызды ұсындық. Мәселен, Облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен 2 қазанда Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжде әліпби жобасын талқылауға арналған дөңгелек үстелге қатысып, өз жобамызды ұсынған едік. Біз ұсынған әліпби жобасында бірқатар төл дыбыстарымыздың таңбалары латын әріптеріне апостроф белгісін дәйекше ретінде

пайдалану арқылы таңбаланған болатын. Мысалы: **A’a’[ə], G’g’[ғ], I’i’ [ы], N’n’[ң], O’o’[ө], S’s’[ш], U’u’[ү]**. Бұл әліпби жобамызда 28 төл дыбыс, 2 кірме дыбыс (**x, h**) таңбаланған, яғни барлығы 30 әріптен тұрады:

№	Жазылуы	Айтылуы	№	Жазылуы	Айтылуы
1	A a	[а]	16	N`n`	[ң]
2	A` a`	[ə]	17	O o	[о]
3	B b	[б]	18	O`o`	[ө]
4	D d	[д]	19	P p	[п]
5	E e	[е]	20	Q q	[қ]
6	G g	[г]	21	R r	[р]
7	G`g`	[ғ]	22	S s	[с]
8	H h	[h]	23	S`s`	[ш]
9	I i	[і]	24	T t	[т]
10	I`i`	[ы]	25	U u	[у]
11	J j	[ж]	26	U`u`	[ү]
12	K k	[к]	27	Y y	[й]
13	L l	[л]	28	Y`y`	[ұ]
14	M m	[м]	29	Z z	[з]
15	N n	[н]	30	X x	[х]

9 қазанда елбасы назарына ұсынылған жаңа жобадан өз жобамызға сай келетін көптеген сәйкестіктерді көріп ерекше қуандық. Бұрыңғы жобаны талқылау барысында мамандар, зиялы қауым тараптарынан айтылған сын - ескертпелер, ұсыныстар бұл жобада барынша ескерілген екен. Атап айтқанда, жаңа жобада бір дыбысқа бір әріп қағидаты мүмкіндігінше сақталынған. Тек екі жерде аталған қағидат бұзылған, яғни **Hh [x], [h]** мен **I’i’[и], [й]** дыбыстарын таңбалауда екі дыбысқа бір әріп қағидаты ұсталынған.

Жаңа әліпби жобасының ең басты артықшылығы бұрынғы жобада ұсынылған диграфтық таңбалар алынып тасталған. Өйткені төл дыбыстарымызды диграфтық таңбалармен (қос әріптермен) беру қоғам тарабынан түсініспеушілік туғызды, қатты қарсылыққа тап болды. Әсіресе, тіл мамандары, ғалымдар төл дауысты **ə, ө, ұ** дыбыстарын **ae, oe, ue** түрінде диграфтық таңбалармен беруді мықтап сынға алды. Бұл өте орынды сын еді. Себебі дүниежүзілік әліпби жасау тәжірбиесінде дауысты дыбысты қос дауыстының таңбасымен беру бұрын - соңды

болмаған. Егер бұрыңғы жобадағы көрсетілген диграфтар қабылданып кетсе, дұшпанға – күлкі, досқа – таба болар едік.

Жоғары айтылғандардан басқа бұрыңғы жобамен салыстырғанда жаңа жобада көптеген артықшылықтар мен жетістіктер бар.

Біріншіден, жаңа жобада 9 дауысты мен 19 дауыссыздан тұратын төл дыбыстармыздың әріптері әліпбидің құрамына толықтай ендірілген. Ал бұрыңғы жобада 7 төл дыбысымыз диграфтармен таңбаланып, әліпби сыртындағы қосымша таңбалар ретінде берілген. Бұл – алғашқы жобаның үлкен кемшілігі.

Екіншіден, жаңа жобада ұқсас әріптерді бір – бірінен ажырату үшін ешқандай диакритикалық қосымша белгілер қолданылмаған. Ал әріптерді айыруда жұмсалған апостроф диакритикалық белгілердің қатарына кірмейді.

Үшіншіден, дыбыстарды таңбалауда қосымша белгі түрінде қолданылған апостроф әліпбидегі ұқсас әріптерді бір – бірінен айырып қана қоймайды, сонымен бірге төл әліпбиімізді латын жазуындағы басқа халықтардың әліпбилерінен ерекшелеп тұрады. Өзгелердің қазақ әліпбиін бірден ажыратуына, тануына көмектеседі.

Төртіншіден, жаңа жобада латын әріптерімен дыбыстарды таңбалауда жалпы түркілік біріздiлікке ұмтылушылық бар. Мұны **ж** дыбысын **Jj** әрпімен таңбалаудан анық көреміз. Латын жазуын қолданып отырған түркі халықтарының әліпбилерінде **ж** дыбысы осылай таңбаланған. Алғашқы жобада **Jj** әрпі **й** дыбысын таңбалаған болатын. Бұл қалыптасқан қағиданы ескермеу екені сөзсіз.

Бесіншіден, жаңа әліпбиде бір дыбыс – бір әріп қағидаты барынша сақталынғандықтан үйренуге жеңіл, жазуға қолайлы. Ал бұрыңғы жобадағы әліпби жөнінде бұлай айта алмаймыз. Сондықтан алғашқы жоба көпшілік тарапынан орынды сынға алынды.

Алтыншыдан, жаңа әліпби техникалық, экономикалық жақтарынан тиімді. Өйткені латын - ағылшын таңбалары орналасқан пернетақтадағы ешбір әріп өзгертілмейді, қосымша әріптер енгізілмейді.

Жалпы алғанда, жаңа жобаның біз байқаған осындай артықшылықтары мен жетістіктері бар. Сондықтан жаңа әліпби жобасын қолдай отырып, оны әлі де жетілдіре түсу үшін мынадай ұсыныстар бергенді жөн көреміз:

1. Әліпбиімізде бір дыбыс – бір әріп қағидаты толық сақталуы керек. Бұл қағидат негізге алынбаған таңбаларды өзгерткеніміз дұрыс. Себебі, бір әріпті екі дыбыстың орнына

қолдану орфографиямызда қиыншылықтар туғызады. Тіпті кейбір дыбыстардан бірте - бірте айырылуымыз мүмкін. Мұның айқын айғағын қазіргі түрік тілінен көруімізге болады. Жазудағы олқылықтар мен өзге тілдердің әсерінен қазіргі түрік тілі **қ, ғ, ң, ұ** дыбыстарынан айырылып қалды.

2. Жаңа жобада латынның **Hh** әрпі тіліміздегі **х, h** дауыссыздарының таңбасы ретінде ұсынылған. **Hh** әрпі **h** дыбысының таңбасы ғана болғаны қолайлы. Қазіргі тіліміздің сөз байлығында **h** дыбысы ұшырасатын бірқатар сөздер бар. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды. Тіпті осы дыбыс жоғарыда көрсетілген таңбамен 1929 - 1940 жылдар аралықтарында қолданылған латын жазулы қазақ әліпбиінде де берілген. Сонымен қатар қазіргі латын жазулы түрік, әзірбайжан, өзбек, түрікмен әліпбилерінде **h** дыбысы **Hh** әрпімен таңбаланған.

3. Латын жазуындағы **Хх** әрпі **х** дауыссызының таңбасы болғаны тиімді. Себебі, қазіргі әзірбайжан, өзбек әліпбилерінде аталған дауыссыз тап осылай таңбаланған. Оның үстіне қазір қолданып жүрген орыс жазулы әліпбиімізде де бұл әріп бар. Кейбіреулер **х** дыбысы мен әрпі санаулы сөздердің құрамында қолданылады деп қате түсіндіріп жүр. Тілімізге араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздер арқылы ауысқан **х** дыбысы қазір көптеген сөздердің құрамында кездеседі. Нақты айтқанда, 15 томдық «Қазақ әдеби сөздігінде» **х** әрпімен басталатын 475 сөз бар. Бұған осы әріп ортасы мен соңында келетін сөздерді қоссақ, олардың сан-мөлшері бірнеше есеге өседі.

4. Жаңа әліпби жобасындағы таңбалар қағидатына сай келмейтін әріп – **I'i'**. Бұл таңбамен **и** және **й** дыбыстары таңбаланған. Қазақтың төл дыбыстық жүйесінде **и** дыбысы мүлдем жоқ. Тілімізге орыс сөздері арқылы енген **и** дыбысының таңбасын төл атауларымызды жазуда кеңінен қолданып ғана қоймай, дауысты дыбыстардың қатарына қосты. Бұл - қате түсінік. Соған қарамастан осы қателік мектеп оқулықтарынан әлі де алынбай отыр. Сондықтан **и** дыбысына жаңа әліпбиде орын жоқ. Ал **й** мен **ы** дыбыстарының әліпби жобасындағы таңбалары ауыстырылуы керек. Өйткені латын жазуын қолданушы түркі халықтарында **й** дауыссызының әрпі – **Yy**. Осыған сәйкес қазақ әліпбиінде де **й** дыбысының таңбасы – **Yy** болса, **ы** дауысты дыбысын **I'i'** таңбасымен таңбалағанымыз жөн.

5. Әліпби жобасындағы таңбаларын ауыстыратын дыбыстар – **у** мен **ұ**. Себебі латын жазуын қолданушы көптеген халықтарда, соның ішінде түркі халықтарында **Uu** әрпі **у** дыбысын таңбалайды. Бұл – әбден қалыптасқан қағидат. Сондықтан қазақ әліпбиінде де **Uu** әрпімен **у** дауыссызын, ол әліпбидегі **Ү'у'** әрпімен **ұ** дауыстысын таңбалағанымыз орынды болмақ.

6. Латын жазулы қазақ әліпбиін жасауда осы жазуға бізден бұрын көшкен түрік, әзірбайжан, түркімен, өзбек бауырларымыздың тәжірбиелерін үнемі ескеріп, жетістіктерін пайдаланып, қателіктерінен сабақ алғанымыз жөн. Әліпбидегі ортақ дыбыстарға таңба белгілеуде жалпытүркілік біріздiлік қағидатын ұстануымыз керек.

7. Жаңа жобада әліпби құрамына шетел сөздерін жазу үшін қажетті деген желеумен енгізіліп отырған **ф, и, ч, в** дыбыстары мен олардың таңбаларын алып тастау керек. Егер бұлай істемейтін болсақ, қазіргі қолданып отырған жазудағы былықтар, жазу, айту нормаларының бұзылуы, тілді қолдану өрісінің тарылуы, терминдердің ұлттық мүддеге сай жасалмауы т.б одан әрі жалғаса береді.

Қорыта айтқанда, латын жазуына көшу әдеттегі көп науқандардың бірі емес. Жаңа әліпби жасаудың мәні мен маңызы өте зор. Ең алдымен, латын жазулы әліпбиге ауысу тіліміздің өзіне тән дыбысталуын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Тіліміздің қолдану өрісін кеңейтіп, бәсекеге қабілетті етеді. Ал саяси, идеологиялық тұрғыдан алғанда жазу реформасы қоғамдық сананы жаңғыртудың іргетасы бола алады.

ШУМЕР ТІЛІ МЕН КӨНЕ ТҮРІК ТІЛІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Хасанов Ғ.Қ.,
филология ғылымдарының докторы,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің профессоры,
Орал қаласы
Hasan.Gabit@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада көне шумер мемлекетінде болған шумер жазуының көне түркі жазуымен өзара байланысы қарастырылады. Ежелгі сына жазуынан бастау алатын бұл жазулардың байланысы туралы көптен жазылып жүр. Бұл жазулардың ортақ белгілері және өзгешеліктері нысан

ретінде енді ғана қарастырылуда. Бұл мақалада қазақ түркітанушы ғалымдарының шумер жазуы мен көне түркі жазуы туралы ойлары сөз болды.

Тірек сөздер: көнетүрік жазуы, сына жазуы, шумер жазулары, орал-алтай гипотезасы, түркітану.

Аннотация. В статье рассматривается взаимосвязь древнего государства шумеров и их письма с древнетюркским письменностью. Истоки этих древних письменностей исходит из клинописьного письма и взаимосвязь этих письменностей давно затравигается. Общие признаки и различия этих письменностей только теперь становиться объектом исследования. В этой статье рассматривается суждения казахских тюркологов - ученых о надписях древних шумеров и древнетюркской письменности.

Ключевые слова: древнтюркская письменность, клинопись, шумерские надписи, урало - алтайская гипотеза, тюркология.

Annotation. The article deals with the relationship of the ancient Sumerian state and their letters with the ancient Turkic writing. The origins of these ancient writings originate from cuneiform writing and the interrelation of these writings has long been ravaged. Common signs and differences of these scripts are only now becoming the object of research. This article examines the judgments of Kazakh Turkologist-scientists about the inscriptions of ancient Sumerians and ancient Turkic writing

Key words: ancient Turkic writing, cuneiform, Sumerian inscriptions, Ural-Altay hypothesis, Turkology.

Кеңес дәуірінен бұрын патшалық ресейдегі түркітану ғылымында түркі халықтары Еуропа жеріне Алтай тауларынан көшіп келді деген теория берік енгізілді. Осы үшін Орал - Алтай теориясы деген гипотеза ойлап шығарылды. Оған басты себеп патша үкіметінің түркі халықтарының жерін отарлау саясаты болатын. Әзербайжан түркітанушысы Г. Гумбатов өз зерттеуінде былай деп жазады: «С.Г.Кляшторный, который вот уже около 40 лет пишет о прошлом тюркских народов, и сегодня продолжает доказывать правомерность традиционной советской концепции по этногенезу тюрков. В выпущенной в 2005 году книге «Степные империи Евразии» он опять как заклинание повторяет основные тезисы официальной концепции:

- «Евразийские степи между Волгой и Енисеем еще в VI тыс. до н.э. занимали индоевропейские племена европеоидного расового типа, те самые «индоевропейцы», многочисленные

племена которых говорили на родственных друг другу языках индоиранской языковой семьи, балто - славянской языковой семьи, германской языковой семьи и многих других родственных языках» [1:14]. Орал - Алтай теориясы бойынша түркі халықтары тілдері жапон - кәріс, тұңғыс - маньчжур тілдерімен бірге, осыған орай, бұл халықтардың жерлері солармен бірге болды, яғни Еуропа жағында түркі халықтары тұрған жоқ деген ой бекітілген. Ол туралы Г. Гумбатов былай деп жазады: «Необходимо отметить, что со времени установления советской власти тюркология постоянно находилась под пристальным контролем властей. Не секрет и то, что с началом захвата тюркских земель (Поволжье, Урал, Западная Сибирь, Астрахань, Кавказ, Крым, Закавказье, Средняя Азия и др.) Российская империя, чтобы заставить тюркские народы забыть свое прошлое, обязала российских учёных (и не только русских) целенаправленно фальсифицировать этническую и политическую историю тюркских народов. В результате этого была создана так называемая «алтайская гипотеза» происхождения тюрков. Особенно упорно и агрессивно эта «гипотеза - концепция» внедрялись в академическую науку в годы Советской власти. Любое отклонение от данной «концепции» строго наказывалось. Многие ученые, не согласные с ней были репрессированы. Главными тезисами этой, одобренной властями официальной «концепции» были:

- прародина тюрков изначально находилась на Алтае и на сопредельных территориях;
- вхождение тюркского языка в праалтайскую языковую общность (сюда кроме тюркского языка включали языки монголов и маньчжур, а также языки корейцев и японцев);
- все нынешние тюркские народы, кроме языка, ничего общего между собой не имеют, так как являются отуреченными аборигенами;
- изначальная монголоидность древних тюрков;
- евразийские степи, начиная с VI тыс. до н.э. занимали «индоевропейцы», а со II тыс. до н.э. – индоиранцы: арии, скифы, сарматы» [1:15].

Алайда сол кездегі ірі көне мемлекеттердің түркі тілдерімен байланысын шетел, ресей түркітанушылары көргісі келмеді. Бірақ

тілдік деректер көне мемлекеттердің Еуропадағы көршісі түркі халықтары, олардың бабалары сақтар болғанын көрсетіп отыр.

Сондай бір көне мәдениетінің Отаны – Тигр және Евфрат өзендерінің аралығына орналасқан Месопотамия мемлекеті, Вавилон елі, Месопотамия ең байырғы тұрғындары – шумерлер екені тарихтан белгілі. Анықтама келтіре кетелік (Шумер – қазіргі Ирактың оңтүстігінде екі өзеннің аралығында орналасқан көне мемлекет. Шумер жерінде б.д.д. III мыңжылдықта таптық қоғам Лагаш, Ур, Киш секілді шумерлердің қала-мемлекеттері болған. Б.д.д. XX – IV ғасырда көне саргонның шумерлер елін басып алуы оларды аккадтың билігіне бағындырған. Шумер тілі – б.д.д. XX – IX – I ғасырларға тиесілі сына жазу мәтіндері арқылы белгілі).

Көрнекті қазақ ғалымы Ғ. Мұсабаев өзінің «Қазақ тілі тарихынан» атты зерттеуінде былай деп жазады: «Қазіргі қазақ тілінің тарихын анықтау, оны көне замандағы түркі тілдес халықтар арасынан жіктеп алуда екенін ескеріп, көне заманда қазақ жерін мекендеген ірі ұлыстарды сөз етеміз. Ең алдымен, қазақ тілі түркі семьясының бір тарауы болғандықтан, жалпы түркі халықтарына ортақ көне кездегі тіл заңдылығы – біздің бұдан былайғы зерттеуімізге нысан болмақ.

Бірінші заңдылық – түркі тілдеріндегі сөздердің ертедегі түбірі бір буынды сөз болған. Мысалы, *ат, ас, бас, қарт*. Көп буынды сөздер – екі сөздің бірігуінен пайда болған даму нәтижесі. Жалғау - жұрнақ атаулы – түбір сөздің әуелі шылауға, онан әрі қосымшаға айналуындағы деформация нәтижесі. Сөйтіп, түбір сөздің бәрі де бір буынды болған.

Екінші заңдылық – түркі тілдеріндегі бір буынды түбір сөздің барлығы тұйық буынды болған, *ат, ас, тас, қақ*.

Көне шумер атауының өзі *шум + ер* деген екі сөз – осы заңға сай: қытай жылнамасындағы ең ертедегі *шоң + би (бег)* де соны дәлелдейді» [2:61]. Бұл пікірден байқағанымыздай түркі тілі мен жазуы көне шумер мәдениетімен егіз болып, қабысып жатыр.

Г. Қосымова өзінің «Шумер және түркі тілдерінің ортақ заңдылықтары» атты мақаласында былай деп жазады: «Шумер тілі мен түркі тілдерінің тарихи байланысын алғаш анықтаған түрік ғалымы Осман Недим Туна болды. 1947-1948 оқу жылында Стамбул университетінің әдебиет факультетінің түркітану бөлімінде оып жүргенінде қолына Хетт тілі сөздігі түседі де, ондағы шумерше ГУД «өгіз, мүйізді ірі қара мал» деген сөзге көзі

түседі. ГУД сөзі мен көне түрікше УД сөзінің ұқсастығы таң қалдырады. Осыдан кейін ғалым шумерше материалдарды іздестіріп жүріп, шумерше-түрікше сөздік жасайды. Осылайша 1947 жылы алғашқы жүйелі дыбыс сәйкестігі заңын 43 мысалға сүйеніп шығарады. Мысалы: шум Д: түр. Й

Дар – йар (жар); дариг – йырық (жыртық); дулум – йулуг (төлем); диб – йип (жіп) т.б.

Шум. Г: түр. Й

Гамир – агыр (ауыр); газ – эз (есу, ширату); ги – ы (өсімдік, ағаш); гид – ыд (жіберу); (Осы жердегі «ыт» көне архетипі қазіргі қазақ тіліндегі «ытқыту» етістігінде сақталған айту керек. Хасанов Ғ.Қ.), *гид – ит (итеру); гишиг – эшик (есік) т.б.*

Шум. Н: түр. Й

Над – йад (жаю); над – йат (жат); нанга – йаңа (жақ, тұс); нигин – йығын (үйінді, жиын) т.б. .О.Н. Туна тізіміндегі 168 сөздің «16,6 пайызы моңғолша, 7 пайызы жапонша, 1,9 пайзы корейше, түркі тілінің өз қорынан келген сөздердің үлесі кем дегенде 83,4 пайызды құрайды» - дейді [3:127]. Г.Қосымова бұл мәселеге қалам тартқан қазақ ғалымы А.Аманжоловтың еңбегін атап өтеді: «Тюрколог ғалым А.Аманжолов қазақ тілінің тарихын тамырын әріден іздеп, ғылыми жұртшылықтың назарын көне мұраларға аударған еді. 1974 жылы көтерген ең маңызды мәселелерінің бірі – ғалымның шумер тілінің түркі түркі халықтарының тіліне ұқсастығы жайындағы ой - тұжырымдары. Ғалымның «Шумеро - тюркское соответствие и изобразительные логограммы» деген мақаласы Берлинде басылып шықты. А.Аманжолов келтірген лексикалық ұқсастықтардың қатарына «аспан, құдай» мағынасындағы тәңір, мезгіл ұғымындағы **әд, (уд)** «қасиетті» деген мағынадағы **ыдық (дуг)**, «сиыр» мағынасындағы уд (гуд), «ұйқы» деген мағынадағы у, «нәрсе» деген мағынадағы **нең (ниг)**, «су» деген мағынадағы суғ (суг) т.б. сөздер бар [3:128].

Көне шумерлер бұл жерді б.д.д. IV мыңжылдықта мекендеген. Шумерлердің солтүстігін Ассирия, оңтүстігі Вавилон (Бабыл) мемлекеттері жайлаған екен. Қысқаша анықтама бере кетелік: (Ассирия – қазіргі Ирактың солтүстігінде екі өзеннің аралығында орналасқан көне мемлекет. Б.д.д. XIV - IX ғасырларда солтүстік Месопотамия мен оған шекаралас жерлерді бағындырған. Ассирияның нағыз гүлденген дәуірі – б.д.д. VIII ғасырдың II жартысы мен б.д.д. VII ғасырдың I

жартысы аралығы. Б.д.д. 605 жылы Мидия мен Вавилония талқандаған).

Шумер жазуы дыбыстық, буындық жазулардың элементтері аралас идеографиялық жазу болған. Ниппур, Ур, Лагаш секілді шумер қалаларына қазба жұмыстарын жүргізу барысында 20 мыңнан астам таблицалар табылған.

О.О. Сүлейменов өзінің «Язык письма» еңбегінде Шумер жазуының көне түрік жазуымен тығыз байланысты екеніне тоқталады.

«Шумер - что это? От Орхона до Орхона

1. Язык не изменился в последующие века. Любой образованный тюрок поймет текст эпитафии великому кагану Куль - Тегину, начертанный на каменном обелиске в голой монгольской степи, неподалеку от реки Орхон. Просвещенный визирь Бильга - Тоньюкук («Знающий Тоньюкук») - автор рассказа о славных делах создателя тюркского Каганата в степях, которые позже станут монгольскими, написал в той эпитафии и о себе несколько слов:

«Тунь удумадъм
куньдуз олурмадъм
кара тарімді төктім,
къзъл канъмдъ югурдтім –
түрк будун учун»
«Ночами я не спал,
днями я не отдыхал,
чёрный пот свой проливал,
красную кровь свою заставлял (быстрее) бежать
– во имя тюркского народа» 726-й год.

И через 12 с половиной веков эти слова одного из многочисленных тюркских диалектов сохраняют лексическую, грамматическую и, сказал - бы, - политическую актуальность. Что изменилось? Архаично прозвучит для большинства тюрков «**удумадым**» - «я не спал». В современном турецком - «**уіумадъм**». Но значит ли это, что древнетюркское «д» развилось в турецкое «**і**»? Мы уже знаем, что последовательность иная была **і/d**. Турецкое **уіумак** - «спать» - древнее, чем древнетюркское **удумак** - спать? Значит киргизское **уй** - «корова» предшествовало древнетюркскому **уд** - «корова»?

Но киргизские нормы не отразились в письменности раннего средневековья. Как это посчастливилось наречию племени,

выдвинувшего из своей среды кагана, чей диалект и стал литературным языком его империи.

Чтобы дойти до «д» иоте пришлось проделать великий путь, состоящий из нескольких этапов. Цепь развития узкого мягкого установима: **i >'i >gi >dži >dzi >d'i >d' >d(t).**

Такое расстояние от турецкого **уіъмадъм** до орхонского «**удъмадъм**», от киргизского **уй** - «корова», **aiaik** - «нога», **каіън** - «жена» до древнетюркских **уд**, **адак**, **кадън** с теми же значениями.

Однако, практика свидетельствует, что устоявшиеся парные соответствия в языках позволяют непосредственно реагировать на йоту с любой привычной позиции, не вызывая всей цепи превращений. Казах, привыкший вместо йоты в начале слова произносить «ж», не будет самостоятельно проделывать весь путь i >gi >dzi >dz >z ... Он реагирует сразу традиционным соответствием. Это заметно на новых заимствованиях: «ящик» (іащик) >жащик, Япония (laponia) >Жапония. Так, вероятно, было и в древности. Буква **D - j** (др.тюрк.) подозрительно совпадает с этрусско - римской **D - d**. И если она участвовала в письменном слове, то одни читали - **ud**, другие - **ui**.

Нынешние алтайские тюрки поймут древнетюркские тексты лучше, чем анатолийцы или среднеазиаты. На Алтае продолжают называть корову - «уд», «ут». И «удъмадъм» - «я не спал».

В богатом материалами «Этимологическом словаре тюркских языков» Э.Севортяна (пока успел выйти, к сожалению, только один том, посвящённый словам, начинающимся с гласных) значений **уд** (ут, уі), собранных в сорока тюркских наречиях, несколько больше. Автор словаря располагает их в таком порядке: 1) **бык**, 2) **корова**,

3) **созвездие Тельца**. В Древнетюркском словаре (ДТС) приводятся примеры из текстов: adagy ud adagy deg - «его ноги подобны ногам коровы». На современном киргизском эта фраза звучала бы - aiagy ui aiagy dai. Как в пратюркском?

Если за прошедшие тринадцать бурных веков тюркские языки не изменились, что могло им помешать оставаться такими же ещё тринадцать столетий до Орхона, и ещё, и ещё по тринадцати счастливых и несчастливых веков? Очевидно, что на создание такой сверхпрочной грамматически-лексической системы, какой предстает язык текстов Орхона, потребовалось не одно тысячелетие. Где он рождался и мужал? В каких краях земли? В Монголии тюрки - не автохтоны. Археологи это уже знают. Откуда пришли в Монголию? С Алтая? На Алтайских берегах Енисея - множество памятников,

буквы которых схожи с орхонскими. Некоторые формой архаичней. Но и Алтай не прародина.

Сегодня до южных провинций Ирака, где на берегах Тигра и Ефрата творились цивилизации Шумера, Вавилона, Ассирии – не так много часов лета. На лошадях и верблюдах было, наверное, дольше.

«Двинувшись с востока, они нашли в земле Сеннар равнину и поселились там» (I кн. Моисея, 11, 2). Исследователи Библии полагают, что древние евреи так называли страну великой цивилизации. В аккадских источниках - Субар, в поздневавилонском - Шубер, Шумер» [4:246]. Осындағы О.О. Сүлейменовтың «Бірақ Алтайдың өзі атажұрт емес» дегені көңілге қонады.

Ш.Ш. Жалмаханов өз зерттеуінде былай деп жазады: «Түркі тілі жөніндегі ең алғашқы мәлімет Месопотамияның оңтүстігінен (шумерлерден) табылған б.д.д. IV - III мыңжылдықты меңзейтін идеографиялық жазба ескерткішінен байқалады. Алғашқы шумер тілінің ескерткіштерінде көне түркі тіліне тән көптеген лексикалық сәйкестіктер ұшырасады. Мәселен: тәңір, тәңірі – шумер тілінде “дингир”, көне түркі тілінде “тәңрі” (аспан, тәңір), қазіргі түркі тілдерінде: ұйғырша “тәңри” (тәңір), хакасша “тигір” (аспан), якутша “таңара” (аспан, тәңір); ұйқы – шумер тілінде “у”, көне түркі тілінде “у” (ұйқы), якутша “уу” (ұйқы); ғибадатхана – шумер тілінде “бараг”, көне түркі тілінде “барқ” (құрылыс, ғимарат, ибадатхана); зат, нәрсе – шумер тілінде “ниг”, көне түркі тілінде “нең” (нәрсе, зат); ми батпақ, су – шумер тілінде “суг”, көне түркі тілінде “суғ, суб, сув” (су), хакасша, туваша “суғ”, Қырғызша “суу”, чувашша “шыв” (шу); бас, басшы – шумер тілінде “саг”, көне түркі тілінде “сағұн” (қарлұқтарда жасы үлкендердің лауазымы), қырғызша “сақ” (әмірші, хан).

Шумер тілінің алтай тілдерімен (түркі, монғол, тұнғыс - манчжур) туыстастығы жөнінде неміс ғалымы Ф. Хоммель (1926ж.) және оны қолданған совет тарихшысы С.П.Толстов (1948ж.) болжам пікір айтқан еді. Бұл болжам толық дәлелденген жоқ, дегенмен де тілдік сәйкестіктер алғашқы түркілердің бір бөлігі Месопотамияға (шумерлерге) бұдан 5 жыл бұрын келіп, соның нәтижесінде алғашқы шумер ескерткіштерінің тіліне белгілі дәрежеде әсер еткен деген тұжырым жасайды профессор А.С.Аманжолов (5, 26 - 28). Шумердің шын аты Кенгер немесе Кеңер болғандығын (аккад - семит тілінде бұрмаланып “шумер” аталған) атақты шумеролог А.С.Аманжолов (5,28) Кенгер (кеңер) сөзінің Сарыарқадағы Кеңгір өзенімен үндес

келуі тегін емес, ел қоныс аударғанда, жерінің атын арқаланатын көне дәстір деген болжам жасайды» [5:10 - 11].

Көне түркі жазуы мен тілінің білгірі, қарымды зерттеушілердің бірі Орынбай Бекжанүбірі көне түркі жазуы арамей жазуынан бастау алады деген еуроцентристік пікірдің бұрыс екеніне көз жеткізе отырып, шумер жазуымен көне түркі жазуының тарихи байланысын жоққа шығармайды. Ол өзінің «Түркі күлбізік жазба ескерткіштері тілінің семиотика - семантикалық негіздері» атты монографиясында былай дейді: «Ғылыми әдебиетте осы күл (руна) жазуын сына жазуы деп қолданушылар кездесіп қалады. Сына жазуының орысшасы – клинопись. Ол шумерлік жазуға сай қолданылған атау. Яғни, оларды бір-бірімен араластырып айтуға болмайды. Бұл көктүркілік күл жазуының шумер жазуымен байланысы жоқ деген пікірді білдірмейді. Әрі ақын, әрі ғалым азаматымыз О.О. Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабындағы дәлелдерден кейін шумерліктер мен түркілердің тектік жақындығы жөніндегі еңбектер дүниеге келе бастады. Олай болса, тілдік, әліпбилік туыстықтың да ақиқаттығы айқын деп білеміз. Шындықтың себездей бастаған бұл жарық сәулелері көктүріктік күл жазуы арамей жазуларынан бастау алады дейтін еуроцентристік тұжырымның іргесін шайқалта бастады. Біздің ойымызша, көктүркі күл жазуы – біртұтас шумерлік - түркілік жазуынан бастау алып дыбыстық әліпби дәрежесіне дейінгі даму сатыларынан өткен төл сақ - түркі жазуы. Ал арамей, финикий жазулары осы көктүріктік күл жазуына негізделіп, өз алдына тармақталған деген жорамал (гипотеза) жасаймыз» [6:22] .

Алғашында көне түркі жазуы жазылған тастар табылғанда еуропалық не ресейлік ешбір ғалым қазіргі көшпелі түркі халықтарының бір кездері жазуы болды деп ойламағаны белгілі. Дамыған көне мәдениет ошақтары бар мемлекеттер қасындағы барлық мемлекеттерге өз әсері мен ықпалын тигізгені анық. Осы себептен келгенде, ежелгі көшпелі мемлекеттерде, яғни біздің жерімізді мекендеген қағанаттар мен империяларда тілдік зерттеулер жүргені анық. Осылардың негізінде Есік жазуы мен көне түркі жазуы қалыптасқанын байқаймыз. Ол туралы О.Д. Бекжанның соңғы зерттеулерінде айтылған батыл пікірлер қисынға келеді. Сонымен бірге, тек тілдер ғана емес, сына жазуына ұқсас болып келетін шумер және көне түрік тілі жазулары да бір-біріне жақын болып келеді. Қорыта айтқанда, Орал - Алтайдан басқа Еуропа жерлерін мекен еткен көне түркі тайпалары көршілес мемлекеттермен тығыз қарым -

қатынаста болып, әдеби - мәдени байланыстар орнатқан. Осының негізінде көне түркі тілі мен шумер тілінің байланысы дамығанын тарихи деректер растап отыр.

Әдебиеттер:

1. Гумбатов Г.Н.. Историческая прародина тюрков. От Арана до Алтая. – М: Наука, 2013.

2. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы: Мектеп, 1988.

3. Қосымова Г. «Шумер және түркі тілдерінің ортақ заңдылықтары» «Тіл және мәдениет: тілдің антропоөзектік парадигмасы» атты профессор Ж.А.Манкееваның 60 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - теориялық конференция материалдары. – Алматы: 2010. 126 - 129 бб.

4. Сулейменов О.О. Язык письма. – Алматы, Рим. 1998

5. Жалмаханов Ш.Ш. Тіл білімінің тарихы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1999.

6. Бекжан О.Д. Түркі күлбізік жазба ескерткіштері тілінің семиотикалық - семантикалық негіздері. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2015.

АНТОНИМИЯНЫҢ ҰҒЫМДЫҚ АППАРАТЫ

Сұлтаниязова И.С.,
философия докторы (PhD),
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің доценті,
Орал қаласы
su.indira@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада антонимияның метатілі талданылады. Мақала авторы антонимия терминдері арасындағы байланысты зерттейді. Қазіргі тіл білімі қарама - қарсы мағыналы тілдік бірліктерді анықтауда бірізді әдісті ұсына алмай отыр. Қарама - қарсы мағыналы тілдік бірліктер зерттеу жұмыстарында әр түрлі аталып, бұл құбылыстың тек кейбір қырлары ғана ашылып келді. Зерттеулерден антонимия теориясында талас тудыратын мәселелердің бір ізге түсіріліп, ұсынылған теориялар жан - жақты талдауды қажет ететіні көрінеді. Мақалада антонимия теориясының метатілі жүйеленді, антонимия кең мағынада қарастыратын жалпы атау ретінде «қарама - қарсы мағыналы тілдік бірліктер» термині енгізілді.

Түйін сөздер: антонимия, контраст, тілдік бірліктер.

Аннотация. Статья содержит анализ метаязыка антонимии. Автор статьи исследует связь между терминами антонимии. Современное казахское языкознание не располагает единым подходом к определению языковых единиц со значением противоположности. В разных исследованиях языковые единицы со значением противоположности именуются по - разному, раскрываются отдельные стороны этого явления. Становится необходимым объединить и всесторонне проанализировать проблемные вопросы антонимии. В статье систематизирован метаязык теории антонимии, в соответствии с широким пониманием антонимии в качестве гиперонима введен термин «языковые единицы со значением противоположности»
Ключевые слова: антонимия, языковые единицы с противоположными значениями, оппозиция, контраст

Annotation. The article considered the analysis of metha language antonymy. The author writes the interoloton between the term of antonyms. Currently the science that studies Kazakh language has not invented a universal method for determination of linguistic units with contrary meanings. In the variety of research papers, such linguistic units are named in different ways, and the phenomenon is explained from different angles. The research works on the practical application show that the disputes in antonyms should be grouped and that the proposed theories need to be rapidly discussed. The article is systematized theory of meta - language antonymy, hyperonyms is introduced the term "linguistic units with a value of opposites" in accordance with a broad understanding of antonymy.
Key words: antonymys, the opposite, contrasts.

Адам санасы қоршаған дүниені әлемдегі заттар мен құбылыстарды салыстыру, бір - біріне қарсы қою арқылы қайшылықта таниды. *Антонимия* – қарама - қайшылық ұғымы, логикалық құбылыс. Антонимия құбылысының, яғни қарама - қайшылыққа негізделген әлемнің тілдегі бейнесін *қарама - қарсы мағыналы тілдік бірліктер* береді. *Қарама - қарсы мағыналы тілдік бірліктер* – қазақ тілі лексикасындағы қарама - қайшы қатынастардың, қарама - қарсы мәнді тілдік құбылыстарды семантикалық және стилистикалық жағынан түгел қамтитын гипероним.

Қарама - қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік қызметін атқарып, семантикалық қырын ашатын – *оппозиция*. Оппозицияның келесі түрлері бар: *градуалды, приативті, эквиполентті.*

Градуалды антонимдік оппозиция белгі мен қасиеттердің қарама-қайшылығының арасында аралық мүшелердің болуымен

ерекшеленеді. Аралық мүше даму шкаласында қарқындылық белгісі бойынша екі шеткі қарсы мәннің арасында орналасады. Мәселен, ***Қиыншылық*** *атаулы бізбен кетті, сендерге қалғаны* ***рахат тұрмыс****,* ***сейіл серуен*** *дегенді айтуға неге құштар екен сол үлкендер* [1:48]. Бұл сөйлемде берілген «қиыншылық» пен «рахат тұрмыстың» ортасында қалыпты өмір тұрғаны, оның екі қарама-қайшы ұғымнан тең арақашықтықта орналасқаны белгілі:



Градуалды антонимдік оппозиция сапалық сын есімдерден, соған сай зат есімдер мен үстеулерден жасалады. Мұндай лексемалар сапалық - сандық сипатқа ие және белгілердің бір - біріне қарама - қайшылығы тұрғысынан қарқындылық парадигмасын құрады. Олар *симметриялы градуалды оппозиция* және *ассиметриялы градуалды оппозицияға* бөлінеді.

Симметриялы градуалды оппозиция мүшелері қарқындылық белгісі шкаласында аралық элементтен бірдей арақашықтықта орналасады. Бұл дәстүрлі антонимдер болып келеді:

Рамазан әкенің ***ыстық, суық*** *қабағында көріп өсті* [2:251].



Бұл арада (Z) аралық мүше болып табылады. Келтірілген мысалдарда кездесетін антонимдердің ортасында аралық мүшенің бар екені айқын және аралық мүше антоним сөздерден бірдей арақашықтықта тұр.

Ассиметриялы градуалды оппозиция мүшелері орталық мүшеден әртүрлі арақашықтықта болады:

Айырмасы – концерт залдарында бағасы сәл ***қымбаттау****, мұнда* ***су тегін арзан*** [3:266].



су тегін *арзан* *орташа* *қымбаттау* *қымбат*

Сызбада (X), (Y) белгілерімен берілген аралық мүшеден (Z) бірдей қашықтықта орналасатын антонимдер *арзан* және *қымбат* ұғымдары, X арзаннан кішірейтілген сөйлемдегі *су тегін арзан* сөзі болса, Y қымбатқа жетіңкіремейтін *қымбаттау* сөзі болып келеді.

Оппозицияның келесі түрі *приватитвті антонимдік оппозиция* градуалды оппозиция сияқты бірінің белгілерін бірі жоққа шығарады, тек олардың арасында аралық элемент болмайды. Приватитвті оппозиция элементтері ұғымдық жағынан бір - біріне тең:

Барды - жоғын *әкесінің алдына тосып, қолдарынан келгенше күтіп - ақ жатыр* [3: 298].

Эквиполентті антонимдік оппозиция мүшелері арасында тілдік тәжірибеге сүйенген ассоциативті қарама-қайшылық бар. Оған келесілер жатады: а) іс - әрекеттің, хал - жағдайдың қарама - қарсы бағытталғандығын білдіретін лексемалар. Мысалы, *Ол* ***қашады****, біз* ***қуамыз*** [2: 135]. *Өздері жұмыс арасында* ***келіп - кетіп*** *тұратын болса керек* [1: 241]; ә)лексикалық конверсивтер. Мысалы, *Бұл жолда* ***ұтты*** *ма?* ***Ұтылды*** *ма?* [1: 170]; б)үйлесімді ұғымдарды (бағыттарды) белгілеуші сөздер. Мысалы, ***Асты - үстін*** *қосып есептегенде, әй, жеті - сегіз бөлме бар шығар - ау!* ***Алдыңғы*** *шепте, қан майданда жүретін көзсіз батырларға құдай қуат берсін! Мұның міндеті –* ***артқы*** *шепте солардан қалғанды талғажау етіп, жер бетін артық - ауыстан тазарту ғана* [4: 192]. г) коррелятивті жұптар (жыныстық, туыстық нышандары, тәулік уақыты, әлеуметтік қатынастары бойынша компоненттері қарама - қарсы қойылған, бір - бірінен мағыналық жағынан ажыратылмайтын жұптар). Мысалы, ***Күндіз - түні*** *жорық сап, шеру тартып, үдере де, үрдіс те келеміз* [2: 187]. ***Қыз*** *жәй басып кеп,* ***шешесінің*** *жанына отыра кетті* [5:453].

Антонимдер (грек: *anti* – қарсы, *onyma* – есім) – оппозицияны білдіретін қарама - қарсы мәнді сөздер. Әдетте, қарама - қарсы мән сан мен сапа, уақыт пен кеңістік атауларында кездеседі. Антонимдік қатынастар тек атау сөздерде ғана емес, көмекші сөздерде, сөз тудырушы құрылымдарда да көрініс табады.

Тілде бір сөз табынан болған антонимдер жиі кездеседі: *«Сен жолдасыңды айт, сосын мен сенің кім екеніңді айтамын» деген сөз тірліктің* ***ащы - тұщысын*** *бір адамдай татқан ауыздан шыққан да.* ***Өтірік*** *пе,* ***рас*** *па қайдам, «жылан аспандағы торғайды арбап, топ*

еткізіп, жерге құлатып түсіреді» дегенді естігенім бар еді, мен де сол торғайша арбалып қалдым білем [6: 56].

Антонимдер тек бір сөздің қайшылығы арқылы ғана емес, бірнеше сөзбен берілуі мүмкін. Мысалы, *күндізгі шу – түнгі тыныштық, күндізгі жарық – түнгі қараңғылық.*

Көркем мәтінде бір сөздің бірнеше сөзге қарсы қолданылуы да – жиі кездесетін құбылыс. Мысалы: *Төбедегі құдірет қайсысы жүрек жұтқан* ***батыр****, қайсысы қоян жүрек* ***қорқақ****, қайсысы тас арқалатсаң да мойымайтын* ***мықты****, қайсысы* ***боркемік, әлжуаз, әлсіз*** *екенін байқайын деп, жұмыр басты пендесін әрқилы, ойлы - қырлы, қиын - қыстау жолға салып, әрбіріне* ***ауыр, жеңіл*** *жүк артып, сынап, қарап қадағалап отыр ма екен?* [6: 80]. Мұнда *батыр* сөзі бір ғана *қорқақ* сөзіне, *ауыр* сөзі *жеңіл* сөзіне қарсы қойылса, *мықты* сөзі *боркемік, әлжуаз, әлсіз* сөздеріне қарсы қойылған. Бұл үш сөз өзара синоним болып келеді де, олардың әрқайсысы мықты сөзіне антоним болып табылады. Екі не одан да көп антонимдер антонимдік қатар құрайды.

Сөздің көп мағыналығына байланысты сөз әр мағынасында әртүрлі антонимдік қатар түзеді. Антонимдік қатарға сөз тіркестері мен фразеологиялық тіркестер де енеді. Қатар түзетін мүшелер санына қарай бинарлық (*оң – теріс*) және полинарлық (*бұзу – жасау, салу, құру*) болып бөлінеді. Қазақ тілі бай, синонимдік тіл болғандықтан, қазақ тілі антонимінде полинарлық қатар басымдыққа ие.

Антонимдер өз ішінде тілдік және контекстік болып бөлінеді:

Тілдік антонимдік оппозиция – градуалды, приативті немесе эквиполентті түрде туындап, қисынды және тілдік қарама - қарсылықты білдіре, екі және одан да көп лексемаларды қарсы қойып, адам санасындағы тұрақты қарама - қарсы ассоциацияларды бекітеді.

Контекстік антонимдік оппозиция – белгілі бір контексте ұғымдар мен заттарды қарама-қарсы қою, салыстыру арқылы қарама - қайшы ұғымдарды беретін сөздер. Олар контекстен тыс антоним бола алмайды.

Тілде қарама - қарсылық мәні болмағандықтан, антоним бола алмайтын сөздер бар. Десек те, ол сөздер ауыспалы мағынасында мәтінде ерекше стилистикалық қызмет атқарып, қарама - қарсылық мәнге ие болуы мүмкін. Антонимдер бізді қоршаған ортадағы қарама - қайшы заттар мен қасиеттерді, үрдістерді көрсетеді. Ондай қарама-қайшы (актуалданған) сөздерге әртүрлі

сөз табынан болған антонимдер де жатады: ***Тұнық*** *суға тас лақтырғандай жан дүниесін* ***лайлады*** *да кетті* [3: 178].

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тура және ауыспалы мағыналары болуы мүмкін. Ауыспалы мағынаға келесі мысалдар дәлел бола алады: *Бірде* ***киіз****, бірде* ***мейіз*** *болып тұратын күздің күні* [6: 76]. *Мына сойқанның жүрегінен сондай* ***жылтыраған*** *ештеңе таппадым-ау, түп-түгел* ***қарайып*** *кеткен* [1: 32].

Энантионимдер – тұрпаттық жағынан бірдей формамен берілетін, мазмұндық жағынан құрылымындағы ішкі қарама - қарсылыққа негізделген өзара оппозициялы мағыналарға ие сөздер.

Келтірілген терминдердің арасындағы қарым - қатынас төмендегі сызбада беріледі (1-сурет):



Сурет 1 – Қарама - қарсы мағыналы тілдік бірліктердің семантикалық құрылымдық түрлері

Қарама - қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін *контраст* атқарады.

Контраст – шынайы өмірдегі қайшылықтар мен қарама - қарсылықтардың мәтінде сөзбен көркемделген бейнесі. Контраст екі түрлі тәсілмен жасалады: қарама - қайшылық және қарама - қарсылық.

«Қарама-қарсылық – диалектикалық, қарама - қайшы, бір - бірін жоққа шығаратын жақтардың және өздігінен қозғалу, объективті әлемнің дамуы мен таным көзі болып табылатын ішкі бірлік пен өзара кіріккен заттар мен құбылыстар тенденциясының өзара әсері. Айырмашылықтың көптігі қарама - қайшылыққа (ең үлкен айырмашылық, екі шеттік, антогонизм) айналады. Олар бір - бірін жоққа шығару арқылы қарама - қарсылыққа өседі. Ішкі қарама-қарсылық – объект ішіндегі (мысалы, бір ағза немесе нақты қоғам ішіндегі) қарама - қайшы жақтардың өзара әсері. Сыртқы қарама - қарсылық – әртүрлі объектіге жататын қарама - қайшылықтардың өзара әрекеттестігі. Контрастқа негізделген қарама-қайшылықтар троппен беріледі. Оларға *оксюморон* мен *антифразис* жатады.

Оксюморон – қарама-қайшылық табиғатын көрсету мақсатында салыстырылмайтын құбылыстарды салыстыратын контрастқа негізделген троп.

Ел ұмытпас ерінің дұрыс ісін,
Бір буынның бірегей ірісісің.
Бақытсызбын – ***тірідей өлгендер*** *көп,*
Бақыттысың – ***өлгеннің тірісісің*** *(Қ.Мырзалиев).*

Көркем шығармадан төмендегідей мысал келтіруге болады:

Дәркембайдың кемпірі істеп берген ***қара көже ең қымбат, дәмді астарындай*** [7]. Сөйлемде берілген *қара көже* тіркесі сүтсіз, тек суға пісірілгенін білдіреді. Ендеше оның қымбат, дәмді сөздермен тіркесуінің өзі сәйкеспейтін ұғым тудырады.

Антифразис (грек.*anti* қарсы *phzasis* ойды білдіру) – бір сөздің екі түрлі мағынаға ие болуының арқасында сөз ойнату, қос мағыналылық тудыратын контрасқа негізделген троп түрі. Антифразистік бірліктер контрастың қарама-қайшылық әдісі бойынша қарсы ойды білдіретін бейнелі сөздерден жасалады. Ол нысандар мен ойларды кері айтып, келемеждеу мақсатында айтылады. Мысалы, *«Жақсы болған!»* – кекету мәнін беріп тұр. *«Неткен сұлулық!»* – ұсқынсыз адамға қатысты, *«Қайырымдысын өзінің!»* – жамандық жасап, мейірімді болып көрінгісі келген адам туралы.

Менде де бар ***бір жаман****,*
Не қылайын қазақтың,
Жүйрігі мен жорғасын («Айман – Шолпан» жыры)

Көркем туындыда қарама - қарсы мағыналы тілдік бірліктер стилистикалық фигуралар негізінде көрініс табады. Контрасқа негізделген стильдік фигуралар қарама - қарсылық мәнді білдіретін айшықты құрылымдарға жатады. Қарама - қарсы мағыналы тілдік бірліктерден контраст ұстанымының қарама-қарсылық тәсілімен *антитеза, амфитеза, диатеза, альтернатеза, антиметабола*, *парадистола, аллойза, синейкозис, синкризис* жасалады.

«*Антитеза*» термині гректің *antithesis* қарама - қарсылық деген ұғымды білдіреді. Барлық стилистика және риторика оқу құралдарында антитеза аталмай кетпейді. Антика дәуірінің ғалымдары антитезаны тыңдармандарға күшті әсер ететін шешендіктің тиімді амалы деп есептейді [8: 13]. *Антитеза* – қарама - қарсылық тәсілімен жасалған контрасқа негізделген стильдік фигура:

Шығын *шықпаған жерге* ***кіріс*** *кірмейді* [4: 22].

Осылайша ***суықта*** *паналығы жоқ,* ***ыстықта*** *саялығы жоқ үйді кейбіреулер «көзбояушылықтың классикалық түрі» десіп әзілдейтін* [9: 49].

Антитеза түрлі қайталамалардан, түбірлік қайталамалардан тұруы мүмкін. Мұндай жағдайда бұл фигураның тілдік негізі түбірлес антонимдер болып табылады.

Антитеза жай және күрделі болып бөлінеді. Жай антитеза бір антонимдік жұптан тұрады:

Айырмашылығы – бірінің жұмыс сағаты ***ұзақтау****, бірінікі* ***қысқалау*** *болуы кәдік* [9: 17].

Кеңшілікте *ми айналған шытырман дүниенің бірталайын* ***таршылықта*** *оп - оңай түсінесің* [1: 25].

Күрделі антитеза бірнеше антонимдік жұптан тұрады. Мысалы, ***Саған өтірік****,* ***маған шын****, өмірім қамауда өтетінін бала күнімде - ақ сезіп едім* [5: 153].

Акротеза – қарама - қарсыны теріске шығару арқылы болмыстағы белгілі бір нышандар мен құбылыстарды мақұлдауға бағытталған қарама - қарсылық тәсілімен жасалған фигура.

Сабаудай әлді саусақтары сым пернені ***мүлт жібермей, дөп басады*** [1: 18]. Бұл сөйлемде бір ғана қимыл мақұлданып тұр, перненің дөп басылғандығы мүлт жібермегендігімен нақтылана түседі.

Кісі күйкі тірліктің күндіз - түні тырбаңдаған ***қара құлы*** *бола бермей, бір сәт белін жазып, еңсесін көтеріп, жан -*

жағына қаранып, оңы мен солына назар салған ***қожайыны*** *да болуы керек шығар* [6: 80].

Амфитеза – қарама - қарсы белгілердің екеуі де мақұлданатын контрасқа негізделген стильдік фигура.

Бұл өмірдің ***жақсысын да, жаманын да*** *бір кісідей көріп бақтым* [1: 31].

Шал ***табалдырықтан төрге дейін*** *тағы бір шолып шықты* [5: 452] .

Махаббат деген ұлы заң, оған ***кәрі*** *де,* ***жас*** *та,* ***ауру*** *да,* ***сау*** *да бағынады* [10: 228].

Ұзынды-қысқалы *бойларына қарап, балалар бұларды «Дон - Кихот пен Санчо» деп мазақтайтын* [1:44]. Келтірілген материалда автор екі баланың не ұзын, не қысқа емес, бірінің ұзын, бірінің қысқа екенін бір қос сөзбен шебер бере білген.

Қарама - қарсылықтарды біріктіру қызметінде амфитеза қарсы мәнді сөздерді *мен, және* ыңғайлас шылауларымен бірге қолдану арқылы жасалады:

Сонау түстік жақта ***көк пен жерді*** *тұтастырған жасыл перде тартылғандай болды да, бірте - бірте ақ бас шыңдары айқындалып, арса - арса қарт Алатау «мен мұндалап» көсіле берді* [1:35].

Диатеза – ортаңғы ой, белгі, сипатты беру үшін қолданылатын контрасқа негізделген стильдік фигура. Диатезада (грек *диа - арасы*) аралық белгі қарама - қарсы белгілерді жоққа шығару арқылы мақұлданады.

Не ***өңі****, не* ***түсі*** *деуге келмейтін бір жұмбақ* [4:25].

Диатезада *қарт та емес, жас та емес* десе орта жаста екенін, *әдемі емес, ұсқынсыз да емес* болса, ерекше ештеңесі жоқ екенін, *ыстық та, салқын да емес* болса, жылылығын білеміз.

Қарама - қарсы мүшелерді жоққа шығару арқылы аралық мүшені мақұлдайтын фигура диатезаның да жай және күрделі түрлері бар.

Мысалы: ***Қаймығу, жүрексіну ме****, алдан тосатын белгісіз күндердің буалдыр* ***үміт - арманы ма****, әйтеуір, лықсып төгілген жүрек жарды бір ыстық алғыс бар* [1: 19].

Альтернатеза – қарама - қарсылық мағынасы қарсы зат не ойдың бір - біріне қатар қойылып, шендестіру түрінде берілетін контрасқа негізделген стильдік фигура. *Альтернатеза* суреттеу не автор ойын беруде таптырмайтын әдіс саналады.

Мысалы: *Сым ішектер шыбын қанатындай дірілдеп, кейде* ***бебеу****, кейде* ***сыңқыл*** *үн шығарады* [1:19]. Мұнда контекстік антонимдер қызметін атқарып тұрған *бебеу* мен *сыңқыл* сөздерін

автор дыбыстың біресе тез, қатты шығып, біресе жай, жіңішке шыққанын білдіру мақсатында қолданған. Бұл екі сөз контекстен бөлек бір - біріне қарсы қойылмасы анық.

Альтернатеза басқа фигуралардан қарама - қарсылықтың кезектесу түрінде берілуімен ерекшеленеді. Шынайы белгілер мен құбылыстар бұл фигурада қарсы қойылмайды, бір - бірін алмастырады:

Онан да балаларының туған шешесінің алдында бірде ***тоқ****, бірде* ***аш*** *болса да, тайраңдап жүргені артық па қалай?* [6:52].

Шамы бірде ***жанса****, бірде* ***жанбай*** *қалатын алыс аудандағы малшыға бұл да таңсық* [3:299].

Антиметабола – өзгеріс пен дамуды қарама - қарсылық тәсілімен беретін стильдік фигура.

Басқа бұлт үйірілмесін деңіз, басқа қатер төніп, іс теріске айналған күні сенің ***артықшылығың*** *–* ***кемшілік****,* ***жақсылығың*** *–* ***жамандық*** *болып шыға келеді екен ғой* [3:262]. Бұл сөйлемде берілген жұптардан бір қасиеттің екіншісіне ауысуын көруге болады.

Антиметаболаны көркем мәтінде қолданып, жазушы өзгеріс пен дамуды шебер суреттеуге мүмкіндік алады:

Кешегі көк көз ***сары баланың ересек жігіт*** *болғанына қарап, Жәнібек өзін де айнадан көргендей болды* [1:44].

Парадистола (грек. *para* – қатар тұру, *diastole* – ажырату) – синонимдерді қарама - қарсы қою арқылы жасалатын контрасқа негізделген стильдік фигура: *Мен* ***өмір сүрмей, тіршілік кешіп*** *келемін.*

Аллойоза күрделі контраст ұстанымымен жасалған фигураның бір түрі ретінде көркем туындыларды әрлеп келеді. Ол мағынасы ұқсас емес сөздерді бір - біріне қарсы қояды. Мысалы, *ол* ***күлмеді, қарқылдады***.

Синкризис дегеніміз – образ атауларын қарама - қарсы қою екені сөзсіз. Мысал келтіре кетсек, *Сен* ***күн*** *болсаң, мен гүлмін.*

Сонымен қатар, бұл контрасқа негізделген стильдік фигура синкризис көркем стильде де белсенді қолданылып келеді. Мәселен,

Мен – ашу да, сен ақылсың нәр аққан,

Сен – *адамсың*, мен *аждаһа* зәр атқан (М. Мақатаев).

Троп ауыспалы мағынаға ие сөз оралымдары болса, фигура дегеніміз – тілдік құрылымның лексика - семантикалық нормаларынан мақсатты ауытқу арқылы құрылған әсірелеу - көркемдеу құралы. Сол арқылы контраст ұстанымы бойынша

құрылған фигуралардың құрылымдық ұстанымы ұғымын да кеңейте түседі.

Қазіргі ғылымдағы басты мәселелердің бірі – метатіл. Осы бағытта зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерін саралай келе, антонимия терминдерін төмендегі сызбадағыдай жүйелеген жөн (2-сурет):



Сурет 2 – Қарама - қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін беру тәсілдері

Адамның шынайы өмірді тану үдерісі шексіз, ол тіл мен сөйлеуде көрініс табады. Қарама - қайшылық қай дәуір, қай мәдениет дәрежесінде болмасын, адамдық танымның негізі болған. Тіршіліктің дамуы да болмыстағы құбылыстарды бір - бірімен салыстырып, қайшылықтарын танып, талдау арқылы жүзеге асқан. Адамзат танымындағы, санасындағы қарама - қайшы заттар мен құбылыстардың, сапа мен қасиеттің, түсініктің атауынан тілде қарама-қарсы мәнді бірліктер пайда болды. Қарама - қарсы мағыналы

тілдік бірліктер көпқырлы құбылыс, гипероним болғандықтан, нақты бір стильдік қызмет атқаруы мүмкін емес.

Қарама - қарсы мағыналы тілдік бірліктер контекст құрылымына қарай бірнеше қызмет түрлерін (лингвистикалық және стилистикалық) жүзеге асыра алады.

Антонимия құбылысы жан - жақты, яғни философиялық, логикалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық, лингвистикалық және экстралингвистикалық қырларынан зерттелуі тиіс.

Әдебиеттер:

1. Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. Көкейкесті. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – Т. 1. – 464 б.

2. Бақбергенов С. Қарға тамған қан. Роман. – Астана: Елорда, 2000. – 352 б.

3. Жұмаділов Қ. Бір ғана ғұмыр. Әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 352 б.

4. Ахметжан Т. Екі томдық шығармалар жинағы. Әңгімелер мен пьесалар. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2007. – Т. 2. – 288 б.

5. Найманбаев Қ. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Роман, әңгімелер. – Алматы: Жазушы,1991. – Т.1. – 480 б.

6. Ақмамбет Ә. Қатын қашқан: хикаялар, ертегілер, әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1994. – 336 б.

7. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 320 б.

8. Мартынова О.П. Контраст как семантико - функциональная основа художественного текста: на примере текста англоязычного короткого рассказа. – М., 2006. – 175 с.

9. Ахметбеков К. Қасірет. Роман. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2010. – 408 б.

10. Есенберлин І. Ғашықтар. – Алматы: Көшпенділер, 2015. – 256 б

I СЕКЦИЯ

ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ТҮРКІЛІК МӘДЕНИ МҰРА

САТЫБАЛДЫ ДАУМОВТЫҢ ЖУРНАЛИСТІК ІЗДЕНІСІ: ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

Мүтиев З.Ж.
филология ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің доценті,
Ашимова Р.С.,
педагогика ғылымдарының магистрі,
Оқушылар сарайының әдіскері
Орал қаласы
zinulla_mutiev@mail.ru
rita_ashimova@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада Сатыбалды Даумовтың журналистік қызметіне назар аударылған. Оның публицистикалық мұрасы дәйек - деректерден тұрады және тарихи дерек көздеріне сүйеніп тексеріледі.
Тірек сөздер: журналист, публицист, жазушы, өлкетанушы, ел тарихы.

Аннотация: Статья посвящена журналистской деятельности Сатыбалды Даумова. Его публицистическое наследие является точным и проверяется на исторических фактах.
Ключевые слова : журналист, публицист, писатель, краевед, история страны.

Annotation: The article is devoted to the journalistic activity of Satybaldy Daumov. His journalistic heritage is accurate and verified on historical sources.
Keywords: journalist, publicist, writer, local historian, history of the country.

Сатыбалды Даумовтың публицистикалық мұрасының зерттеушілер назар аудартын бір тұсы оның тарихилығы мен дәйек - деректерден тұратындығы. Жазушы, ақын, публицист С.Даумовтың «Толық шығармалар жинағының» 2 - томында автордың зерттеушілік қарымын танытатын еңбектері шоғырланған. Кітаптың «Тұлғалар» аталған I бөлімінде әкелі - балалы Қарауылқожа мен Мұхаметсалық Бабажановтар хақындағы зерттеулері, кеңестік заманда «Жәңгір ханның сарай

ақыны» аталып келген Байтоқ жыраудың есімінің бұрмалануы мен шайыр туралы тың деректер мәліметі берілген. Сонымен бірге көрнекті мемлекет қайраткері Нұғыман Манаевтың бір ғасырлық тойына арналған мақаласы, орыс - түрік соғысында Оңтүстік Еуропадағы Балқан тауына барып киіз үй тіккен қазақтар хақындағы жазбасы, қазақта жүзге кірмейтін ноғай - қазақтарды тануға арналған еңбегі аталған кітапқа енген.

«Әкелі - балалы Бабажановтар» [1, 6 б.] аталған жазба негізі зерттеуге құрылған. Еліміздің, оның ішінде өлкеміздің тарихында әрқайсысының өзіне лайық алатын орны белгілі тұлғалар туралы жазуда С.Даумов тарихи деректерге сүйенген. Ел тарихында ұмытылмастай орны бар тұлғалардың Қазан төнкерісінен кейінгі кезеңде көрген шетқақпай зардаптарын былай қойғанда, әкелі - балалы Бабажановтардың Жәңгір ханмен туыстығы олардың шын мәніндегі Отан алдындағы еңбектерін танып - білуде біраз кедергі болғандығын еңбек авторы жүйелі һәм дәлелді жазып, талдайды. Қарауылқожа Бабажановтың тұлғасын жан - жақты ашуға ұмтылған С.Даумов Кеңес дәуірі кезеңінде шығарылған энциклопедия материалдарына сүйенеді.

Сонымен бірге Халел Досмұхамедұлының «Исатай - Махамбет» көтерілісіне арналған еңбегіне шолу жасай келіп, аталған тұлға туралы жазбалардың аз екендігін айтады. Таптық көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектердегі деректермен келісуге болмайтынын аңғарған автор Қарауылқожаның Жәңгір таққа отырмастан бұрын - ақ бизнес әлемінің ұңғыл - шұңғылын терең меңгерген кәнігі кәсіпкер болғанын айтып өтеді. Ол туралы нақты деректердің Қазақстанның орталық мемлекеттік мұражайында хатталып қалған құнды құжаттар (қор 78, тізім 2, іс 28) негізіне сүйене жазады.

Публицист С. Даумов Қарауылқожа Бабажановтың сол дәуірде Ресейдің белгілі Багратиондар әулетімен, атап айтқанда Дарья Багратионмен бірлескен сауда - саттық қатынаста болғанын, 1817 жылы өзара екі жақты келісім - шартқа отырғандығын, Багратион жағынан оның серіктесі ретінде Екартерина Петрушенкова деген ханымның қатысандығын біле аламыз. Бұл деректі жазбада қазіргі Астрахань облысына қарайтын Краснояр (Қызылжар), Қарабайлы, Володар, Ахтуба, Құмөзек аудандарының Жәңгір хан заманында Бөкей Орданың құрамында болғандығы да айтылып өтеді. Қарауылқожаның өз

дәуірінде екі елге (Қазақстан мен Ресейге) танымал бай кәсіпкер болғандығы, экономика саласынан мол хабардар болып, ел - жұрттың онымен санасқанымдығы, тіпті орыстың сауда - саттық ісімен айналысатын мамандарының өздері де онымен тең дәрежеде сөйлескені, кей мәселеде олармен айтысып - тартысқаны белгілі бола түседі. Өлкетанушы Н.П. Ивлевтің Қарауылқожа туралы: «Ол сөз жоқ, прогресшіл көзқарастағы адам болған еді» деп жарқын бағалануын автор С. Даумов өз еңбегінде атап көрсетеді.

Ал Мұхамбетсалық Бабажанов туралы айтқанда автор оның Шоқан Уәлихановқа ілесе жарқ еткен этнограф ғалым, тамаша публицист ретінде таниды. Әсіресе Мұхамбетсалық туралы анықтамалық деректерді алғаш рет көзі қарақты көпшілік қауымға ұсынған этнограф ғалым Едіге Масанов [2] екендігіне баса назар аударып өтеді. Автор, біріншіден Мұхамбетсалықтың туған жылын анықтауға қол жеткізген.

Екіншіден, қайтыс болған жылы туралы түрлі жансақ мәліметтерді түзеуге ат салысты.

Үшіншіден, Мұхамбетсалықтың әлі күнге дейін толық ашылмаған жұмбақ өлімнің астарына үңіліп, барынша толық, шанымды мәліметтер беріп, дерек көздеріне үңіледі.

Мұхамбетсалықтың жергілікті халықты орыс шенеуніктерінен қорғап, олардың басынып-қорлауына жол бермеймін деп, сол тұстағы ерлік-күресін ол заманда да ел - жұрт жақсы бағалаған деген пікір білдіреді. Содан да болса керек, Мұхамбетсалық өмірден өткенде ел ішінде «Салық өлді дегенше, халық өлді десеңші» деген сөз тараған. Мұхамбетсалықтың өліміне бүкіл Бөкей Ордасы болып қайғырған. Мұхамбетсалықтың қайынағасы, қазақтың атақты күйшісі Дәулеткерей Шығайұлының «Салық өлген» деген күйі де осы қазаға арналған деседі» - деп автор өз кейіпкері хақында біраз мәліметтер жинағанын аңғартады.

Журналист - ізденуші С.Даумовтың зерттеуінше, Мұхамбетсалық Бөкей Ордасы өңіріне не жаңалық әкелді, ел - жұртына ұнайтындай, жағатындай не қызмет қылды дегенде оның көз жеткізгені:

а) Мұхамбетсалық жылқы өсірумен, оның тұқымын асылдандырумен жүйелі түрде айналысқан;

ә) Өзі өсіріп - баптаған жылқыларының таңдаулыларын әскерге ат дайындаушыларға жіберіп, оған жарамағандарын Еділ бойының «қара шекпендеріне» жұмыс көлігі ретінде сатып отырған;

б) Мұхаметсалық баптап қосқан жүйрік сәйгүліктер бәйгенің алдын бермеген;

в) Өзі жалға алған Торғай деген жерде (атақты Басқұншақ көлінен бастап Шығысқа қарай созылып жатқан жазық дала) алма мен алмұрттың 1200 түп бесжылдық көшетін, 400 түп шие, 1000 түптей таңқурай мен қарағай көшетін отырғызған;

г) Екі кластық мектеп салдырып, онда өзінің және ауылдастарының балаларын оқытуды және ол мектепте өзі сабақ беруді жоспарлаған (ол мектеп Салық өлген соң ашылады);

ғ) Мұхамбет салық іргесін қалаған мешіт кейін ашылған, сол мешіттің алғашқы имамы Күнқожа Арапов деген адам болған;

д) Өркениеттен, зиялы қауымнан шалғайда жүріп археологиялық, этнографиялық зерттеулермен айналысып, жаңалық ашып, 1862 жылы Орыс географиялық қоғамының мүшесі болып сайланған және осы беделді қоғамның күміс медалімен марапатталған бірінші қазақ – Мұхамбетсалық Бабажанов екен.

Міне, зерттеуші - журналист С.Даумов өзінің «Әкелі - балалы Бабажановтар» атты жазбасында оқырманына осындай тарихи мәліметтер ұсынып, бұрын - соңды көпшілікке аз мәлім, жарияланбаған жайттарды алдымызға жайып салады.

Белгілі публицист С. Даумовтың тарихи мәліметті қалпына келтіруге үн қосқан бір мақаласы «Байтоқа емес Байтоқ» аталады. Мұнда кешегі Кеңестік заманда «Жаңгір ханның сарай ақыны» атанған Байтоқ Алашаның өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерде кейбір қате кеткен бұрмалаушылықтарды қалпына келтіруге ұмтылысы, шындықты баянды қылуға талпынысы аңғарылады. Республикалық әдеби басылым – «Қазақ әдебиеті» газетінің 2011 жылғы 16 қарашадағы санында жарияланған «Алаша Байтоқа ақынның Жаңгір ханды жоқтауы» атты мақалада белгілі ақын есімінің қате жазылуына байланысты өз ойын білдіріп және Байтоқ өмірі мен шығармашылығына қатысты естіп - білген, өзі зерттеген мәселелерді баян етеді. Алаша Байтоқ ақынның жырларында кездесетін хан сарайының «алпыс бөлме, жүз есіктен» тұратын құрылыс ғимаратының өмірде дәл солай болғандығына күмән келтіруші зерттеуші ғалым, жазушы

С.Мұқанов сенімсіздігіне қарсы «Заволжский Муравей» журналында (№12, 1832 ж.) жарияланған Сабанщиковтың мақаласын [3], Ж.Қасымбаевтың еңбегін [4] дәйек ете әңгімелейді. Сәбеңнің 1934 жылы Ордада болып, хан сарайын көзімен көргенін, бірақ одан Байтоқ ақын жырға қосқан «алпыс бөлме, жүз есікті көре алмағанын айтады. Ал Жәңгір сарайының біздің заманымызға бір ғана шығыс қанаты жеткендігін, «Сәбеңнің көргені бір кездегі салтанаты келіскен сәнді сарайдан қалған жұрнақ қана екенін ол сапарында жазушыға, шамасы, ешкім айтпаса керек» [1, 21 б.] - деп ой түйеді С. Даумов.

Жазушы С. Даумовтың «Зұлмат құрбаны» мақаласы көрнекті мемлекет қайраткері Нұғыман Манаевтің туғанына 100 жыл толу құрметіне арналып жазылған. Кезінде қызметімен мемлекет дәрежесіне дейін көтеріліп, барлық күш жігері мен білімін туған елінің көркеюіне арнаған, алайда жеке адамға табыну зардабының құрбаны болған Н. Манаевтың қоғамдық - саяси қызметін толық танытқан еңбектердің жоққа тән екенін ескерсек, С. Даумовтың бұл мақаласы үлкен шығармашылық ізденістен туғандығын аңғаруға болады. Уфадағы «Ғалия» медресесінен білім алған, өз дәуірінің озық ойлы азаматы боп танылған Нұғыман Манаевтың қазақ елінің болашағы жолындағы күресін, өзінің туған Отанының адал партиоты боп өмір сүріп, 1937 жылы ату жазасына кесілгенге дейінгі еңбегін автор әр қырынан алып баяндайды. Орта Азия халықтары мен Ресейдің мұсылмандар мекендеген Шығыс бөлігіне аты мәшһүр «Ғалия» медрессесінде Н. Манаевқа дәріс берген Зия Камалиден, Ғалымжан Ибрагимов, Мәжит Ғафури сияқты зиялылардың тигізген әсерін баяндаумен қатар медрессе қабырғасында қоғамдық жұмыстарға белсене, бірлесе араласқан сабақтастары - қазақтың әйгілі ақын - жазушылары Б. Майлин, М. Жұмабаев, башқұрт шайырлары Сәйфи Құдаш, Шайхзада Бабичпен Нұғыман Манаев ғұмырнамасын байланыстыра сипаттайды. Әдеби, мәдени ортаға белгілі аталған есімдердің Нұғыман Сәрсенұлының белгілі тұлға боп қалыптасуына ықпал еткендігін нақты мысалдар арқылы баяндайды. Нұғыман Манаевтың Б. Майлинмен бірге «Садақ» журналын шығарысуы, «Кедей туы» газетінің редакторы болуы, Бөкей Орда, Жетісу губернияларында атқарған басшылық жұмыстары туралы, қысқасы, өмірінің соңына дейін еліне адал қызмет етіп өткен абзал азаматтың асыл бейнесі осы жазбада

публицистика тілінде анық та, қанық һәм шынайы суреттеледі. Сонымен бірге Н. Манаевтың ел басқарудағы еңбегінен өзге жазушылық, журналистік қыры да баян етіледі. Оның қаламынан туған көркем шығармалар мен бұқаралық - танымдық еңбектерінің («Тіл жайында кітабы», газет - журнал беттерінде әр жылдарда жарияланған мақалалары) осы күнге дейін маңыздылығын жоймағандығын автор атап көрсетеді. Ұлағатты ұстаз, айтулы ағартушы, қаламы қарымды журналист, әдебиетші ғалым, ірі мемлекет қайраткері Нұғыман Сәренұлы Манаевтың ел - жұртқа аз мәлім қырын танытқан бұл еңбекте С. Даумовтың біраз ізденіске барғандығын аңғарамыз.

Жазушының «Шығармалар жинағының» 2 - томына «Тұлғалар» деген айдармен 1-бөлім болып енген, жоғарыда сөз болған «Әкелі - балалы Бабажановтар», «Байтоқа емес, Байтоқ», «Зұлмат құрбаны» (көрнекті мемлекет қайраткері Нұғыман Манаевтың туғанына 100 жыл) мақалалар қатарын «Қазақтың басы қайда қалмаған?!» атты жазба толықтыра түседі. «Балқан, Балқан, Балқан тау, Ол да біздің бар барған тау» - деп егіз жол өлеңмен эпиграфтық нұсқада басталған жазба өте қызық деректерге толы боп келеді. Өткен ғасырлардың 1877 - 1878 жылдарында тарихтан белгілі Еуропаның Балқан тауларында болған орыс - түрік соғысында патшалық Ресейдің қол астында болған қаналушы ел қатарында қазақтардың да соғысқа қатысқаны мәлім. Журналистің зерттеуінше Балқан түбегіне бірінші болып табаны тиген қазақ Жәңгір ханның кенже ұлы, патша армиясының генералы Ғұбайдолла Жәңгіров екен. Ғұбайдолланың өзімен бірге қазақтың киіз үйін ала барып, оны тау басына құрғаны (тіккені) сөз болады. Журналист дерегінше, орыс-түрік соғысына тағы бір қазақ барыпты. Ол – Түркістанның тумасы – Нұрбай есімді жігіт. Оны орыстар Нурбайка атап кетіпті. Бірақ ол әскери міндетті болмаған. Генерал М.Д. Скоблевтің атқосшысы боп қызмет атқарған деседі. Нұрбай туралы орыс әскерлерінің жазбаларында да кездеседі екен [5].

Бүкіл полкке танымал, қазақы киіммен жүретін оны орыс офицері П. Паренсов өз естелігінде: «Нурбайка бүкіл отрядқа белгілі болатын, көзсіз батыр» деп суреттегендігін де автор алға тартады. Өкініштісі сол Нұрбай аталған соғыста қаза тауып қазақтың бір ұланына топырақ Балқан түбегінен бұйырған екен.

С. Даумовтың келесі бір жазбасы «Ноғай қазақтар дегеніміз кімдер?» деп аталады. Бұнда автор ноғай қазақтардың пайда болу, шығу тарихын баян етеді. Әрі қазақ, әрі ноғай аталған рудың қазақ арасына сіңісу ассимиляциясын зерттейді. Жергілікті халықпен қыз алысып, қыз берісіп әбден сіңісіп кеткен ұлыстың бағзы заманда 25 түтіннен (отбасынан) тұратын татарлар ұрпағы екенін, олардың сол бір замандарда тарихқа «кундровские татары» деген атпен енгенін орыс зерттеушісі, этнограф ғалым П.И. Небольскийдің, қазақ ғалымы М. Бабажановтың, А.Н. Харузиннің еңбектеріне сүйене дәйектейді. Бір қызығы - сол кірме татарларға «ноғай қазақ» деген ру атын берген Жәңгір хан екен.

Журналист - жазушы С.Даумовтың бірқатар еңбектері «Деректер мен дәйектер» деген рубрикаға топтастырылған. Қашан да әдебиет пен мәдениеттің шын жанашыры боп жүретін қаламгердің бұл топтамалардағы жазбалары негізінен республикалық басылымдарда («Қазақ әдебиеті» газеті, т.б.) жарияланған мақалаларға байланысты болып келеді. Мәселен, «Қазақ әдебиетінің» 29.08.2002 жылғы санында жарияланған «Вальс королінің бір қыры» атты шағын мақаладағы қазақтың аяулы сазгері Шәмші Қалдаяқовқа телінген өлеңнің Көқшетаулық азамат Сәкен Хайдарұлы Өтегеновтікі екендігі туралы өз болжамын нақты дәйектерге сүйене баяндайды. Шәмшінің өзін ешқашан өзін ақынмын деп есептемегенін, ал «Этюд-суреттеменің» нағыз хас шебердің қолынан шыққаны көрініп тұр емес пе? Егер ақындық қуаты осындай жауһар жырлар туғызуға еркін жетіп жатса, Шәкең өз әндеріне қажетті өлеңді өзі-ақ жаза салмай, басқа авторларға қолқа салып қайтеді?» [1, 39 б.] - деп ой тоғытады.

«Шәмшіге телінген өлең кімдікі?» аталған осы жазбасында автор ел жадынан мәңгі өшпестей орын алған Ш. Қалдаяқов бейнесіне енді оны енді ақын еді деп жариялап, дәріптегенде не ұтамыз деген ойға қалады. «Мен мұны газетте жарияланған он шақты жол өлеңді оған қимағандықтан айтып отырған жоқпын. Бойына діттеген қасиетті жамау сияқты қолмен апарып жапсырамыз деп, Шәмшінің асқақ тұлғасын аласартып жүрмейік» [1, 39 б.] деген түйінге келеді.

С. Даумовтың «Қазақ әдебиетінің» екі нөмірінде бірінен соң бірі жедеғабыл жарық көрген екі мақалаға (бірі қазақтың белгілі жазушысы Ш. Мұртазаның «Кітап теңізіндегі жиһанкез» атты

очеркі, екіншісі, сол «жиһанкездің» өзі Әбрар Каримуллиннің «Қайнардың көзі» атты көлемді зерттеу мақаласы) үн қосып жазған ойлы көзқарасқа толы еңбегі «Шынайы жаңашылдық керек» [1, 40 б.] деп аталады.

Әдеби басылымның көтеріп отырған өзекті және қазақ үшін қажетті материалдарына автор өзіндік пайымын, танымын білдіреді. Қазақ пен татар халықтары арасындағы ынтымақтық байланыстың өткен ғасырларда – ақ басталғанын тілге тиек еткен журналист С.Даумов: «Ұлттық баспамыздың да, баспаханамыздың да жоқ кезінде татар ағайындардың туысқандық жәрдем қолын ұсынып, революцияға дейін қазақ тілінде жарық көрген 509 кітаптың 432 - сін өз баспаханаларында басып шығаруы қандай ғанибет!» [1, 40 б] - деп сүйсінеді.

Әсіресе бұл игілікті істің нағыз ұйымдастырушысы, Шерхан Мұртаза тілімен айтқанда, «Кітап теңізіндегі жиһанкез» - Әбрар Каримуллиннің атқарған ұшан - теңіз еңбегін атап өтіп, «Сөз жоқ, бұл үшін қазақ халқы Ә.Каримуллинге де, басқа татар ағайындарға да мәңгілік қарыздар екенін ешқашан ұмытпай, әрдайым алғыс сезіммен еске алып отырары анық» деп ой түйеді. Алайда Ә. Каримулиннің «Қазақ тіліндегі ең алғаш басылым 1831 жылы жарық көрген еді» деген пікірмен келіспейтінін айтып, қолындағы деректерге жүгіне «Біздіңше, қазақ тіліндегі жарық көрген кітаптардың алғашқы қарлығашы не қарлығаштарының бірі деп 1807 жылы Қазан гимназиясының баспаханасынан 115 бет болып басылып шыққан «Сейфілмәмікті» атаған жөн» - дейді. Сонымен бірге 1807 жыл мен 1831 жыл аралығында 24 жыл барлығын, сол екі аралықта бірде - бір кітаптың жарық көрмеуі мүмкін емес, деп өз ойын ортаға тастайды. Келесіден, Ә. Каримуллин мәліметтеріндегі «Алтын балық туралы аңызда» А.С. Пушкиннің «Балықшы мен балық хақында» деген атпен ұлы ақынның туғанына 100 толуына орай 1889 жылы Қазанда орыс әрпімен таңбаланып, шыққан екі кітаптың мазмұндық құрылымы әр қилы екенін зерттеулер негізіне сүйеніп пайымдайды. Біріншісінің Кәрімовтар баспаханасынан басылып шыққанын (1911, 1914), алайда «Бірақ мұның Пушкин ертегісіне ешбір қатысы жоқ. Бұл – оқиғасы түгелдей Мысырда өтетін Шығыс ертегісі («тіпті «Мың бір түннің» бір үзігі болуы да мүмкін)» деген тың ізденіс танытады. Сонымен бірге және бір жаңсақтық ретінде А.С. Пушкиннің «Капитан қызы» повесінің басылған

жылының қате кеткендігіне назар аударады. Яки Әбрар Каримуллин жазғандай 1908 жылы емес, 1903 жылы Молданияз Бекімовтің аудармасымен Қазанда басылып шыққанын, оған бұл кітаптың республикалық кітап палатасының қорында сақтаулы данасын куәлік етеді.

Қорыта айтқанда, жазушы, журналист С.Даумовтың публицистикалық еңбектерінің дені тарихи оқиғаларды қозғауымен ерекшеленеді. Оның журналистік зерттеулерінен халқымыздың ежелгі рухани мұрасына деген аса үлкен қамқорлықты, жанашырлықты аңдағандай боламыз.

Әдебиеттер:

1. Даумов С. Толық шығармалар жинағы. II том. - Алматы: Жазушы, 2009. – 304

2. Масанов Н.Э., Ивлев Н.П. Белгілі ғалым М.С.Бабажанов // Қаз ССР ҒА Хабаршысы. -1982. – №11. – 60 - 65 б.

3. Сабанщиков М. Рын пески // «Заволжский Муравей» журналы. №12, 1832.

4. Қасымбаев Ж. Жангирхан (1805-1845). Алматы: Издательский дом «Наш мир», 2001.

5. Мукатаев Г.К., М.В. Ирхина. Султан Губайдолла Чингисхан – полный генерал от кавалерии. Санкт - Петербург, 2003. - 97.

ТРАДИЦИОННЫЙ ЭТИКЕТ БАШКИР КАК КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ

Баязитова Р.Р.,
к.и.н., доцент кафедры башкирской литературы и культуры,
руководитель научно-образовательной лаборатории
этнографии и фольклора народов Евразии им. А.М. Сулейманова,
ФГБОУ ВО «Башкирский государственный
педагогический университет им.М.Акмуллы»,
Россия, Уфа
rosali8@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада мәдени мұра болып саналатын башқұрт ұлтының мәдени этикеті сөз болады. Этноэтикеттің қалыптасуы көне сенімдер, діни ұғымдардан, салт-дәстүрлерден туындағыны талданады.

Тірек сөздер: салт - дәстүр, мәдени мұра, мәдени этикет, башқұрт ұлттық мәдениеті, қонақжайлық.

Аннотация. Статья посвящена традиционному этикету башкир как культурному наследию.Формирование этноэтикета происходило под влиянием многих факторов – древних верований, канонов ислама, обычаев и традиций, типа хозяйствования, социальной структуры общества разных периодов, межэтнических контактов. Знание традиционной культуры поведения необходимо для гармоничного сосуществования людей разных социальных групп и национальностей, членов семьи и родственного коллектива.

Ключевые слова: традиционный этикет башкир, почитание старших, гостеприимство, речевой этикет.

Annotation. The article is devoted to the traditional etiquette of the Bashkirs as a cultural heritage. The formation of ethno - ethics was influenced by many factors - ancient beliefs, canons of Islam, customs and traditions, the type of management, the social structure of society of different periods, interethnic contacts. Knowing the traditional culture of behavior is necessary for the harmonious coexistence of people of different social groups and nationalities, family members and related collective.

Key words: traditional Bashkir etiquette, veneration of elders, hospitality, speech etiquette.

(Статья выполнена при финансовой поддержке гранта РФФИ «Урал: история, экономика, культура» в рамках научно - исследовательского проекта «Духовные истоки башкир в фольклоретюркских народов Евразии», №17 – 14 - 02604)

В условиях глобализации происходит утрата культурного своеобразия народов, а исчезновение этнических ценностей, традиционной бытовой нормативной системы, безусловно, является потерей для всего человечества. Современные условия актуализируют исследование тех сторон народной культуры, которые способствуют сохранению этической идентичности, выполняют этнодифференцирующие функции.

Этикет является не только ценностью культуры, но и средством коммуникации, позволяющим осуществлять толерантные отношения в процессе социально - культурного взаимодействия. Кроме того, он, будучи знаковой системой, аккумулирует народные традиции, формируя своеобразный код культуры.

В традиционном этикете зашифрована биологическая, социальная, историческая, философская, психологическая, а также объединяющая их все и в то же время стоящая как бы над ними этническая

информация [5, 110], накоплен этический, эстетический и педагогический опыт народа, отражены природно - климатические и географические особенности местности. Будучи органической частью традиционной культуры, этикет башкир обусловлен особенностями норм поведения родов и племен, составивших основу этноса, взаимовлиянием и взаимопроникновением культур, хозяйственно - бытовым укладом и, отчасти, официальной политикой, древними верованиями и религией.

По своей природе этикет многогранен. Он содержит в себе обширную информацию, над которой работают философы, психологи, педагоги, лингвисты, социологи, этнографы. Философы исследуют его нравственные аспекты, психологи – психологические механизмы регулирования поведения, мотивы поведения, педагоги черпают знания об основах народного воспитания, лингвисты анализируют речевой этикет, социологи рассматривают связь этикета с социальной структурой общества, его значение для поддержания устойчивости коллектива. Этнографы подходят к исследованию этикета как к одному из этнодифференцирующих признаков, изучают общее и особенное в этикете разных народов.

Этнические различия людей проявляются в их одежде, пище, в излюбленных позах, хотя все люди одеваются, едят, стоят и сидят, в них проявляется и то, что разные этносы характеризуются неодинаковыми культурами [1,6]. Игнорирование норм поведения, принятых у разных народов, может привести к неловкой, комической, хуже того – трагической ситуации.

В различных этнических культурах этикет приобретает уникальные черты. У каждого народа свои представления о добре и зле, нравственные ценности, верования, запреты и предписания, психологические особенности. Следовательно, неодинаковы и стереотипы поведения. Сталкиваясь с непривычными нормами поведения других народов, находя в них несовпадения со своими представлениями, отдельные исследователи считали, что это связано с отсталостью культуры, невоспитанностью, безнравственностью. Некоторых путешественников и ученых, писателей шокировало положение башкирских женщин. Л. Бергхольц, например, писал: «На женщину мужчины смотрят, как на вещь, как на рабыню; она не смеет вступать в разговор мужа с кем - либо из посторонних» [4,80]. В башкирской среде это воспринималось как общепринятая норма поведения, отступление от которой не одобрялось обществом.

А.К. Байбурин выделяет две причины существования таких недоразумений: свои стандарты поведения мыслятся как единственно возможные в данной ситуации и чужие поступки «читаются» на своем «языке» [3, 25].

Одним из источников и механизмов передачи этнической информации молодому поколению является семья, которая одновременно выступает и как школа этикета. Семейный этикет органично входит в традиционный этикет и является совокупностью норм и правил поведения, касающихся внешнего проявления взаимоотношений членов первичной ячейки общества. В семье различия ее членов в основном обусловлены биологическими признаками (пол, возраст), брачным состоянием (муж, жена), родственными и свойственными отношениями, и в соответствии с этим распределяются статусные роли. Поведение членов семей разных этнических общностей, конфессиональных и социальных групп существенно различается. У каждого народа существуют определенные неписаные правила, которых необходимо придерживаться, прежде чем создать этнически смешанную семью. У башкир, например, браки с представителями других конфессий разрешались при условии перехода их в мусульманство и соблюдения традиционных обычаев башкир. Что касается социально смешанных браков, то здесь «эндогамия» соблюдалась строже, богатые роднились с богатыми, бедные – с бедными. Хотя в фольклоре встречается и противоположная точка зрения: «Если покупаешь скот, покупай из богатой семьи, если берешь девушку, бери из бедной семьи», «Сына жени на той, что ниже тебя родом» [2,72 - 75].

В иерархии нравственных ценностей одним из главных является почтительное отношение к старшим. Принцип старшинства имеет место между детьми (например, очередность при женитьбе), между детьми и родителями (даже женатые сыновья не будут вести разговоры на фривольные темы в присутствии родителей), между супругами и их родителями (обычай избегания), между мужем и женой (муж как старший отстаивал интересы семьи перед обществом) или между женами в полигамной семье (первая жена – старшая), между невестками (жена старшего брата старше, несмотря на фактический возраст, жены младшего брата), между гостем и хозяином (гость от Бога, потому старше).

Особым уважением в традиционной башкирской семье в силу их фактического и позиционного старшинства пользовались дедушки и

бабушки. Они выступали как хранители обычаев и традиций, норм этикета, выполняли роль воспитателей и идеологов. Во все времена у всех народов осуждались люди, которые непочтительно относились к советам пожилых, оставляли своих старых родителей.

Расширению связей семьи способствовал и институт гостеприимства. Хозяйственный и бытовой уклад, психологические особенности, общественное мнение, в известной степени и ландшафт обусловили генезис и бытование этого обычая. Наблюдались определенные особенности в процедуре приема гостя в зависимости от того, званый или незваный (случайный), по степени знакомства, по частоте встреч.

Свою специфику имеет вербальное общение башкир. Речевой этикет, определяемый возрастом, полом, степенью знакомства, социальным положением, ситуацией и др., помимо коммуникативной, несет воспитательную, регулирующую, информативную нагрузку. Невербальные средства также играют большую роль в оценке окружающими уровня культуры, воспитанности того или иного человека.

Таким образом, традиционный этикет башкир имеет глубокие корни. Его формирование происходило под влиянием многих факторов – древних верований, канонов ислама, обычаев и традиций, типа хозяйствования, социальной структуры общества разных периодов, межэтнических контактов. Сохранность норм поведения, преемственность между поколениями осуществляется благодаря сказителям, старожилам, служителям культов.

Изучение этикета ценно и для того, чтобы понять собственное этническое поведение, осознать, что все народы уникальны и, исходя из этого, избавить сознание от негативной оценки норм поведения других народов.

Литература:

1. Арутюнов С.А. Народы и культуры: развитие и взаимодействие. – М., 1989. – 247 с.

2. Башкирское народное творчество. Т.VII. Пословицы, поговорки. Приметы. Загадки. – Уфа, 1993. – 464 с.

3. Байбурин А.К. Об этнографическом изучении этикета // Этикет у народов Передней Азии. – М., 1988. – С. 12 - 37.

4. Бергхольц Л.Горные башкиры-катайцы // Этнографическое обозрение. – 1893. – №3. – С. 74 - 84.

5. Жуковская Н.Л. Категории и символика традиционной культуры монголов. – М.: Наука, 1988. – 196 с.

ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА ПО ПРОГРАММЕ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Утегенова К.Т.,
к.п.н., доцент.
Кужбанова Н.Е.,
магистрант,
Западно-Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова,
город Уральск
karlyga@bk.ru

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы обновления содержания образования в Казахстане по русскому языку. Обращается внимание на важностифункциональной грамотности на современном этапе образования. Приводятся конкретные примеры использования интерактивных методов обучения в учебнике русского языка для 5 класса.

Ключевые слова: интерактивные методы, обновление содержания, речевая деятельность.

Аңдатпа: Мақалада Қазақстандағы білім беру мазмұнын орыс тілінде жаңартып отыру мәселелері қарастырылады. Білім берудің қазіргі кезеңінде функционалдық сауаттылықтың маңыздылығына назар аударылады. 5 сыныпқа арналған орыс тілі оқулығында интерактивті оқыту әдістерін қолданудың нақты мысалдары келтіріледі.

Түйінді сөздер: интерактивті әдістер, мазмұнды жаңарту, сөйлеу белсенділігі.

Abstract: The article considers the issues of updating the content of education on the subject "Russian language" in Kazakhstan.Attention is drawn to the importance of functional literacy at the present stage of education. Specific examples of the use of interactive methods in the Russian language textbook for grade 5 are given.

Keywords: interactive methods, updating of content, speech activity.

По темпу внедрения инноваций в области образования Казахстан находится в числе передовых. Этот процесс идет непрерывно и ускоряется с каждым годом – в стране поставлены амбициозные цели по улучшению качества образования. Главной целью образовательных реформ в Казахстане является адаптация системы образования к новой социально-экономической среде. Президентом Казахстана была также

поставлена задача о вхождении республики в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира. [1]

В современном Казахстане идет становление новой системы образования, ориентированной на мировое образовательное пространство. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в педагогической теории и практике.

Сегодня важным становится не то, что знает человек, ачто он умеет и как умеетприменять знания: значениеприобретет не количество знаний, а функциональная грамотность. На такое обновленное содержание школьного образования страны Организации экономического сотрудничества и развития (ОЭСР) начали переходить с 1988 года. В 1997 году страны договорились о едином стандарте измерений обновленного содержания - PISA.

Казахстан начал участвовать висследовании PISA с 2009 года. Анализ результатов исследования грамотности чтения казахстанских школьников позволил сделать вывод о необходимости поиска более разнообразных путей обучения обучающихся в работе с текстами различного содержания, характера и формата. Для того чтобы совершенствовать обучение грамотности чтения, необходимо согласиться с пониманием этого понятия, предлагаемым в исследовании PISA, т.е. понять важность использования прочитанного в различных жизненных ситуациях. Эти и другие факторы послужили основой для обновления программы содержания образования.

Качественные изменения в любой области нашей жизни, а тем более в образовании невозможны без формирования нового взгляда учителя на свое место и роль в учебном процессе. Без осмысления новых целей и задач в обновлённом содержании и технологии обучения с учетом компетентностно - ориентированного подхода в обучении это сделать практически невозможно. Именно поэтому педагогу необходима готовность к восприятию методологии и содержания обновленного ГОСО среднего общего образования, к изменению программного и методического обеспечения образовательного процесса, к изменению целей и способов педагогической деятельности.

Важным аспектом деятельности учителя является стремление понять, как отдельными учениками постигается тема, осознать необходимость работы с учениками в целях улучшения или реконструкции их понимания, а также – осознание того, что

отдельными учениками восприятие темы может происходить довольно уникальным способом [2].

Одно из образовательных требований, характерных для нашего времени - это понимание и принятие чужой культуры, чужого мнения, т.е. осознание принадлежности к мировому сообществу. В этом отношении для повышения эффективности образования изучение казахского, русского и английского языков имеет важное значение.

Основная функция обучения русскому языку - представить русский язык одновременно как систему, как функционирующий механизм и как картину мира, как упорядоченную совокупность знаков, которые передают зафиксированную в них систему знаний об объективной действительности [3].

Программа обновленного содержания образования по русскому языку направлена на совершенствование четырех навыков: слушания, говорения, чтения и письма. Эти четыре навыка тесно связаны в учебном плане и основаны на «методе спирали» (когнитивная теория Д. Брунера). Спиральная форма обучения предполагает, что повторное рассмотрение материала, который будет усложняться на протяжении всего школьного обучения, дает большее преимущество в развитии современного учащегося, нежели традиционные формы обучения.

Стоит признать, традиционные уроки русского языка не могут в полной мере соответствовать требованиям современных реалий. На уроках необходимо создавать ситуации, в которых учащиеся сами отстаивают своё мнение, принимают участие в дискуссиях и обсуждениях, задают вопросы друг другу и учителю, ответы друг друга, оценивают ответы (самопроверка, взаимопроверка), консультируют по отдельным вопросам своих одноклассников, самостоятельно выбирают разноуровневые задания, находят несколько вариантов решения проблемы.

Этим критериям как нельзя лучше соответствует использование на уроках интерактивных методов обучения. Проанализируем учебник русского языка для 5 класса общеобразовательных школ на применение интерактивных методов обучения [4].

Интерактивное обучение - это специальнаяформа организации познавательной деятельности. «Практически все обучаемые оказываютсявовлеченными в процесс познания; идет обмен знаниями, идеями, способамидеятельности; способствует установлению эмоциональныхконтактов между студентами, приучает работать вкоманде, снимает нервную нагрузку, помогает испытать чувство

защищенности, взаимопонимания и собственной успешности» [5, с.6]. К методам интерактивного обученияотносятся те, которые способствуют вовлечению вактивный процесс получения и переработкизнаний: «Мозговой штурм», мини - лекция, ролевая игра, игровые упражнения, разработка проекта, решение ситуационных задач, приглашение визитера, дискуссия группы экспертов, интервью, инсценировка, проигрывание ситуаций, выступление в роли обучающего, обсуждение сюжетных рисунков и др. [5, с. 13].

Проанализируем учебник на предмет использования критериев интерактивного обучения, предложенных профессором М. Г. Гильдингершом:

1) практически все обучаемые оказываютсявовлеченными в процесс познания;

Обсудите в малых группах или парах следующие вопросы:

1. Что можно считать официальным общением, а что – неофициальным?

2. В каких ситуациях мы используем то или иное общение?

3. Была ли в вашей жизни практика официального общения? С какими трудностями вы столкнулись при этом? [4, 20].

2) идет обмен знаниями, идеями, способамидеятельности;

Перескажите в парах прослушанный текст от лица второстепенного персонажа, который наблюдал за поведением героя и героини мультфильма со стороны. Попытайтесь объяснить героине причины поведения героя и помирить их. Предложите героине отправить письмо герою, поясните, о чем необходимо написать в этом письме. [4,15].

Рассмотрите на рисунках, как прошел день пятиклассника. Правильно ли вел себя мальчик в школе и дома? Почему? Какие правила он не соблюдал? [4,10].

3) способствует установлению эмоциональныхконтактов между обучаемыми,

В группах составьте список правил речевого этикета, используя информацию рисунков и стихотворения. Разыграйте сценки, изображенные на рисунках, так, чтобы все герои соблюдали правила речевого этикета, которые вы составили. [4,11].

4) приучает работать вкоманде, снимает нервную нагрузку, помогает испытать чувство защищенности, взаимопонимания и собственной успешности.

Рассмотрите кластер. Обсудите в группах, почему люди пишут письма. Допишите кластер. Содержание кластера на рисунке следующее: ПРИЧИНЫ НАПИСАНИЯ ПИСЬМА – поручение, приглашение, просьба .....[4,14].

Анализ заданий учебника русского языка для 5 класса показывает его насыщенность интерактивными методами обучения, способствующими вовлечению учащихся в активный процесс получения и переработки знаний:

Такие задания предполагают, что учащиеся будут самостоятельно развивать функциональную грамотность, активно «добывать» знания, с огромным желанием развивать коммуникативные навыки общения со сверстниками, и творчески подходить к решению проблем.

Задача педагогов в ходе применения обновленной программы, привить учащимся основные человеческие нормы и морали, сформировать толерантность и уважение к другим культурам и точкам зрения, воспитать ответственного, здорового ребенка.

Результаты обучения учащихся в школе потребуют от педагогов всестороннегои объективногооценивания успехов в достижении ожидаемых результатов обучения каждого ребенка, его отношения к учебе и динамику развития личности в целом. А это как раз то, на что и направлено обновление системы образования и ее содержания.

Литература:

1. Национальный доклад по состоянию и развитию образования в Республике Казахстан (краткая версия). – Астана, 2011. – 75 с.

2. Руководство для учителя. Третий (базовый) уровень. Третье издание. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012.

3. Тажимуратова А.Е. Инновационные методы обучения и нормы русского языка в Казахстане // Современные наукоемкие технологии. – 2012. – № 7. – С. 51 - 53;

4. Русский язык. Учеб. для для 5 кл. общеобразоват. Шк. Часть 1. / Е. В. Клокова, О. И. Белозерова, Т. И. Ибраева и др. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2017. – 120 с., ил.

5. Гильдингерш М.Г. Активные и интерактивные методы обучения / Электронный ресурс http://unecon.ru/sites/default/files/pdf

НОРМАТИВТІ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ: НОРМА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАНУ

Алдашева К.С.,
философия докторы (PhD),
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
Орал қаласы
Kama_kz89@mail.ru

Аңдатпа: Нормативті лингвистика іргелі зерттеулер нәтижесінде алынған барлық білімнің негізінде құрылады. Осы білімдердің негізінде тілтанымның барлық бөліктерінің жай - күйін бағалауды, тілдің қоғамдағы рөліне қатысты бағасын беруді және тілдің және стильдік дамудың артықшылықтарын бағалауды, сондай - ақ норманы таратуы және бекіту құралдары туралы білімді, тілді пайдаланудың белгілі бір ережелерін нормативті тіл білімі қарастырады. Бұл ережелер тіл жүйесінің кейбір қабаттарына ғана қатысты, алайда жүйенің басқа қабаттарындағы өзгерістердің орын алуына ықпал етеді. Тіл саясаты – тілдің нормалануына ықпал ететін негізгі фактор.

Мақалада норма және кодификация ұғымдары нормативті лингвистиканың өзекті мәселелері ретінде талданады.

Түйін сөздер: норма, кодификация, нормативті лингвистика, тіл саясаты, жаңа сөз.

Аннотация. Нормативная лингвистика строится на основании всей совокупности знаний, полученных фундаментальными исследованиями. Исходя из этих знаний, оценки состояния всех частей филологии, оценки состояния языка по отношению к той роли, которую язык в данный момент играет в обществе, и оценки перспектив развития языка и стиля, а также знания средств распространения и укрепления нормы, нормативное языкознание предписывает определенные правила использования языка. Эти правила касаются только некоторых сторон языковой системы, но призваны вызвать изменения в остальных частях системы в желаемом направлении. Языковая политика проявляется главным образом в нормализации языка.

В статье анализируются понятия норма и кодификация как актуальные проблемы нормативной лингвистики.

Ключевые слова: норма, кодификация, нормативная лингвистика, языковая политика, новое слово.

Annotation. Normative linguistics is based on the whole body of knowledge obtained by fundamental research. Proceeding from this knowledge, assessing the state of all parts of philology, assessing the state of language in

relation to the role that language currently plays in society, and assessing the prospects for the development of language and style, as well as knowledge of the means of disseminating and strengthening the norm, normative linguistics prescribes certain rules of language use. These rules apply only to some aspects of the language system, but are designed to cause changes in the remaining parts of the system in the desired direction. Language policy is manifested mainly in the normalization of language.

The article analyzes the concepts of norm and codification as actual problems of normative linguistics.

Keywords: norm, codification, normative linguistics, language policy, a new word.

Норма, нормаландыру және қалыптану (кодификация) мәселелері бойынша нақты көзқарастар Прага лингвистикалық мектебінен (1926 - 1950 жылдар) бастау алатыны мәлім. Оның белгілі өкілдері – В. Матезиус (үйірмені ұйымдастырушы), Б.Трнка, Б.Гавранек, Й.Вахек, Я.Мукаржовский, кейіннен В.Скаличка, Й.М.Коржинек, Н.С.Трубецкой, Р.О.Якобсон, С.О.Карцевский құрылымдық лингвистиканың негізін қалады. Ғалымдар тілді белгілі бір мақсаттарға қызмет ететін сөйлеу құралы, функционалдық жүйе деп анықтады. Диахронды сипаттармен үзбей және тығыз байланыстыра отырып, тілдің дамуына синхронды аспектіде жүйелі түрде қарау, бағалау мәселесі осы мектептің идеялары арқылы орнықтырылды. Осы тұжырым негізінде тіл және оның құрылымының қоршаған ортамен байланысының дәрежесі туралы алғашқы көзқарастар қалыптасты. Тілге функционалдық тұрғыдан қарау бағыттарын дамытқан Прага лингвистикалық мектебі өкілдерінің сөз мәдениеті, әдеби норма және кодификация мәселелеріне де тоқталып, оларды таратып айтуы заңды құбылыс деп есептейміз, өйткені бұл мәселелер тілдің қолданысына, тілдің синхронды динамикасына, функционалды жағынан таралуына тікелей байланысты екендігі белгілі. Олардың еңбектерінде нормативтік лингвистикалық қызметтің іргетасы қаланды, оның басты міндеттерінің бірі – «әдеби тілде оның арнаулы функциясын талап ететін жақтарын дамыту» [1]. Осы ретте анықтап өтетін жайт – «арнаулы функция» терминіне байланысты болып отыр. Тілдің функционалдық-құрылымдық тұжырымдамасын жасаған ғалымдар осы атау арқылы тілдің барлық мүмкіндіктерінің қолданысқа түсуінің қажеттілігі мен маңыздылығын, осы арқылы

тілдік құрылымдардың екшеленетіндігін, сұрыпталатындығын, одан әрі тілдің жетілдірілетіндігін айтқан, ал бұл мәселелер тілдегі жаңа сөздердің табиғаты мен қалыптануын анықтауда аса маңызды. Осы себепті де Прага лингвистикалық мектебінің өкілдері норма және қалыптану мәселелеріне де тоқталып, анықтама береді; олардың пікірінше, норма – тілде объективті түрде бар (орныққан) тұрақты тілдік құралдардың жиынтығы, ал «кодификация» – норманы табу және нормаға қол жеткізу.

Орыс тіл білімінде әдеби норма проблемаларына А.А.Брагина, Б.Н.Головин, К.С.Горбачевич, Т.Ф.Иванова, Е.С.Истрина, В.А.Ицкович, В.Г.Костомаров, Т.Б.Кочеткова және басқа да ғалымдардың еңбектері мен көзқарастары арналған. Зерттеушілердің анықтамалары біртектес және бірыңғай, олар негізінен С.И.Ожеговтың түйінін басшылыққа алады және біршама толықтырады. С.Ожегов өзінің белгілі еңбегінде былай деп жазған болатын: «Языковая норма есть исторически обусловленный факт, проявление исторических закономерностей развития языка и типических для каждой эпохи тенденций развития, поддержанное и одобряемое обществом в его языковой практике» [2].

ХХ ғасырдың соңғы жағына дейін орыс әдеби тілінде тілдік норма басым категориялардың бірі болды. Оқу - ағарту және ғылыми әдебиет, бұқаралық коммуникация нұсқаларында норманың сақталуына мән берілді. Тілші ғалымдар мен өзге де мамандар норманың сақталуын әрдайым қадағалады. Бірақ басқа тілдердегі сияқты орыс әдеби тілінде де «елеулі динамикалық үдерістер жүріп жатыр» [3].

Қазақ тіл білімінде әдеби нормаға қатысты алғашқы пікірлер қазақ тіл ғылымының іргетасын қалаған А.Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың және І.Кеңесбаевтың, М.Балақаевтың, Р.Сыздықтың, Ш.Сарыбаевтың және олардың мектептері өкілдерінің зерттеулерінде көрініс тапқан. Қазақ тілтанымының іргетасын қалаушы ғалым А.Байтұрсынов айтқан «сөз дұрыстығы (әр сөздің дұрыс күйінде жұмсалуы), тіл тазалығы (ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау), тіл анықтығы (ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтіндей болуы)» – әдеби норманың басты межелері болып саналады [4]. Осыдан кейін қазақ тіл білімінде 1966 жылдан бастап әдеби норма, сөз мәдениеті мәселесінің теориялық және практикалық жақтарынан қарастырылуы академик Р.Сыздықтың еңбектерімен тығыз байланысты.

Сөз мәдениетінің ең өзекті мәселесі тілдік норма деп есептей отырып, зерттеуші Р.Сыздық «тілдік норма дегеніміз – тілдің өзі ұсынған тәртіп» деп есептейді. Ғалымның көрсетуінше, тілдік норманың табиғаты екі түрлі: бірі – тілдің өзінде қалыптасқан нормалар және ереже бойынша ұсынылатын нормалар. Норма тілдің барлық көрінісінде, яғни қолданысының барлық түрінде орын алатын тілдік, әлеуметтік категория [5]. Ғалым сонымен қатар норма танымы тұрақтылық, дәстүрлілік, ортақтық деген белгілерді қамтитынын да атайды.

Мәселеге байланысты барлық дерлік көзқарастарды зерделей келе, төмендегі жинақталған анықтамалар ұсынылады:

Тілдік норма – қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде қоғам мүшелерінің тіл қолданысында орныққан тіл дамуының тарихи және табиғи заңдылықтарының көрінісі, қоғам дамуының нақты бір кезеңінде тіл практикасы үшін қоғам қабылдаған және мойындаған, әлеуметтік бағалаудан өткен фактілердің көрінісі. Тілдік норма – қоғамның нақты бір даму кезеңінде тіл құралдарын қолдану және іріктеу қағидаларының, тіл құрылымына сәйкес келетін, дәстүрлі сипат алған, коммуникативтік актіде пайдаланылатын, барынша тұрақты тілдік бірліктер жиынтығы.

Тілдік норма – біршама тұрақты құбылыс, сондай - ақ норманың өзгермелі сипаты да бар. Сондықтан да тілдік норма қоғам дамуының әр кезеңіне қарай анықталуы керек. Мәселені жаңа сөздердің табиғатына қарай верификациялайтын болсақ (*верификация* – фактілермен нақты істің ақиқаттығын таразылау; ғылыми қағидалардың шынайылығын тексеру; олардың нақтылығын тәжірибе арқылы айқындау; болжамның шынайылығын эмпирикалық тұрғыдан бекіту дегенді білдіретін ұғым), өткен ғасырдың 20 - сыншы жылдарындағы оқу - ағарту әдебиетіндегі жаңа қолданыстардың сол кезеңде ғана тілдік норма ретінде қызмет атқарғанын байқаймыз. Қ.Жұбанов еңбектерінде *тұрпатшыл, сөз тұрпаты жүйесі, дыбыс құлашының алыстығы, дыбыс құлашының жақындығы, теңдес қосар, сөздес қосар, тіркеулі қосар, қосалқы сөз, оқымдық, тексеріну салындысы* сияқты сөздерді кездестіреміз. Академик Р.Сыздық ХХ ғасырдың 10 – 20 - сыншы жылдар арасында қазақ тілінің сөздік қазынасы жаңа қолданыстармен айтарлықтай толыққанын, бұған А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ

зиялыларының (Қ.Кемеңгерұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Қожанов, А.Тынысбаев, К.Жәленов) жазба еңбектері үлес қосқандығын атайды; көпшілікке танымал *бастауыш, баяндауыш, шылау, үстеу* дегендерден басқа *түбіршік тіл, қышқылтуым, сутуым, ұлпа, төбе ағасы, қышқыл көмір* тәріздестердің ұсынылғанын көрсетеді. Сонымен қатар терминологияның тарихында ғылыми құндылығын жоймаған еңбек – қазақ зиялылары түзіп, 1926 жылы жарыққа шығарған әскерлік іс атауларының [6] тізбесінде осы саланың терминқорын толықтыра алатын *шапқын* (атака), *шолғын* (дозор) *көздемек* (визировать), *далағай* (плац), *даланқай* (площадка) сияқты бірқатар сөздер тіркелген.

Тарихи бір кезеңде пайда болған осындай жаңалықтар сол кезеңдегі тілді қолданушы жұртшылықтың айлық білімімен, оларға тез арада ұлт тілінің мүмкіндіктерімен білім беруге бағытталған іс - шаралармен байланысты болғаны белгілі. Көрсетілген лексемалардың бірқатарының қазіргі дейін нормалық сипатта болуы Прага лингвистикалық мектебінің өкілдері көрсететініндей, диахронды және синхронды дамудың арасындағы байланыстың болатындығын дәлелдейді, сонымен қатар бұл фактілер сыртқы факторлардың әсерінен норманың ауысуы, өзгеруі құбылыстарының да белгілерін таныта алады.

Тілдік норма және норма категорияларына қатысты нормалану (кей еңбектерден нормаландыру (нормирование) деген атауды да кездестіреміз) ұғымы да туындайды. Бірақ Прага мектебінің өкілдері де, орыс тілші - ғалымдары да *нормализация* ұғымы нені білдіретініне тоқталмаған. Академик Р.Сыздықтың пікірінше, «нормалану – тілдің өзі ұсынған тәртіпті (яғни норманы) тілдің өзінің қалыптастыруы» деп анықтаған [5, 7].

Бұл үдеріс сонымен қатар тілдік жоспарлауға және тілді корпустық жоспарлауға қатысты іс - шаралардың және атқарылған / атқарылып келе жатқан іс - шаралардың жалпы көрінісін де таныта алады.

Жаңа сөздердің нормалану үдерісі тілдік фактілердің қолданысқа, оның ішінде ауызша әдеби тіл мен күнделікті ауызша тіл қолданысына қай кезде, қандай дәрежеде түсуіне де байланысты. Бұл ретте «дұрыс / дұрыс емес, орынды / орынсыз» ұстанымы бойынша интуициямен қабылдау, сондай-ақ сөздіктерге тіркелгендіктен норма деп тану соншалықты дәйекті болып шықпайды.

Демек, *нормалану* – әдеби тілде пайда болған жаңа тілдік құралдың (ауызекі сөйлеу тілі, жергілікті тіл ерекшеліктері, кәсіби лексика элементтерінің әдеби тілге қарай өтуі, жаңа сөздердің пайда болуы, сөз семантикасындағы өзгерістер, синтаксистік құрылымдағы өзгерістер) жазба тілде, ресми - іскери тілде, мақсатты стильдерде мақсатты-стильдік жағынан жіктеле отырып, жоғары жиілікпен жұмсалуы нәтижесінде әдеби тілде қалыптасуы, осы қалыптасудың лексикографиялық сөздіктерге тіркелуі арқылы ресімделуі мен дәлелденуі жүзеге асырылатын үдерістер.

Тілдік әдеби норма жаңа сөздерді екі бағытта реттейді:

– диспозитивті норма; бұл арқылы жаңа сөздердің бірнеше варианттарының бірі таңдалып, қайсысының мақсатты стильдерге сәйкес келетіндігіне қарай коммуникативтік ортаға іріктеп пайдалану үдерістері жүреді;

– императивті норма, бұл – қатаң норма түрі; тілдік жүйеге жасалған зерттеулер арқылы барынша анықталған, қолданылу жиілігі арқылы норма екендігі дәлелденген тілдік бірліктер бекітіледі.

Норма және нормалану үдерістеріне байланысты узус ұғымы да аталады.

Узус – тілді пайдаланушылар мойындап қабылдаған тілдік бірліктер. Бұл термин арқылы сонымен қатар әдеби тілдің нормасынан тыс, тілдің лексикалық және грамматикалық құрылымының табиғи заңдылықтарынан біршама ауытқыған, алайда тілді пайдаланушылардың коммуникативтік актісінде жоғары жиілікпен қолданылатын, нормативті сөздіктерге енгізілген тілдік бірліктер де аталады.

Норма және нормалану үдерістері қалыптану (кодификация) ұғымының мазмұнын анықтауды қажет етеді.

Жалпы норма және нормалану үдерістерінде екі конструктивті белгі ажыратылады; оның бірі – жаңа сөздердің қолданылу деңгейі (бұған әсер ететін факторлар туралы жоғарыда баяндалды) және жаңа сөздердің қалыптануы (кодификациясы).

Жаңа сөздердің қолданылу деңгейі мәселесін аз - кем толықтыра түссек, норма дегеннің өзі ақиқаттылық, яғни тыңдайтын / оқитын адам дұрыс және орынды (немесе қате) деп бағалаған тілдік бірліктер болып шығады, алайда бұл дағды адамдардың зияткерлік қабілетіне, білім дәрежесіне, ой - өріс деңгейіне, коммуникативтік ортасына, жас мөлшеріне қарай әр адамда әр басқа болады. Сондықтан жаппай қолданысқа түсіп,

көпшілікке танымал болып, қоғам мүшелерінің басым дені қолдаған және мойындаған тілдік бірліктерді заң күшіне енгізу, тіркеу қажет болады. Бұл ғылымда «кодификация» термині арқылы анықталады.

Кодификация – заң ғылымының термині, ол «құқықтық нақты бір саланың құқықтық нормаларының бұрын реттелмеген түрлерін айтарлықтай дәрежеде қайта өңдеу, өзгерту және жаңғырту арқылы жүзеге асырылатын, үйлесімді және өзара байланысқа келтіретін жүйелеу тәсілі. Кодификацияланатын актілер қатарына заңдар, кодекстер, жарғылар, заңнамалық негіздер, ережелер және т.б. енеді» деген мағынамен анықталады [7].

Әлемдік лингвистикаға ортақ термин болып табылатын «кодификация» сөзі үшін *қалыптану / қалыптандыру* деген терминдерді қазақ тілтанымында академик Р.Сыздық қолданып, ұсынды. Ол былай деп көрсетеді: «...кодификация терминін бірде «заңдастыру», тағы бірде «қалыпқа түсіру», «қалыптандыру», тіпті одан да ықшамдап «қалыптану» деп жүрміз. ... қалың жұртшылыққа түсінікті болу үшін ыңғайына қарай қазақшалап отырудың да жөні бар. Қайткенде де қазақша термин ұсыну қажет болса «қалыптандыру» сөзі мағына жағынан дәлірек келер еді» [5,7].

Зерттеуші Н.Уәлиевтің пайымдауынша, «тілдік норманы кодификациялаудың негізі тілдің қазіргі күйін саралау, норманы тілдің тарихи даму заңдылығы тұрғысынан қараумен байланысты [8].

Орыс тіл білімінде К.С.Горбачевич, Л.К.Граудина, В.А.Ицкович, Л.П.Катлинская бұл ұғымды «тілдік норманың тіркелу үдерісі, яғни тілдік құралдарды пайдаланудың анықталған белгілі бір ережелерін сөздіктер мен анықтамаларға енгізу» деген анықтамамен қорытындылайды [9;10;11].

В.А.Ицкович былай деп жазады: «кодификация – тілде орныққан норманың әлеуметтік тұрғыдан түсіндірілуі, сөйтіп, тиісті оқулықтарда көрініс табуы» [11,13].

Әдеби тілдің нормалары, сөз мәдениеті мәселелеріне арналған басқа зерттеулерде нақты түсініктемелер ұшыраспайды.

Әлеуметтік лингвистика саласы бойынша «қалыптанған тіл – әдеби тіл, стандарт тіл ұғымдарымен бірдей; қағидалары мен нормасы әртүрлі сөздіктерде (түсіндірме, орфографиялық, орфоэпиялық және т.б.), грамматикада, анықтамалықтарда, тіл мәдениеті бойынша еңбектерде бекітілген тіл» деген түсініктемемен берілген [12,144].

Осы анықтаманың бірнеше маңызды жақтары бар; жаңа сөздердің қалыптануына және қалыптандырылуына қатысты «бұрын реттелмеген», «үйлесімді және өзара байланысқа келтіретін жүйелеу тәсілі» деген тұжырымдары аса маңызды.

Тіл ғылымы саласындағы қалыптану ұғымын, әрине, ең алдымен, жаңа сөздердің сөздіктерге енгізілуі деген анықтамамен шектеу қолайлырақ және оңтайлы. Бірақ бұл ретте қазіргі әдеби тілдің лексикалық құрамын сөздіктерге тіркеуде біріздiлік сақталмаған; оның бірнеше себептері байқалады: біріншіден, жекелеген салалар бойынша жеке адамдардың авторлығымен түзілген сөздіктер бар; жеке тұлға мүмкіндіктерімен, оның зияткерлік қабілетімен, жаңа сөздерді енгізуге сан алуан көзқарастарды ескеруіне байланысты жасалғандықтан, оларда субъективті факторлар байқалады. Екіншіден, лексикография саласы тіл практикасынан біршама кешеңдеу қалатындығы ғылымда дәлелденген, сондықтан лексикографиялық еңбектердің ең соңғы басылымдарының өзі жаңа атауларды тіркеп, қамтып үлгермейді.

Академик Р.Сыздық қалыптанудың жаңа сөздерді тілдің өзінің қалыптастыруы деп түсіндіреді. Шындығында да, қайсыбір тұрмыстық, әлеуметтік - мәдени, сондай - ақ оқу - ағарту атауларын тілдің өзі орнықтырып, нормаға айналдырады; бұл үдеріс былайша сипатталады: а) жаңа сөз жеке адам тарапынан ұсынылуы мүмкін немесе ол мерзімді басылымдарда, масс-медиа тілінде алғаш рет пайда болады; ә) бастапқыда тосын көрінгенімен, өзге тілдегі вариантымен жарыспалы түрде ауызекі сөйлеу тілінде, ауызша әдеби тілде қолданыла бастайды; б) қолданылу жиілігі арта түседі; в) жазба нұсқаларға, оның ішінде көркем әдебиет тіліне енгізіледі; г) бірқатар варианттар стильдік реңктерге ие болады; д) нормативті сөздіктерде көрініс табады. Бұған 1960 жылдары белгілі аудармашы І.Жарылғапов ұсынған *аялдама, балмұздақ, қолшатыр, оқырман, көрермен* сөздерінің қалыптасуы дәлел бола алады. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне енгізілген *бейнежазба, гүлорам, гүлдесте, ғарыш айлақ, емдәм, жануартану, зайырлы, бағдаршам, баянат, зияткер, зейнеткер, ұлан, сарбаз, мәтін, сынып, зейнетақы, оңтайландыру, жан сақтау (мед.), әкімшілік, жеделхат, ғаламтор, жаһандану, өркениет, салымшы, әуежай, мұражай, тосынсый* сияқты тілдік бірліктер – қалыптану үдерістерінің жүзеге асырылғандығының белгісі.

Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздерді қалыптандыру мәселесі – қазақ тілінің функционалдық қызметінің аясын кеңейтуге, қазақ тілінің өміршеңдігін сақтап қалуға, тілді жетілдіру мен дамытуға қатысты саяси және әлеуметтік - мәдени мәселе. Бұл проблема қоғам мүшелерінің тікелей араласуымен жүзеге асырылуда. Жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануы қазақ әдеби тілі мақсатты стильдерінің дамуы мен саралану динамикасына да әсер етеді.

Диспозитивті және императивті норма түрлеріне байланысты жаңа сөздердің қалыптануы және қалыптандырылуының анықтамасы Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаятқа қарай біздің тарапымыздан жаңа мазмұнмен толықтырылады.

Жаңа сөздердің қалыптануы / қалыптандырылуы – үдерістер сатылары және олардың нәтижелері; ресми талқыға түсу, ұсыныстар беру сатыларынан өткізу арқылы оларды тілге енгізу мен пайдаланудың заң түрінде бекітілуі, заңдастырылуы; осының негізінде жаңа сөздерді нормативті сөздіктер мен анықтамалықтардың, терминдер мен терминдік сөз тіркестерінің тізімінен тұратын әртүрлі типтегі лексикографиялық сөздіктерге енгізілуі; тіл динамикасына қарай диспозитивті және императивті нормалар сипаттарының сақталуы.

Тіл құрылысы, тілдік жоспарлау ұғымдарымен тығыз байланыстағы кодификациялану түсінігі, сонымен үш бағытты қамтиды: 1) тіл саясаты негізінде жаңа сөздерді заңдастыруға арналған заңнамалық құжаттардағы нұсқаулар мен міндеттер; 2) заңнамалық құжаттардағы міндеттер мен нұсқауларды жүзеге асыру жолындағы іс-шаралар; 3) осы арқылы жаңа сөздерді тіл қолданысына, әдеби тіл айналымына енгізуге бағытталған іс - әрекеттер.

Жаңа сөздердің сатылардан өту үдерістерін төмендегі тілдік фактілер нақтылай алады:

– 1970 жылдардан бастап (алдыңғы кезеңдерде де) 1998 жылға дейін *адрес* термині – қазақ әдеби тіліндегі императивті норма;

– Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің 1976 жылғы басылымында *адрес;*

– 1998 жылы Мемтерминком бекіткен тізбеде екі нұсқада *адрес / мекенжай* (мұнда мекенжай сөзі бөлек жазылған);

– 2004 жылы Мемтерминком тарапынан екі нұсқада – *адрес / мекенжай* (бірге жазылған) түрінде бекітілген;

– бұл сөзге қатысты пікір айтылған: «Адрес сөзіне балама ретінде «мекенжай» деген сөзді алғанымыз мәлім. Алайда бұл сөз қосымша «адресант», «адресат» секілді ұғымдарды қамтуына байланысты бұрынғы қалпында қалдырғанымыз жөн» [13].

– Соңғы онжылдықта «мекенжай» сөзі жазба нұсқаларда жоғары жиілікпен қолданылады.

Тілдің қалыптануының ең жоғары деңгейі қазақ тілі үшін аса қажет және бұл – өзекті проблема. «Тілдің қалыптануы – тілдің нормаға сәйкестігінің деңгейі. Мемлекеттік тілдің нормалылық дәрежесі төмен деңгейде болса, онда тілдің мемлекеттік басқару, білім, ғылым салаларындағы, Қарулы Күштерде қолданылу қызметі аясының тарылуына апарып соқтыратын қолайсыз жағдайлар қалыптасады» [12,298]. Қазақ тіліне қатысты норма, қалыптану және олардың верификациясы Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының тиімділігін оң бағалауға, қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне толық мүмкіндіктер бар екендігін дәлелдеуге, сондай-ақ тілдің өміршеңдігі мен тіл динамикасындағы басты бағыттардың дұрыс жүзеге асырылып келе жатқандығына толық дәлел бола алады.

Әдебиеттер:

1. Будагов Р.А. Что такое развитие и совершенствование языка. – М.: Наука, 1977. – 263 с.

2. Ожегов С.И. Лексикология. Лексикография. Культура речи. – М.: Высшая школа, 1974. – 350с.

3. Петрова А.Н. Норма русского литературного языка и живая речь носителей русского языка на рубеже веков, XX - XXI вв.: дис. ... канд. филол. наук. – М., 2001. – 214 с.

4. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

5. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.

6. Орысша - қазақша әскерлік атаулары / Жалпы редакциясын басқарған Ш. Құрманбайұлы. – Астана: 1С - Сервис, 2005. – 136 б. https://ru.wikipedia.org

7. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ...дис. – Алматы, 2007. – 330 б.

8. Горбачевич К.С. Вариантность слова и языковая норма. – Л.: Наука, 1978. – 237 с.

9. Граудина Л.К., Ицкович В.А., Катлинская Л.П. Грамматическая правильность русской речи. Опыт частотно - стилистического словаря вариантов. – М.: Наука,1976. – 456 с.

10. Ицкович В.А. Норма и ее кодификация // Актуальные проблемы культуры речи. – М.: Наука, 1970. – С.9 - 39.

11. Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана: «Арман - ПВ» баспасы, 2008. – 392 б.

12. Юсупов К. 1971 - 1981 жылдар аралығында бекітілген терминдер жайында // Бекітілген терминдер жинағы. – Астана, 2012. – Б. 370 - 377.

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ «БИЛІК» КОНЦЕПТІСІНІҢ РЕПРЕЗЕНТТЕЛУІ

Дюсембина Г.Е.,
философия докторы (PhD),
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
Орал қаласы
gulka_07@mail.ru

Аңдатпа. Бұл ғылыми мақалада саяси мәтіндердегі ғаламның аксиологиялық бейнесін репрезенттеуші «Билік» концептісіне когнитивтік талдау жасалған.

Тірек сөздер: аксиология, когниция, концепт, «билік» концептісі, талдау.

Аннотация. В данной статье сделан когнитивный анализ концепту «Билік», репрезентирующие аксиологическую картину мира в текстах общественно - политического содержания.

Ключевые слова: аксиология, когниция, концепт, концепт «власть», анализ.

Annotation. In the article, the concept of cognitive analysis "power", which depicts the axiological picture of the world in the texts of social and political content.

Key words: axiology, cognition, concept, concept "power", analysis.

Тіл білімі соңғы кезде антропоөзектік парадигма негізінде зерттеліп келеді және аталмыш парадигма қазіргі таңдағы лингвистикалық зерттеулерде басымдыққа ие болып отыр. Тіл білімі

ғылымында анропоөзектік парадигма ең алдымен тіл тұтынушы адам әрі тілдің шынайы иесі – халықты алдыңғы қатарға қояды.

Антропоөзектік парадигманың өріс алуы – адамзат пен қоғам дамуы мен уақыт талабынан туған мәселе.

Тілі білімі ғылымындағы жаңа бағыттағы зерттеулер адам мен қоғам, адам мен тіл, тіл мен сана, тіл мен таным, тіл мен мәдениет, тіл мен саясат секілді құбылыстарды өзара ұштастыра қарастырады. Сондықтан да кейінгі кездегі лингвистикалық зерттеулердің көпшілігінің адамға қарай бет бұруы заңды құбылыс.

Ғылым үнемі үздіксіз дамып, толығып тұратын күрделі үдеріс болғандықтан, қазақ тіл білімінің әлі де болса зерттеуді талап ететін тұстары жоқ емес. Қазақ тіл біліміндегі антропоөзектік бағыт пен соның ішіндегі құндылық мәнді концепт мәселесінің лингвистикалық табиғаты – шешімін іздеп жүрген салалардың бірі. Антропоөзек бағыты еліміздегі тіл біліміне кешеуілдеп келгенімен, бүгінгі таңда бағыты біршама қалыптасып, өз арнасын айқындап алды.

Халықтың санасындағы дүниені қабылдау, бағалау, жалпы әлемге деген көзқарасы – ғасырлар бойы қалыптасқан философиялық ойлау мәнері, қоршаған тіршілікті қабылдау үдерістерінің нәтижесі және ұлттық құндылықтар әлемінің көрсеткіші деп санауға болады.

Бұл зерттеу жұмысы саяси лингвистика тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар аксиологиялық лингвистика жағынан да жүргізілді. Аксиологиялық лингвистика саласында зерттеу жұмыстарын ресейлік және де шетелдік лингвистиканың өкілдері жүргізді. Атап айтсақ, T.Donaldson, R.B.Edgerton, Е.Н.Комаров, Н.А.Красавский, И.В.Палашевская, Е.В.Бабаева, В.И.Карасик, Е.Ф.Серебренникова, Г.Г.Слышкин, А.Н.Солохина, А.Н.Усачева, В.А.Марьянчик т.б.

Е.В.Бабаева: «Тілдегі құндылықтарды зерттеу «концепт» (лингвомәдени концепт, мәдени концепт) терминімен тығыз байланысты, өйткені ол санаға (менталды құрылымға) мықтап орныққан, осыған орай «құндылықтар әлемін санада орналасқан деп есептеуге болады», – дейді [1, с. 35].

А.П.Чудиновтың пікірінше, қазіргі лингвистикада концепт сананың бірлігі (менталды бірлік) ретінде көрсетіледі, оны сөздермен (фразеологизм, құрамдас атаулар т.б. атайды) белгілейді, бұл орайда ғылым үшін ұлттық саяси сананың элементтері өте маңызды болып саналады. Мұндай концептілердің жиынтығынан барып, саяси

концептілік өріс құрылады, онда ұлттың саяси мәдениетінің ерекшеліктері жинақталады [2, 94 б.].

«Концепт» (лат. *conceptus* – ұғымның мазмұны) – заманауи тіл білімінің маңызды терминдерінің бірі, қазіргі кезде оны «дискурспен», «әлем бейнесімен» т.б. қатар қойып зерттейді. Мұндағы басты мақсат – тұлғаның тілдік құбылыстарда көрініс тапқан эмоционалды, әлемтану мен интеллектуалдық аспектілерін айқындау.

«Саясат» мазмұнын танытушы құрамдас компоненттердің бірі – «Билік» концептісі. «Билік» концептісін тілдік тұрғыдан қарастыра отырып, «саясат» мазмұнын ашуға болады. «Билік» – «саясатпен» біте қайнасқан күрделі құбылыс.

Зерттеушілер адам тұрмысының әртүрлі саласында көрініс тауып отыратын *«Билік»* концептісінің көпқырлы және көпаспектілі екенін атап өткен. Әлеуметтануда *«Билікке»,* алдымен, әлеуметтік қатынастың формасы деген түсініктеме береді. Бұл қатынастардың басты сипаты – оның жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың бағыты мен мінезіне әсер ете алуы. Оны қолданатын механизмдерге экономикалық, идеологиялық, ұйымдастыру, құқықтық жатады. Саяси билікті жүзеге асырудағы басты құрал – әкімшілік актілер мен құқықтық нормалар. Билік жүйесі субординация, яғни көпдеңгейлі бағыну - иерархиялық қатынастарға негізделген.

Екінші жақтан алғанда, *«Биліктің»* тағы бір мағынасы – саяси биліктің нақты өкілдері (басқару өкілеттігі берілген орган немесе тұлға) екенін атауға тиіспіз.

Қазақ тілінің он бес томдық түсіндірме сөздігінде *«Билік»* ұғымына былайша сипат берген. 1. зат. Басқарушылық, басшылық, әкімшілік. *Мысалы. Қазағым бұл ғадетті тасталық та, Халықты тура жолға басталық та. Волост, билік, ауылнайлық, выборныйлық, Қимайтұғын соншама падишалық па? (М. Дулатов).* 2. қоғ.саяси. Үкімет, мемлекетті басқару органы. *Көшеде ереуілге шыққан зейнеткерлер мен студенттер еліміздегі алпауыттар мен олигархтарға талап қоймай, билікке, жергілікті әкімшілікке ашу - ызасын білдіріп жатпайды ма? («Егемен Қазақстан»). Әкімшілік ғимаратының алдында зейнеткерлер жиналып, өз талаптарын қойса, бұған әншейін тобыр деп қарауға болмайды. Бұлар өздерінің заңды талаптарын билікке білдіруші қала азаматтары («Егемен Қазақстан»).* 3. ауыс. мансап. *Ал мансап - билік жөніне келсек, сол*

атақты дәл қазір менен ешкім алмай отыр емес пе. (Қ. Жұмаділов) – деген бір - бірімен сабақтас мағыналар тізбегінен тұрады [3].

Белгілі ғалым Б.Момынованың «Қоғамдық саяси лексиканың түсіндірме сөздігінде»: Билік – зат.көне. 1. Билердің даугерлерге айтар кесімі, үкімі. 2. Қылмыстық іске байланысты сот үкімі, шешімі. 3. Жарлық, бұйрық, әмір. 4. Ықтияр, ерік. 5. Басқарушы жоғары орган. **Атқарушы билік.** *Мәселе, бұл жерде* ***атқарушы биліктің*** *жалпы Парламентке, халық қалаулыларына, сол кездегі Парламент депутаттар құрамының Н.Балғымбаевтың үкіметі мен-принциптері арақатынасында еді* (ЕҚ). **Билік дәліздері.** *Екіншіден, қоғамдық саясат аясында жүріп, ақжолдықтар саяси күрестің жаңа әдіс - тәсілдерін меңгеріп, оны* ***билік дәліздеріне*** *алып келді. Билік құрылымдары. Бұлар мемлекеттік комиссияның мүшелері, билік құрылымдарының өкілдері, ғалымдар, экономист-практиктер, суретші мен дизайыншылар – осынау ауқымды мемлекеттік міндетті шешуге қай тұрғыдан алғанда да қатысты болғандардың бәрі* (ЕҚ). **Билік Олимпі.** *Бүгінгі саяси құрылым тіпті* ***биліктің Олимпінде*** *жүргендер үшін де қолайсыз болып отыр (ЖА). Билік органдары. Ақтөбедегі билік органдары мен мүгедектердің қоғамдық ұйымдарының арасында тығыз қарым - қатынас орнаған* (ЕҚ). **Билік тұтқалары.** *Өз кезегінде С.Барс бұқаралық ақпарат құралдары мен* ***билік тұтқаларының*** *өздері белсенді қарым - қатынаста болу қажеттігіне тоқталды* (Заң). **Жоғары билік.** ***Жоғары билікпен*** *өзара қатынастың күрделігі мен қайшылықтығы, тіпті мықтылығы соншалық, олардың жоғары билікке екі-үш рет келіп, екі - үш рет кетті. Саяси билік. Кез келген елде билеуші тап немесе топ өзінің саяси билігін, әлеуметтік және моральдық ықпалын жүзеге асырудың тетігін қалыптастырады* (ЕҚ). **Өкілетті билік. Сот билігі. Төртінші билік. Хандық билік. Экономикалық билік** [4, 37 - 38 б.].

Лингвистикада *«Билік»* концептісі бірнеше рет арнайы түрде зерттелгенін атауға тиіспіз. Оны зерттеумен Ресей ғалымдарынан Р.Водак, Е.И. Шейгал, А.В.Захаров, С.А.Дроздова, отандық ғалымдардан Қ.Ө.Есенова айналысқан. *«Билік»* концептісіне мұндай басым назар аударылуының себебі, біздің ойымызша, «билік» терминінің екі жақты түсіндірмесінің болуында деп түсінеміз. Бірінші жақтан оны «қабілеттілік, мәжбүрлеу құқығы

мен мүмкіндіктің болуы» деп түсіндіреді, ал екінші жақтан «билік – бұл осы билікті иеленетін адамдар».

Қазақ тіліндегі *Билік* лексемасы этимологиялық жағынан *иелену* мағынасына жақын. Ұжымдық санадағы билік – бұл иеленуге жақын келетін, сатып алуға, өткізуге, жоғалтып алуға, сондай - ақ тартып алуға болатын нысан. *Билік* концептісінің ядросында *күш, үстемдік, тақ, ықпал, саясат, басқару, әмірлік жүргіз, әкім т.б.* семалары орналасатынын, жақын периферияcында *тұрақтыдық, мәжбүрлеу, басымдық, бақылау, танымалдылық, жемқорлық, диктатура, басып-жаншу жеке мүдде, байлық т.б* семалары орналасса, алыс шеткері аймағында *жұдырық, қатыгездік, шоқпар, сойыл, алақан т.б.* сияқты семалар орналасатынын анықтадық және оны келесідей (сурет 4) орналастырдық.

Образдық тұрғыдан алғанда, *билік* екіжақты болып келеді. Атап айтқанда, адам қолынан туындаған зат ретінде және қандай да бір табиғи жаратылыста тірлік ететін болмыс ретінде.

Сөздіктерде бағалау сипатында кездесетін баптар *«Билік»* концептісінің құндылықты компоненттерін толық ашып бере алмайды, кей кезде баға имплицитті сипатта *(күш)* беріледі, мұндай түсіндірмені біржақты деуге болады. Осыған орай *«Билік»* концептісіне жасалған бағалауды қарастыруда зерттеудің тәжірибелік әдістеріне, сонымен бірге мәнмәтіндік талдау әдісіне жүгінуге міндеттіміз. Мәнмәтінде, сондай - ақ концептіні зерттеудің тәжірибелік әдістерінің мәліметтеріне қарасақ, *билікті* жағымсыз жақтан бағалау басым екені байқалады.

Қазіргі қазақ газеттерінің ішінен «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Айқын», «Жас Қазақ» сияқты біршама салмақты басылымдардан жиналған материалдарды негізге ала отырып, газет мәтіндеріндегі *«Билік»* концептісін аса ауқымды мәселе деп танимыз.

Алдымен *«Билік»* сөзінің ұжымдық тілдік санамызда орныққан мағыналық құрылымын қарастырайық.

«Билік» сөзіне берілген бірнеше түсіндірмені жинақтай келе, оның негізгі үш мағынасын былай анықтауымызға болады:

1)Кең мағынадағы билік;

2)Саяси билік;

3)Саяси биліктің нақты өкілдері (билікке өкілеттік берілген органдар мен жеке тұлғалар).

Зерттеуші Е.И.Шейгал орыс тілі материалы негізінде «билік» концептісін талдауға қатысты анағұрлым маңызы бар

мынадай ассоциативтік тізбектерді көрсетеді: 1) Царь (власть) – прокладывание границ – прямая линия – справедливое (праведное); 2) Власть – магия – чудо; 3) Власть – сила – превосходство; 4) Власть – говорение [5, с. 89].

Зерттеуші А.А.Дегтяров жалпы саяси билікті интерпритациялауға қатысты концептуалды тәсілдердің бәрін екі топқа жіктеуге болатынын айтады:

– Билікті субъектінің субстанционалды қасиеті, бір атрибуты ретінде түсіндіретін, яғни атрибутивтік - субстанционалды тәсіл. Мұнда билік жай «зат», «нәрсе» ретінде де ұғынылады;

– Реляциялық, яғни билікті әлеуметтік қатынас немесе өзара әрекеттестік ретінде сипаттайтын тәсіл [6,114 б.].

Саясаттану ғылымында билік:

– Айрықша ықпалдылық;

– Белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге қабілеттілік;

– Қандай да бір құралдарды (тәсілдерді) пайдалану мүмкіндігі;

– Басқарушы мен басқарушылардың арасындағы ерекше қарым - қатынас түрінде түсініледі.

М.В.Ильин мен А.Ю.Мельвель билікті мынадай үш өлшемнің жиынтығы деп таниды:

1) директивтік аспект бойынша, билік бұйрықтың, нұсқаудың орындалуын қамтамасыз ететін үстемдік ретінде түсіндіріледі;

2) функционалдық аспект бойынша, билік бұйрықтың, нұсқаудың қызметін атқаруға қабілеттілік пен икемділік ретінде түсініледі;

3) коммуникативтік аспект бойынша, билік қандай да бір тіл билікке қатысты қоғамдық қатынастардың екі тарапына да түсінікті болады [7, с. 151].

Кейбіреулер концептінің негізі деп құндылықтарды санайды. Яғни мәдениет иелері кез - келген феномен туралы «жақсы» не «жаман» деп айта алса, ол феномен осы мәдениетте концептіні қалыптастырады. Кең мағынада концепт құрылымын шеңбер ретінде елестетуге болады, оның орталығында негізгі ұғым, концепт *өзегі* (*ядросы)* болады да, ал *шеткері аймағында* (*периферияcында)* мәдениет, дәстүр, халықтық пен жеке тәжірибе арқылы танылғандар орналасады. Өзегіне (ядроға) – негізгі лексеманың сөздіктегі мағыналары орналасса, шеткері аймақтарын (периферияcын) – субъективті тәжірибе,

коннотациялар, ассоциациялар, лексеманы құрайтын түрлі прагматикалық құрамдастар орналасады.

Саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың зерттеулерінде *«билік»* – онымен іргелес *«күш», «бақылау», «басымдық», «үстемдік», «ықпал», «мәжбүрлеу», «бедел»* сияқты ұғымдармен астасып отырады. Алайда бұлардың бәрі де біршама жеке сипаттағы, логикалық жағынан анағұрлым тар өрісті, бағыныңқы ұғымдар болып саналады да, биліктің бір құрамдас бөлігін немесе атрибуттарын білдіру үшін жұмсалады. Яғни *күш, бақылау, басымдық, ықпал, мәжбүрлеу, бедел, үстемдік* терминдерімен салыстырғанда, *билік* терминінің семантикалық аясы анағұрлым кең, сыйымдылығы жоғары болып табылады.

«Билік» концептісінің өзек/шеткері аймаққа орналасуының сызбасы (сурет 4) былайша көрсетуімізге болады.

Сурет 4 – «Билік» концептісінің өзек/шеткері аймаққа орналасуы

Ұжымдық санада билік қолдан - қолға өтіп отыратын объект, ол сатылуы немесе сатып алынуы, жоғалуы мүмкін, сондай - ақ оны тартып алуға, оған қол жеткізуге де болады. Биліктің иесі өзгеруі, яки ол мұра ретінде қалдырылуы, сыйлық ретінде тарту етілуі, алмастырылуы, тіпті күшпен тартылып немесе басып алынуы да ықтимал. Мәтінде бұл аталған іс - әрекеттер мынадай тіркестер түрінде кездеседі: *биліктің ащысы мен тұщысы бірдей бөлінеді, билігінен айырылады, билік жойылады, билік заңдасдастырылады*

т.б. Билік субъектісі оның шынайы меншік иесі ретінде сипатталады. Ол «билікке бір қол жеткізеді де, одан айырылмайды».

Биліктің көптеген белгілерінің бірі – құпия/жұмбақ (диахроникалық аспектісі – ғажайып/сиқыр) екенін мойындауға тиістіміз. Мұндағы саясаттың мәні биліктің субъектісі (әмір) мен объектісін (халық) ажырату. Тарихқа қарасақ, «бақсыдан бастап президентке дейінгі кезеңдегі қандай болмасын қоғамдық жүйелерде бұл екеуінің арасындағы психологиялық арақашықтық едәуір болғанын» көруге болады. Бұл арадағы психологиялық арақашықтық құпия ореол, *билік* байланыс жасағандағы қасиетті сезім, «көсемнің» ерекше хикметі мен парасаттылығын сезіну ретінде қарастырылады.

Биліктің тағы бір ерекше сипаты деп дербестендіруді атауға болады, бұл көзқарасқа сүйенсек, билік нақты бір адамдарға берілетін, билікті иелене алатын тұлғалар. Осыған қарап, *«билік»* концептісі бірлескен ортақ деп есептелетін *«халық»* концептісіне қарсы қойылады.

Саяси биліктің бірнеше аспектісі ерекшеленеді:

1)*Реляциялы сипаты* – саяси билік топтар мен көпшілік нысандарға ғана қатысты қолданылады; «билік бұл барлық кезде қатынас, өзара әрекеттесу, біреудің екінші біреуге жүргізген билігі». Бұл өлшем саяси биліктің субъектісі (билік құрылымдары) мен объектісінің (қоғам, электорат) арасына шек қою кезінде қолданылады.

2) *Директивті аспектісі* – мұнда *билік* бұйрықты, директивті орындауды қамтамасыз ететін әміршілдік түрінде түсіндіріледі

3)*Функционалды аспектісі* – бұған сәйкес билік - қоғамдық *билікті* жүзеге асыруға қабілеттілік ретінде қабылданады. Бұл аспекті шегінде *билік* ресурстары, яғни мәжбүрлеу билігі, лауазымдық референтті (жеке) билік секілді оны жүзеге асыруда қолданылатын құралдар да зерттеуге алынады және түсіндіріледі

4)*Коммуникативтік аспектісі* – тіл мен биліктің қарым-қатынасы контексіндегі мәселелерді қарастырады. «Қолында билігі бар адамдар қолдана бастағанда ғана тіл де билікке ие болады; тіл өздігінен билікке ие бола алмайды». Демек, басқаша айтқанда, коммуникативтік аспекті биліктің қарым – қатынас арқылы жүзеге асатындығында жатыр, билік – бұл ең алдымен сөз және сөйлеу деп түсіндіріледі. Тілдегі билікті «басшылық мәртебесі бар байланысушының өзінен төмен тұрған

қатысушының (билігі жоқтың) коммуникативтік мәнерін шектеуі және бақылауда ұстауы» деп түсіну керек.

С.А.Дроздова: *«билік – ықпал»* және *«билік – жүйе»* түріндегі екі концептуалды аймақты бөліп алып, саяси дискурстағы *«Билік»* концептісінің құрылымын сарапқа салады. Жоғарыда аталған концептуалдық аймаққа алғаш рет түскен *«Билік»* концептісінің ұғымдық ядросын *«құқық», «ықпал», «әсер»* сияқты имплицитті семаларды бойына жинақтаған биліктік саяси қатынастар құрайды. Автор екінші концептуалды аймақ шеңберінде *«Билік»* концептісін *«мемлекеттік басқару органдары»* ретінде қарастырады, бұл мемлекеттік басқару органы ұғымының аясына қолында билігі бар тұлғалар, яғни сол органдарда жұмыс істейтін тұлғалар да алынады. С.А.Дроздованың зерттеуінде *«билік – жүйе»* концептуалды аймақ шеңберінде дербестендіру (персонификация) рөлінің басым болғанын атайды, соның нәтижесінде «*билік* – бірінші кезекте бағаланатын күш пен ақыл субъектісі ретінде алға шығады» деген пікір айтады [8].

«Халық - билік» оппозициялық концептілерін зерттеуде бізді ең алдымен *«билік - жүйе»* моделі қызықтырады. Мәселен, газет қоғам өмірінің алуан түрлі саласын қамтиды десек те, ондағы көтерілетін негізгі тақырып болып саясат мәселесі қала бермек.

Газет мәтіндерінде жиі көрініс табатын қоғамдық-саяси концептілер негізінен *«билік», «президент», «Елбасы», «жемқорлық», «сайлау», «оппозиция», «заң», «халық»* тізбегі түрінде болатыны зерттеліп анықталды. Ал оқырман назарын айрықша аударатын прагматикалық шеңбері кең концептілер ретінде *«өзім»/«өзге»* оппозициялық жұбын тануға болады. Осы мақсатпен қазіргі қазақ газеттерінің ішінен *«Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Ана тілі», «Жас қазақ», «DAT»* сияқты баспасөз басылымдардан жиналған материалдарды негізге ала отырып, саяси мәтіндегі *«Билік»* концептісін аса ауқымды мәселе деп танимыз. Енді қазақ газеттеріндегі осы *«Билік»* концептісінің вербалдануын төмендегі берілген тілдік нақты мысалдармен дәйектесек:

1. «Билік – «Мәңгілік Елді» жүзеге асырушы.

Бұл міндеттерді абыроймен атқару – әрбір азаматтың қасиетті парызы. Билік тармақтарының алдында тұрған ең басты мақсат – мемлекетімізді одан әрі нығайту, Қазақстанды «Мәңгілік Ел» ету («ЕҚ», 04.02.2014.).

2. Билік – жүйе.

Жұмыс демекші, Бірғаным Әйтімова: «Мемлекет барлығын жұмысқа орналастыруға міндетті емес, осыны шатастырмайық» деп бір - ақ кесті. Билік жұмысқа орналастыруға міндетті болмаса да, жұмыспен қамтудың механизмдерін ойлап табуы керек емес пе? Міне, осыдан - ақ биліктің жауапкершіліктен біржолата безінгенін аңдай беріңіз. Сенатор ханым "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" заңға қайшы сөйлеп отырғанын біле ме екен өзі?! («ЖА», 26.02.2015).

3. Билік – ықпал. *Т.Қалеева еліміздегі сөз бостандығының қазіргі ахуалына қатысты жасаған баяндамасында биліктің жүгенсіздігін сынады. Сондай - ақ, ол тек 2014 жылдың өзін де бұқаралық ақпарат құралдарының үстінен жалпы көлемі 740 миллион теңге көлемінде моральдық шығын өндіру туралы 100 - ден астам шағым түсіп, бірнеше ақпарат құралы, оның ішінде «ADAM bol» журналының жабылғанын мәлім етті («ЖА», 26.02.2015).*

4. *Билік – баға қоятын күнделік.* *Аудан әкімі Бақыт Жақанов біздің естуімізше, бала-шағасының бетіне қарай алмай жүр деседі. Өйткені бір топ аудан тұрғындары әкімге күнделік арнап, оның атқарған жұмыстарына шетінен «екі» қойып шығыпты. Өзің екі алып жүрсең, бала - шағаға қайтіп ақыл айтарсың («Dat», 09.02.2014).*

5. Билік – тақ. *Екіншіден, тақтан өз еркіңмен түсудің өзі сұмдық қиямет! Тақтан түсу, жардан ұшқанмен бірдей. Бірақ әр әзілдің астарында бұғынып шындық жатады. Егер кешегі бабаңның көзі далиған жерге тоймаса, бүгінгі атаңның тақымы қарыстай таққа «тоюы» мүмкін бе енді? («ЖА», 06.02.2014).*

«Билік» концептісінің типтік - логикалық моделінің сызбасын (сурет 5) былайша көрсетуге болады.

Сурет 5 – «Билік» концептісінің типтік - логикалық моделі

«Билік» қоғамдық - саяси концептісі әрбір журналист танымында ассоциативтік немесе стереотиптік қалыптасқан түсінігімен беріле отырып, кейбір метафоралар арқылы көрініс тапқан. Мысалы, *«билік – тақ», «билік – баға қоятын күнделік»* метафорасы арқылы вербалданған концептілер автор танымында билік ұғымын бағалауыш мәнде түсіндіріп, ол туралы жағымсыз ойын астарлы тілмен бейнелеп жеткізуге бағытталғаны байқалады. Демек, автордың энциклопедиялық білімі (*тақ* – патшаның отыратын орны, яғни таққа отыру мен одан түсу қаншалықты қиын болса, билікке қол жеткізу мен одан қол үзу соншалықты азап) (*күнделік* – оқушының оқу үлгерімін бағалап, бағасын қоятын дәптер, яғни билік басындағылардың іс - әрекеті мен елге жасаған қызметтерінің халық тарапынан бағаланып отыруы заңды құбылыс*)* билік туралы сыни түсінігін дәл жеткізудің көрінісі болып отыр. Концепт типін салыстырып қарастыратын болсақ, автордың айтқысы келген ойын ойсуретпен танытқысы келгендігін анық байқауға болады.

Ортақ анықтаманың болмауы, концептінің күрделі, көп қырлы құрылымын, тіл иесі тек ойлайтын ғана емес, өз басынан кешіретін ұғымдық негізбен қатар әлеуметтік – психо - мәдени бөлікті иемденуін ассоциациялар, эмоциялар, бағалар, белгілі бір ұлтқа тән ұлттық образдар мен коннотацияларының болуын көрсетеді.

Осылайша, концепт – лингвомәдени ерекшеліктермен белгіленген және осы не өзге түрде белгілі бір этномәдени иелерді сипаттайтын семантикалық құбылыс. Концепт этникалық дүниетанымды бейнелей отырып, этникалық тілдік әлем бейнесін таңбалайды.

Әдебиеттер:

1. Бабаева Е.В. Лингвокультурологические характеристики русской и немецкой аксиологических картин мира: дис. док. филол. наук. – Волгоград, 2004. – 438 с.
2. Чудинов А.П. Политическая лингвистика. – М.: Флинта; Наука, 2008. – 256 с.
3. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Арыс, 2006. – Т.1. – 750 б.
4. Момынова Б. Қоғамдық саяси лексиканың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 147 б.
5. Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. – М.; Волгоград: Перемена, 2000. – 363 с.
6. Дегтяров А.А. Политическая власть как регулятивный механизм социального общения // Полис. – 1996. - №3. – С. 108 - 120.
7. Ильин М.В., Мельвиль А.Ю. Власть // Полис. – 1997. – №6. – С. 146 - 153.
8. Дроздова С.А. Концепт «Власть» в современном российском политическом дискурсе: автореф. канд. филол. наук. – Днепетровск, 2004. – 20 с.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ СТИЛЬДІК ҚАБАТТАРЫ

Молдагалиева Ұ.Ж.,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 2 - курс магистранты, Орал қаласы
Merosh_ulbok@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Батыс Қазақстандағы алғашқы қазақ баспасөзінің тілдік ерекшеліктері, «Қазақстан», «Дұрыстық жолы», «Ұран» газеттері тілінің лексикалық толысу, даму жолдары қарастырылып, сөздік қор талданып және лексемалардың қолданылу мақсаты айқындалған.

Тірек сөздер: лексикалық құрам, диалектілік лексика, әдеби тіл, кітаби тіл.

Аннотация. В статье рассмотрены языковые особенности первой казахской печати Западного Казахстана, пути развития лексического обогащения газет, анализирован словарный запас и определена цель использования лексем.

Ключевые слова: лексический состав, диалектная лексика, литературный язык, книжный язык.

Annotation. The article deals with the linguistic features of the first Kazakh seal of Western Kazakhstan, the ways of developing lexical enrichment of newspapers, the vocabulary is analyzed and the purpose of using lexemes is defined.

Key words: lexical composition, dialectal vocabulary, literary language, book language.

ХХ ғасырдың басында ұлтымыздың саяси - әлеуметтік, әдеби, мәдени пікір - пайымын жандандырып, жаңғыртуға зор ықпал еткен қазақтың соңғы жүз жылдан аса тарихының сырлы шежіресі – қазақ баспасөзі жаңа басылымдармен толықты. Аталған кезеңде Қазақстанның Батыс өлкесіндегі тұңғыш төл баспасөздің негізін қалаған «Қазақстан» газетінің ізін жалғай «Дұрыстық жолы», «Ұран» басылымдары шыға бастады. Халық арасына білім нұрын шашып, елінің басындағы надандықтың түнегін серпілтуге үлес қосқан газеттер қоғамдық, рухани дүниелермен қатар, ұлттық жазба әдеби тілінің дамуына, тіліміздің сөздік қоры мен сөздік құрамының толығып - толысуына септігін тигізді.

Жалпы газет лексикасын стильдік тұрғыдан әңгіме еткенде, оның көп жанрлы болатыны сияқты, лексикасының да бірнеше стильдік топтардың элементтерінен тұратынын айтуымыз керек [1:88-89]. Газеттерде кездесетін стильдік топтардың ішінен біз тек диалектілік және «кітаби» лексикаға тоқталамыз.

Диалектілік лексика. Қазақ тіл білімінде диалектизмдер табиғаты әр кезеңдерде талай зерттеулердің нысаны болып келді. 1930 - ыншы жылдары Ж.Досқараев, С.Аманжоловтар бастаған бұл ізденістер кейінгі жылдары жүйеленген арналы салаға айналды. Ш.Сарыбаев, С.Омарбеков, О.Нақысбеков, Ж.Болатов, Ә.Нұрмағамбетов, Ғ.Қалиев, Н.Жүнісов, Т.Айдаров, Ш.Бектұров, Ә.Бөрібаев, Қ.Айтазин, А.Тасымовтардың зерттеу еңбектерінің нәтижесінде қазақ тіліндегі басты - басты диалектілік ерекшеліктер жан - жақты сипатталады. «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздіктері», ондаған монографиялық еңбектер, тақырыптық жинақтар, жүздеген ғылыми мақалалар жарияланды. Осыншама жүргізілген зерттеу жұмыстарына қарамастан, жекелеген аймақтық диалектілер мен

диалектілік бірліктердің әдеби тілге қатысы туралы мәселе шешімін тапты деп кесіп айту қиын.

Диалектілердің әдеби тілге тигізер әсері, әдеби тілдегі қолданыс аясы жөнінде қалыптасқан көзқарастар бар. Айталық, көркем әдебиет стилінде диалектілік элементтер кейіпкер тілінде образды ашу үшін, оның портретін толыққанды суреттеу үшін қолданылатын тәсіл деп бағаланады. Дәл сондай пікірді газеттің кейбір жанр түрлеріне қатысты да айтуға болады. Мысалы, сұхбат (интервью), репортаж, газеттік фельетон, юмор, стира тілінде кездескенімен, газетте диалектілердің қолданылу шеңбері жоққа тән саналады. Тілдік элемент ретінде олардың газетте көп қолданылатын жері облыстық, аудандық газеттер болып саналып келді. Соның өзінде әдеби тіл үшін кемшілік болып есептелетін мұндай көріністер тілші - ғалымдар назарынан тыс қалмай, сынға алынып отырды. Өйткені «Газета – одна из важнейших источников литературной речи. Она не только формирует сознание читателя, его идеологию, его отношение к обществу, к миру, но иязык читателя. Необходимо чтобы язык газеты был действительно примером, образцом литературной речи» [2:198-199].

Әдеби тілдің негізгі көзі ретінде мерзімді баспасөз беттерінде диалектілік лексиканың қолданылуы жоқтың қасы деген ғалым Б.Момынованың пікірі көңілге қонымды. Өйткені біз қарастырып отырған басылымдардың қазақтың ұлттық жазба әдеби тілі енді қалыптаса, жаңа-жаңа бағыт - бағдары біліне бастаған кезеңде жарық көргендеріне қарамастан, олардың тілі диалектизмдерден, атап айтқанда, газеттер шығып тұрған батыс өлкесінің жергілікті тұрғындарына тән сөз, сөйлемдерден мүлдем дерлік таза екендігіне көз жеткіземіз. Әрине, бұл арада біздің аталған газеттердің барлық сандарын оқып, хатқа түсіре алмағандығымызды, сондай - ақ газеттердің көтерген тақырыптары қазіргідей халық өмірінің барлық жағын қамти алмағанын есте ұстауымыз қажет. Біз оқып танысқан материалдардан диалектизмге жатқызып, қазіргідей «анау өлкеге тән» деп айдар тағып көрсететіндей жергілікті ерекшеліктерді кездестіре алмадық. Дегенмен, баспасөз беттерінде сол өздері шығып тұрған өлкеге ғана тән, басқа облыстарда көп қолданылмайтын бірен - саран сөздер кездеседі. Мысалы:

Секер, шекер – қант.

Анда - санда қолымызға тиген бір уагон (вагон) астық, бір уагон *секер* (қант), бірер мың қадақ шай халыққа үлесу үшін қисым камитеттеріне яки сол қисымнан өкіл болған бірер адамның қолына беріледі [3:68] немесе «Екінші округ қазақтарына арналған бір уагон құм *секерін* Хұсейін Танашев пен Ғимран Дәулетияров көтере басқаларға сатып жіберіпті...» [3:76].

Қазақ ішінде ақша қадірлі, аның үшін қазақдың бұ күнде керек нәрсесі көбейуде, шай алу керек, *шекер* алу керек, мата алу керек, егін жыртатын асбабтар алу керек [4:182].

Шану – нану, сену [5:699].

Көңіліміз қанша тілемегенімен де бұл қайғылы хабардың дұрыстығына *шанбасқа* мүмкін емес [6:44] немесе «Алдағы күнде қазақ сахрасы негізгі қатардағы бір ел деп саналады деп *шануға* болады», «Бөкейлік бөлімшесі бұл іс дұрыс басталып, ретке салынса, халыққа пайдалы, қадірлі екенін біліп тұруды жарыққа шығаруды ұлт намысы бар бас адамдардың жәрдеміне *шанып* алып тұр» [6:72].

Пішен – малдың қысқы азығы (шөп).

Сол жылы Торғай облысында егін - *пішен* тапшылығынан қазақ халқы арасында ашаршылық болады [6:60].

Сонсын бұлар жерлерінің бір жағын егіндік етіб егін екті, бір жағын *пішендік*, бір жағын жайылыс етіб, қызметтің сауындық мал ұстады... [4:26].

Бұ жыл Астархан тарафтарында Еділ суы тәуір келулі, қазақтар пішен болар деб тұр [4:41].

Шолан, шулан – ас пісіретін үй [5:739].

Тап-тақыр *шарбағың* тұр босқа жайнап,

Кеткендей *шоланың* тұр шайтан жалап [4:32].

Не зат? – не, не нәрсе?[5:534].

Газет деген *не зат*? [4:26].

Бұл жерге де бір талай еңбек сіңірген екен бұ еңбекті жіберіб болмас дегендей *не затымыз* бар? [4:40].

Мұту «ұмыту» сөзінің басқы «ұ» дыбысының түсіп қалуы ауызекі тілде қолданылады. Ұмыту, естен шығару мағынасын береді.

Бізде бір жалған бағыт бар, дүниада бізің есі дертіміз би болар, фаленше би десе бізге болады, халифа да сол, бәрі де сол, шаруаны *мұтамыз* [4:70].

Бір күні Қауысбай бұл қалаға келіб, шәй - су алыб, қаладан шығыб бара жатқанда есіне түседі: бір керек заттың бірін алуға *мұтқан* екен [4:84].

<u>*Ыссы*</u> – ыстық[5:771].

23 - інші сәуірде *ыссы* болады [4:161].

<u>*Мақсұт*</u> – мақсат.

Жасыңнан талап иесі болғандықтан,

Бірнеше *мақсұтыңа* жетіп кеттің [6:122].

<u>*Оңдау*</u> – жөндеу, ретке келтіру.

Қара жердегі һәм судағы жолдарымызды *оңдар* едік, қалалар мен ауылдар арасында нәрселерді дұрыстықпен алмасар едік [6:127].

<u>*Ақтық*</u> – соңғы[5:45].

Ақтықта егер Русиямен соғысуды тамам ойламай тастаған Америка - Англиялар бізің арқа жақты таптаса, олар да Колчак талаушылары жеңеді деген үмітте болғандықтары [6:128].

<u>*Ботташық*</u> – картоп [6:178].

Һәр граждан өзінің үйінің алдында кішкентай ғана бақша иаки *ботташық* бақшасын ексін [6:55] т.б. Бұл жоғарыда келтірілген құбылыстардың қайсысы болсын газеттердің барлық жылдарындағы сандарында кездесетін жүйелі құбылыстар емес. Сондықтан аталған газеттер тіліне белгілі бір диалект не говор негіз болды, не газетте бәлен диалектілік ерекшелік басым деп кесіп - пішіп айтуға келмейді.

Кітаби лексика дегеніміз – қазақ халқының өткен өмірінде дінге байланыса жасалған әдеби тіл дәстүрінің бір үлгісі. Әдеби тіл ең әуелі - ақ жазуға сүйенеді. Жазу стилінсіз әдеби тіл болмақ емес. Кітаби тілдің де өзіне тән, белгілі нормасы бар. Сондықтан жазу тіліндегі бұл стиль де Абай заманынан басталған жаңа әдеби тілмен қатар белгілі бір дәстүр бойынша қалыптасып, көне түркі тілінің ізі бойынша жазылып, Қазақстан топырағында Қазан төңкерісінен кейін қолданыс тапқаны айқын. Сондықтан «кітаби тіл» қазақ халқы жақсы түсінетін, бұқараға кең тараған тіл болды.

Кітаби әдеби тілдің қазақ халқына түсінікті болғанына дауласу орынсыз, өйткені кітаби тілдің негізі – көне түркі тілі – ол қазақ халқына жат тіл емес [7:301-303]. Мысалы: *Ғылым бойынша беріле тұрған ілгутлар бұндан ғибрат: әбтадани мактаб бітерген кшилер 3 йыл хызмет етерлер. Әфисерлер 2 йыл. Ғылми білән ілгут алған кішілер флотда хызмет етмеслер. Фарматсиф білән тіш тәбиблер инә ілгут берілми* [4:86].

Бұл жазу – кітаби тілдің үлгісі. Мұндағы жат болып көрінетін нәрсе – көне тілдің грамматика - фонетикалық кейбір ерекшеліктері: *мактаб, кшилер, йыл, кішілер, тіш, етерлер, етмеслер, берілми* т.б. Бірақ ол кезде бүгінгідей қалай жазылса, солай оқылмайтын. Арабша *кл* деген екі әріпті әр халықтың өкілі өзінше: кел, кил, кәл, гәл тағы басқаша етіп оқитын. Сондықтан кітаби тіл қазақшаланып *мактаб – мектеп, кшилер, кішілер – кісілер, йыл – жыл, тіш – тіс, етерлер – етер, етмеслер – етпес, берілми – берілмейді* болып оқылып, жымдасып кететін.

«Кітаби лексика дегенде, жалпы халықтық тілдің сөздік қорынан бөлек тұрған сөздердің тобы бар екен деп ұғынбауымыз керек. Рас, кітаби тілдік шығармаларда араб, парсы тілінен енген сөздер, көне түркі сөздері көбірек ұшырайды. Кітаби лексикаға тән кейбір жеке сөздер мен тіркестер болады, сондай - ақ ол сөздердің жазылуының да өзіндік ерекшеліктері бар», - дейді ғалым Б.Әбілқасымов [1:94]. Бірқатар зерттеушілер буржуазиялық - демократиялық революцияға дейінгі бірсыпыра қазақ жазбаларының, оның ішінде «ДУГ», «ТУГ» газеттердің тілін «кітаби тілге» жатқызады. Алайда біз сөз етіп отырған басылымдардың да орта азиялық түркі әдеби тілі жазу дәстүрінен біржолата қол үзіп кете алмағанын аңғаруға болады. Газеттерде кездесетін түркі әдеби тілінің әсері оның сөздік құрамында да, грамматикалық құрылысында да, орфографиясында да байқалады.

Баспасөз беттерінде, әсіресе, «Қазақстан» газетінде орыстағы жоғарғы атақ, дәрежені ұлықтаумен байланысты қолданылатын жоғарғы стильдегі «Ваше высокопревосходительство», «императорское величество», «господин», «уважаемый» тәрізді тіркестерді қазақшаға аударумен байланысты «хазіретлері», «ағзам», «мархаматлы», «ғиззатлы», «хұрматлу» секілді сөздердің тобы пайда болған. Бұл сөздер көбіне газеттің ресми бөлімінде кездеседі. Бұлардан басқа осы газетте араб - парсы және көне түркілік көмекші сөздер (мәзкүр, ғайры, үшбу, қаю, һәм) жиі қолданылған. Мысалға: *Ғизатлу махрур* әфенді! Төмен жазылажақ өтінішімізні «Қазақстан» ғазитасына йазуыңызды өтіндім. *Үшбу* сана Орал облысы Қызылқоға базарында әдабиат ақшамы йасалды. Мардан шат Хұсаинов наданлық *уа* анық емшілері, шірткіш *уа*аның зарарлары хақында *хилы моср* уағыз онтақ сөйледі... [4:59].

«Қазақстан» газетінде жарияланған мақалалар тілінің кітаби тілге жақындығын көрсететін тағы бір ерекшелік – оның бетінде төменде берілген араб - парсы сөздерінің қолданылуы. Мысалы:

Мәзкүр – жоғарыда аталған;

Таһсил – оқып бітіру;

Һәм – және, тағы;

Ғайры – басқа;

Махкама – мекеме;

Жәһәд – ынта;

Мәдрәсә – медресе;

Уафат – қайтыс болу.

Мысалы: «... Келешекте замандасдарымен бір арбаға жегілгенде парға шыдарлық кісі етуге *жиһад* еңбек керек» [4:55] немесе

Қазағым, *жиһад* етіб ұмтыл алға,

Бұрынғы күн екен деб жатыб қалма [4:161]. Бұл сөздердің кейбіреуі қазіргі қазақ тіліне еніп, қалыптасып кетті. Мәселен, *махкама*(мекеме), *мәдрәсә* (медресе), *һәд* (жат), *уафат* (опат) т.б. Ал кейбіреуі сөздік құрамнан шығып қалды.

Ал «Ұран», «Дұрыстық жолы» газеттерінде жоғарыда келтірілген көмекші сөздер толығымен дерлік қазақтың төл сөздерімен берілген. Мәселен: Бұл әдет бірінде емес, басқа орыстар үшін *де* жақсы кәсіп болды. Ақырында қандай құрғақшылық болса *да*, орыс егінінен зиян көрмейтін болды [3:41] немесе «Қазақ халқының келешектегі ұрпағының жазмысы *даосыған* тіреулі. Бізің ана тілімізді оқып білсек, *соның* арқасында ұлтымыздың білім - өнерін алға жібереміз, өршітеміз... *Осы* айтылған істерді орнына келтіргенде ғана біз өз ұлтымызға айырым *басқа* халықтардай бола аламыз» [6:129].

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды, кітаби лексикаға жататын сөздер «Қазақстан» газетінде көбірек орын алған. Алайда мұндай ерекшеліктер барлық жылдарда, барлық мақалаларда біркелкі сақталмаған, яғни мұнда біріздiлік, тұрақтылық жоқ. Сондықтан бұл жайтты орта азиялық түркі әдеби тілі жазу дәстүрінің газет лексикасына тигізген әсері деп қана ұғынған жөн секілді.

Әдебиеттер:

1. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Қазақ ССР - ның «Ғылым» баспасы, 1971.
2. Момынова Б. Газет лексикасы: жүйесі мен құрылымы. – Алматы: Арыс, 2003. – 228 бет.
3. «Ұран» газеті. 1917 - 1918. Жоба авторы, ұйымдастырушы Жантас Набиоллаұлы. Жинақты құрастырып, газет мәтінін араб әліпбиінен аударған Қазбек Құттымұратұлы. Орал, 2014. – 400 бет.
4. Қазақстан /Құраст. Орал, 2012. – 400 + 8 бет сурет.
5. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 бет.
6. Сафуллин Ж. «Дұрыстық жолы» газеті. 1919 (ғылыми - танымдық жинақ) / Жантас Сафуллин. Орал, 2016.
7. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал - Ай» баспасы, 2014. – 640 бет.

СЛОВАРНАЯ РАБОТА НА УРОКАХ РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Хайрамбаева Г.Б.,
учитель русского языка и литературы,
средняя общеобразовательная школа им. Ы. Алтынсарина,
Таскалинского района, ЗКО
khayrambaeva64@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада әдебиеті сабағында сөздікпен жұмыс жасау мәселелері сөз болады. Бұнда лингвистикалық талдау жүргізу мәселелері қарастырылады.

Тірек сөздер: лексикалық құрам, лексика, тілдік талдау, орыс әдебиеті.

Аннотация. В статье рассматривается проблемя ведения работы словарем на уроках русской литературы. Подвергается анализу проблема анализа художественного текста.

Ключевые слова: лексический состав, лексика, русская литература, анализ художественного текста.

Annotation. The article considers the problem of doing the work with a dictionary in the lessons of Russian literature. An analysis of the artistic text is analyzed.

Keywords: lexical composition, vocabulary, Russian literature, analysis of artistic text.

Лингвистический анализ на уроках литературы столь же необходим, как изучение теории цветотехники, света и тени на

занятиях по изобразительному искусству. При этом языковой разбор не должен быть самодостаточен, оторван от анализа проблематики произведения, его нравственных и философских аспектов, от анализа взаимоотношений героев [1,28].

Иногда языковой анализ просто обязателен, чтобы мы могли верно понять замысел автора. Потому бесценными являются книги - комментарии Ю.Лотмана, С.Белова, П.Пустовойта к произведениям А.Пушкина, И.Тургенева, Ф.Достоевского…

В русском литературном языке, в том числе в его лексике, происходят изменения. Например, читая Пушкина, можно встретить слова, которых в современном литературном языке нет и значения которых нам подчас неизвестны. А порой вроде бы понятны все слова, но смысл написанного кажется странным. В «Путешествии в Арзрум» читаем*: Граф послал Пущина осмотреть овраг. Пущин поскакал. Турки приняли его за наездника и дали по нём залп.* Тут незнакомых слов нет. Но одно вызывает недоумение: почему турки приняли Пущина за наездника? А за кого они его должны были принять, коль скоро он скакал на коне? Если на коне, следовательно, и был наездником, или всадником, но не прохожим [2,15].

Оказывается, у слова *наездник*, кроме известного нам значения – «тот, кто едет или ездит верхом, - всадник» (*словарь С.И. Ожегова*), было в пушкинское время и другое – «верховой воин, совершающий набеги на неприятеля, один или в составе конных отрядов». «Словарь русского слова» так определяет это значение: «отважный всадник, причиняющий урон неприятелю урывкою».

Если не знать точного значения этого слова, то можно по - другому понять Пушкина. В «Полтаве» (песнь 3):

Мазепы враг, *наездник* пылкий,
Старик Палей из мрака ссылки
В Украйну едет в царский стан –

слова *наездник пылкий* могут быть поняты как «страстный любитель верховой езды». Однако в примечаниях к «Полтаве» Пушкин пишет: «Симеон Палей, Хвастовский полковник, славный наездник. За *своевольные набеги* (выделено автором) сослан в Енисейск по жалобам Мазепы…». Следовательно, слово *наездник* здесь употреблено поэтом в том же значении, о котором говорилось выше.

На мой взгляд, без изучения словарей, которые выходили при жизни писателей девятнадцатого века, не стоит браться за изучение произведений. Идёт урок литературы по пьесе «Гроза»

А.Н. Островского. Как мы сегодня понимаем слово, вынесенное в название пьесы? В первую очередь как «атмосферное явление». Именно так его толкует «Словарь русского языка» С.И. Ожегова: «бурное ненастье с дожём, громом и молниями»; используем мы это слово и в переносном значении, когда речь идёт «о ком - нибудь или о чём - нибудь очень опасном, наводящем ужас, внушающем сильный страх».

А разве А.Н.Островский прежде всего имел в виду «атмосферное явление», когда писал пьесу? Обратимся к «Толковому словарю живого великорусского языка» В.И. Даля, первый том которого увидел свет спустя 4 года после создания «Грозы» (1859г.) В нём первое значение у слова *гроза* – это «угроза, острастка»; второе – «опасность или беда, бедствие»; далее – «строгость, строгий надзор, страх в значении кары, наказания»; «строгий, сердитый человек, каратель». Значение *грозы* как атмосферного явления стоит в словаре аж на пятом месте: «гром и молния, туча с грозой, с громом, молнией и дождём или градом». Так что значение этого слова в девятнадцатом веке понималось шире, нежели сейчас.

Словарная статья помогает и мне, и ребятам по - другому взглянуть на проблематику и название пьесы. Соответственно и строится урок. Накануне учащимся раздаются листочки с толкованием слова *гроза* В.И.Далем и задание: найти в пьесе однокоренные слова и определить, в каком из пяти значений это слово употреблено. В слабом классе можно указать действия и явления.

Впервые это слово звучит в устах Кабановой: «Так, по - твоему, нужно всё лаской с женой? Уж и не прикрикнуть на неё и *не пригрозить*?» - так говорит она сыну (действие первое, явление пятое). Тут корень ***- гроз -*** употребляется в значении «строгость, строгий надзор, страх». Вглядимся внимательнее: что мы узнаём о Кабановой из этой реплики? Почему именно она первая произносит это слово? Каково значение здесь приставки ***при -***?

Отвечая на последний вопрос, школьники увидят, что приставка в данном случае обозначает неполноту действия. Это явно смягчает смысловую нагрузку корня. Да и вся интонация действия относительно уравновешена и спокойна.

В явлении девятом этого же действия мы вновь встретим это слово в том же значении «кары, наказания». Варвара говорит, успокаивая перепуганную появлением безумной барыни Катерину: «Вздор всё… Чего сама - то боится, тем и других пугает. Даже все

мальчишки в городе от неё прячутся, - *грозит* на них палкой да кричит (*передразнивая*): «Все гореть в аду будете!».

Здесь уже более категоричная форма этого слова, без приставки, что поддерживается взволнованно - напряжённым состоянием Катерины.

В этом же явлении слово *гроза* ещё три раза употребляется в речи Варвары и один раз – у Катерины:

«**Варвара** (*оглядываясь*). Что это братец нейдёт, вон, никак гроза заходит.

Катерина *(с ужасом). Гроза!* Побежим домой! Поскорее!»

Вроде бы Варвара говорит о грозе как об атмосферном явлении, но здесь и намёк – на угрозу, наказание – в последующем: «Да что ты уж очень боишься: ещё далеко *гроза - то*». Тема страха и наказания в следующей реплике: «Я и не знала, что ты так *грозы* боишься. Я вот не боюсь». Какой благодатный материал для беседы о характерах Варвары и Катерины. Гремит гром. Катерина два раза: «Ах!». А Варвара спокойно: «Вот братец идёт…».

Во втором действии пьесы мы находим ещё два слова с корнем – ***гроз - .*** В явлении втором Варвара говорит о матери: «Вот она теперь ему и надаёт приказов, один другого *грозней*, да потом к образу подведёт, побожиться заставит, что всё так точно он и сделает, как приказано». Здесь корень – ***гроз -*** в слове *грозней* опять же не имеет отношения к грозе как атмосферному явлению.

В явлении четвёртом этого же действия Тихон говорит жене после обеда с «маменькой»: «Да как знаю я теперича что недели две никакой *грозы* надо мной не будет, …так до жены ли мне?». В этом случае слово гроза может быть отнесено непосредственно к Кабановой и понято как «сердитый, строгий человек, каратель». Далее анализируем: почему? Просим найти слова, рисующие атмосферу, складывающиеся в семье: «Так сделается мне, так душно дома, так душно, что бежала бы»; «Ну, теперь тишина у нас в доме воцарится». Мы знаем, что тишина и духота в природе наблюдается перед *грозой*.

С ребятами также определяем, о каком ещё из героев пьесы говорится как о «сердитом, строгом человеке, карателе». Конечно, о Диком. Если Кабанова – *гроза семьи*, то Дикой, «значительное лицо в городе», - *гроза всего Калинова.* Он даже ассоциируется у других персонажей *с природной грозой* – атмосферным явлением. Шапкин как удара молнии боится приближающегося Дикого и предлагает Кудряшу: «Отойдём к сторонке: ещё привяжется, пожалуй».

В третьем явлении того же действия Борис вспоминает, как на Волге, на перевозе, Дикого обругал гусар: «После этого две недели все прятались по чердакам да по чуланам».

Богатый материал для беседы о значении слова *гроза* имеется в следующем диалоге (*действие четвёртое, явление второе*):

«**Дикой.** Да *гроза - то* что такое, по - твоему? А? Ну, говори!

Кулигин. Электричество.

Дикой (*топнув ногой*). Какое ещё там електричество! ***(Герой пьесы искажает данное слово).*** Ну как же ты не разбойник! *Гроза - то нам в наказание посылается*, чтобы мы чувствовали, а ты хочешь шестами да рожнами какими - то, прости, Господи, обороняться. Что ты, татарин, что ли? Татарин ты? А, говори! Тататрин?

Кулигин. Савел Прокофьич, Ваше степенство, Державин сказал:

Я телом в прахе истлеваю,
Умом громам повелеваю.

Дикой. А за эти вот слова тебя к городничему отправить, как он тебе задаст! Эй, почтенные! Послушайте - ка, что он говорит!

Кулигин. Нечего делать, надо покориться! А вот когда будет у меня миллион, тогда я поговорю. (*Махнув рукой, уходит*.)».

Мы видим, как спор об атмосферном явлении переходит в спор о подчинении и власти. Параллельно можно проанализировать: почему Дикой нарочно ***(или не нарочно?)*** искажает слово ***электричество?***

В явлении третьем того же действия Варвара говорит Борису о Катерине: «Сейчас с мужем на бульвар пошли, и маменька с ними. Пройди и ты, коли хочешь. Да нет, лучше не ходи, а то она, пожалуй, и вовсе растеряется.

(*Вдали удары грома.)*

Никак *гроза*? (*Выглядывает.)* Да и дождик…»

Здесь *гроза* воспринимается в двух значениях – как «атмосферное явление» и как «опасность или беда, бедствие», а далее, в явлении четвёртом, уже как страх в значении кары, наказания:

«**1-й.** Должно быть, бабочка - то очень боится, что так торопится спрятаться.

Женщина. Да уж как ни прячься! Коли кому на роду написано, так никуда не уйдёшь.

Катерина (*вбегая*). Ах! Варвара! (*Хватает её за руку и держит крепко.*)»

В явлении пятом об этом же:

«**2-й.** Уж ты помяни моё слово, что *эта гроза даром не пройдёт*. Верно тебе говорю: потому знаю. Либо уж убьёт кого - нибудь, либо дом сгорит; вот увидишь: потому, смотри, какой цвет необыкновенный!

Катерина (*мужу*). Тиша, я знаю, кого убьёт… Меня убьёт. Молитесь тогда за меня!»

В пьесе Островского есть одна загадка: в каком из пяти значений слово *гроза* употребляется в речи Кулигина в конце четвёртого явления, действия четвёртого: «Ну чего вы боитесь, скажите на милость?! Каждая теперь травка, каждый цветок радуется, а мы прячемся, боимся, точно напасти какой! *Гроза убьёт*! *Не гроза это, а благодать*! Да, благодать! У вас всё гроза!» [3,45].

В процессе беседы с учениками выясняем, что тут слово *гроза* употребляется в значении, абсолютно противоположном всем известным значениям этого слова: *гроза* не страх, не наказание, не строгость или надзор, но благодать.

Делаем вывод: в пьесе ***три реальные грозы***: Кабанова – для своей семьи, Дикой – для всего Калинова и, наконец, гроза в природе, по - разному воспринимаемая героями: для одних (Дикой, Кабанова, Катерина) – это небесная кара, наказание, для других (Кулигин) – благодать, радость. Попробуем выявить авторскую точку зрения – она проявляется в пьесе через отношение *к грозе* Кулигина. Именно так, через слияние словарного и «кулигинского» значений слова, очевидно, следует воспринимать заглавие ***драмы Островского «Гроза».***

Итак, следует считать, подобная работа со словарём на уроках литературы прививает учащимся внимательное отношение к слову в художественном произведении.

Литература:

1. Абрамова, В. Концептуализация сравнения и национальный менталитет Текст. // Русское слово в мировой культуре. Материалы X Конгресса МАПРЯЛ, т. 1, 2003. С.211 - 216

2. Володина, Н.В. Концепты, универсалии, стереотипы в сфере литературоведения: монография / Н.В. Володина. Текст. М.: Флинта: Наука, 2010. - 256 с.

3. Воркачёв, С. Г.Лингвокультурология, языковая личность, концепт: становление антропоцентрической парадигмы в языкознании Текст. / С.Г. Воркачёв // Филологические науки. 2001. - № I. С. 64 - 72.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Нуртаева Л.К.,
оқытушы,
Айтимбетова А.А.,
оқытушы.
Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі,
Орал қаласы
lunara.n@mail.ru
aitimbetova_a_80@mail.ru

Аңдатпа. Білім беру үрдісінде болашақ мамандарды оқытуда жаңа ақпараттық - коммуникатиивтік технологияны қолданудың тиімділігі және оны іс-жүзінде қолданудың алғы шарттары жөнінде айтылған.
Түйін сөздер: жаңа технология, оқу үдерісі, тренинг, ақпарат.

Аннотация. В данной статье говорится об использовании новых информационных технологий в подготовке будущих специалистов. Показана важность новых технологий в век информации.
Ключевые слова: новая технология, учебный процесс, тренинг, информация.

Annotation. This article talks about using new technologies in training future specialists. Also, new technologies in our information century plays an important role.
Key words: new technology, educational process, training, information.

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан, адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталса, ары қарай маман болып қалыптасуы компьютермен тығыз байланытылығы оқу орнында яғни, колледжде жүзеге аспақ. Өйткені, оқушы мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар іс жүзіндегі білімінің алғы шарттарын меңгеруі тиіс. Ал теориялық білімді практикамен көбінесе арнайы оқу орындарында өмірмен ұштастыру үшін компьютердің қажет екендігі даусыз.

Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің тиімді жолы - білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. Қазақстан Республикасының «Білім беру» Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр.

Қазіргі таңда оқушы – ақпаратпен қаруланған, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік қабілеттерін дамыту үшін біздер, ұстаздар жан-жақты қаруланған болуымыз керек екені ақиқат. «Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек» - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек. Сол себептен жаңа технологияларды енгізу арқылы, оқу процесінің деңгейі көтеріледі, қазіргі заман талабына сай дамыған тұлға тәрбиеленеді. Оқытушы жұмысын жаңа ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастыру әлеуметті - белсенді, бәсекелесуге барынша қабілетті, құзыретті түрде жетілген, дербес тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. XXI ғасыр – білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты. Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық көштің бұйда ұстар тұсында тұрады десек, қазіргі кезеңде еліміздегі білім саласында жүріп жатқан реформаларға байланысты білім беру жүйесі терең құрылымдық өзгерістермен сипатталады. Қазіргі ғылыми-техникалық өрлеу ғасырында жоғарғы деңгейде сапалы білім беру мәселесі – ең негізгі мәселелердің бірі. Бұл бағытта балаларға жоғары деңгейде білім беретін, еңбекке баулитын, талабын оятып, қозғау салатын орын – оқу орны. Бүгінгі өркениетті қоғамда білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге көтеру.

Ақпараттандырудың негізгі бағыты XXI ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділіктің технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне: оның іргерлілігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктері жатады. Бұл өскелең ұрпақты ақпараттық

қоғаммен зиялы қарым - қатынасқа оқытып тәрбиелеуге және ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайды. Ақпараттық-комуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудан негізгі құрал компьютер болып табылады. Компьютер - білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру – қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

“Кез - келген білім бағдарламасының табысты орындалуы оқытушыға байланысты. Оның кәсіби шеберлігі нысаналы бағдарламаны да, оқу жоспарын да биік деңгейде жүзеге асыруға ықпал ете алады, ал мұғалімнің кәсіби дәрменсіздігі істі құлдыратады”. Осы орайда педагогикалық ұжымға білім бағдарламасының табысты орындалуына, оқу жоспарын биік деңгейде жүзеге асыруға, нәтижеге бағытталған білім беруге – тек кәсіби шеберлік пен шығармашылық ізденіс қажет екендігі айқын. Қазіргі кездегі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білім беру мекемелеріндегі жеткіншек ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу олардың бойында жеке тұлғалық қасиеттерінің жан-жақты қалыптасуымен тығыз байланысты. Бұл мәселе дүниежүзілік қауымдастықта әлеуметтік - экономикалық, мәдени және рухани дамудың басты факторы ретінде жариялануда.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Жалпы оқытудың мақсаты – оқушыны дамыту. Осы мақсатқа сәйкес жас және педагогикалық психологиясында, сондай - ақ оқыту теориясында негізгі орын алған мәселе – дамыта отырып оқытуды зерттейтін бағыт. Білім беру үрдісін ақпараттандыру және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлату

бүгінгі күннің басты талабы болып саналады. Біз оқу орнымызда оқушылар үшін барлық жағдай жасақталған және барлық оқытушылар соған сәйкес жұмыстануда: компьютерлік техниканы әр сабақта тиімді пайдалану, интернет желісі мен компьютерлік желілерді қолдану, электрондық пен интерактивті тақта құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану және тағы басқа.

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. XXI ғасыр - білімділер ғасыры екені бәрімізге мәлім.. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты.

Ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан - жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Жедел дамып отырған ғылыми – техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық - коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, теле - конференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуы керек.

Жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Қазіргі таңда жаңа әлеуметтік жағынан қорғанған адам – ол технология ауысуына және нарық талабына сай терең білімді, жан-жақты адам. XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан

адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Бала шақтан болашаққа қадам басар жас маман теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын компьютер қолдануы арқылы меңгеруі тиіс. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Ақпараттық технологияның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік іс әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дара тұлға тәрбиелеу.

Әдебиеттер:

1. Тіл туралы Заң
2.«Қазақ тілі мен әдебиеті», №5, 2012 жыл
3. М.Нағымжанова «Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің педагогикалық - психологиялық негіздері»
4. «Техникалық және кәсіптік білім» ақпараттық - әдістемелік журналы, №2, 2016 жыл.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕН ТУЫНДАЙДЫ

Дуйсенгалиева Н.Е.,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, магистр, Орал қаласы
nurgul-79d@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада білім беру үрдісінде үштілді оқытуда қажеттілік жөнінде айтылған.

Түйін сөздер: жаңа технология, оқу үдерісі, тренинг, ақпарат.

Аннотация. В данной статье говорится об необходимости учения казахскому языку.

Ключевые слова: новая технология, учебный процесс, тренинг, информация.

Annotation. This article speaks about the need for teaching the Kazakh language.

Key words: new technology, educational process, training, information.

Еліміз егемендік алып, Қазақстан Туы желбіреген алғашқы жылдардан бастап еліміздің экономикасын, әлеуметтік жағдайын көтеру, халқымыздың тұрмыс - жағдайын көтеру мәселесімен бірге тіл мәселесі де бірінші кезекте тұрды. Сол жылдардан бастап бірнеше қоғамдық іс-шаралар атқарылып, бірнеше бағдарламалар, қаулы, жарлықтар, заңдар дүниеге келді. Міне, егемендігімізге 26 жыл толғалы отыр. Бірақ тіл мәселесі төңірегіндегі саясат әлі де күшінде тұр. Өйткені қазақ тілін үйрену «қажеттілігі» осы уақыт ішінде толық шешімін таппай отыр.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан - 2050: қалыптасқан мемлекеттің жақсы саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында «Біз ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз» дей келе: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Бұл өзін қадірлейтін әрбір адам үшін де дербес шешуге тиіс міндет болу керек» - деген болатын. Осы жоғарыдан қойылған талапты төменгі билік орындағылар, әр адамға, мейлі ол қарапайым үй шаруасындағы әйел, аула сыпырушы, жұмысшы, мұғалім, дәрігер, экономист, заңгер, шенеулік болсын орындататындай әрекет жасаса ғана мемлекеттік тілдің позициясын нығайту жұмысының нәтижесі көрінер еді. Осы аталған маман иелері тіл мәселесімен айналысу тек жоғарғы органдардың немесе тіл мамандарының ісі деп қарап, қазақша сөйлеуге мән бермейді. Бұны мына деректер дәлелдеп отыр. Соңғы санақ бойынша, Қазақстан халқының 93,5% - ы өз ұлтының тілін – ана тілі деп санайды. Ал, 74% - ы қазақ тілінде ауызша сөйлей алады, түсінеді. Сонымен қатар, 94,5% - ы орыс тілді болса, 15,4% - ы ағылшын тілін толық меңгергендер. Демек, 130 - дан астам ұлт пен ұлысқа қызмет етіп отырған еліміздегі орыс тілінің қазығы әлі де мықты деген сөз. 26 жыл бойына жүргізілген тіл саясатының қорытындысы осындай. Бұл статистикаға қарап, «Үш тұғырлы тіл» саясатын жүргізудің нақты уақыты екені, темірді қызған кезінде соғу керек екені айдан анық.

Қазақ халқы өз елінің шапшаң дамып келе жатқанын ана тілінің даму деңгейінен көргісі келеді. Қазақ деген мемлекет

құрған қазақтың мемлекеттік тілі өзінің, қала берді, өзге ұлыстардың, елдің игілігіне айналса, ана тілінің даму деңгейі жоғары болады. Мысалы: Күнделікті өмірде көріп жүргеніміздей, қазақ ауылында тәрбиеленген, қазақ мектебін бітірген, жоғары оқу орнын қазақша оқыған кез келген қазақ орыстармен еркін қарым-қатынас жасай алады. Олар орыс тілін қалай үйренді?! Қажеттіліктен. Ол қалаға барса, орысша білу керек, кез келген құжат рәсімдесе, орысша білу керек, ақпарат орысша, теледидардан орысша бағдарлама көреді. Сол қазағымыз бірнеше арналардан тек орыс тілді бағдарламаларды ғана көріп отырады. Себебі, қазақ тіліндегі бағдарламалар оларды қызықтырмайды. Тіпті 4 - 6 жастағы қазақ бүлдіршіндері күнде қарағандықтан, орысша мультфильмдерді түсініп көріп отырады.

«Үш тұғырлы тіл» саясаты Қазақстанның дамыған өркениетті 30 елдің қатарына қосылу және елімізге қажетті, үш тілді меңгерген, кез келген жерден ақпарат ала алатын, өз ісінің білгірі, бүкіл әлем бойынша коммуникацияға түсіп, жер бетінің кез келген нүктесінде бизнес жасайтын кадрлар дайындау мақсатында жүргізіліп отыр. Міне, басты қажеттілік. Бірақ «Үш тұғырлы тіл» мәселесін халық дұрыс түсінбей, алаңдаушылық туып отыр.

Халықтың алаңдауынын себебі – жоғарыдағы іс - шаралардың орындалмауынан. Әлемдегі саяси аренада өз беделі бар, бүкіл әлемді бақылауға алып отырған БҰҰ - ның бас хатшысы Пан Ги Мун үлкен құрметпен қарайтын, жер жүзінде алғашқы өз еркімен ядролық қарудан бас тартқан, бейбітшілікті сүйетін және белсенді насихаттап жүрген үлкен тұлға, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» - деген қатаң ескертуінен кейін қазақ тілінің қажет екенін түсінбеу, дамытпау, күмәндану, күдік іздеу бізге, халыққа сын. Қалған жерде осы стратегияны, осы саясатты дұрыс жүргізіп, жарқын болашақта нәтижесінің оң болуын қамтамасыз етуіміз керек. Мысалы: орыс тілі мен ағылшын тілін оқытатын мұғалімдер міндетті түрде қазақ тілін, яғни мемлекеттік тілді өте жақсы білуі тиіс. Ал қазақ тілі мен әдебиетті оқытатын сауатсыз, қазақ тілінің грамматикасын өзі білмейтін, екі ауыз сөзді құрап айта алмайтын қазақ тілі мамандарын мектептен, балабақшадан, жоғары оқу орнынан мүлдем аластату керек. Олар тек қатаң тексеру арқылы ғана жұмысқа қабылданса, қазақ тілінің рөлі артады.

Ал орыс мектептерінде қазақ тілін меңгерту деңгейі қандай?! Бұл – өз алдына бөлек әңгіме. Қазақ жерінде туып өссе де, мектепте 11 жыл бойына қазақ тілін оқыған өзге ұлт өкілдері, қала берді, өз қандастарымыз мемлекеттік тілді меңгеруге неге құлықсыз деген ой баршамызды мазалайды. Тіл үйренбеудің бірнеше себебін санамалап айтуға болады:

1. Тіл мамандары оқушыларға тиісті талап қоя алмауында, яғни, сабағын қазақша жүргізген мұғалім сабақтан тыс уақытта сол оқушылармен өзі орыс тілінде сөйлеседі. Тіл маманы өзімен кез келген уақытта қазақ тілінде сөйлеуін талап ету керек.

2. Мектепте қазақ тілін деңгейлеп оқытуға ден қоюдың қажеттігі.

Сыныптағы оқушылардың тіл меңгеру деңгейлері әр түрлі болған-дықтан балалардың білімі салыстырылып бағаланады да, білмейтін бала білетін баланың көлеңкесінде қала береді. Егер мектепте де әдемдік тіл меңгертудің 6 деңгейін (А1 күнкөріс деңгейі, А2 естігенін түсініп, өмірдің негізгі салалары бойынша пікір алмаса алуы; В1 таныс тақырыптарды дұрыс түсініп, өзіне таныс жағдайлар туралы ой білдіруі, В2 нақты немесе абстрактылы тақырыптағы қиын мәтіндердің мазмұнын түсініп, өзінің мамандық саласы бойынша әңгімені қолдай білу; С1 түрлі тақырыптағы күрделі, ұзақ мәтіндерді, ондағы айтылған жасырын ойды түсініп, еркін еш қиындықсыз түсінісе алуы, С2 барлық айтылған және естілгенді толық түсініп, еркін сөйлесе алу) қолданып оқытса, баланың да қызығушылығы артып, өз деңгейінің алды болуға ұмтылар еді. Яғни, мектепте бір сыныптағы қазақ тілі сабағын барлық параллель сыныпта бір уақытта қойса, сол сыныптың тіл меңгеру деңгейі шамалас оқушылары бір - бірімен аралас отырып тіл үйреніп, қазақ тілін меңгеру деңгейі де әлде қайда жоғары болар еді. Мысал үшін барлық 5 - сыныптарда қазақ тілі сабақтарын аптаның дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндеріне екінші сабаққа қойса, 5 а,б,в сыныптарының балалары өздері деңгейлестермен қатар тіл үйрену мүмкіндігіне ие болады.

3. Мектеп мұғалімдеріне басшылық пен ата - ананың қысымы. Басқа сабақтардан жоғары баға алған оқушы қазақ тілінен төмен көрсеткіш көрсетсе де, көтермелеп «4», «5» деген бағаның қойылуы. Ол үшін мұғалім әр сыныпта бала нені меңгеріп шығу керек екенінің өлшемін және оны қандай дәрежеде

меңгергеніне бағалау өлшемін жасап, жылдың басында оқушыларды сол талаптарымен таныстырып қояр болса, «баламды төмен бағаладың, дұрыс бағаламадың» деген ата-анаға берер жауабы да дайын болған болар еді.

Қазақ тілін білудің келесі қажеттілігі – қазақ тілі барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болу керектігі. Ол үшін қазақ тілін өз ұрпағымыздың тілі ретінде қалыптастыру мәселесі тұр.

Неге десеңіз, қазақтардың өз ана тілін біліп - білмеуі біркелкі емес, тіл білу жағынан бірнеше топқа бөлінеді.

− қазақ тілін ана тілі дәрежесінде білетіндер;

− қазақ тілін екінші тіл ретінде білетіндер;

−сөйлеу тілінде қиналып, орысша араластырып сөйлейтіндер;

− қазақ тілінен бейхабар, мүлдем білмейтіндер;

− қазақ тілін білсе де, ресми орындарда сөйлемейтіндер;

− сөйлесе де қазақ тілінің тағдырына немқұрайлы қарайтындар;

− білу міндетті емес дейтін халық қалаулылары (ақын, ғалым, әкім-қаралар)

Осы жеті топтың 5 - уі қазақ тілін қажетсінбейтіндер. Соңғы 5 топ алдыңғы 2 топтың қатарына қосылса ғана қазақ тілінің қажеттілігі сезілер еді.

Қазақ тілінің тағы бір қажеттілігі – еркін ұлт жасақтау. Елбасымыз: «Еркін ұлт болу – негізгі бағыт, ендеше еркін ұлт болу үшін оның белгілі дәрежеде тілдік сана - сезімі болуы шарт, ана тілінен безген, өзге тілге телмірген ұлт ешқашан еркін бола алмайды» деген.

Осыған сәйкес Қазақстандағы өзге ұлт өкілдері де өз тілімен қатар мемлекеттік тілді меңгеріп, қостілді болуы шарт. Бұл – әлеуметтік сұраныс, өзге ұлт өкілдері осыны сезінуі қажет.

Қазақ тілін қажеттілікке айналдырудың келесі жолы – қазақ тілін білуді талап ету, оны кәсіби талап деп өзгеге ұғындыру, өзіміз ұғыну. Мысалы, өткен ғасырдың 20 - жылдарындағыдай әр маман иесіне қазақ тілін білу кәсіби талабы қойылса, қазақ тілін білдіру арқылы басқа ұлт өкілдерінің де кәсіби қызмет бабында өсуіне жағдай туғызуға болар еді.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамытумен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы міндеттерінің бірі – мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру және мемлекеттік тілге сұранысты арттыру. Нысаналы индикаторлар бойынша мемлекеттік тілді меңгерген ересек

тұрғындардың үлесі кезең - кезеңмен 2014 жылы 20% - ға, 2017 жылы – 80% - ға, 2020 жылы – 95% - ға жетсе, қазақ тілінің қажеттілігі іске асады. Біз осыған сенімдіміз.

Әдебиеттер:

1. “Тіл туралы”, “Білім туралы” Қазақстан Республикасының Заңдары мен “Қазақстан - 2050” Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты Қазақстан халқына жолдауы

2. “Шетел тілдерін деңгейлеп меңгертудің еуропалық жүйесінде” белгіленген тілді игерудің 6 деңгейі мен олардың сипаттары Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Қадырғалиев Ж.Д.,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, Орал қаласы

Аңдатпа. Білім беру үрдісінде болашақ мамандарды оқытуда жаңа ақпараттық-коммуникатиивтік технологияны қолданудың тиімділігі және оны іс-жүзінде қолданудың алғы шарттары жөнінде айтылған.

Түйін сөздер: жаңа технология, оқу үдерісі, тренинг, ақпарат.

Аннотация. В данной статье говорится об использовании новых информационных технологий в подготовке будущих специалистов. Показана важность новых технологий в век информации.

Ключевые слова: новая технология, учебный процесс, тренинг, информация.

Annotation. This article talks about using new technologies in training future specialists. Also, new technologies in our information century plays an important role.

Key words: new technology, educational process, training, information.

Қазіргі қоғамның даму қарқыны білім берудің міндеттерін қайта қарауды талап етуде. Тұлғаны қалыптастыру, оның шығармашылық

даралығын дамыту, студенттің бар мүмкіншілігін ашып, оны жүзеге асыру – бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты. Білім беру мазмұнының жаңартылуы, білімнің ізгілікті сипатқа ие болуы, оқыту мен тәрбиенің жоғарғы мәніне тұлғаны көтеру, танымдық іс-әрекеттерді жаңаша түсіндіру – міне, осы айтылғандардың барлығы білім берудегі жаңа қөзқарастарды технологиялық деңгейге көтеруді талап етеді.

Осы күрделі міндеттерді шешуде жаңа ақпараттық технологияларды қолданумен оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру өте өзекті мәселе болып табылады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет», деп Елбасы атап көрсеткеніндей, ақпараттық-қатынастық технологияларды қолдана отырып орыс топтарына қазақ тілінен сабақ беру – жаңа білім берудің бірден – бір шарты десек те болады.

Оқу үдерісінде компьютерді тиімді пайдалану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беруде. Атап айтсақ, студенттердің өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын дамытуға, оқу әрекетінің мәдениетін қалыптастыруға, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше жағдай туғызып отыр.

Тіл үйрету сабақтарында ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігін көрсету үшін ең алдымен «Қазақ тілін үйретуде қандай жағдайда компьютер қолданылады?» деген сұраққа жауап берейік.

Лексикалық және грамматикалық тақырыптарды таныстыруды (презентацияларды) әзірлеу үшін;

Студенттердің білімін тест арқылы тексеру үшін;

Аудио, бейнематериалдарды қолдану үшін;

Ақпарат көзі ретінде Интернеттің анықтамалық мүмкіндіктерін пайдалану үшін;

ON - LINE тәртібінде қашықтықтан оқыту сабақтарын өткізу үшін;

Түрлі жобалар құру үшін қолданылады.

Ақпараттық коммуникациялық технология әдістерін дәстүрлі әдістермен ұштастыра жаңаша сабақ түрлерін өткізе бастағанымда өзім де, студенттерім де пәнге деген қызығушылықтың жаңа бір белесіне шыққандай болдық.

Мультимедиялық кабинетте өткізілетін сабактардың негізгі артықшылықтары - бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз

жұмысының нәтижесін көріп, өз - өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді.

Экрандағы сөздердің қимыл - қозғалысы, түрлі - түсті графикалық бейнелер, аудиовизуалды көрнекіліктер, бейнеқатар, бейнефильм, диктордың даусы – мұның барлығы тіл үйренушінің қызығушылығын тудырып, сабақтағы белсенділігін арттырады. Көрнекі ұсынылған материал орыс тілді студенттердің «тілін ағытып », қазақша қорқынышсыз сөйлеуіне түрткі болады.

Біріншіден, электрондық оқулықтағы лексикалық тақырыптарды студенттер тыңдайды, қайталайды, тыңдап отырып өз бетінше диктант жазады, сөз тіркесін құрап, қатемен жұмыс түрлерін орындайды. Екіншіден, проблемалық сұрақтар кою, оның жауабын жеке өзі, соңынан жұппен, топта талқылау арқылы шешімін тапса, бұл олардың тілін ағытудың, қабілетін әрі шығармашылығын дамытудың, қабілетін әрі басты бір жолы болып табылады. Үшіншіден, мұғалім көрнекілік жасап жатпайды. Студенттер өзі де көрнеліктерді MS POWER POINT бағдарламасының көмегімен презентация түрінде дайындап әкеліп, сол такырып бойынша қорғайды. Әрине, мұндай тіл дамыту жұмыстарын дәстүрлі әдістермен де орындаймыз. Алайда мультимедиялық кабинетте өтетін сабақтағы студенттердің оқу сапасы да жоғары, сабаққа деген мотивациясы да жоғары болуы – қазіргі заман білімгерінің танымалдылық, шығармашылық қабілетін дамытудың тура жолының бірі - ақпараттық коммуникациялық технологиялар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Оқытуда мультимедиа құралдарын қолдану дидактиканың негізгі қағидаларын кешенді түрде іске асыру үшін өте қолайлы.

Осы айтылғандарға орай қазіргі уақытта біздің университеттің оқытушыларына қазақ тілі сабақтарын мультимедиялық кабинетте оқыту мүмкіндіктері беріліп отырғандығын мақтанышпен атап өткім келеді. Сол сияқты университет Интернет жүйесіне қосылғандықтан, сабаққа қажетті материалдарды дайындау мүмкіндіктеріміз де едәуір артып отыр.

Орыс тілді топтарда қазақ тілін оқытуда студенттердің сөйлесім әрекетінін түрлері бойынша тілдік және коммуникативтік дағдылары мен біліктерін мультимедиялық бағдарламаны қолдану арқылы тиімді қалыптастырып, дамытуға болады. Сабақтың тілдік дағдылары жетілдіру кезеңінде студенттердің танымдық қызметтін олардың мультимедиялық

бағдарламамен өзіндік жұмысы ретінде ұйымдастыру арқылы тындалымдық, айтылымдық, оқылымдық, жазылымдық дағдыларын жетілдіруге болады.

Мультимедиялық оқыту өзінің икемділігімен және жан - жақтылығымен де тиімді: оқытуды әртүрлі формада (өз бетінше, мұғалімнің басшылығымен) ұйымдастырудың, тіл үйренушінің тілді меңгеру деңгейі мен жеке қызығушылықтарын, ерекшеліктерін ескере оқыту мүмкіндігі зор.

Тіл үйренуші үшін ең жаксы жазылған дәстүрлі оқулыққа қарағанда мультимедиялық оқу бағдарламалары мен электрондық оқу құралдары арқылы тілді меңгеру әрі қызықты, әрі ыңғайлы. Әрине, мультимедиялық оқу бағдармаларының, электронды оқу құралдарының сапасы туралы бөлек әңгіме жүргізуге болар еді, сондай-ақ мультимедиялық оқыту жағдайындағы оқытушының рөлін де жоққа шығаруға болмайды. Тілді мультимедиялық оқытуда мультимедиялық оқу бағдарламаларының сапасы, олардың оқу мақсаттарына сәйкестігі, оқу үдерісінде (дәрісханада, дәрісханадан тыс), сабақта мультимедиялық бағдарламаны қолданудың кезеңдерін, оқытушының рөлін аныктау мәселелері өте маңызды.

Тыңдалымдық біліктер оқушылардың есту арқылы қабылдаған ақпаратын (хабарды) түсінуін, ойша қорытып білуін, талдап, жіктей алуын, өзінің жауап әрекетін құра білуін қамтамасыз етеді. Бастауыш топтардағы қазақ тілі сабақтарында біз негізінен компьютерлерде орнатылған Бектұровтың аудио - курсын пайдаланамыз. Сабақтың мультимедиялық бағдарламасыз өткізілетін кезеңінде оқушылардың тыңдамалық біліктерін дамытуды ұйымдастыру үшін мынадай әдіс - тәсілдер қолданылды: оқытуды ұйымдастырудың ұжымдық (топтық, жұптық) әдісі, диалог әдісі, полилог, т.б. Бұл кезеңдегі студенттерге тыңдауға ұсынылатын мәтін мультимедиялық бағдарламадағы мәтінге байланысты таңдалып алынды және ол диалогтық сипатта болып, аудиотаспадан тыңдатылады. Бұдаң соң тілдік топтарына (жұптарына) тыңдалған мәтінді түсініп-қабылдауға байланысты орындалатын жұмыстар түрлендіріп берілді. Коммуникативтік дағдыларды үйретіп, бекіту үшін жиі театрланған ойындар, сахналық көріністер, ойын жағдаяттары қолданылады. Мысалы, «Емханада» тақырыбын өткен кезде дәрігердің, ауырып қалған студенттің, оның ата - анасының,

досының рөлдері бөлініп, оларға дайындыққа аздап уақыт беріледі, содан соң олар «Денсаулық» тақырыбында сахналық көрініс көрсетеді, бұл жерде полилог қолданылады. Жұмысты студенттер топта (жұпта) өзара ақылдаса, ойласа отырып орындайды. Жұмысты осылайша орындау арқылы студенттер, біріншіден, бір - бірімен өзара әрекет етіп, коммуникативтік қарым-қатынасқа түседі; екіншіден, бірінің білмегенін бірі толықтыра отырып, бір-бірінен үйренеді; үшіншіден, топтасып, ұжымдасып жұмыс жасауға үйренеді. Топтағы (жұптағы) жұмыс барысында берілген мәтін мазмұнын талдау, саралау, жіктеу негізінде ойлау операциялары орындалып, нәтижесінде мәтін мазмұнын түсініп - қабылдау жүзеге асырылады.

Мультимедиялық кабинетте компьютерлерді пайдалану арқылы әр тарауды аяқтағанда немесе жаңа сабақты бекіткен кезде студенттердің білімін тестілер арқылы тексеруге болады. Бұл жағдайда барлық студенттерден бір уақытта жауап алуға мүмкіндік туады. Осындай жүйе тұйық немесе білімі нашар студенттердің өз бетімен еркін жұмыс істеуіне, сөйтіп, оқу үдерісінің тиімді ұйымдастырылуына оң әсерін тигізеді. Мультимедиялық кабинеттің мүмкіндіктерін сабақта қолдану мұғалімнің уақытын үнемдеп, студенттерді қазақ тілін білуге қызықтыра түседі.

Сонымен қатар нәтижелермен сол сәтте таныстыруға болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылап, «Ақпараттық технологияларды қолдану студентке не береді?» деген сұраққа жауап беретін болсақ, оның:

Оқуға деген қызығушылығы артады;

Қайталау, білімін бекіту мүмкіндігі кеңейеді;

Ғылыми зерттеу жұмысымен айналасуға икемдігі артады;

Орындаған жұмысының нәтижесін бірден көру мүмкіндігі болады, - дейтін едік.

Ал «Ақпараттық технологияларды қолдану оқытушыға не береді?» деген сұраққа жауап тұжырымдайтын болсақ, мыналарды атап өтуге болады.

Сабақтың сыйымдылығы артады;

Студенттердің білім сапасы көтеріледі;

Оқытушы әдістемесін түрлендіруге мүмкіндік туады.

Ғылыми зерттеулерде оқу материалын меңгерудің сапасы мен нәтижесі ақпараттарды алудың тәсілдері мен оқушының

белсенділігінің деңгейіне тікелей байланысты екендігі айтылып жүр: оқу үдерісінде оқушы оқыған материалының 10% - ын, естігенінің 20% - ын, көргенінің 30% - ын, ал өзі жасағанының 90% - ын меңгереді екен. Қазіргі заманғы мультимедианың орасан зор мүмкіндіктерін ұтымды пайдалану нәтижесінде оқыту үдерісінде қажетті ақпараттарды осы айтылған тәсілдердің барлығы арқылы бір мезетте алуға болады.

Компьютерлік технологиялардың білім беру мүмкіндіктерін кеңейтетін тағы бір мысалы – бұл әдіс - тәсілдің қашықтықтан оқытуда қолданылуын атап көрсетуге болады. Біздің университет республикада алғашқылардың бірі болып, қашықтықтан оқыту технологиясын жүзеге асыра бастаған еді. Басқа пәндердің қатарында біз де қазақ тілі сабақтарын осы жүйеде оқыту мүмкіндіктерін пайдалануға талпыныс жасадық. Қашықтықтан оқытудың білімгерлер үшін бірқатар артықшылықтары бар: біріншіден, еркін оқу кестесі оларға өз уақытын барымша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді; екіншіден, олар тіл үйрену қарқынын өздері таңдайды, яғни өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сай оқиды, т.б. Осы жайттарға байланысты аталмыш жүйеде білім алатын студенттердің саны барған сайын артады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы ерекше.

Әдебиеттер:

1. Төлеубекова А.Т «Ақпаратты қатынас технологияларды қолдану арқылы қазақ тілі және қазақ әдебиет сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды басқару» // Білімді ақпараттандыру – өзекті мәселе А, 2008ж 4 - 5б.

2. Жұмабаева А.М, Мырзалиева А.М «Қазақ тілін оқытуда интерактивті жүйелерді қолдану». «ҚР жоғары және жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру жүйесіндегі білімнің дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламаның 2005 - 2010 жылдарда жүзеге асуы туралы» Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары 2005ж 2б.

3. Түмебаев.Ж «Ғылыми - техникалық серпіліс арқылы интеллектуалды ұлт бола аламыз» / Егемен Қазақстан, 11.11.2009ж./

КӘДІРБЕК СЕГІЗБАЕВТЫҢ «БЕЛАСҚАН» РОМАНЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТ ҮЛГІЛЕРІНІҢ КӨРІНІСІ

Суйншева Н.А.,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 1-курс магистранты, Орал қаласы
nsuynsheva@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада Кәдірбек Сегізбаевтың «Беласқан» романында көрініс тапқан дәстүрлі мәдениет үлгілері туралы сөз қозғалады. Қаламгер шығармасынан қазақ мәдениетіне, қазақ халқының өміріне қатысты салт - дәстүрлердің, әдет - ғұрыптардың, ұлттық ерекшеліктердің көптеп кездесетіндігі мысалдар негізінде айқындалды.

Түйінді сөздер: дәстүрлі мәдениет, салт-дәстүр, этнографизм, ұлттық ерекшеліктер, көркем шығарма, роман жанры, ұлттық болмыс.

Аннотация: В статье рассматривается традиционные культурные примеры в романе Кадирбека Сегизбаева «Беласкан». Используемые примеры из проиведения описивают казахскую культуру, казахские обычей, и национальное особенности казахского народа.

Ключевые слова: традиционная культура, обычай, этнографизм, национальные особенности, художественное пройзведение, жанр роман, национальный образ

Annotation: The article deals with the novel by kadyrbek Segizbaev «Belaskan» - the problems of Kazakh traditions and national ways of life

Key words: culture tradition, ethnography, national specific, artistic composition.

XXI ғасырда көркем әдебиетіміз тәуелсіздіктің туын алғашқы жылдар табысына арқа сүйей отырып, тарихымыздың олқылық орындарын толтыра түскені белгілі. XXI ғасыр қарсаңында қазақ тарихи романы ұлтының өткен-кеткені жайлы нағыз уыз шындықты қара қылды қақ жарғандай етіп суреттей бастағаны баршаға мәлім. Міне, бұл елеулі үрдістен дүниеге тәуелсіздік көзімен қарайтын жаңа әдебиеттің пайда болғанын білеміз. XXI ғасырдың басындағы қазақ романдары хакім Абай қалыптастырған, одан кейінгі толқын қаламгерлер жалғастыра дамытқан эпикалық шығармашылық дәстүрдің көркемдік жалғастығын танытқаны мәлім.

Қазіргі қазақ романдары ұлттық және жалпы әлемдік әдеби үрдіс қозғалысы жүйесіндегі шығармашылық еңбек нәтижелері. Қазақ

тарихының кезеңдерін қамтыған алдыңғы толқын суреткерлер ізімен кесек туындылар жазған кейінгі толқын қаламгерлер шоғыры қазіргі қазақ оқырмандарының ұлттық-тарихи санасын оятуға, жаңаша қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

«Қазақ әдебиетінің соңғы онжылдықта жарық көріп жатқан көрнекті көркем туындылары – ұлттық санамыздағы көркем ойлаудың көрсеткіштері. Әдеби шығармалар мен ғылыми зерттеулердің мыңжылдықтар белестерінде қалыптасқан қазақ өркениетін танытатын тарихи-мәдени құндылықтардың барлығын да шынайы болмысымен толық қамту аясында жазылып жатқандығы байқалады» деген болатын [1, 266 б.].

XXI ғасырдағы жазылған шығармаларды алып қарайтын болсақ, қазақтың ұлттық нақышқа бай мәдениет үлгілері кездеседі.

Қазақ халқының ежелгі дәстүрлері, ертеден келе жатқан ас беру, жоқтау айтып, көрісу, сүйінші, жас сәбиді бесікке салу, үйлену, қыз айттыру т.б дәстүрлер Кәдірбек Сегізбаевтың «Беласқан» романында қанық бояумен суреттеледі.

«Беласқан» романы кешелері қазақ сахарасы басынан кешкен жаугершілік заманның зар-мұңын, тағдырлары тәлкіге түскен адамдардың қилы өмір-тіршілігін, кісілікті іс-әрекетімен, ел - жұртына жанашырлығымен есімдері ел есінде сақталған батырлар мен билер, солардың төңірегіндегі қарапайым жұртшылықтың ғұмырнамасын баяндап, сыр шершететін шоқтығы биік шығарма» деген болатын. [2:http]

Бұл романның тағы бір ерекшелігі ұлтымыздың бүгінде көңілден өшіп, көзден тасалана бастаған дәстүр - салтын, әдет - ғұрпын тірілтіп, сол кезеңнің келбетін көркем суретпен баяндап берді.. Сонау ерте заманнан - ақ халқымыз өз салт - дәстүрін берік ұстаған. Ғасырлар бойы жинақталған салт - дәстүр кейінгі ұрпаққа мұра болып қалуы үшін айрықша мән берген шығарманың басталуынан-ақ ата-бабамыздың қонақжайлық қасиеті көрінеді.

« - Армысыз, алдияр!» - деп нақыштады қонақ.

- Бар бол! Төрге шық!

Сөйткенше ақ бауырсағы мен құрт - ірімшігі мол төгілген дастархан әкеліп жайылды, қас пен көздің арасында кішігірім той мәзіретін даяр қылды» [4:20 б.]

Үйіне келген қонағын сыйлап, төрге отырғызып, дастархан жаю салтымызда бар. Қонаққа бар сый - сияпатын жасап, төрге шығарып, батасын беру шығармада да айшықты бейнеленген.

Романнан бесікке салуға қатысты үзінді келтірсек:

*«Әңгіме-дүкен, әзіл - қалжыңмен отырып, шай ішіліп, ет желінді. Сонан соң **шілдехана** өткізудің дәстүрлік жағының билігін өз қолына алған Күлімхан: - Ал, қайын сіңілім - деген Сайынның келіншегі Мақпалға қарап: - Бесікті әкеліңдер. Бүгін **«тыштымасын»** жасап, батырды **бесікке бөлейік**. **Ат қоюды** ертең аталарына қалдырайық. Ол кісілердің алдын орағанымыз жараспас. Ән - күй, ойын - сауық, жастар, сендердің еншілеріңде.*

*Сайын баяғы Құлжабек шебердің қолынан шыққан әдемі бесікті әкеліп ортаға қойды. Күлімхан болса, сом күмістен соқтырған қос үзбе білезігін сыңғыр қақтырып, әкеліп қойған бесікті «Ағузу бәллаһі мәніш шайтанір-ражим Бисмиллаһір - Рахманір - Рахим, мәбиім сені тал бесігіңе салар менің қолым емес құрсағы құтты пір Фатимадан бастап, барша аналардың қолы болғай» деп, өзіне жақындатып алып, алдымен кепкен алдыраспан, қылшаның бір - бір жіліншігін тұтатып, **аластай бастады**:*

- Алас, алас!
Бәле-қала қалас,
Тал бесігім жайлы бол,
Нәрестеме сайлы бол!
Әрдайым құдайым қолдасын!
Әулие әнбиелер болсын жолдасың!
Тілден, көзден сақтасын!» [4:274 б.].

Бұл үзіндіден халық дәстүрінде аластаудың өзіндік орны бар екенін байқаймыз.

Сонымен қатар романнан сәби туылғанда ат қою, иткөйлегін кигізу, тыштырмасын жасау, бесік жырын айту сияқты дәстүрлерді кездестіре отырып, халқымыздың мұндай жайттарға немқұрайлы қарамағанын көреміз. «Тыштырма қазақ халқының көне дәстүрлерінің бірі. Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп «тышты, тышты» деп ырым жасайды және оны **«тыштырма»** деп атайды.» [4:68б.] «Тыштырманы» әйелдер ырымдап бөлісіп алып, бала - шағаларына үлестіріп береді. Ал **иткөйлек** сәбидің қырқынан шығарылғанша киетін көйлегі. Сәбидің денесіне батпауы үшін тігісі сыртына қаратылып, жөрмелеп, іліп қана тігіледі. Иткөйлек атының шығуы халық итті жеті қазынаның бірі деп бағалауында. Сонымен бірге «баламыз көп болсын», «қиындыққа берік болсын» деген ырымдар да бар. Қазақта «итжанды» деген сөз оның

беріктігі мен төзімділігін айтқан [4: 70 б.] Бұл дәстүрлерді романның мына жолдарынан айқын көреміз.

*«Ол сонан соң бесіктің басына шоқпардай үкі, аяқ жағына аюдың тұяқтары тізілген тұмар - алқа тақты. Алдын – ала түбектегі ойылған бірнеше қабат киіз төсеніш, көрпешесін баппен салып, оюлап сырған қолбау, тартпа бауларды тақты. Ең үстінен көгілдір масаты жамылғысын жауып болды да: «**Ал тыштырмаларыңды**» әкеліндер» деген Мақпалға. Ағаш тегешке толтырыла салынған құрт ірімшік, шақпақ қант бүгінгі дастархан мәзірінде мол болса да, жастар жағы бесікті айнала жүрелей отырысып, масаты жамылғының астына түбектің ойығына қарай қолдарын жүгіртіскен.*

- Әр қайсыңның үйінде шілдехана болсын, ұрпақтарың ұзарсын дегеннен шыққан салт қой. Ырымдап «тыштымадан» қалталарыға салып алыңдар. Үйленген, үйленетін достарыңа жақсы тілекпен бересіндер...

*- Қане, баламызды әкеліндер, құтты мекеніне қондырайық, - деп ол сәбидің құндағын шешті де оған өзі әкелген **иткөйлегін** кигізіп бөлеген соң масаты жамылғының үстіне қойылған орамалдан бастап, көйлектік кездемеге дейінгі таза заттарды отырғандарға таратып берген Күлімхан былай деді: - Қане, домбыра тартар қайсың бар, **«Бесік жырын»** айтамыз. Дәл осылай **«Бесік жыры»** басталып кетті.*

-Балақай, өсіп жетерсің,
Алысқа ұшып кетерсің.
Сан белестен өтерсің,
Есен-сау болшы әйтеуір!
Әлди бөпем, әлди-ай!

-Айтқаныңыз келсін, әумин! - десті көпшілік. [4:276 б.]

Қазақ халқының бесік жырын айтуындағы ниеті бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан жүйесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіру. Қазақ халқының салт - дәстүрінен нақты мағлұмат беретін мұндай суреттер шығарманың бойында молынан ұшырасады.

Жазушы романында қыз айттыра келген құдаларды күтіп алу салтынан бастап алғаш есік көре келген күйеуге қатысты **шаш сипар** рәсімі, күйеу жігіттің айттырылған қалыңдығымен танысу үшін қайын жұртына ең алғаш бару сапары **ұрынбару**, қалыңмалдың құрамдас бір бөлігі ретінде күйеудің қалындық анасына арнайы беретін **сүтақысы**,

құдалар өзара ымыраға келген соң, **үкі тағу** дәстүрі қызықты әрі тартымды бейнеленген.

«Жаңа табысып, құдай дескен құдалар тағы да бір - екі күн аялдап, ***құйрық - бауыр жесісіп*** *дегендей, шағын бір той жасағандай ауыл елге құдалықтың батасын жасау рәсімін өткізіп барып, түс ауа әрең қоштасты. Тастайдың жанына ерген үш - төрт нөкері қымызға қызара бөртісіп, «құда - құда» десіп, аттарына әрең мінді. Мол сый - сияпатпен, тарту-таралғымен аттанған Тастайдың соңынан іле - шала қалыңның басы болып саналар «бас жақсы» - құндағын күміспен күптеген түзу мылтық, ақ сауыт, жүйрік ат, бір түйені алдыға салған «бес жиырма» атанған үйір - үйір жылқы айдалып, жоралғының алды Алтай асқан.* ***Қыз көру, үкі тағу*** *сияқты күйеу жігіттің жолдастарымен* ***ұрын бару сапары****, одан кейінгі біраз кәдесімен Қаражан бәйбішенің аттанысы басталған істі жедел ширатып, бұрылмастай, бұлтартпастай күйге жеткізген. Әр сапар сайын бірде* ***«қол ұстатар»*** *деп, бірде* ***«әлу»*** *деп, бірде* ***«сүтақы»*** *деп, бірде* ***«тоймал»*** *деп бағалы заттар мен айдаған мал кәдеге келіп жатты.[4:31б.]* Осы берілген үзінділердің өзінде қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін танытатын белгілер тұнып тұр. Бұл қаймағы бұзылмаған ұлттық үрдісіміздің бір қыры. Бұлардың барлығы біздің жанымызға жақын, ұлттық болмысымызға тән әдемі суреттер. Жоғарыда айтылған дәстүрлерден бөлек, қазақ халқындағы сүйінші хабар жеткізу, бата-тілек білдіру дәстүрлері шығарманың шырайын ашқандай.

«- Уа, Байшуақ! - деді шыңылыр дауыс. - ***Сүйінші,*** *айналайын!*

- ***Сүйіншіге*** *қалағаныңызды алыңыз, көке! Қуатым - ай, азаматтығын күшімен ақтап келген екен ғой! Баратым, менің жалғыз тірегім келді ғой, ә?! Айтшы, көкетай, солай ғой, ә?» [4:320 б.]*

Мұндайда қазақ қуанышты хабар жеткізушіге «қалағаныңды ал» дейді. Бұл шын қуанудың, ризалықтың белгісі. *[5:194 б.] Ал, бата* - қазақта ақ тілеудің белгісі. Ол кез келген жерде айтыла бермейтін қасиетті ұғым.

«Менің батам да, тілегім де екеулеріннің үстінде ғой. Би аталарыңа соғып, батасын алыңдар. «Садақтан шошынған құс ағашты ашасына қонбас» деген. Өмірлеріңді өздеріне сабақ етесіңдер!

Түн ішінде барып оятқан Саян би де бұлардың бүгінгі хал - күйлерін, ендігі бағыттарын білген соң бір ауыз қарсылық білдірмей, батасын берген.

Алыс - жақынға жолдай гөр, Алла!
Қос арысымды қолдай гөр, Алла,
Қиянды жолда қисайтпай
Сапарларын қолдай гөр, Алла! Әумин!» [4:78 б.]

Халқымыз жастайынан «жолың болсын», «бағың жансын» деген сөздерді құлағына құйып өскен әр ұрпақтың бағы жанған, жолы ашық болады деп санаған.

Сонымен қатар адам баласы Құдайдың алдында тең, бәрін бір Жаратушы жаратқан деген таным романда үстем. Дәлірек айтқанда, романдағы Байшуақ пен қазақ шаңырағына келін болып түскелі отырған Бағиланың некесін қияр сәтінде *Ахмет имам: «Мұсылман болу - ынта-ықыласымен Аллаға берілу, пайғамбарымыз Мұхаммедтің айтқандарына толық ілану, шариғат үкімдеріне түгелдей мойынсұну және біздің дініміздегі ең басты ғибраттар: Алладан басқа Құдайдың жоқтығына, Мұхаммед пайғамбардың оның елшісі екеніне сену, Құран Кәрімді оқып-түсіну, намаз оқып, дұға ету, Рамазан айында ораза ұстап, зекет беру, Меккеге қажылыққа барып, ізгілік амалдар істеу, адал жолмен ризық табу... Осының бәріне де ықтиярсың ба, балам,*

- Ықтиярмын,- деді Бағила шын пейілмен.

- Ниетің қабыл болсын, сауабы Алладан қайтсын, балам! – деп имам бетін сипағанда барлық отырғандар шын ықыластарымен бет сипасқан.» [4:259б.]

Мұсылманша некелесу – бірін-бірі сүйген жастардың Алла алдындағы ақ некелерін қиып, тату - тәтті ғұмыр кешуі мұсылман халқына ғана тән адамзаттық парыз.

Шығармада салт - дәстүрден өзге қазақ тұрмысындағы орны бөлек аңшылық, саятшылыққа қатысты қанжыға майлау, олжаны біреудің қанжығасына байлау, олжа салу сынды кәделер сөз болады.

«Ертеңіне - ақ Ошыржап қонақтарын аңға алып шығып, елін - жерін көрсетуге бейіл білдірген. Қонақтардың барлығы да әсіресе, Бөкей бастаған жастар жағы ет жеп, қымыз жата бергеннен де саятшылық жасап, сейілдеуге қуана келіскен. Екі күн саятшылықта көп қызыққа кенелді. Биікке бұрынырақ шығып орналасып алан садақшы мергендер дауылпазға ұқсас керген көнді ұғылап, дабыл қағар қағушыладан үркіп, қашқан үйір - үйір арқар - елік, бұғылардың біразын жусатып салған. Жартастың үңгірлеріне отырысып, құйқалақ жесіп, бір жырғап қалған.» [4:58 б.]

«Шіркін, құс салып, тазы жүгірткен қазақы саятшылыққа не жетсін!» [4:63б.] Табиғаттың тылсымын, құпия сырын терең

меңгерген халқымыз саятшылықты салауатты өмір салты секілді ұстанған. Бұлептілікті, табиғаттың қыр - сырын жете білуді, сондай - ақ құстарды ұстау мен баулудағы табандылықты талап етеді. Бұл тіршілік қамы ғана емес, бойға күш алу, әрі спорт ретінде қазақ даласында тым ерте дамыған.

Шығарманың желісіндегі халқымыздың бойындағы тұнып тұрған қасиеттердің үлгісін әсіресе романның «Ас» деп аталатын бөлімінен көреміз. Мұнда күллі қазақтың сол замандағы той - томалағы, ел анасы болған Қойбастай кейуананың артында аңыз боп қалған кісілікті қасиетін еске алып артында қалған ұрпақтарының жылы толып, ас беру салты туралы айтылады. «Бұл өмірден озған адамның дүниеден өткеніне жыл толғанда арнайы берілетін асы. Мұндағы мақсат еске алып, құран бағыштау. Жазмышқа мойын ұсынады да, өмірден өткен кісінің қадірін ілтипатпен еске алысады. Ас беру - осы ұғымды іс жүзінде орындаудың белгісі» [5:254б.] «*Жас демей, кәрі демей асқа жиналған топ Қойбас марқұмның қаралы үйіне қарай ағылады. Жиналған жұрт:*

-Қамбар төредей ұрпақ тәрбиелеген Қойбастың еңбегі жанды деген осы. Мұның бәрі марқұмның аруағы үшін келіп - кетері болмас. Мұның бәрі – тірілердің қамы. «Қойбастың асы өткен жер», «Қойбас зираты» деген сөздер де тірілерге, ұрпаққа қалған мирас. Жаңа ғана келіндері дауыс салып жылап жатыр. Қазақ мұны жылаудың соңы деп ырымдайды. Жыл өтіп, ас беріліп жатыр. Қаралы байрақ жығылды, қаралы күндер сол байрақпен бірге аяқталды, балаларым. Ас аяғы ойын - сауықпен жалғасады. Ол қуаныштың белгісі емес, қуанышты күндердің басы болсын деген тілек» [4:174-175 б.]

Құран оқылғаннан кейін той әрмен қарай түрлі ұлттық ойындармен жалғасады.

«*Түстен кейін қосын алып,* ***бәйгелер*** *жолға түспек. Әзірге жүз сексендей аттың шабатыны ғана белгілі. Жүйріктердің тізгінін тежер тұс Еспе өзенінің жағасы деп тұрмыз.*

- Одан әрі әр елден келген балуандар күресі басталып кеткен. Не бір алыптар,не бір алыптарды жығып жатты. Асты өткізудің басшылғын қолына алған Қасқақ Сарыдоңғалдың баурайын ***күрес, аударыспақ, жерден теңге алу, орамал алу*** *сияқты ойындар кезінде жұрттың жайлы отыруын ойлаған. Жаяу тойшылар доңғал биігіне көтеріліп, жайғасқан соң ойындар басталған» [4:175б.]* Одан соң келген қонаққа жоралғы болсын деген ниетпен:

- Шапан - шақпыт, алқа - жүзік сияқты ырымдар алыстан келген ағайынды, әр руды бір - бір төбе деп таратылады. Жақыннан, осы ауылдан келгендер де құр қалмасын деп, әр жерден айна - тарақ, қол орамал сияқты тарту - таралғылар үлестірілді.[4:173 б.]

Үш күнге созылған аста қатар тігілген ақ отаулар, саба - саба қымыз, асылған ет, жайылған текемет, төселген сырмақ, аламан бәйге, балуандар күресі, міне осының бәрі - бәрі – қазаққа ғана тән дәстүрлі мәдениет үлгілерінің көрінісі

Бұл бөлімнен де ас - өліге сауап, тірілерге салауат! Өткенге – құрмет, артында қалған ұрпаққа - ұлағат! Атамыз салған сара жол, қаза соңын сауыққа айналдырар дара жол екенін аңғарамыз.

Өз ұлтымыздың қадір-қасиетін, ой - өрісін танытатын салт - дәстүрлерімізге зор құрметпен қарауға үйрететін бұл шығармада қазақ халқының дәстүрлі мәдениет үлгілерін көптеп кездесетінін байқаймыз. Автор қазақ халқының басынан кешірген қилы кезеңдерін, елінен бел асып кетсе де, ұлттық болмысын, әдет - ғұрып, дәстүрді мәңгілік мұра қылып қалдыруды жөн көріп, туындысында ұлт жастарының өз тарихын тереңнен білуге, шерлі шежірені тануға мейлінше үлес қосып отыр. Қазақ халқының ұлттық болмысын суреттеген жазушы Кәдірбек Сегізбаевтың бұл еңбегі әдебиет әлемінен ойып тұрып орын аларлық мәңгілік құнды дүние болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Адамзат өркениеті - тарих және қазіргі заман // Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары // Алматы: «Қайнар» университеті, 5 - 9 шілде, 2005 жыл. 266 бет

2. Қуанышбай Құрманғали. «Жазушының жүрегі немесе досыммен сырласу» http://qazaqadebieti.kz/5054/zhazushyny - zh - regi – nemese – dosymmen – syrttaj - syrlasu

3. Макин Қайыржан. // Салтынды сақта, дәстүріңді дәріпте // Алматы: Тамыр, 2009 ж.

4. Сегізбаев Кәдірбек. // Беласқан // Алматы; 2012 жыл

5. // Қазақ халқының салт-дәстүрлері // Алматыкітап, 2010 жыл

СВЕТҚАЛИ НҰРЖАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Хасанова А.Р.
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 1-курс магистранты, Орал қаласы
aiko__95@bk.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада Светқали Нұржанның шығарған кітаптары мен алған марапаттары айтылады. Светқали Нұржанның «Аруана» және «Ай таранған түн» және үш томдық «Таң қауызын жарғанда» кітаптарындағы өлеңдерде кездесетін теңеулер, эпитеттер мен метафоралар сипатталады. Ақын поэзиясындағы ешкімде кездеспейтін теңеудің жасалу жолдары мен ерекшеліктері айтылады.
Тірек сөздер: теңеу, поэзия, ақын, эпитет, метафора,

Аннотация. В этой статье Светкали Нуржан опубликовал книги и награды. Сравнение, эпитеты и метафоры, которые встречаются в книги «Аруана» и «Ай таранған түн», а также три тома «Таң қауызын жарғанда». Позиция поэта описывает пути и особенности уравнения, которые нельзя увидеть ни у кого другого.
Ключевые слова:сравнение, поэзия, поэт, эпитет, метафора.

Annotation. In this article Svetkali Nurzhan published books and awards. Comparison, epithets and metaphors that occur in the books "Aruana" and "Ai Tarangan Tun", as well as three volumes of "Tan kauizin jarganda". The position of the poet describes the ways and features of the equation that can not be seen by anyone else.
Keywords: comparison, poetry, poet, epithet, metaphor

Светқали Нұржан – ақын. 1986 жылы ҚазМУ - дың (қазіргі ҚазҰУ) филология факультетін бітірген. Жоғары білім алғаннан кейін «Пионер» журналында, Қарақия аудандық мәдениет бөлімінде қызмет істеген. С.Нұржанның өлеңдері облыстық және республикалық мерзімді баспасөзде, студенттердің жыр жинағында жарияланған. 1993 жылы «Аруана» атты жеке жинағы, бұдан кейін үш томдық «Таң қауызын жарғанда» және 2008 жылы «Ай таранған түн» кітабы жарық көрді. «Дарын» (1996), Қазақстан Жазушылар одағының Т.Айбергенов атындағы сыйлығының және әдебиет саласындағы Президенттік стипендияның иегері. Светқалидың осы күнге дейінгі шығармашылығы жинақталып он екі томдық кітабы жарық көрмекші[1:188].

Светқали Нұржан бала күнінен жыраулардың көзін көріп, батырлық жырларды жатқа айтып, Маңғыстаудағы тарихы терең құлпытастардың сырын біліп, ондағы жазылған жазуларды оқып өскен. Көнекөз

жыраулар мен ақындардың өлеңдері бала қиялын ұштап, ақындық өмірге келуіне ықпал етті десек қателеспейміз. Светқалидың өлеңдерінің көбі туған жеріне, табиғат құбылыстарына арналғанын байқаймыз.

Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ үлгісі. Поэзияда тек тіл, сөз ғана көркем емес, ой да көркем, бейнелі. Өлең тілінде көркемдік сипат дарытатын, қуат беретін сол ой - сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлігі. Поэзия өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді десек, тіл, сөз әлгі ақындық, көркем ой - сезімді жеткізудің құралы ғана [2:7]. Светқали поэзиясында да көркемдеудің неше түрлі амал - тәсілдерін қолданып, өлеңдерін барынша көрнекті, мәнерлі түрде берген. Ақын өлеңдерінде көркемдеудің жиі тараған түрі – теңеуді көп қолданған. Мәселен, ақын «Күзгі түн көрінісі» өлеңінде:

Жатыр төбе – ойшыл қыр,
Көтерілген ***қамырдай****.*
Қасқыр жеген ***қой сынды****,*
Қаңқа - қаңқа адырды - ай!
Ақтарылған ***айрандай***
Бұлтты шапақ шарпыды.
Алтынменен ***шайғандай***

Кетіпті оңып ай түрі [3:22] – деп ақын теңеулерді жалпыға түсінікті, күнделікті өмірде неғұрлым көп ұшырасатын заттарға теңейді. Бұндағы *қамырдай*, *айрандай* теңеулері *-дай, -дей* жұрнақтарының көмегімен жасалып тұр. С.Нұржанның табиғатқа, туған жерге арналған өлеңдерінде теңеуді көп кездестіруге болады. Мысалы «Күзгі алтын» өлеңінде:

Ойнақ салып ***жүрген сынды көк пері****,*
Жарқылдайды алтын шағыл бөктері [4:8] – деген жыр шумақтарында ақын теңеудің *сынды, сияқты* сөздерінің көмегімен жасап, келесі бір өлеңінде Светқали - *ша, - ше* жұрнағының көмегімен жасаған. «Анна. Тоғжан. Жүрек. Тас» өлеңінде:

Сия алмай жалпақ ғаламға,
Пушкинше *шалқып бетке ұрдық.*
“Жүре алмай кейбір ***пендеше****,*
Жырыма қолын соғар көп.
Ақын боп тудым, ендеше,
Ақынша *ғашық болам”, - деп[4: 22].*

Демек, С.Нұржан поэзиясынан теңеудің жасалу жолдарындағы тәсілдердің барлығын кездестіре аламыз. Ақынның поэзиясында *ұқсас, құсап* сөздерінен жасалған және теңеудің аралас тәсілдерін қолданған теңеулерді кездестіре аламыз.

Сен сұлусың – теппе төс, құмыра бел,

Саған аузы сілекей шұбырады ел.

***Қаншық құсап** аспанға ұлыр жерде,*

Неңе мәз боп күлесің?!

Күміра бол! – деп, туған жердің әдемілігін айтап, бірақ табиғатының құбылысының оған сай келмей тұрғанын сипаттайды.

***Бұзаудай** бұлды ботташығы тұрды белдерде,*

***Тоқтыдай сынды** сазаны жүзді көлдерде* [5:22] – деген өлеңде бұзаудай ботташығы (картоп), тоқтыдай сазаны сөздері үлкен, семіз деген мағына беріп тұр. Бұл жерде ақын теңеуді *аралас тәсілді* қолдану арқылы беріп отыр.

Табиғат тынысын адамның ішкі сезім-дүниесімен астастыра суреттеуге ақын өте шебер. Ақынның өлеңдері түгелдей дерлік эпитеттік теңеуге жатады. Себебі, теңеуді жалаң алмай, үнемі оған тән әрекетімен, сипатымен, болмысымен қоса жандандырып отырады.

Светқали өлеңдерінен метафоралық теңеуді де кездестіре аламыз. Метафоралық теңеулерде адамның немесе табиғат құбылысының ішкі динамикасы сезім тілімен суреттеліп, олардың психологиялық болмысы ашылады [6: 127]. Ақын поэзиясында метафора балама бейне арқылы нені, кімді суреттеп отырғаны кейде тура айтылатыны да болады. Мысалы:

«Ай едік бір уақытта тұтас туған,

Мен содан ұшып түскен қиындымын», «Кешіре гөр, әулие-әмбиелер, Мен құсатып артқа да тәрбе бер»[5: 269] - деп Светқали өзін айдың қиындысына балап, өзінің сол кездегі білімділерден тәрбие алғанын ұлғайтылған метафоралар арқылы жасалғаны айқын көруге болады. Метафораның осы түрі теңеуге жақын. Сонымен қатар Светқали поэзиясынан бұрын соңды кездеспеген тың тіркестерді, шебер оралымдарды байқауға болады. Оған мысал, «Жан ышқынған» өлеңінде:

Көзім – басыр,

бас – ісік,

ұйқым – шала,

Қыйқым, шала илеген шикіл Сана...

Итін сана жабысқан балағмның,

Талағымның қабысқан битін сана...
Шерт – шідерсіз.
Серт – иексіз.
Сөз – бұйдалы.–
Қашты неге жұртымның көзде иманы?
Кімнің тағы кетеді телімінде,
Өздеріне бұйырмай – өз қыйлары?[5: 52]

Бұл өлеңдегі: *"Көзім – басыр, бас – ісік, ұйқым – шала", "Шерт – шідерсіз. Серт – иексіз. Сөз – бұйдалы."*деген сияқты авторлық метафораларды қолданған.

Автор кез - келген өлеңінен сөздің мағынасын құбылтудың қай түрін болса да табуға болады. Сөздің суреттілігін, көңілге әсерлігін күшейту мақсатында сөздерді алмастыра қолданып, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсілді, яғни кейіптеуді ақын шығармаларынан кездестіреміз. Алмастыру тәсілін Светқали Нұржан ойын әрі ықшам, әрі жинақы беру ниетінде пайдаланған. Адамның мінезіне, қылықтарына байланысты айтылған "жуан, күшті, зұлымдар, сұрқиялар" тағы басқа алмастырулар сапалық сын есімдердің заттанған мағыналарынан жасалған [6].

Қорыта айтқанда, Светқали поэзиясындағы көркемдегіш - бейнелеуіш сөз өрнектерінің ішінде теңеулер барынша мол. Ақын поэзиясында бұрын - соңды қолданылмаған суреткерге тән авторлық теңеулер де баршылық. С.Нұржан теңеулері көбіне көне сөздерді қолданып отырған. Ақын дәстүрлі теңеулерді де авторлық теңеулерді де өлең ұйқасы үшін жай қолдана салмаған, оларға ұлттық болмысымызға сай ерекше қасиеттер дарытып, өзгеше мағыналық реңктер берген.

Әдебиеттер:

1. Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1997. – 384 б.
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 211 б.
3. Нұржан С. Аруана. – Алматы: Балауса, 1992. – 80 б.
4. Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. 3томдық. II-том – Алматы: Үш Қиян, 2002. – 344 б.
5. Нұржан С. Ай таранған түн. – Алматы: Жазушы, 2008. – 384 б.
5. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 192 б.
6. Ержанова С. Лирикалық жанр табиғаты. 15.11. 2012. //http://www.rusnauka.com/15_NNM_2012/Philologia/7_110342.doc.htm

II СЕКЦИЯ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ: ЗЕРТТЕУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ДӘРІПТЕУ

ТЮРКИЗМЫ ДИАЛЕКТА УРАЛЬСКИХ (ЯИЦКИХ) КАЗАКОВ: АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ

Донскова О.А.
к.ф.н., профессор,
Пятигорский государственный университет,
город Пятигорск, РФ
linguafan@mail.ru
Донскова Г.А.
к.ф.н., доцент,
Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова,
город Уральск
Galina_Anatolievna0404@mail.ru

Аннотация. Статья «Тюркизмы говора уральских (яицких) казаков: аспекты исследования» посвящена актуальной проблеме изучения длительных межъязыковых контактов. Результатом таких контактов становится формирование лексической общности, трансформируемой и развивающейся в различных условиях контактирования.

Ключевые слова: диалект, тюркизм, семантика, метод суперпозиции.

Аңдатпа. «Орал (Жайық) казактары говорының түркизмдері: зерттеу аспектілері» мақаласында ұзақ тіларалық байланысының өзекті мәселелері қарастырылады. Аталған байланыстардың нәтижесі ретінде түйістірудің әртүрлі жағдайында өзгертілетін және дамитын лексикалық ортақтықты қалыптасты ру болып табылады

Түйін сөздер: диалект, түркизм, семантика, суперпозиция әдісі

Annotation. Abstract: The article "Turkisms of the Ural (Yaik) Cossacks dialect: aspects of the study" is devoted to the urgent problem of studying long-term interlanguage contacts. The result of such contacts is the formation of a lexical community that is transformable and evolving under various conditions of the contact

Key words: dialect, Turkism, semantics, method of superposition.

Тюркизмы говора уральских (яицких) казаков – малоизученная тема, хотя она могла бы занять определенное место в исследовании языковых контактов, что представляется важным как для русистики,

так и для тюркологии. Еще в 1943 г. этнограф Бломквист У.Э.в работе «К вопросу о двуязычии и тюркских заимствованиях в говоре уральцев Амударьинского оазиса. Из наблюдений этнографа зимой 1942-1943 года»писала: «особенно интересным и поучительным явилось бы исследование тюркского языка уральцев специалистом-тюркологом, который мог бы выделить различные пласты в этом языке, определить, откуда произведены отдельные заимствования, дату этих заимствований и установить немало закономерностей, весьма ценных для лингвистики вообще и для проблемы двуязычия, а в отдельных случаях и многоязычия, в частности» [3].

В последние годы активизировалось именно это направление работы. Так, в исследовании Щитова О. Г. «Тюркизмы русских среднеобских говоров в аспекте проблемы сибирского фронтира» 2011 [11] ставит цель установить время заимствования тюркизмов, их точную этимологию.

В 2006 году опубликован последний том «Словаря русских говоров Башкирии, подготовленный лингвистами Башкирского государственного педагогического института, теперь – университета [9]. В работе отмечены многочисленные тюркские лексемы. Этот же коллектив во главе с доктором филологических наук, профессором З. П. Здобновой провел картографическую работу, результатом которой стал «Атлас русских говоров Башкирии» [4].

Русисты Казахстана также исследовали тюркизмы в составе говоров русского языка, но это не было их центральной задачей. В 1976 году в Алма-Ате вышла книга «Словарь тюркизмов в русском языке», составленный Е.Н. Шиповой, известным языковедом. К сожалению, там не дифференцированно представлены все слова - и литературного языка, и древнерусского языка, и местных говоров [10].

Историки языков предлагают анализировать не только данные памятников древней письменности и данные диалектологии тюркских языков, но и историю предметов, с которым связано то или иное понятие. Лингвистика требует подкрепления со стороны смежных наук: истории, археологии, географии. Учёным полезно обращаться к историческим и археологическим материалам, которые смогли бы указать на культурно-исторические обстоятельства заимствования данного понятия или предмета. «При этом немаловажное значение имеет сам предмет, его специфические особенности, которые тоже могли меняться с течением времени» [7].

Известно, как внимателен был к проявлениям межъязыковых контактов Н.М. Малеча, составитель «Словаря говоров уральских (яицких) казаков» [6]. Значительная часть лексем словаря отмечены им как тюркизмы. Для сравнения, «Большой толковый словарь донского казачества. М., 2003» не использует ни одной пометы, указывающей на этимологию слов, в том числе на тюркизмы.

К сожалению, выполненные соратниками Н.М. Малечи исследования по тюркизмам «Словаря говоров уральских (яицких) казаков» не только не опубликованы, но и утеряны.

Однако в даже беглых обзорах тюркизмов «Словаря говоров уральских (яицких) казаков»отмечается большаягруппа слов по теме «Рыбная ловля и охота». Тематика заимствований, связанных с охотой вполне предсказуема – славяне и другие этносы в процессе колонизаций территорий, населённых различными народами, осваивали приёмы охоты на новых для восточных славян животных и птиц, но ловля рыбы воспринимается в этом ряду типичным славянским занятием.

Однако историки отмечают развитость рыбной ловли еще у ранних тюрков. Так, Б.Е.Кумековв работе «Государство кимаков IX – XI вв. по арабским источникам»выделяет у кимаков несколько хозяйственно - культурных типов - от кочевого скотоводства (преобладающий тип) до земледельческого хозяйства - и поставит проблемы кимакской государственности и городской культуры. Наогромной источниковедческой базе автором отмечаются древние движения «второй половины VIII в., вместе с движениями собственно кимаков на юг, прослеживается еще одно движение кимакских племён – кыпчаков – от Иртыша на запад. «Вполне правомерно мнение, что горы Юйли-боли, куда переселились кыпчаки, и есть Южный Урал [1,138]. Основным источником по изучению кимаков является труд знаменитого арабского географа Абу Абдаллахара Мухаммада ибн Мухаммада ал-Идриси, автора одного из крупнейших и интереснейших географических сочинений арабского средневековья – «Развлечение истомленного в странствии по областям». Страна кимаков ал - Идриси (в XII в.) описана так: «В реке водятся огромные рыбы, берега покрыты лесами и чащами (отождествление реки Гамаш с р.Иртыш представляется весьма вероятным»)[2].

Далее путешественник пишет о рыбных богатствах более подробно: «В реке Гамаш много рыб и множество огромных хут

[буквально: рыб]. В реке водится рыба саджа, из которой индийские и китайские врачи получают яд». «Мясо этих рыб очень горькое» Можно предположить, что таковой могла быть маринка: её икра и чёрная плёнка, выстилающая полость, ядовиты»

Особый интерес представляют для нас описания основ рыболовства. «Ал - Идриси сообщает: «Они (кимаки. – Б.К.) питаются рисом, мясом и рыбой. Рыбы у них много. [2] Он особо отмечает реку Гамаш, где водится множество «огромных рыб» [2]». В «Диван луга тат - турк» и арабско-кыпчакских глоссариях приводится кимако-кыпчакская терминология рыболовных орудий труда: арчак – крючок, аг – сеть, ужан (улук) – маленькая лодка, кема (караб) – большая лодка и т.д. [2].

В свою очередь, современные российские историки также отмечают развитое рыболовство у тюркских плёмен. Так, в работе Плетневой С.А. «Половцы» (конец XI в.) снова возникает тема рыбной ловли: «Весной, после рыбной путины, после отела и окота коров и овец, начиналось медленное движение вверх по рекам к донецким низинам, также полным высококачественной травы…» Далее сообщается, опираясь на летописные свидетельства, что в половецких поселениях полукочевого типа жители вышли «навстречу русскому войску и приветствовали его подношением угощения рыбой и вином» [8].

Рассматривая этническую историю половцев, относительноXII в. можно говоритьо несомненном появлении и активном использовании оседлых укрепленных поселков (городков), т. е. о появлении какой-то оседлости. С каждым годом все более и более крепли их связи с русским пограничным населением.

«В XII на границе расселения восточных славян и тюрков начал складываться быт, характерный впоследствии для казачества» [8].

Характерно, что там продолжал быть самым распространенным «международным» языком половецкий, что подтверждается созданием там Половецкого словаря, первоначальное формирование которого началось, по мнению ученых, несколько раньше (во второй половине XII в.).

Разорение всегда приводило кочевников к оседлости, поскольку для кочевки необходимы не только пастбища, но и определенное количество скота. Многие курени и аилы половцев, разграбленные во время монгольского нашествия, перешли, видимо, к полуоседлости и даже оседлости у берегов рек. Обычно население таких приречных

поселков занималось перевозами через реки, рыбной ловлей. Интересно, что половцы, погребавшие своих родичей вместе с конями, теперь ограничивались одной уздечкой с удилами, а иногда бросали в могилу рыбу. Последнее, вероятно, было своеобразным символом занятия умершего в продолжение жизни и пожеланием иметь такой же улов и после смерти.

Важность рыбной ловли для половцев и других тюркских этносов, развитость у них различных способов лова, отмеченных археологами, позволяет предположить более ранние экономические контакты народов, отраженные в языке.

Остановимся на нескольких примерах: тюркизм Томак (тамак) представлен в 16 карточках картотеки «Словаря говоров уральских (яицких) казаков»



В самом словаре Н.М. Малеча сохраняет всё разнообразиезначений тюркизма, отмечая гиперонимы (внутренности вообще) и гипонимы (отдельные его части), устанавливает антонимы (тамак-кутырь) «Тамак – тюрк., 1. Внутренности красной рыбы, употребляемые в пищу. – Тамак у осетра, а у тюленя желудок. Гурьев. Нужно выбросить собакам томаки. Котельный. У красной рыбы тамаки, кутырь у сома, у судака. Скворкин. Битюк, Тамак – «осетровые потроха» Нукус, 1943 =Антонов, Индер, Круглоозёрное, Сб.1913, Ям Рис и томак – пироги хорошие Нукус, 1943. 2.Пища, еда Антонов, Уральск» - 4 т.; [6,235].

Необходимо, в свою очередь, пояснить еще один тюркизм - Кутырь – «1. Ирон. Брюхо, живот 2. Желудок сома, судака и пр. Кутырь у сома, у судака, у щуки бывает, а у остальной рыбы желудок 3. плавательный пузырь у рыбы. 4. перен. – пузырь, ком» [6, 330-331] Малеча Н.М. не отмечает слово как тюркизм, хотя

кутырь - пузырь каз. Көпіршік! Но: желудок рыбы - асқазанбалық. Ср. башкирское: пузырь - разг.

күпертке, ҡыуыҡса; туркменское: пузырь - mköpük; köpürjik. Бломквист У.Э. в уже названной выше работе дает такую справку: «тат., казах.: tamaq; узбек.: томок – горло, глотка».

Полагаем, что необходимы следующие пути исследования: выявление всех тюркизмов по базам картотеки «Словаря говоров уральских (яицких) казаков» Н.М.Малечи; определение семантической мощности слоя тюркизмов – от гапаксов до семантических и словообразовательных гнёзд; картографирование собранного материала для выявления зон и периодов возможных языковых контактов; выявление тюркизмов - соответствий в других говорах позднего образования; выявление соответствий в современных тюркских языках и диалектах.

По подсчетам Бломквист У.Э., в группе а. «Река Аму-Дарья, передвижение, работы» - 27 слов, в группе б. «Рыболовство и обработка рыбных продуктов. Охота» - 29 слов. Здесь встречаем – неожиданно или ожидаемо? – «Ау.- Рыболовная сеть. – к.калп.; аў – сетка, рыболовная сеть; тат.: ау – сеть , ловля, охота; казах.: av – рыболовная сеть, avlav - ловить», которое упомянуто выше как половецкое слово XII века!



Это еще одно свидетельство о сложных путях осознания длительности нашего – тюрко-славянского (евразийского) – совместного пути, где роли учителей и учеников еще скрыты от нас тьмой веков и недостаточного знания.

Литература:

1. Minorsky V., Sawa,EI, IV, Leiden – Leipzig, 1926.

2. Абу Абдаллах Мухаммад ибн Мухаммадаш - Шарифал Идриси. "Нузхат ал - муштак фи - хтирак ал - афах" ("Развлечение истомленного в странствии по области", 1154 г.). Рукопись, ГПБ, Ар.Н.с.176

3. Бломквист У.Э. К вопросу о двуязычии и тюркских заимствованиях в говоре уральцев Амударьинского оазиса. Из наблюдений этнографа зимой 1942-1943 года. – Из архива музея антропологии и этнографии; с. 269 http://kunstkamera.ru/files/lib/mae_xxviii/mae_xxviii_13.pdf

4. Здобнова З. П. Атлас русских говоров Башкирии. В 2 - х частях: Часть 1: Территориальное варьирование русского языка в Башкирии. – Уфа, 1977. – 142 с. , 98 карт. Часть 2: Типология русских говоров в Башкирии. – Уфа, 1981. - 60 с. , 30 карт.

5. Кумеков Б. Е. «Государство кимаков IX–XI вв. по арабским источникам» Алма - Ата: Изд - во "Наука", 1972. - 156 с.

6. Малеча Н. М. «Словарь говоров уральских (яицких) казаков» и каталог словаря», в 4-х т., - Оренбург: Оренбургское книжное издательство, 2002 - 2003 гг. http://www.cossackdom.com/slovar/slovar.html

7. Некоторые вопросы изучения тюркизмов в русском языке. - http://www.erudition.ru/referat/printref/id.25630_1.html].

8.Плетнева С.А. Половцы. - М.: «Наука», 1990 - 210 с.

9. Словарь русских говоров Башкирии / М - во общ. и проф. образования Рос. Федерации. Башк. гос. ун - т, Акад. наукРесп. Башкортостан; Под ред. З. П. Здобновой. - Уфа: Гилем, 1997 - 2006 - С-Я. - 2005. - 115].

10. ШиповаЕ.Н.«Словарь тюркизмов в русском языке», /Отв. ред. акад. А.Н. Кононов. – Алма - Ата: Наука, 1976. - 392 с.].

11. Щитова О. Г. «Тюркизмы русских среднеобских говоров в аспекте проблемы сибирского фронтира» 2011 [https://psibook.com/linguistics/tyurkizmy-russkih-sredneobskih-govorov-v-aspekte-problemy-sibirskogo-frontira.html

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Ұлықпанова Ә.Ж.,
аға оқытушы
Женісова Б.Қ.,
студент,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қаласы
Balausa_0797@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада туыстас түркі халықтарының төл перзенттері Қазақ және Түрік ұлтының әдебиетіндегі, мәдениетіндегі сабақтастықтар сөз етіледі. Қазақ және Түрік әдебиетінің, соның ішінде екі ұлтқа да ортақ поэзияның көркемдік ерекшеліктері мен тақырып аялары талқыланады. Қазақ және түрік әдебиетінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқын сараланады. Туыстас екі халықтың етене жақындығы, бір - бірін бауыр тұтқандығы тағы бір мәрте айқындалады.

Тірек сөздер: поэзия, әдебиет, көркемдік ерекшелік, тақырып.

Аннотация. В этой статье рассматривается преемственность в литературе и культуре народов Казахстана и Турции тюркских народов. Обсуждаются одинаковые художественные особенности и общие темы поэзии казахской и турецкой литературы. Сходство и различия казахской и турецкой литературы четко различаются. Близость двух народов и преемственность жильцов подтверждаются еще раз.

Ключевые слова: поэзия, литература, художественные особенности, тема.

Annotation. In this article, continuity in the literature and culture of the peoples of Kazakhstan and Turkey of the turic peoples is considered. The same artistic features and common themes of the poetry of Kazakh and Turkish literature are discussed. The similarities and differences in Kazakh and Turkish literature are clearly different. The proximity of the two peoples and the continuity of the residents are confirmed once again.

Keywords: poetry, literature, artistic features, topic.

Кешегі Кеңес заманында түркі тектес халықтардың Орал мен Қара теңізге, Алтайдан Анадолыға дейін ен жайлап жатқан ірілі - ұсақты талай - талай ұлыстарға бөлініп жататынын білсек те туысқандық таным көкжиегімізді кеңейтуге мүмкіндік аз болып, сол халықтар жөнінде ешқандай түсінігіміздің де болмағаны рас. Сол түркі тектес халықтардың ішінде бір кездері өзіміздің кең даламыздан, Сыр өзенінің бойы мен Арал теңізінің жағалауына

жеткен, Кіші Азияда өзінің мемлекетін құрып отырған түрік ағайындарымыздың орны бөлек екендігін сезінгенімізбен, олар жайлы мәлімет жоқтың қасы еді. «Ел мен елдің арасында елшілікке ақын жүреді» деген қабырғалы қағиданы ұстанып әңгіме өрбітер болсақ, қазақ оқырманының кеңестің қол астында өткен жетпіс жылда Назым Хикмет пен Әзиз Несин секілді бірнеше түрік қаламгерінің ғана шығармашылығын жан-жақты білуі біздің тотолитарлық идеологияның темір құрсауында мықтап қалғанын аңғартады.

Дегенмен, сонау кердең Кеңестік заманда да түрік поэзиясы арқылы түрік ділі мен рухын тануға талпыныстар жасалыпты. Сондай талпыныстардың бірегейі Ж. Нәжімеденовтей ұлы ақынымыздың түріктің он екі шайырын қазақ тілінде сөйлеткені де ақиқат. Ал еліміз тәуелсіздігін алып, жеке мемлекет болған тұста мұндай рухани - мәдени қатынастардың жаңа сапада және жоғары дәрежеде қарқын алуы да тарихи заңдылық деп білеміз.

«Түрік әдебиеті өз өзегінен ғана жарып қоймай, Батыс пен Шығысты тел емген, дүрі мен гауһарын ойына да бойына да сіңіре білген іргелі әдебиет деп бағалауымызға болады. Ал сол үлкен әдебиеттің құрамдас бөлігі болып табылатын түрік жыры - батырлық пен ғашықтықты, елге деген перзенттік махаббат пен жерге деген ыстық ықыласты өзінің шырқау биігіне алып шығар қос қанатындай тең ұстаған текті жырлардың ғасырлардан ғасырға бет алған тоқтаусыз керуен көшіндей әсер қалдырады» [1: 5].

Түрік халқымен түп негізіміз бір. Бір атадан тарап, сайын даланың төсінде тай - құлындай тебісіп өскен бауырлас халықпыз. «Түркі әлемі» деп аталатын үлкен қара шаңырақтың төл перзенттеріміз. Екі халықтың ортасында ылғи да жақындық бар. Себебі қанымызға сіңген бауырмалдық, қонақжайлық секілді асыл қасиеттер бізді бір - бірімізге ылғи да тартып тұрады. Екі халықтың қандастық жақындығынан өзге мәдениеті, әдебиеті, өнері мен білімі ылғи байланыс үстінде. Ол байланысты сонау тасқа қашалып жазылған Орхон - Енсей жазбаларынан бастап бүгінгі таңның ақындарының шығармашылықтарының рухани үндестікті байқауға болады. Тіпті олардың жырлаған тақырыптары, арқау еткен өмір шындығы да бір арнаның айдынында жүзіп жүрген тұнық ойлар.

«Поэзия - өте күрделі құбылыс. Дарынды жеке тұлғаның дүниетанымы, рухани және интеллектуалдық әлемінің

қайнауынан келіп туындайтын танымдық, этикалық, эстетикалық тылсым дүние. Поэзиялық шығарманың жанры мен түрі де бір күнде туып, даралана салатын осал дүние емес» [2:78].

Асылында, түрік әдебиетінің тарихы қазақ қоғамына әлі де болса беймәлім, белгісіз тұстары бірталай. Кеңестік кезеңдегі социалистік көзқарастағы ақын-жазушылар болмаса, сайып келгенде, түрік әдебиетінің даму сатылары, кезеңдік қатпарлары, түрік әдебиетінің даңқты өкілдері, әдеби - эстетикалық көзқарастары қазақ оқырманына толыққанды жете қоймады. Бұл қазақ мәдениетінің, жалпы, қазақ және түрік халықтарының мәдени-әдеби байланысының кенжелеп келе жатқан тұсы деуге болады. Кеңестік кезеңде жалпақ жұртқа аты мәлім болған Назым Хикмет, Әзиз Несин, Сабахаддин Әли, Изеддин Динамо т.б. шығармашылығы ХХ ғасыр түрік әдебиеті, соның ішінде, қазіргі түрік әдебиеті турасында толымды түсінік бере алмасы хақ. Сондықтан, қазіргі түрік әдебиетінің жаңаша даму кезеңдері, оның әдеби - эстетикалық бағыты, идеялық - көркемдік көкжиегі тиянақты талдауды қажет етеді. Екі елдің ақындарының шығармашылық байланыстары мен үндестіктерін зерделеу өте маңызды.

«Әр ұлттың тарихи тағдырына сай, туған топырағына, өскен ортасына лайық мінез-құлқы, әдет - ғұрпы, салт - санасы қалыптасатыны мәлім. Мұның бәрі әр ұлттың өзіне тән өзгешеліктерін – сыртқы түріндегі ғана емес, ішкі сырындағы айырықша сипаттарын да белгілейтіні хақ»[1: 20]. Осындай таным тұрғысынан келгенде түрік халқының да өзіндік мінез - құлқы, салт - дәстүрі мен әдет - ғұрпы оның өнерінде де айқын көрініс тапқан.

Ендеше, сол рухани үндестік пен екі халықтың мәдениеті мен әдебиетінің, тарихы мен салт-санасының бір - бірімен астасқандығын дәлелдеу үшін Қазақ және Түрік халықтарының ақындарының жалынды жыр шумақтарына кезекті берсек.

Жалпы алғанда ақынның ақындығын, даралығын, талантын танытатын тұс – әрине, оның өлеңдері ғой. Олай болса, екі елдің жыр дүлділдерінің өрнекпен өрілген кестелі әсем жырларына кезек беріп, оларда кездесетін көркемдік ерекшеліктерге тоқталып өтсек .

Көркемдік ерекшеліктің, айшықтау өрнектерінің бір түрі – ауыстыру, яғни метафора болса, бұл да бауырлас екі елдің ақындарының шығармашылығында өзіндік орынға ие болған.

Түрік поэзиясында:
Кірпігі-жебе, қастары-садақ,
Көп жанның қолы жетпеген келсін.
(Гавhери «Ешкім бұзбас сертімді»)
Ал қазақ поэзиясында:
Ақын - жел, есер, гулер жүйрік желдей,
Ақын - от, лаулап жанар аспанға өрлей.
(М. Жұмабаев)

Сөздегі суретті дәлдеп, ойдың ықпалын күшейтуде эпитеттің атқарар қызметі өте зор. Эпитетті өз орнында ойната қолдануда екі елдің ақындары да шеберлік танытқан деп айта аламыз. Аталмыш ақындардың өлеңдерінен төмендегідей эпитеттерді кездестіруге болады:

Мөлдіреп тұнып ауа таңғы уақыт,
Дүние демін алып қалды жатып.
Жұлдыздар түнде тұрған қарауылға
Көз ілді ұйқы жеңіп балбыратып.
(С. Мәуленов «Таңғы тыныштық»)
Ал түрік халқының поэзиясында:

Мен де аңсаймын кешегі қыр мен сайды,
Күндіз Күн, түнде күміс нұрлы Айды.
Бізді жібек құндаққа орап алып,
Бауырында әлпештеген ана – Алтайды.
(Ф. Будак «Мағжанға жауап»)

Фейзулах Будак(1951 жылы туған) – Сиваста дүниге келген. Белгілі саясаткер, қаржы саласының қызметкері.

Ақындар шығармашылығында көп қолданылатын бейнелеу құралдарының бірі – теңеу. Теңеуге З.Қабдолов мынадай анықтама береді: «Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей - ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді» [2: 117].

Ендеше, ағайындас халықтың поэзия өнеріндегі теңеудің үлгілеріне тоқталсақ. Түрік поэзиясында:
Содан болдың арыстандай айбатты,
Мол қайратың жау біткеді жайратты.
(М.Э. Йурдакул «Ей, Түрік, оян!») Қазақ ақындарының шығармашылығында:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты-
Мен жастарға сенемін!

(М. Жұмабаев «Мен жастарға сенемін»)

Жоғарыда көрсетілген өлең шумақтарынан байқағанымыз, екі елдің өкілдері де теңеуді сан құбылта қолданып, тіпті, бірдей сөздерді қолданған екен.

Бұдан екі елдің арасындағы рухани байланыс, оның ішінде сөздің байланысы жоғарғы дәрежеде екендігі аңғарылады.

Әдеби шығарманың ажарын келтіретін тағы бір нәрсе – дыбыс қайталаулар арқылы шығарманың акустикасын күшейтіп, оған музыкалық қасиет дарыту арқылы кестелі сөзбен көркем жыр өрнектерін маржандай қып жіпке тізу. Бұл – өлеңнің айтылуын әуездендіріп, ерекше сән береді. Өлеңнің музыкалығына көп көңіл бөлген екі халықтың ақындары да, бұл тәсілдерді шебер пайдаланған.

Су алған сайда әжемнің,
Сырғасы қалған Кегейлі.
Сырласы қалған Кегейлі,
Мұңдасы қалған Кегейлі.
(Т. Айбергенов «Кегейлі»)

Бұл жыр жолдарындағы дауыссыз «с» дыбысының қайталанып келуі ақынның сырға, сағынышқа, сыңғырлаған сазды үнге толы әсем қолданысын көрсетеді. Ал түрік ақынының төменде көрсетілген өлең жолдарында «б» дыбысының қайталанып келуі жыр шумақтарына көркем ерекшелік беріп тұр.

Біреу – құс оқ тиген, құлайды жалп етіп,
Біреу - балық, шошиды жалт етіп.
Біреу - кеме,
Біреу - баржы, біреу - бұлт,
Біреу үн,
Біреу - түтін...
Барлығың ырсылдап - гүрсілдеп,
Бір үзім нан іздеп жүрсіңдер.

(О. У. Канык «Ғалат көпірі»)

Орхан Уәли Канык(1914-1950) – XX ғасырдағы атақты түрік ақындарының бірі. Бүркеншік есімі Мехмет Али Сел. «Жапырақ»

журналының негізін салушы, «Неден бас тартқым келмейді», «Жаңа леп», «Кедергіге қарамастан» секілді жыр жинақтарының авторы.

Ақбілек жырды жастанып,
Ақтарып ойды тыныктым.
Ақбоз ат - арман қашты алып,
Ақ тулы-жігіт үмітті.

(Н. Қабылбек)

Ал, бұл жыр жолдарындағы дауысты «а» дыбысының қайталанып келуі өлеңге көркемдік, ерекшелік беріп, оның сәніне – сән, мәніне – мән қосып тұр. Ал түрік ақынының төменде көрсетілген өлең жолддарында да «а» дыбысының қайталанып келуі екі халықтың поэзиясының үндестігінің тағы бір дәлелі.

Арман менен естелік
Арман - бір жақ,
Ал естелік-бір жақта.
Айтшы, қалай өмір сүріп жатырсың,
Бұл қалада нұрын төгер күн жоқта?

(О. У. Канык)

Ең әуелі екі елдің авторларының өз шығармаларына арқау еткен өмірдің шындығын, яғни тақырыптық аясы мен ауқымына тоқтала кетсек.

Қазақ ақындары мен түрік ақындары қыздың сұлулығын, әсем образын шебер тілмен тамаша суреттеп жеткізе білген. Бұл орайда, екі елдің ақындары сұлулықты бірдей көзқараспен бағалап, жырға қосқан екен.

Сондай ақындардың бірі – Қаражаоғлан (1606-1689). Ол – Адана қаласында дүниеге келіп, ауыл - ауылды аралап, ескі әдет - ғұрып пен халықтың тұрмыс - салтына байланысты өлеңдер жазған. Түріктің сыршыл ақыны Қаражаоғлан:

Қасың да сенің қап - қара,
Қап - қара тағы көздерің.
Өлуге тұрам шақ қала,
Өзіме жетпей өз демім, - десе,

Түріктің тағы бір дүлдүл ақыны, тек ақындығымен ғана емес музыканың хас шебері ретінде де танылған, өлеңдерін буын және арзу өлшемдерімен жазған, халық арасында өзіндік мақамымен кеңінен тараған Гавhери (XVII-1737):

Қара көз, ай қабақтым,
Бұлбұл боп маған жыр арна.

Мен ақылдан адастым,
Сұлусыз көңіл тынар ма!? - деген екен.

Баршамызға белгілі қазақ ақындары да қыздың сұлулығын суреттеуде «қас пен көздің» сұлулығын асқан шеберлікпен жырлап, сұлудың сұлулығын бейнелеуде аса бір керемет образдар жасаған. Мәселен, жауынгер жырауымыз Қ. Аманжолов:

Сақыпжамал! Бір өзіңде,
Екі әйелдің аты бар.
Күн боп көзің күлгенінде,
Қабағыңнан ай туар, - деген екен.

Екі ел де түбі бір түріктің ұрпағы болғандықтан, пір тұтатын аң-құсы да, қасиетті санайтын жан - жануарлары, өсімдіктері де шамалас. Жалпы түркі халықтары өздерін «көк бөріден» жаратылдық деп есептейтіні тарих беттерінен де белгілі. Сондай пірдің бірі - аққу құсы. Бұл құсты - екі халық та киелі санаған. Бұл құсқа байланысты біздің халықта: «Аққуды атпа, досыңды сатпа», «Аққудың ақтығы, махаббаттың пәктігі» деген секілді мақал - мәтелдер мен тіркестер де бар. Ал Түрік халқының жыр дүлдүлі Гавһери болса:

Сұлулық пен тазалықтың үлгісі,
Аққулардың серкесі сен, аққуым!
Жаратқанның ай маңдайлы нұр құсы,
Аққулардың еркесі сен, аққуым! - деп аққуды жырға қосқан екен.

Бауырлас елдің атақты ақыны, ұлттық әдебиет пен түрікшілдік ағымның белді өкілі, Түрік саяси партиясының негізін салушы М.Э.Йурдакул (1869-1944) мен қазақтың жалынды ақыны М. Дулатұлының шығармалары үндес, сарындас болып келеді. Екі ақын да, халқының көкірек - көзін ашып, маса болып ызыңдап елін қараңғылық атты қалың қамыттан оятуды мақсат тұтқан.

Түрік ақыны:

Оян, ұлтым! Оянатын шақ туды,
Аялайық Тұран құсы-аққуды.
Ұлы Тұран империясын құрайық,
Қас-дұшпанның бәрін қуып жат тілді! – десе, М.Дулатұлы:
Көзіңді аш, оян Қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Қазағым, енді жату жарамас - ты, - деген екен.

Түрік және Қазақ ақындарының жырлар аясы мен тақырыптарының арнасы сарындас. Жырлар тақырыптары да өте кең. Жоғарыда көрсеткеніміз, сол үлкен бір арнаның кішкене ғана толқыны.

Түрік ақындары мен қазақ ақындарының үндестігі шексіз. Екі елдің ақындарының бір - біріне деген құрметі терең, сыйластығы берік, достықтары мықты. Оны, Түріктің заманауи поэзиясының белді өкілі, М. Жұмабаев атындағы сыйлықтың иегері Ә. Акбаш (1942 жылы туған) өз өлеңінде айтып кеткен болатын. Ол: Абай ата -

Шөлге біткен қызғалдағы жайлаудың,
Шәкәрім, Мағжан, Шоқан – талай дарын
Қараңғыға сәуле шашқан алаудайын.
Біз бір Айдың келеміз жарығымен,

Бір ұлы Айдың жарығымен - Абайдайын[1:352], - деп, екі елдің ақындарының да көксеген мақсат - мұраттары бір және де бір тұлғаны пір тұтып, бір бағытты бетке алып келе жатқандығын жеткізген.

Бауырлас екі халықтың поэзиясын салыстыра отырып байқағанымыз, түбі бір түркі жұртының екі перзенті Қазақ пен Түрік ұлтының рухани, мәдени, әдеби байланыстың тамыры тереңде жатқанын аңғарамыз. Екі халықтың да ақындарының жырлайтын ауқымы мен жырлаудың тәсілі, өлең жолдарына арқау еткен өмір шындықтары да шамалас. Оның себебі: екі халықтың шығу тегі бір және де түп негізі бір атадан тараған. Екі халыққа да бірдей тарихи оқиғалар мен шамалас географиялық аумақ пен салт - дәстүр әсер етеді. Бірақ айта кететін бір жайт Түрік елі де Қазақ елі де бір қара шаңырақта тетелес өскен екі бауыр іспетті. Екеуінің де өзіндік ерекшелігі, өзіндік даму сатысы мен жеткен жетістіктері бар. Сондықтан бұл екі мемлекетті бауырлас, ағайындас, қандас деп қарап, өнердің саралы сарқыншақтары мен «Түркі» деп аталатын асылдың сынығы деп бағалаған дұрыс. Бауырлас екі елдің әдебиетін, соның ішнде поэзиясын бірлікте алып қарастырған жөн. Екі елдің поэзиясның үндестігінің жоғарғы дәрежеде екенін мойындап, екі ел арасындағы татулық пен бірлікті одан әрі күшейтіп, әдеби және мәдени байланыстарымызды тереңірек талдап, нығайтуымыз қажет.

Әдебиеттер:

1. Түрік поэзиясы. Бас ред. Жақыпов Б. Ө. – Алматы, 2012. – 400 бет.

2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 360 бет.

3.АлькаеваЛ., Бабаев А. Турецкая литература. Краткий очерк, Наука, М - 1967, 175 ст.

4. Тастемирова Г. А. Қазақ және Түрік әдебиетіндегі үндестік. Мақала. ҚазҰУ хабаршысы. - 2007.- №8 – 162 - 165 бет.

О КАЧЕСТВАХ ЛИЧНОСТИ ДЕЯТЕЛЯ СЫРЫМА ДАТОВА, ИЗВЕСТНОГО В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА БИЯ, ОРАТОРА, МУДРЕЦА

Ахатова Н. К.,
старший преподаватель Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова, магистр филологии, PhD докторант Стамбульского университета Республики Турции, город Уральск.
NAK77777@list.ru

Аннотация. В статье представлены ораторские речи, связанные с именем деятеля Сырыма Датова, известного в истории Казахстана бия, оратора, мудреца. Немаловажен и тот факт, что своими мудрыми словами он смог поднять казахский народ против царя и хана.

Он не только высказывался против колониальной политики русского царя, но и участвовал в организации народного движения против нее. Он был выдающимся оратором, мудрецом, деятелем, призывавшим к свержению власти потомков Чингисхана и установлению народного совета.

Повествование о Сырыме – это повествование о силе и культуре народа, об удивительном народном творчестве, о среде, в которой вырос Сырым, об особенностях казахского народа, о страданиях, которые он перенес.

Ключевые слова: ораторские речи, бий, батыр, культура народа.

Annotation. Abstract.This article is about of SyrymDatuly's oratorical words who was an outstanding leader in the war and peace, wise and clever politician, naturally eloquent and had a great deal of personality. It can not be denied that he was possessed of great ability and he could organize fight between the khan and king and nation with the help of his oratorical skills. He discontented with the Russian king's colonial policy, and also he was talented leader of the Kazakh army fighting with them. In that time the Shyngyskhan dynasty had ascendance over nation, so he wanted to eliminate the khanate and instead of it he wanted to introduce the khan advice into the government system. According to all said above, it can be said that he was a

talented speaker, a wise leader, naturally eloquent and a great thinker. Telling about Syrym is telling about nation's power, nation's culture, the greatness of nation's art, the surrounding where he was born, endless peculiarities of our nation, and great sorrow which we had.

Keywords: oratorical words, hero, folk culture.

Сохранение национального достоинства – это сохранение народа как нации. Национальный дух передается через песни, сказания, кюи, национальные обычаи и традиции. Сырым Датов один из тех, кто пожертвовал собой ради передачи национального духа от поколения к поколению. Сырым Датов (1742 – 1802 гг.) родился в местечке Сарыой Сырымского района Западно-Казахстанской области Республики Казахстан. Наш земляк – особая личность в истории народа, обладатель исключительного таланта, организатор первого народного движения (1783 - 1797) против колониальной политики царизма, защитник интересов крестьянства, который использовал свой талант как оружие в борьбе за свободу народа, оратор, ценивший силу слова, лидер, возглавивший народ, деятель, сражавшийся за независимость своего народа.

Когда говорят о Сырыме Датове, отмечают три его качества. Первое – храбрость. Второе – ораторство. Третье – роль бия в судействе [1, с.10].

Казахи очень хорошие собеседники, а также они словоохотливы, искусные рассказчики. Это можно отметить, опираясь на слова народа, а не только на исследователей народной литературы. Ведь не даром в казахском языке появилось слово – оратор. Ораторами называли людей, превзошедших в мастерстве слова самых искусных рассказчиков. Ораторские речи – это лучшие образцы литературы, разговорной речи, которые могли остановить и долго продолжающийся спор, и нападавшего врага.

Как развивались ораторские способности Сырыма? Он проводил много времени с биями, слушал их наставления, советы, получал от них благословение. Это традиция уважения мудрых аксакалов. А традиция у казахов – это закон. Сырым человек своего времени, несмотря на его ораторские способности и находчивость. У него были свои слушатели, своя среда. Сырым – дитя казахского народа. Он не Цицерон, и не Демосфен. Казахский народ – это его отец, мать, среда, воспитатель, наставник. У казахов есть понятие «уникальный,

рожденный единожды». Это понятие подчеркивает уникальность Сырыма, что такой человек как он рождается не часто.

Однажды 6-7 летний Сырым пригнал на водопой стадо овец, там же остановились три-четыре бия, которые хотели напоить своих коней. Сырым спросил их: «Куда вы путь держите? Какое у вас дело?». Бии ответили: «Наш скот был угнан. Мы едем туда». Когда бии собрались отправится в путь, Сырым спросил: «У меня умер баран. Что мне делать?». «Если умер баран, засоли его», – ответили бии. Тогда Сырым сказал: «А что делать, если соль протухла?». На этот вопрос бии не смогли ответить. Если мы не можем найти ответ на вопрос этого мальчика, то как мы сможем одержать победу в споре за свой скот, – решили бии и повернули обратно [2, с.57]. Бии заметив свою несообразительность, вернулись ни с чем. Они отметили ум и мудрость мальчика Сырыма. Не найдя ответ на вопрос мальчика, они отказались продолжить свой путь и вступать в спор за угнаный скот. Если бы их ум и ораторское искусство не уступали Сырыму, то им бы не пришлось этого делать.

Главные условия сообразительности и рассудительности – умение говорить намеками, символизировать, использовать иносказания, говорить загадками, не напрямую. Намеки, встречающиеся в ораторской речи, заставляют собеседника задуматься об истинном значении слов, а иногда они используются для того, чтобы ввести в заблуждение противника. Намек может содержать очень глубокие мысли, заставляет логически думать. В народе говорят: «Ойланбаса ой тұнады» – «Если не думать, то мысли исчезают», «Ойнап сөйлесең де ойлап сөйле» – «Даже если говоришь в шутку, думай». Говорить намеками, с подтекстом также является признаком сообразительности и ораторства. Вот о чем повествуется в рассказе «Как Сырым стал бием»:

Однажды вдова, которая была уже беременна, выходит замуж. Те, кто выдал ее замуж, считают ребенка своим потомком. Спор продолжался долго и дело принимало плохой оборот. И тогда к хану обратился мальчик лет 7 - 8. Этим мальчиком был Сырым. Он спросил:

- У меня есть верблюдица, а ее родившегося верблюжонка хотят забрать жители соседнего аула. Кому принадлежит веблюжонок? Верблюдице или верблюду - производителю?
- Верблюжонок принадлежит верблюдице, – ответил хан.

- Повелитель, мы подчиняемся твоей воле, значит и ребенок принадлежит вдове, – произнес Сырым и этим окончательно решил спор [1,с.24].

Хан был поражен сообразительностью мальчика. Несмотря на молодость, Сырым был красноречив. Это вид определения иносказания. А есть иносказания, которые поймет не каждый. Например, в рассказе «Как Сырым получил благословение» Сырым отправляется к батыру Есету за благословением. Я не раздаю благословение всем подряд, – сказал Есет. Для начала ответь на мой вопрос: Кого у тебя больше друзей или врагов? Сырым ответил: Я считаю, что у меня больше друзей. На вопрос Есета: Кто твои друзья и кто твои враги? Сырым сказал: Друзья – дети Алаша, а враги – плохие родственники [1, с. 14-15].

Нуралы приходился батыру Сырыму зятем, женившимся на его младшей сестре. Однажды в гостях у Нуралы хана Сырым спросил: «Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе» Каких лошадей больше? Нуралы не смог ответить [3, с. 89].

В приведенных выше примерах «Досым – Алаштың баласы, азаматтары. Дұшпаным жаман туған туысқаным», «Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе» мы можем заметить, что в иносказаниях Сырыма заложен глубокий смысл, который не каждый может разгадать. В словосочетании «Жылқының торысы» вся волосистая шерсть на теле животного олицетворяет казахский народ, а «төбелі» – это небольшая группа представителей ханского рода. Таким образом, он хотел сказать, что «как представитель малочисленной группы ты, не посоветовавшись с большинством, начал плохое дело, но я подниму казахский народ и нападу на вас».

Почему он так говорит, так ли было необходимо скрывать свои мысли? Не каждый может говорить иносказаниями, это целое искусство, подвластное только внимательным и рассудительным.

Для того чтобы постичь мастерство ораторского искусства, необходимо хорошо разбираться в аллегориях. В рассказе «Би Малайсары и батыр Сырым» Сырым, пришедший за благословением, так отвечает на замысловатые слова бия: «если вы увидели реку без переправы, то ваш взгляд был замутнен», «если вы увидели безлюдную пустыню, то вас осталось мало» [1, с. 44]. Первая часть ответа представляет собой аллегорию (иносказание), вторая часть – ее решение. Нельзя иносказания и загадки объяснять одинаково. Аллегория (иносказание) указывает на спокойную жизнь

человека, на то, что он многое видел, многое познал. Кто в этой ситуации является оратором? Тот, кто использует иносказания, или тот, кто их с легкостью разгадывает. Мы считаем, что оба сильные ораторы и не уступают друг другу в искусстве слова. Видеть безлюдную пустыню означает, что пожилой человек остался один в живых из своих сверстников, его одиночество. Сравнение с безлюдной пустыней – это признак находчивости. Красота ораторской речи в иносказаниях, а умение использовать их, не задумываясь, находчивость.

Намеки и иносказания, встречающиеся в речи ораторов, заставляют собеседника думать, позволяют определить кругозор и решить стоит ли продолжать общение с этим человеком. А также определить бесполезность участия противника в ораторском споре.

В речи Сырыма встречается много загадок и намеков, которые имеют скрытый подтекст, учат собеседника думать, отвечать быстро на вопросы, находить неожиданные решения. Мастер скрытого подтекста Сырым не только быстро отвечает на вопросы, но и сражает противника словом, чем приносит моральное удовлетворение слушателю, который невольно восклицает: «Так ему и надо».

Сырыма мы рассматриваем не только как батыра, оратора, бия, но и как видную историческую личность, посвятившую свою жизнь борьбе против колониальной политики, демократа, желавшего видеть казахский народ свободным и независимым.

Независимость, о которой так мечтал Сырым, сейчас достигнута. И не только достигнута, но и укрепляется с каждым днем, стремится к небывалым высотам.

Сырым – наш Платон, Цицерон, Демосфен. Бессмертны гениальные речи Сырыма, сохранившиеся до наших дней. В этой связи ораторские речи обретают художественную особенность, которая прочно заняла место в народном сознании.

Литература:

1. М.М. Тлеужанов.Сырым Датұлы және оның шешендік сөздер. – Уральск: Полиграфия; 1991.

2. М.М. Тлеужанов. Дала кемеңгері немесе Сырым туралы сыр. – Алматы: Сөзстан; 1992.

3. Ж.Акбай « Ерен ер - Сырым». – Уральск: Полиграфсервис; 2002.

М.ҚАШҒАРИДІҢ «ДИУАНИ ЛҰҒАТ АТ - ТҮРІК» ШЫҒАРМАСЫ ТІЛІН АНТРОПОӨЗЕКТІК БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

Бекташева Г.Т.,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 1-курс магистранты, Орал қаласы
almaz-gulnur@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада түркі халқының тіл әлемінің ішкі және сыртқы құрылымдық жүйесі, даму заңдылықтары, тілдік модель ұғымдары туралы айтылған .Тіл білімін түрлі бағытта зерттеудің маңыздылығы көрсетілген. Осы мақсатта түркі тіл біліміне бағдарлы еңбектер қарастырылып, негізге алынған.
Тірек сөздер: тіл білімі, парадигма, этимология, антропоцентризм.

Аннотация. В статье раскрывается внешняя и внутренняя система структуры, законы развития тюркского языка, понятие языковой модели. Указано важность изучения языковых знаний в разных направлениях. Рассмотрены и взяты за основу труды направленные на развития тюркского языка.
Ключевые слова: языкознания, парадигма, лингвистика, этимология, антропоцентризм.

Annotation. The article deals with the inner and outer systems of the structure of language and the essence of language model. The importance of studying linguistic knowledge in different directions. It is based on the scientific works of problems of Turkish group of language.
Keywords: linguistics, paradigm, etymology, anthropocentrism.

Бүгінгі күнде тамыры тереңге бойлаған түркі өркениетін жаңғырту үшін, түбі бір түркі халықтарының өткен тарихы, тілі, әдебиеті, мәдениеті, тұрмыс - тіршілігі, мифологиялық діни наным сенімдері мен рухани және материалдық құндылықтарынан хабар беретін жазба ескерткіштерді антропоөзектік бағытта зерттеудің маңызы жоғары. Сол себепті орта ғасырлық ойшыл, түрколог - ғалым Махмұд Қашқаридің түркі халықтарының тарихы мен табиғатын, өмірі мен тұрмыс - тіршіліктерін, мәдени-рухани құндылықтарын, көркемдік құпиясы мен тіл мүмкіндіктерін кең көлемде көрсетіп, кеше - бүгін байланысы мен сабақтастық сырларын ашатын «Диуани

лұғат ат - түрік» тағылымды туындысын антропоөзектік лингвистика тұрғысынан зерттеу ғылым сұранысы деп білеміз.

Жалпы түркі тілдерін зерттеуде антропоөзектік бағыттың әдіснамалық негізі ХХ ғасырдың соңғы жиырма жылынан бері қолданыла бастады. Түркі тілдері жайлы зерттеулер құрылымдық лингвистиканың амал-тәсілдері мен ұстаным - қағидаларын басшылыққа алғанымен «сөз семантикасына, сөз этимологиясына арналған зерттеулерде, тіл онтогенезі, имитатив теориясы, тілдің қоғамдық - әлеуметтік сипаты жайлы еңбектерде антропологиялық бағыттағы тілдің танымдық қырларын меңзеген тұжырымдар түркі тіл білімінде когнитивті бағдар кеңінен тарағанға дейін - ақ айтылып жүрді» [1: 257]. Жалпы тілдің антропоөзектік бағытта зерделенуі адамзатқа қатысты барлық құндылықтар жүйесін адам болмысымен, оның барлық туа біткен және жүре пайда болған қасиеттерімен, даму жолымен ұштастыра қарастырудың қажеттілігін әрі тиімділігін көрсеткен философиялық ой-пікірлерден бастау алды. Тіл білімі тарихында XIX-XX ғасырлардағы дәстүрлі тарихи - салыстырмалы және ХХ ғасырдағы жүйелік - құрылымдық парадигмалардан кейін, XXI ғасыр тіл білімінің басты парадигмасы болып табылатын антропоөзектік парадигма пайда болды. Тарихи салыстырмалы тіл білімі тілдердің генеалогиялық туыстығы мен өзара қарым - қатынасын, тілдік одақтар мен тілдік топтардың жалпы сипатын анықтаса, құрылымдық тіл білімі жекелеген тілдердің ішкі құрылымдық жүйесінің таза тілдік табиғатын ашып, нәтижесінде тіл білімі ғылымының теориялық - методологиялық негізі қаланды. Алайда бұл бағыттағы зерттеулерде тіл бірліктері ауқымды таңбалық схемаға бағындырылып, тілдік жүйенің өз ішінде қарастырылды.

Адам және оның таным әлемі, салт - санасы, қоршаған ортасы мен ғасырлар бойы жинақтаған іс - тәжірибесі, рухани өрісі зерттеу нысанына алынбай экстралингвистикалық факторлар қатарынан табылды. Бұл жағдай лингвистикалық зерттеудің ғылыми методологиясында біржақтылықты (грамматикалық) қалыптастырса да, уақыт өте келе заман талабы тіл феноменін тілдің өз ішінде, тілдік жүйенің өзіндік заңдылықтары тұрғысынан зерттеу жеткіліксіз екенін көрсетті. Ақпараттық технология үстемдік етіп, жаһандану үрдісі кең қанат жайған қазіргі заман тілді «Табиғат – Адам - Қоғам» үштігі контексінде, адам болмысымен этнос, ұлт, халық сияқты тілдік қауымдастықтың тарихи - мәдени, саяси - әлеуметтік өмірімен біртұтастықта қарастыруды талап етеді.

Антропоцентризм (гр. anthropos – «адам», лат. centrum – орталық) – адам феноменін ғаламның басқа да феномендеріне қарсы қоя отырып, адамды ғаламның орталығы ретінде танытатын, дүниедегі болып жатқан процестердің мақсатын адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт [2: 8]. Ал тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің нысаны таным объектісінен (тіл, сөзден) сол тілді тудырушы, қолданушы, жарыққа шығарушы адам – субъектіге ауыстырылып, тілдік конструкциялар дүниені «адам призмасы» арқылы көрудің, танудың дәйектемелік негізіне алынады, «тіл мен адамның» аражігі бөлінбей, біртұтастықта сипатталады. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы лингвистикалық зерттеулер объектіден субъектіге қарай бет бұрып, тіл – субъектінің ең басты конститутивтік белгісі ретінде қарастырылады.

Тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттардың қайнар көзі, шығу арнасы Еуропада В.Гумбольдтың лингвофилософиялық концепцияларынан, ал Америкада Ф.Боас, Э.Сепир, Б.Л.Уорфтың көзқарастарынан бастау алатынын атап өткен жөн. Тіл мен мәдениет, тіл мен халық, тіл мен таным арасындағы байланысты қарастыруда В.Гумбольдтың «Тіл – халық рухы, халық рухы оның тілінде. Ұлт нышанын танытатын мәдениет өз ізін халық тілінде қалдырады. Халықтық рух пен мәдениет тілдің ішкі формасына тән» [3: 32] деген тұжырымдамасы басшылыққа алынады. Ф.Соссюр, В.Штейнталь, Э.Сепир, Б.Уорф, Л.Вайсбергер зерттеулерінде көрініс тапқан «әр халықтың танымдық ерекшелігі оның тілінің табиғатынан туындайтындығы», «тіл тарихилығы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамитындығы», «адам баласының образды ойлауы, дүниені тануы тіл құрылысымен тығыз байланысып жататыны» туралы ой - пікірлер мен Ф.И.Буслаев, А.Н.Афанасьев, А.А.Потебня, Р.Якобсон сияқты орыс ғалымдарының тілдің конструктивтік рөлі және оның халықтық мәдениетті, халықтық психологияны, халықтың мифологиялық таным түсініктерін қалыптастыруға тигізетін әсер ықпалы мәселесіне арналған іргелі зерттеулері антрополингвистикалық ізденістердің ғылыми іргетасы етілуде. Қазақ тіл білімінде антропоөзектік бағдардағы алғашқы зерттеулер этнолингвистикалық сипатта болды.

Этнолингвистика – тіл әлемінің өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, «этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде этнос болмысын оның тілі арқылы танып - білу мақсатынан туындаған лингвистиканың дербес бір саласы.

Жалпы тіл білімінде бұл сала және оның мақсат-мүддесі теориялық тұрғыдан көптен бері - ақ белгілі болса да, іс жүзінде, әсіресе түркі тілдерінде кең қолданыс таба алмай кенже қалды. Тек XX ғасырдың 80 жылдарынан бастап, орыс және әлемдік тіл біліміндегі зерттеулер аясында қазақ тіл білімінде де этнолингвистикалық алғашқы ізденістер жүргізіле бастады.

Арадағы отыз жыл көлемінде бұл салада ірілі - ұсақты зерттеулер жасалып, қазақ тілінің өзіне тән табиғаты мен ерекшелігіне сәйкес қазақ халқының салт - дәстүрін, тұрмыс - тіршілігін, этникалық құрылымын, тарихи даму жолын, басқа да рухани - мәдени құндылықтар жүйесін қамтитын дара болмысын танып - білуді мақсат ететін, қазақ этнолингвистикасының бағыт - бағдары, мақсат - мүддесі айқындалып, ғылыми тұжырымдамасы пайда болды. Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық зерттеулердің мән мазмұны мен зерттеу мақсатын профессор М.М.Копыленко «...этностың тұрмыс - тіршілігі, қазіргі болмысы мен өткен тарихы, материалдық және рухани мәдениетінің тілдік көріністері арқылы анықталады» деп көрсетіп, бұл саланың Қазақстан топырағында дүниеге келіп, қалыптасуына үлес қосқан академик Ә.Т.Қайдардың және көптеген шәкірттерінің зерттеулері негізінде «қазақ этнолингвистикалық мектебі» қалыптасқанын атап өтеді [4: 17]. Осы сала негізінде қазақ тіл білімінде алғаш зерттеу жүргізген ғалымның бірі Е.Жанпейісов болды. Ғалымның еңбектері теориялық деңгейі және бай этнографиялық материалымен, кең ауқымды салыстырмалы, этимологиялық талдауларымен ерекшеленеді.

Этнолингвистика о бастан - ақ екі ұдайы объектінің – этнос және оның тілінің ортасынан туындаған ғылым саласы екені белгілі. Яғни бұл этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты саналы түрде сарапқа салып мойындау, «Этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды» деген қағиданы нақтылы зерттеуге өзек ету деген сөз. Оның зерттеу аясының ауқымдылығын белгілі бір этностың қазіргі тіліндегі деректер, яғни жазба әдеби тілі, ауызекі сөйлеу тілі негізінде синхронды және жазба мұралар, ауыз әдебиеті және эпикалық шығармалар тілі негізінде диахронды сипатта болатын зерттеулерден көруге болады. Қазақ тілі лексикасындағы әртүрлі тақырыптық топтар мен қабаттар, мақал - мәтелдер мен фразеологизмдер, ономастикалық жүйе бойынша зерттеулер жүргізіп, қазіргі қазақ этнолингвистикасының дамуына үлестерін қосып жүрген Н.М.Уәли, Ж.А.Манкеева, Г.Смағұлова, Е.Керімбаев,

Р.Н.Шойбеков, М.Ержанов, С.К.Сәтенова, Қ.Қ. Рысберген, Ш.Сейітова, М.С.Атабаева, А.Жылқыбаева, Қ.Аронов, Ж.Ағабекова, Т.Б.Жаубасова сынды т.б ғалымдарды атай аламыз. Тілдік фактілерді қазақ этносының тілдегі болмысы, бейнесі негізінде зерттеген Р.Шойбеков қазақ зергерлік өнеріне қатысты лексиканың этнолингвистикалық сипатын көрсетсе (1987), Қ.Аранов халықтың космонимдердің этнолингвистикалық табиғатын (1992), Ж.Манкеева мәдени лексиканың ұлттық сипатын (1997), С.Сәтенова қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғатын (1997), Г.Смағұлова мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектісін (1998) айқындап берді. Сонымен қатар қазақ эпосы тілінің лексикасы А.Мұхатаеваның, халықтық кеңістік өлшемдері Р.Иманәлиеваның, наным - сенімге қатысты тұрақты тіркестер Қ.Ғабитханұлының, жұмбақтар тілі Н.Оңғарбаеваның зерттеу еңбектерінде этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырылды. Бұл үрдіс тілдік деректердің табиғатына этностың өз көзімен, өз болмысы тұрғысынан баға беруді ғылыми зерттеудің басты ұстанымына айналдырған кейінгі буын өкілдерінің зерттеулерінде одан әрі жалғасын тапты. Мәселен, Ш.Б.Сейітова өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің (1999), Б.Ұ.Сағынова интеллектілік ұғымдардың (2003), Д.М.Керімбаев қазақ фольклорлық есімдердің (2003), Ә.Б.Алмауытова киім атауларының (2004) этнолингвистикалық сипатын саралайтын зерттеулер қалдырса, А.Д.Сейсенова сөйлеу этикетінің сәлемдесу, қаратпа және қоштасу формаларын (1998), А.Қ.Сейілхан эпикалық жырлардың тілдік қолданыстарын (2001), Ә.Ж.Хазимова қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени дереккөздік қызметін (2002) мәдениет және тіл сабақтастығы тұрғысынан қарастырады [5: 38]. Этнос болмысы – терең ұғымды, мазмұны кең болғандықтан оны танып-білуге өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі – мәдениеттану. «Мәдениет» жеке адамның басына өзіне тән қасиеттен бастау алып, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, ұлттық менталитетті, дүниетаным, салт - дәстүр, рухани - материалдық байлықты түгел қамтитын өте күрделі ұғым екені белгілі. Этнос болмысын мәдени құндылықтар тұрғысынан зерттеу қажеттілігі антропоөзектік парадигма аясында этнолинвистика мен қатар лингвомәдениеттанудың дүниеге келуіне түрткі болды.

Лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар әлеуметтік, рухани және тұрмыстық қатынастар мен заңдылықтарды тілдік бірліктер мен

амал тәсілдер арқылы қарастыра зерттейтін тіл білімінің бір бағыты. Аталмыш сала бойынша зерттеген орыс ғалымы В.Н.Телия: «Лингвомәдениеттану – тілдің корреспонденциясы мен мәдениеттің өзара қатынасының синхронды түрін зерттейтін және сипаттайтын этнолингвистиканың бір бөлшегі», – деп ой түйеді [6: 217]. Кең көлемде этнос мәдениеті мен дүниетанымын оның жалпы болмысын қарастырғанда лингвомәдениеттану мен этнолингвистика бір саладағы ғылымдар ретінде қарауға болады.

Ә.Т.Қайдардың этнолингвистикалық зерттеулерге негіз болатын тілдің қызметі туралы: «Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір - тіршілігінің, дүниетанымы мен әдет - ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан - ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар» деген пікірі этнолингвистика мен лингвомәдениеттану сабақтастығының белгісі [7: 34]. Қазақ зерттеушісі А.Ислам этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың өзіне тән ерекшеліктерін: «Қазіргі заман этнолингвистикасы белгілі бір материалдық және тарихи мәдени кешендермен байланысты тілдік бірліктерді ғана зерттейді.

Алғаш рет қазақ тіл білімінде тіл арқылы этнос болмысын танытуды көздейтін этнолингвистика мен тіл арқылы этнос мәдениетінің ерекшеліктерін айқындауды бағдар етіп, «тілді ұлттық ой-сана, дүниетаным, мәдениет, тарих, этностық рухты бейнелейтін таңба ретінде қарастыратын – кең ауқымды, интеграциялық сипаттағы лингвомәдениеттану саласына» профессор Ж.А.Манкеева айрықша мән берді [8: 3]. Ғалым этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың зерттеу бағыты тілді этномәдени тұрғыдан талдау екенін: «қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығындағы зерттеулер мәдениеттің өзін метатіл деп анықтап, оның коммуникативтік, кумулятивтік, әлеуметтік қызметтерін талдауға қазақ тіл білімінде ерекше назар аударылуда. Осы тұрғыдан қарағанда, мәдениет метатілін этномәдени негізде сипаттайтын өзекті арналар – тілдік деректерді этнолингвистикалық, лингвомәдени, әлеуметтанымдық жүйеде зерттеу» деп жеткізеді [8: 21]. Яғни лингвомәдениеттану тіл білімі мен мәденитеттанудың түйісуінен пайда болып, тілдік деректегі мәдени, рухани тілдік қатынастарды қатар ажырамас бөлікте қарастырса, этнолингвистика

тілдегі тілдік бірліктерді этнос пен тілдің тұтастығы негізінде қарастырады. Көріп отырғанымыздай, лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың теориялық арқауы, зерттеу нысаны мен мақсатының өзектес, тамырлас екені дау туғызбайды. Осы екеуінің қатынасын жалпы мен жалқының, бүтін мен бөлшектің байланысы іспетті деп қарауға болады.

Заманауи қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттанымдық бағытпен қатар тілді танымдық құрылым тұрғысынан қарастыратын когнитивті лингвистика да өріс алғаны белгілі. Когнитивтік лингвистика адам мен тіл факторына қатысты барлық категорияларды бірлікте кешенді түрде зерттеуді, әсіресе тілдің адам санасымен тікелей байланысты идеялық жағынан көңіл бөлуді ұсынған В.Фон Гумбольдт ілімін өркендетіп, тілдің «ішкі құрылымы» мен «сыртқы құрылымының» ара қатысын ассоциативті-психологиялық, логикалық негізде қарастыра отырып, «ішкі құрылымға» ерекше мән беретін А.А.Потебня, И.А. Бодуэн де Куртене, Ф. де Соссюр [9: 79 б.] т.б. зерттеушілердің тұжырымдарының негізінде дамыды. Алғаш когнитивтік аспектіде жазылған еңбектер қатарына Ч.Филлмор, П.Кей, Р.Шенк, Ч.Ригер, Р.Джекендофф, Дж. Лакофф т.б. сынды ғалымдардың тіл мен грамматикалық категорияларды адам санасындағы танымдық құрылыммен ұштастыра зерделейтін еңбектерін жатқыза аламыз. Ал отандық зеррттеушілер тарапынан когнитивтік ұстанымдарға сәйкес келетін көзқарастар 80 - жылдарда айтыла бастады. Мәселен, ғалым Н.Уәли сөз мазмұнында таңбаланған когнитивті ұғымдарды «тілдің лексикалық байлығы тек атауыш сөздермен шектелмейді.

Зерттеуші Қ.Жаманбаева тілдік сана құрылымын, тілдік модель ұғымдарын және де таным теориясының тілдік категорияларын талдай отырып, «...таным сыртқы дүние заттарына бағытталған тәрізді көрінгенмен, оны жүзеге асырып отырған адам болмысы тұрғысынан бағдарласақ, айтылған процестің үнемі ішке қарай (адамның ішкі дүниесіне қарай) бағытталғанын көреміз», – деп ой түйеді [8: 51]. Ал қазіргі таңда қазақ тіл білімінде тілдің танымдық қырларын лингвокогнитологиялық, лингвомәдениет танымдық, лингвопсихологиялық аспектіде зерттеп, концептуалды жүйенің ішкі және сыртқы құрылымдық модельдерін сомдауға ат салысып жүрген Н.Уәли, Қ.Жаманбаева, А.Ислам, А.Тілеубердиев, Г.Қосымова, Ш.Қ.Жарқынбекова, З.К.Темиргазина, Э.Оразалиева, С.Жапақов, А.Әмірбекова, М.Қожаева т.б. ғалымдарды атай аламыз. Мұндай

зерттеулер тілдің ақиқат болмысы туралы білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін ескере отырып, тілдік категориялар мен олардың құрылымдарын жаңаша сипаттауға мүмкіндік береді. Алайда бұл мәселелер тілімізде енді ғана қалыптаса бастаған, бұрын - соңды мүлде сөз болмаған мәселелер деуге болмайды. Себебі қазақ тіл білімінің негізін қалаған А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Сол себепті ғалымды ұлттық когнитивтік лингвистиканың негізін қалыптастырушы ретінде тануға болады.

Әдебиеттер:

1. Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – 360 б.
2. Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С., Поставалова В.И. и др. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 380 с.
3. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Наука, 1984. - 400с.
4. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алма - Ата: Евразия, 1995. - 178 с.
5. Сағидолда Г.С. Түркі - моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері. - Астана, 2011. – 304 б.
6. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты. – М.: 1966. – 284 с
7. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
8. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
9. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 140 б.

ҒАЙСА - ҒАЛИ СЕЙТАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТІЛІК, АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІК

Амангельдиева Г.К.,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 1-курс магистранты, Орал қаласы
amandedieva@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Ғайса - Ғали Сейтақ поэзиясындағы тарихи деректілік, ел мен елдік, туған жер, ел тақырыбы, халықтың ішкі жан дүниесін суреттеудегі көркем шығармашылығы мен ақындық шеберлігі бірге талданған. Ақынның «Тек пен тамыр», «Нарынның нар ұлдары», «Аман бол, Атамекенім» атты кітаптарында тарихи дерекке негізделген тақырыптарға қалам тербеуі, өлеңдерінің даму бағдары, көркемдік ерекшеліктері қарастырылған. Ақын өлеңдерінде көрініс тапқан Нарын құмы, хан ордасы, қазақ даласы, батырлар рухы тақырыптары көркем шындықты жеткізудегі ақындық тұлға ұстанымымен байланысты жан - жақты сөз болады.

Тірек сөздер: тарих, заман бейнесі, халық тағдыры, өмір, батырлар.

Аннотация: В статье проанализировано художественное творчество и поэтическое мастерство члена союза писателя Казахстана Гайса - Гали Сейтака, который оставил неизгладимый след в описании родины, страны и внутреннего мира человека в поэзии казахской литературы. Рассматривается художественные особенности в книгах поэта, основаны на исторических фактах «Тек пен Тамыр», «Аман бол, атамекенім», «Нарынның нар ұлдары». Описываются темы как Наринские пески, орда хана, казахская степь, отраженные в стихах поэта, связаны с позицией поэтического человека в художественных истинах.

Ключевые слова: история, образ времена, судьба народа, жизнь, герой.

Annotation: The article analyzes the poetic skill and artistic creativity of member of Kazakhstani Union of the Writer Gaisa-Gali Seitak, who has left an indelible impression in the description on the country, the theme of the country, the theme of the country and the inner world of human beings in the poetry of Kazakh literature. Writing on historical subjects in the books “Tek pen tamyr”, “Narynnyn nar uldary”, “Aman bol, Atamekenim”, poetry development , artistic pesuliartities. Naryn sands, khan’s horde, Kazakh steppes, heroes’ spirit, reflected in the poet’s poems, are related to the poetic person’s position on the artistic truth.

Keyword: history, form modern, the fate of the people, a life, hero.

ХХ ғасырдың 60 - 70 жылдардағы қазақ әдебиеті Мұхтар Әуезов сөзімен айтқанда «Әдебиетімізге жыл келгендей жаңалық сезінерлік» жаңа тегеурінді ақындар толқынының келіп қосылуымен ерекшеленді. Бұл кезеңде мендік үні бар, өзіндік ізденістерімен әдебиетімізге енген ақындар Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов, Қайрат Жұмағалиев, Ақұштап Бақтыгереева, Фариза Оңғарсынова, Мұхтар Шаханов т.б. соңын ала 80 - 90 жылдары ақындардың жаңа толқыны қалыптаса бастады. Есімдері аталған ақындар өздері өмір сүрген дәуірдегі қоғам көрінісін әр алуан сипатта жырлап, ұлт поэзиясына өздерінше үн қосты.

ХХ ғасырдың 80 жылдары алдыңғы аға буын өкілдерінің жолын жалғай әдебиетімізге Ғайса - Ғали Сейтақ есімі келіп қосылды. Ақын өлеңдерінде қай тақырып қозғалса да негізгісі қоғам, өмір, Отан ұғымдарына барып тіреледі. Аталған ұғымдар Ғайса - Ғали шығармашылығының негізгі фоны, бастамасы секілді болып негізге алынады да, әрі қарай тарихи деректерді қазбалай, індете түседі. «Ақын поэиясының төркіндеу өрісіне келсек, автор тарихи деректі, дәлдікті сүйеді. Олай етуге де себеп бар. Өйткені ақын туған Орда өңірі - тарихы тұнған бай өлке. Ал оның мың қатпар сырын ашу, тарихын түгендеп, таразылау - сол өлкенің ақын боп туған түлегіне және бір сын. Айталық, Исатай, Махамбет, Бөкей хан, Жәңгір хан, Орманбет би, Мұхаммед Салық, Дәулеткерей, Саржала т.т тарихи есімдер Ғайса - Ғали шығармашылығының төрінен орын алып отыр» [1:5 - б.] – дейді әдеби өлке лирикасын зерттеуші ғалым З.Мүтитегі өз жазбасында.

Ақын Ғайса - Ғали Сейтақтың ел мен жер тарихын өзгелерден көбірек жырға қосуы оның өзі туып - өскен атамекенінің кешегісіне, бабалардың жүріп өткен сүрлеу - соқпағына, қала берді тарих сабақтастығына асқан құрметпен қарайтынын аңғартса керек. Оған дәлел мына бір өлең жолдарына назар салайық:

Құтты мекен болған - ды ол жасымда,
Таптым алғаш тіршілік олжасын да.
Мен туған үй қалқайып тұратұғын
Қалың құмның ішінде.
Дөң басында [2:71-б.]

(«Менің үйім»)

немесе «Біз Нарыннанбыз» өлеңінде:

Ол - анық,
Бәріміз де Нарыннанбыз,
Тәңір деп туған жерге табынғанбыз.
Жігіттің қалар, сірә, жүрегінде
Көк моншақ
Гүл-көктемнен тағынған қыз... [2:61-б.]

(«Біз Нарыннанбыз»)

- дейді. Иә, ақын өз өлкесін, Нарын құмын, балалық шағы өткен ежелгі тарихи мекенді сағына еске алады. Ақын өзі үшін құтты мекенге айналған, кіндік қаны тамған жері Нарын құмындағы тарихи оқиғаларды кеңінен зерттегісі, зерделегісі келеді. Келер ұрпаққа халқының шежіресінен сыр ақтарып, өлең тілінде жеткізу – ақынның басты кредосы. Тарихтың қалың қатпарлы кезеңдерінде еліміздің өткенін елеп - екшеп, аса маңызды тарихи оқиғаларды өз өлеңдеріне арқау еткен ақын поэзиясын осы деректілік тұрғыдан ашып көрсету – басты мұрат.

Нарын – ақын Ғайса - Ғали Сейтақ үшін қимас, қымбат мекен. Халық арманымен үндескен шежіреге толы ақын өлеңдерінің өн бойында Нарын тағдыры, ішкі қазақ Ордасының тарихы жайлы ой қозғалады. Сонымен қатар, қазақ халқының тарихында елінің қамын жеп, оның ертеңі үшін алаңдап, еліміздің тұтастығына еңбек сіңірген тұлғалар туралы да сырлар жырға айналған. Олардың қатарында Бөкей Ордасының негізін қалаушы Бөкей ханның (1748 - 1815) орны ерекше. «Билеушісіне, көсеміне риза болған халық «хан Бөкейдің тұсында секер шайнап, бал жұттық» деп бекер айтпаса керек. Бөқей хан хақында Жанұзақ жыраудың:

Байларға құба жайлатқан,
Жарлыға мыңдап жылқы айдатқан,
Алтынды тақтың үстінде
Рахыметті Бөкей хан өткен, [3:37 - б.]

(«Байларға құба жайлатқан»)

- деп жырлауында тарихи шындық жатыр. Одан әрі жыраудың:

Ежелгі Бөкей барында
Толықсып жайлап еді біздің ел» [3:37 - б.]

- деп жалғастыруы сол заманның тынысын, Бөкей ханның ел ішіндегі бедел - мәртебесінің қаншалықты екендігін айқын байқатса керек.

Ақын шығармашылығына назар аударушы әдебиетші ғалым, профессор С. Шарабасов: «Ғайса - Ғали – жаңа буын, республикашыл зиялы. Бөкей, Жәңгір хандығына шаң жуытпағысы кеп жалындайды. Өлеңдерінде қанды тарихымыздың терезесін жалюздеп, әйнегіне саясат әлемін салып қояды. Ақынға анда - санда халық көтерілісі бояуының бір бағанын қарастыра кеткен жөн. Халық кегі құдай кегі екендігі - талас тудырмайтын аксиома» [4:3 - б.] – деп жазады.

Бөкей ханға Жанұзақ жыраудың жоғарыда берілген бағасын Ғайса - Ғали «Егер Бөкей көшпесе» деген өлеңінде одан әрі дамыта, кеңіте, сабақтастыра түседі:

Егер Бөкей көшпесе, жүрер едік біз қайда,
Шекараны өзге жұрт басқа жерден сызбай ма?!

Егер Бөкей көшпесе, Еділ - Жайық бетке алып,
Құмнан аспай қалың жұрт қалар ма еді тоқталып?!

Егер Бөкей таппаса ақ патшаның көңілін,
Болжап білер кім бар - ды келер ұрпақ өмірін?!

Айтам енді бір тоқтам, сөзім емес ақырғы:
Батырлары бар елдің хандары да ақылды [2:5-б.]

(«Егер Бөкей көшпесе»)

- дей келе, Бөкей ханның ел сенімін ақтар әділ басшы болғандығын, «Егер Бөкей көшпесе жұрт шекараны басқа жерден сызып, біз (ноғай - қазақтар) қалың құмның арасында қала берер едік қой, Бөкейдің патша көңілін тапқан көрегенділігінен осы күнге жеттік» деген ұғымды түсінуге болады. Сонымен қатар «батырлары бар елдің, хандары да ақылды» деген жолдарда Исатай мен Махамбет секілді ерлердің жасаған ерлік істерін үлгі етеді.

«1812 - 1815 жылдары Бөкей хан өзінің басқару мүмкіндігін кеңейтіп, айналасына беделді сұлтандарды, старшындар мен батырларды жинады. Солардың қатарында Исатай Тайманов та ханның сенімді адам болғандығын, 1812 жылы Исатайға арнап грамота беру арқылы ел мәселесін шешуде батырға арқа сүйеуі тарихи ақиқат еді» [5: http] - деген тарихи мәліметтер хан мен

батырлар арасындағы аралас - құраластық іс - шаралардың болғандығын дәлелдейді.

Найза ұшында жүрсе - дағы теңдігі
Асылындай қастерленген ел мұңы.
Кең даласын қорғап қалған қазақтың
Батырының көп болғаны белгілі [2:15 - б.]

(«Жеке батыр»)

Ақбұлақ мөлдір су еді,
Жағасы қалың ну еді.
Исатай менен Махамбет,
Халқының биік туы еді.

Қоштасып солай көп ермен,
«Қайран да Нарын» деп өлген.
Исатайдың да басына
Ескерткіш қойды ол өлеңмен. [6:143 - б.]

(«Отыз жетінші жыл»)

немесе М. Өтемісұлына арнаған мына бір өлеңінде:

Жортты елде - қорқау, құзда - құлан,
Тұз арыған.
Жұрты үшін басын тіккен ажалға да
Маңдайын Махамбеттің мұз қарыған» [2:23 - б.]

(«Бас пен доп»)

- деп жырлайды. Ақын батырлардың қайтпас қайсарлығы мен даласына лайықты өрлігін ерекше жырлай келе:

Ойлаған бәрін - дағы
Ханы да тағындағы.
Намысын жібермеген
Нарынның нар ұлдары. [7:53 - б.]

(«Нарынның нар ұлдары»)

- деп қорытындылайды:

Ал азат рухтың күрескері, жалынды жыршы М.Өтемісұлының заманның қиын уақыты - яғни XIX ғасырдың 30 - 40 жылдарында елден жырақта жүргенде:

Еділ мен Жайық жер еді - ау,

Мекен еткен шаруаға,
Жағасы қорған жай еді - ау,

- деп келетін жыр-сырынан Бөкей хан мен Жәңгір заманының ара - жігі айқындала түседі. Тарихта Жәңгір бейнесі екі жақты пікірде қалып отыр, сол пікірлердің жауабын Орынбор архивінен табуға болатындығын Ғайса - Ғали Сейтақ өз өлеңіне төмендегідей тіл қатады:

Биікке білімдінің аты өрлеген,
Байланыс жасай білген жат елменен.
Орынбор архивінде жатыр әлі,
Өзі жоқ болғанменен хаты өлмеген.

Мынау хат Жәңгір ханның көзіндей ме,
Мұра ғып қалдырғандай сөзін бейне.
Архивтен енді келіп танып алар
Ұрпағы түсінбесе өзін кейде. [2:24 - б.]

(«Жәңгір ханның жазуы»)

Тарихи деректер Жәңгір ханның отарлаушылар саясатынан халқын қорғаушы, еліне мәдениет пен білім, мұсылман дінінің нұрын себуші хан ретінде көрсетеді. Әр нәрсенің әділдігі керек, патша үкіметі Жәңгірге, оның балаларына да орысша білім, тәрбие беріп көп үміт артты. Қазақ даласын отарлауда жан - жақты білімді, ақылды, мәдениетті Жәңгір сияқты тұлғаны қолға ұстаудың қаншалықты пайда екенін патша да, генерал губернаторлар да жақсы түсінді. Жәңгірдің өзі орысша білім алған және осындай білімнің Қазақстанға, оның ішінде Ішкі Бөкей Ордасына өте қажет екендігін түсінді. Осы бағытта Жәңгірдің «Ішкі Бөкей Ордасында ұлттық білім жүйесін» қалыптастырумен қатар, көптеген ағартушылық жұмыстармен айналысқандығы тарихта ерекше сыр шертеді. Жасқұстағы хан ордасында жазған хатында Жәңгірдің ойының ұшқырлығы мен жазуының көркемдігін ақын өлең шумақтарында шебер байланыстырады.

Тұрды ма Күн тұтылып,
Өртеніп Ай,
Әйтпесе кетпес еді ерте бұлай.
Мөлдіреп ақ қағазға түсіпті ойлар,
О, ғажап, жазуының көркемін - ай!

Жететін байлығы оның сол ғасырда,
Ұстаған жүйрігін де, жорғасын да.
Жұртының қамын ойлап, хат та жазған
Отырып Жасқұстағы Ордасында. [2:24 - б.]

(«Жәңгір ханның жазуы»)

«Патша мен генерал - губернатордың Жәңгірді хан тағына отырғызуы және қазақтың тұңғыш генералы дәрежесіне көтеруі отарлау саясатының мүддесі үшін істелген айла екендігі белгілі болды. Осындай айла - тәсілдерді саналы түрде өткізе отырып, хан кеңесін кеңесшісі етіп орыс адамын сайлап, хан кеңсесі іс басқарушысынан бастап қойма меңгерушісіне дейін түгел орыстандырып, әр бір әрекетін есепке алып отырады. Ішкі Орда қазақтары бірте - бірте шұрайлы аймақтардан ығыстырылып құмға қуылады, жайылымға, қыстауға қолайсыз жерге қоныс аударды. Барлық өзендері мен көлдері, шабындықтары мен егістіктері бар жерлер казактар мен қалмақтарға берілген болатын. Осы бір сәтте Жәңгір болып жатқан жағдайларға байланысты наразылық білдіріп Астрахан генерал - губернаторы А.С.Осиповке: «Киргизам остались обнаженные степи, пески, солонцы» - деп хабарлап: «воспретить кордонным казакам Уральского войска открытою силою действовать против прибрежных киргизцев» - деп казактардың жөнсіздігін жоюды талап етеді, алайда отарлау саясатының көрігін басып отырған патшадан оң шешім болмады» [5:_http].

Жәңгір хан халқын сатпады, керісінше халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтағандығы ақын өлеңдерінің мына шумағында айқын көрсетіледі:

Тартса егер қалың қазақ жер азабын,
Кім білмес көл сарқылып, бел азарын!?
Есігін патшаның да қақты талай,
Жазумен ашам ба деп ел ажарын.
Атырды көзбен талай таңды жасақ,
Тіріге тимес оңай қанды қасап.
Қарамай губернатор соза берді,
Алдына апарса да жарғы жасап.

Дал болды дала заңын өткізе алмай,
Батырлар тұрды және шеп бұзардай.
Кім білген, көктей солып көп арманы,
Ханның да қанша үміті кетті ұзармай. [2:24-б.]

(«Жәңгір ханның жазуы»)

Ақын хан Жәңгірді оң қырынан танытып, оның тарихи бейнесін одан әрі дәріптей түседі. Жәңгір ханның ағартушылық бағытындағы жүргізген жұмыстарының нәтиже беруінің арқасында Қазақстанда, оның ішінде Ішкі Бөкей Ордасында тұңғыш рет ұлттық білім мен тәрбиенің негізі қалыптасып, одан әрі өркендегенін, талай ұрпақтың оқуға деген санасын, ынта - жігерін аша білген іс - әрекеттері де ақын өлеңінде кеңінен терең толғаныспен баяндалады:

Жасырып кеудесіне мұң - наласын,
Сезген ол өз қазағы тыңдамасын.
Жол салған кемедейін хан болмаса,
Оқуға берер еді кім баласын?!

Орыны Жәңгір ханның ерек бүгін,
Танытты талай ұрпақ зеректігін.
Тағдыры бабалардың ұқтырады
Ел үшін татулықтың керектігін.

Нарынның жасыл қыры жазық неткен,
Сұм заман сондай жанды жазықты еткен.
Қазақтың маңдайына жарқыратып
Жәңгір хан өз өлеңін жазып кеткен! [1:4 - б.]

(«Жәңгір ханның жазуы»)

Әдебиет – адам мен қоғамды зерттеу, байыптау, сол арқылы тарихи дәуірдің ерекшелігіне айналуы десек, ХХ ғасырдың 80 жылдары қазақ поэзиясына қалам сілтеген Ғайса - Ғали Сейтақ сынды тұлғаның шығармашылығына зер салу ақиқатты ашуға, әдебиет пен тарихты сабақтастастыра отырып, шығармашылық еркіндікті өмірлік - тарихи ұстанымға айналдыру көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тарихтың тереңінен сыр шертетін ақын поэзиясының соншалықты мөлдір таза болуы - өзі көрген, білген нәрселерін жүрекпен сезініп сол қалпында жеткізуінде деп білеміз.

Ғайса - Ғали поэзиясын саралай отырып, туған жеріне, оның аспаны мен топырағына, тарихи тұлғалары мен өр рухты батырларын ерекше екпінмен жырлап, Отан атты қастерлі кең ұғымға сыйдыра білгендігін айтпай кету мүмкін емес.

«Ақын болу - мақсат емес, бірақ азамат болуға міндеттісің» деген қанатты сөз бар. Ал Ғайса - Ғалида аталғанның екеуі де бар: Отанға, Нарынға деген ерекше махаббаты, елін сүйген патриотизмі мен ақындық шеберлігі үйлесімін тауып, бірін - бірі жетілдіріп, толықтыра түскендей.

Қазақ жұртының өміріндегі өткен тарих пен өнегелі тұлғаларды байланыстырып өлеңдеріне арқау еткен Ғайса - Ғали шығармашылығы қашан да ұлт ертеңі үшін үлгі, өнеге болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Мүтитегі З. Ғажайып әлем сырлары // Орал өңірі. - 25.12.2008. – 5 бет.

2. Сейтақ Ғайса-Ғали. Тек пен тамыр. - Алматы: Арыс, 2005. – 210 б.

3. Нұрмағамбетова Р.С . Бөкей хан. ҚР Білім және Ғылым министрлігі. Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана.- 43 б. //http//rnpb.kz/up/files/bokej_han. pdf

4. Шарабасов С. Бар менен жоқ түгенденіп // Орал өңірі. - 14.04.2005. - 3 бет.

5.“National digital history” - Бөкей хан. Есімнама. //http//ehistory.kz/biography/view/367

6. Сейтақ Ғайса-Ғали. Аман бол, Атамекенім. Орал: Дастан – 1996. – 160 б.

7. Сейтақ Ғайса-Ғали. Жақыным менің - жалпақ ел. Алматы: Сөздік - Словарь -2007. - 240 б.

8. Сейтақ Ғайса-Ғали. Маңдай. Алматы: Жалын 1990. – 112 б.

АҚЫН А. НӘРІКОВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР, ӨСКЕН ӨЛКЕ ТАҚЫРЫБЫ

Рахметова А.Н.,
М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан
мемлекеттік университетінің 2-курс
магистранты
Орал қаласы
Almara-85@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада ақын Айтқали Нәріков лирикасының өзіне тән ерекшеліктері қарастырылған. Ақынның туған жерін, өскен өлкесін жырлаудағы ізденісі әр қырынан алынып тексеріледі. Лирикалық кейіпкерлер әлемі, оларды сомдаудағы автордың шеберлігі, жалпы руханият мәселелері қозғалады.

Тірек сөздер:лирика, туған жер, өскен өлке, монолог, кейіпкер, мотив.

Аннотация: В статье рассматриваются особенности лирики поэта Айткали Нарикова. Рассматривается во всех отношениях край поэта, где он родился и вырос. Затрагивается мир лирических героев, авторское мастерство, общие проблемы духовности.

Ключевые слова: лирика, родина, родной край, монолог, персонаж, мотив.

Annotation: The article deals with the lyrics features of the poet AytkaliNarikov. The homeland of the poet, where he was born and grew is studied in all respects. The worlds of lyrical heroes, author's skills, general problems of spirituality are touched.

Keywords: lyric, homeland, native land, monologue, character, motive.

Ақын А. Нәріков лирикасының бір қыдыруын туған жер, өскен өлке және оның табиғатын толғаған жырлары құрайды. «Туған жерге», «Ауыл», «Туған шаңырақ», «Мекенім», «Қарақия», «Маңғыстау», «Оян – өскен ауылым», «Ақтөбеге», «Жайық жағасында», «Ауылға барғанда», т.б. туындылары нағыз қазақи колоритке толы стильде жазылған. Бұндай өлең - жырлардың оқырманға шуақ сыйлар құдіреттілігінің күштілігін айтып өткен жөн. Өлең нәрінде қазақи болмысқа тән ұлттық сипат, лирикалық кейіпкердің туған жеріне деген құрметі, сағынышы, жан толқынысы әр туындыда әрқалай әр қырынан

көрініп, образды суреттер бірін - бірі толықтырып отырады. Мәселен,

Болсын деп ойық та аман, қырың да аман,
Жүгірем жүрек емі - жырымды ала.
Қыраның болмағанмен құрыш қанат,
Мен сенің бір торғайың шырылдаған [1, 16-б.]

(«Туған жерге»)

Бұл енді лирикалық кейіпкердің туған жерге деген шынайы сезімі құрметінен туындаған жүрекке жылу сыйлар шуақты шумақтар. Туған жерінің ойы мен қырының амандығын тілеген бейненің өз топырағына деген құштарлығында шек жоқ сынды көрінеді. Құрыш қанат қыран бола алмаса да, торғайы боп шырылдауға әзір лирикалық кейіпкердің басына көтерер бақыты да, төсіне тағар жақұты да – туған жері. Жазылатын екі өлеңінің бірі – туған жерге арналатынын, қысыр сөзге уақыты да жоқ, алайда туған жеріне деген үлкен махаббатының түйіні де ерекше.

Ерте - кеш шабыт сынды шырақ аңсап,
Мен саған жыр арнармын, сірә, қанша,
Бір сен деп үзілетін шығармын - ау,
Көгіннен топшым талып құлаған шақ.

Туған жер туралы айтқанда туған ауылдың аты бірге жүретіні белгілі. «Ауыл» аталған туындының құдіреті сол ауылға деген сағыныштан туындап жатқаны анық. Өлеңде ауылдың қазаққа тән болмысқа ие көркем суреті әсем көрініс тапқан. Астанада ма, қай жерде жүрсе де туған ауылының орны бөлек екенін, ел - жұрттан алыстаған сайын сағыныш сезімі арта түсетінін, осындай сәтте терең сезінетінін, бала күнде ұқпаған ауыл сырын есейген шақта жете білгенін кейіпкер тебірене, үлкен толқыныспен баяндап өтеді:

Таң қалар жерін алғаш басқан адам,
Мен жиі болып тұрам астанада.
Сонда да туған ауыл орны бөлек,
Мұны адам ұқпайды екен жаста ғана [1, 14 - б.]

(«Ауыл»)

Туған ауылының аты – Мешей. Сол Мешейімен байланысты көне суреттер де көлбеңдеп көз алдыға келе бастайды. Мешейдің көшесінде қалып қойған жүдеу өң, жадау көңіл балалық, қатарлары селдіреп қалған әкенің көзін көрген қариялар, бір кездегі балалық бал дәуренін бірге өткізген «қара сирақ» достар,

әрқашан ақ тілеуі әзір тұратын ақ жаулықты әжелер т.т. жүрекке жақын ұғым - естеліктер өлең бойына әр бітіріп қонақтап қалған. Өлең егесінің өсу жолын жалпақ елге жариялап отыратын ауыл адамдарының ақ жарқын, дархан көңілінің көріністері өлеңге сына боп қағылып, туындыға әр беріп тұр.

Кеп қалған сезім селін жасқамадым,
Тағы да ауыл жыры бастағаным.
Мен туған Мешей деген бір ауыл бар,
Сыртында Каменканың - Тасқаланың

Сан сала жол шақырып тұрғасын ба,
Көп жерді араладым бұл жасымда
Көңілім тағат таппай күтемін мен
Мешейге оралатын күнді асыға [1, 17 - б.]

(«Мешей»)

Мешейінің бәсін асыра толғаған ақынның жүрек жарды жырының өзегінде сәбилік сағынышы кейіпкердің монологы түрінде жария боп өрілген. Толғаныс сипатында жазылған туындының мазмұнында кейіпкерлердің образдалған бейнелері өзіне тән мінезімен қылау беріп, әр түрлі әдеби персонажға айналған. Айталық, «Әкемнің көзін көрген екі-үш қарт бар, // Мен үшін Мекке – сонау Мешейімде», «Әкемнің жігіт шағын алады еске, // Төкең шал маған тура қарай қалып» деп келетін тіркестер өлеңнің оқиғалық қуатын қоюлата түседі. Жүрегінің түкпіріне сақтаған арман-тілектерін автор Мешейіне қарата жырлайды. Кейіпкердің қарапайымдылығы мен салқынқандылығы өлеңнің табиғи қалпына көлеңке түсірмейді, керісінше оған әр беріп, құлпырта түседі.

Өстім мен жүрегімде сақтап арман,
Бір сенім бара жатыр бастап алға...
Қалайша көлгірсимін, туған ауылым,
Атыңды шығардым деп мақтана алман.
Бірақ та қатарымнан кем емеспін,
Және де ойсыз, отсыз демеді ешкім.
Мешейім, барымды мен сарқып беріп,
Өшсем де, армансыз боп келеді өшкім!

Өлең түйінінде автор: «Әйтеуір, сен түсірген сол даңғыл жол, Мені әлі алға бастап келе жатыр» - деген тоқтамға келеді.

Өткен дәуір лирикасын зерттеуші ғалым, әдебиет сыншысы З. Серікқалиев бір еңбегінде: «Бүгінгі лирикалық поэзияда бақыт пен қуаныш мотиві бірінші кезекте тұруы, әрине заңды. Тек бұл мотивтер жалаң берілмей, оның астарында толғанып, байсалды ой туғызарлық үлкен бір өмір жатса ғой» [2, 47 - б.] - деп жазған екен. А. Нәріковтың туған жер мен өскен ел туралы жыр - толғаныстарына үңіле отырып, ақынның сыншы талап еткен үрдістің үддесінен шыққанын аңғарғандаймыз.

Батыс Қазақстан аймағында Қарақия аталатын жер аты бар. Ал дәлдей айтсақ Қарақия – Маңғыстаудағы асу аты. Ақынның бір өлеңі соның құрметіне «Қарақия» аталған.

Қара нардай қасқайып тұрасың да,
Бұйра бұлтқа өркешің ұласуда.
Жолаушыны жеткізбей шарашатасың
Бір асудан жетелеп бір асуға.

Оңға-солға жолыңды иіп барып,
Бірте-бірте кетесің биікке алып.
Жоғарыдан төменге қарағанда,
Қалар бір сәт өмірің тұйықталып [1,21 - б.]

(«Қарақия»)

Теңеу мен кейіптеудің озық үлгісін иықтастыра қолдана білген автордың суретті сөздері өз үйлесімділігін тапқан. Жоғарыдағы өлеңнің бірінші шумағында троптың әдемі үлгісіне кезіксек, екінші шумақта антонимдік қатардың образды ойлар қорын толықтыруға өлеңге үстеме мән беріп тұрғанын аңғарамыз. Қарақияның ұшар басына жетудің оңай еместігін ақын былайша жеткізеді:

Төзімімді сынауға бекідің шын,
Алда жеті асуым - жеті күшің.
Тас қамалды осы бір алу керек
Жетібай мен Өзенге жету үшін.

Аттары аталған (Жетібай мен Өзен) елді мекендерге жету үшін де Қарақияны өрлей өту керек екен. Ол үшін автор меңзегендей жеті асудан асып өту керек. Шыдам мен төзімнің сынға түсер шағын автор өлеңге сынамалап енгізеді. Шамалыға мойын ұсынбайтын Қарақиясын тәкәппар, өр мінезді тұлғаға балайды. Қара нардай қасқайып тұрған Қарақияның өзін құрметтеуді ұнататынын былайша жеткізеді:

Тастағысы келгендей ықтырып бір,
Құрмет етсін, дегендей, тік тұрып кіл
Шомбал мүсін, шоқ мінез Қарақия
Осы өлкенің өрлігін ұқтырып тұр.

- деп жырлайды ақын.

Туған өлкенің қай тұсы да әркім үшін ыстық болатыны белгілі. Мәселен, «Маңқыстау» аталған өлеңде оның негізі байлығымен байланысты мәселелер көтерілген. Өткен заманда келіндеріне табаға салып шоқ тасытқан қазекеңнің жер астындағы байлығын автор әзілге айналдыра отырып, «Жер анамыз әлде осы бар байлығын // Ұрпақтарға келешек сақтаған ба?!» - деп жорамалдайды. Бұрында түбектің өңсіз көрініп, бос жатқан жерін бүгінде сына қағар жер таппай қалатындай өзгеріске ұшырағанын автор:

Оңай олжа, алмаққа ырыс күреп,
(Мұнай, алтын, оларға күміс керек)
Кәсіпкерлер жат жұрттық жүріпті ғой
Бұл даланы талай жыл тіміскілеп [1, 22 - б.]

(«Маңқыстау»)

Туған өлкенің жер асты байлығын тиімді пайдаланудың келер ұрпаққа тигізер пайдасының қажеттілігін армандаған кейіпкер үнінде Отанға деген үлкен құрметтің белгісі жатқандығын аңғаруға болады.

Академик М. Қаратаевтың: «Поэзия жан азығы болуы үшін халық өмірінен нұр, нәр алған адам жанының әсем айнасы, адам жүрегінің әміршісі болуы шарт» [3, 110 - б.] дегені барды. Ақын А.Нәріков лирикасын талдау барысында сыншы ғалымның меңзеп отырған сезім мен түйсік, сыршылдық категориялары шайыр шығармашылығында берік орын алғандығын атап өткен жөн.

Кең байтақ Отанына, туған еліне ортақ көңілмен қарайтын, оңы - солы, батысы - шығысы деп бөлмейтін ақын - кейіпкердің және бір жыры Ақтөбеге арналған. «Ақтөбе» аталған өлеңде бірнеше жер - су аты аталып, оның өзін автор туған жерінің бір асыл бөлшегіндей көріп, сағынышын, ерекше бір махаббатпен өбектей жырлайды. Шын ерде, нағыз перзентте ел - елді, жер - жерді бөлектеу болмайтынын осы өлеңді оқу арқылы ұғынғандай боламыз. Арайлы Ақтөбенің әдемілігін, атына заты сай қала екендігін, қонақжай дәстүрімен келушіні еріксіз баурайтын игі жақсы ісін ақын бүкпесіз шертеді ән - жырға айналдыра:

Ақындай оқитұғын жатқа өлеңін,
Дауысымды көптен бері баптап едім.
Бұлбұлым көмейдегі ән салды ғой
Төбесі көрінгенде Ақтөбенің

Қия алмай Күн де көзін қадап өткен,
Атыңа атағы сай қала неткен?!
Достардың құшағына қойып кеттім
Түсе сап ақ құс – әйдік самолеттен [1, 29 - б.]

(«Ақтөбе»)

Алғаш рет төрінде қонақ боп отырған кейіпкерді жатсынбаған елдің ізгі әрекетіне, меймандостық көңіліне риза болған автордың «Лүпілін жүрегімнің ұқтырамын // Бір нәзік дірілменен деміндегі» - деп келетін шынайы толғанысын, бүкпесіз сырын оңтайлы түсінуге болатындай. Сырласудың сәтті туған шумақтарынан кейіпкердің ақ адал жармасыз көңілі жыр боп төгіледі.

Жас жаным достық десе өбектеген,
Орал деп, Ақтөбе деп бөлектемен.
Жататын Жайығымен жарыса ағып,
Бір сәлем өзеніңе Елек деген

Көршілес жатқан екі елді мекеннің белгілі екі өзенін де ыстық бауырына қысқан ақын туған жердің сымбаты мен көркін жырға қосып дәйектеуде жас баладай сырласады. Ақтөбенің көрікті келбетін суреттеуге сөз таппай қысылған автор: «Бірақ та сені жырға қосу үшін // Сырлы сөз тыңнан теңеу табылады» - деп шабыт тұлпарына мінеді. Өзін танымалы жүйріктер қатарына қоспаса да, болашақта танылатындай айтпаған таңдары барын қаперлейді. Жыр түйінінде туған елге, жерге деген тағзым, шынайы сезіммен аялау көріністері елес береді.

Далиған даланы осы көрікті етіп,
Самалы Мұғаджардың өбіп бетін.
Ақтөбем, көсіліп-ақ жатырсың - ау,
Бір шетің кеңістікке еніп кетіп!

Қандай тақырыпта жырласа да ұлттық поэзияның өзіне тән ерекшеліктері барын аңғарған әдебиет зерттеушісі Б. Баешева: «Қазақ ақындарына философ әрі лирик деп айдар тағуға әбден болады. Қай шығармасын алсақ та, қазақ ақындарында терең ой, нәзік сезім жатыр. Олар да ой да басым, сезім де басым. Әлеуметтік лириканы шарықтау шыңға шығарып, адам жанының

сиқырлы сезімдерін қарапайым өлеңмен жеткізеді» [4, 125 - б.] - дейді. Сол қағидаға толық сыятын ақынның бірі - А. Нәріков.

Өскен өлкенің әсем келбеті мен сұлу табиғатын жырлау тек қана үлкен қалаларды ғана емес, ауылды елді мекенге арналады. Қала, дала деп бөлмей баршасына кең құшақ ыстық ықыласпен қарап, тұтастай алып жырлау – ақын А. Нәріков поэзиясының бір ерекшелігі деп қарастыруға болады. Сондай туындының бірі – «Оян – өскен ауылым» деп аталады. «Туған жердің түтіні де ыстық» дегендей автор өзінің өскен ауылы Оянға өзінше қарайды. Оянды еш жерге айырбастамайтындығын автордың төмендегі жыр - махаббатынан танып біле аламыз.

Жалғандық жалқынына боялмаған
Жайым бар тек шындықтан ой аңдаған.
Кіндігі жұмыр жердің сияқтанып,
Әрдайым көрінеді Оян маған.

Осында ойым, бойым жетілді бір,
Ер жеттім бірі болып кекілдінің.
Қалада жиырма жылдай тұрсам дағы,
Ауылдың азаматы секілдімін [1, 24 - б.]

(«Оян – өскен ауылым»)

Автор өскен ауылы Оян үшін неге де боса дайын. Өнердің бақ сынауына сеп болған ауылын жатсынбақ түгілі, «Атыңда аяқ асты етсе біреу // Белгілі шар болаттай шарт сынарым!» деп бекінген автордың Оянға құрметінде, шынайы ықыласында шек жоқ. Өмір көшін қалада өткізген ақынның, кей тұстарда кей тірлігі жақпай қалған тұстарда «Оянның сағынамын тұнық таңын, Оянның сағынамын қоңыр кешін» - деп мұңдана, сағына жырлауының да түпкі негізі сол ел - жұртқа деген ілтифат пен тағзымда жетса керек. Туған жердің қашанда кім - кімге де тұғыр боп табылатыны анық. Сағынған, жабыққан шақтарда туған жеріне ат басын тірер азаматтың айтар сөзі де баянды, мығым боп келеді. Туған жерден кіндік үзуге болмайтынын автор өзгелерге үлгі ете баяндайды.

Ояным, гүлдене бер, жасара бер!
Жақынмын, жерде емеспін тасада дер,
Жатсынбас түтіндерің түтінімді
Бір күні саған көшіп барсам егер.

Қазақ біткеннің жанының бір бөлшегі әрине, кіндік қаны тамған жері – өскен ауылымен байланысты болмақ. «Туған жердей - жер болмас, туған елдей - ел болмас» дейтіні де сондықтан.

Әдебиеттер:

1. Нәріков А. Самал: Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1990. – Б. 96.
2. Серікқалиев З. Ойлар, толғаныстар. – Алматы: Жазушы, 1967. – Б. 188.
3. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. – Алматы: Жаушы, 1969. – Б. 444.
4. Баешева Б. Қазақ поэзиясындағы төрттаған жанрының көркемдік ерекшеліктері. - Астана: Тұран - Астана, 2014. - Б. 160.

ПОЛИЛИНГВАЛЬНЫЕ ЯЗЫКОВЫЕ КОНТАКТЫ: КОДОВОЕ ПЕРЕКЛЮЧЕНИЕ В УСТНОЙ РЕЧИ КАЗАХОВ

Утегенова К.Т.,
к.п.н, доцент,
Утегенова А.Н.,
магистрант 1 курса.
Западно-Казахстанский государственный университет им.М.Утемисова,
город Уральск
karlyga@bk.ru

Аңдатпа. Ұсынылған мақалада Қазақстандағы полилингвистикалық тілдік қарым - қатынастар мен ауызша сөйлеудегі кодтық ауысу проблемалары қарастырылады, бұл тілдердің өзара енуімен бірге жүретін негізгі құбылыстардың бірі болып табылады. Мақалада тіл жүйесіндегі кодтар механизмдерінің тұжырымдамалары қарастырылып, кодты ауысудың себептері талқыланады, осы құбылысқа шетелдік ғалымдардың көзқарасы келтірілді.

Түйінді сөздер: тілдік қарым - қатынастар, кодтық ауысу, полилингвизм, ауызша сөйлеу.

Аннотация. Представленная статья освещает проблемы полилингвальных языковых контактов в Казахстане и кодового переключения в устной речи, которое является одним из основных явлений, сопровождающих взаимное проникновение языков. В статье затрагиваются

понятия механизма кодов в языковой системе, обсуждаются причины использования кодового переключения, представлены взгляды зарубежных учёных на это явление.

Ключевые слова: языковые контакты, кодовое переключение, полилингвизм, устная речь.

Annotation. The presented article deals the problems of polylinguistic language contacts in Kazakhstan and code switching in oral speech which is one of the main phenomena accompanying the mutual penetration of languages. The article touches upon the concepts of the mechanics of codes in the language system, discusses the reasons for using the code switching, presents the views of foreign scientists of this phenomenon.

Key words: language contacts, code switching, polylingualism,oral speech.

Современный мир полиязычен, происходят процессы интеграции, сближения языков, народов, культур, процессы глобализации, которые затронули не только социально - экономические, социально - политические, но и социально - культурные сферы деятельности человека. Глобализация мира в сфере культуры и образования, в настоящее время, характеризуется интенсивным сближением стран и народов, усилением их взаимодействия и взаимовлияния. В этих условиях актуализируется проблема модернизации образования, в том числе проблема языкового образования

В своем Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» - Новый политический курс состоявшегося государства» Президент Республики Казахстан Н.Назарбаев сказал: «...Казахстан уникален и силен своей многонациональностью. На его земле сформировалось уникальное поликультурное пространство… Поликультурность Казахстана - это прогрессивный фактор развития общества. Евразийские корни народов Казахстана позволяют соединить восточные, азиатские, западные, европейские потоки и создать уникальный казахстанский вариант развития поликультурности» [1].

В полиязычном мире как никогда востребованы эффективные и жизнеспособные решения в области языковой политики, способствующие консолидации общества. Идею триединства языков в Казахстане Нурсултан Абишевич Назарбаев впервые озвучил еще в 2004 году, впоследствии неоднократно к ней возвращаясь. В 2007-м в Послании «Новый Казахстан в новом

мире» он предложил приступить к поэтапной реализации культурного проекта «Триединство языков». Это было началом новой языковой политики республики [2].

«Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, – неоднократно подчеркивал Президент, – население которой пользуется тремя языками. Это казахский язык – государственный язык, русский язык – как язык межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику» [2].

В этих условиях актуализируется проблема становления и развития полиязычного образования. Для решения поставленной Президентом задачи эффективного внедрения полиязычия в образование необходимо привести в единую систему фрагментарно наработанную практику полиязычного образования в отдельных вузах и школах Республики Казахстан и обеспечить преемственность образовательных программ. Это потребует, в свою очередь, разработки комплекса научно - методических рекомендаций по реализации принципа преемственности полиязычного образования в системе «школа - вуз», социально - экономический эффект которых определяется тем, что будут созданы реальные предпосылки для решения задач, поставленных в Государственной программе развития образования на 2011 - 2020 годы: «... подготовка педагогических кадров с полиязычным образованием в вузах страны » [3].

Однако Казахстан, оставаясь поликонфессиональным и полиэтническим государством, переживает на сегодня сложный и противоречивый период своего культурно - языкового развития, о чем свидетельствует сложившаяся языковая ситуация, характеристика которой дана в Концепции языковой политики Республики Казахстан. Следует отметить, что практически во всех документах в области языковой политики стрежневой идеей является необходимость овладения несколькими языками.

Концепция расширения сферы функционирования государственного языка, повышения его конкурентоспособности на 2007 - 2010 годы направлена на улучшение качества обучения государственному языку, обеспечения функционирования государственного языка во всех сферах общественной жизни, повышение его роли как фактора укрепления межнационального согласия и казахстанского патриотизма.

Программа полиязычного образования, внедряемая в Казахстане, является уникальной и подразумевает, в отличие от западных аналогов, параллельное и одновременное обучение трех языков.

В этом аспекте вызывает огромный интерес изучение ареала владеющих этими языками казахов. Однако эта тема достойна довольно широкого и глубокого исследования, поэтому свое исследование мы посвятили узкой теме: кодовому переключению в устной речи казахов.

Кодовое переключение или переключение кодов - это переход говорящего в процессе речевого общения с одного языка (диалекта, стиля) на другой в зависимости от условий коммуникации. Чтобы осуществить процесс переключения кода между языками должен происходить непосредственный контакт [4, с. 138].

Е. Хоффман считает, что переключение кода - самый креативный аспект билингвизма [5, с. 56]. Если считать, что полилингвизм есть особый случай более широкого явления стилистической вариации, то переключение между языками должно рассматриваться как отличающееся лишь по стилевой окрашенности от переключения внутри одного языка. И, действительно, в коллективах, где большое количество людей билингвы или полилингвы, понятие "другой язык" выглядит мало оправданным. Таким образом, в правилах выбора языка можно заметить те же параметры, которые проявляются в монолингвальных языковых контактах с ситуативными факторами, в основном социологического характера.

Д. Блом и Д. Гумперз выделяют два типа переключения кода, основанные на переключение стиля. Первый тип - ситуативное переключение кода. Ситуативное переключение кода возникает, когда языки меняются в зависимости от ситуации, в которой находятся говорящие, при этом не меняя темы разговора. Второй тип - метаморфическое переключение кода, который возникает при смене темы разговора и он основан на возможностях языкового переключения [6, с. 44].

В своей работе Е. Хоффман выделяет семь причин для переключения кода:

1) когда речь идет об определенном явлении;

2) цитирование кого - либо;

3) попытка привнести определенную эмоциональную окраску;

4) восклицание;

5) повторение, используемое для разъяснения явления;

6) намерение донести информацию до собеседника понятнее;

7) выражение принадлежности к определенной группе [5, с. 44].

Человек, говоря на одном языке, может вводить в свою речь элементы другого языка (междометия, частицы, модальные слова и даже фразеологизмы), причём такое соседство элементов двух или нескольких языков можно обнаружить на достаточно коротких отрезках речевой коммуникации. Способность переключения свидетельствует о достаточно высоком уровне владения языком и общей культуре человека.

Таким образом, процесс переключения кода - результат естественного развития языков, а использование русских и английских слов в устной речи казахов - это следствие всеобщей глобализации.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. Стратегия «Казахстан-2050» - Новый политический курс состоявшегося государства. - Астана, 2012. – 14 декабря. //[Электронный ресурс] // Режим доступа : http://www.akorda.kz/ru/page/page_poslanie-presidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-14-dekabrya-2012-g_1357813742

2. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире». - Астана, 2007.

3. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. - Астана, 2010. //[Электронный ресурс] // Режим доступа: http://bilimvko.gov.kz/assets/images/document/5_GPRO_RK.pdf

4. Эбзеева Ю.Н., Тутова Е.В. Проблема переключения кодов и языковые контакты // Вестник РУДН, серия Лингвистика, - М. 2012, № 3.

5. Hoffman E. Lost in translation: A new life in a new language// - N.Y.: Dutton, 1989.

6. Blom Jan - Petter; Gumpers J. Social meaning in linguistic structures: Code switching in modern Norway// In J. J. Gumpers and D. Hymes. Directions in Sociolinguistics. - N.Y.: Holt.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Калиева А.Т.,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушысы, магистр, Орал қаласы
aigul_kalieva_80@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілі пәні бойынша студенттермен бірлесе отырып, қазіргі заманға сай ақпараттық технологияны меңгеріп, ғаламторға шығу, сондай - ақ, электронды оқулықтармен жұмыс жасау арқылы үлкен нәтижеге жетуге болатыны айтылады. Осы ақпараттық оқыту технологиясы білім алу үрдісін түбегейлі өзгертіп, студенттің өздігінен білім алуға, пәнге қызығушылығын арттыруға болатыны сипатталған.
Тірек сөздер: Инновация, ғаламтор, мультимедия, ақпарат, коммуникация.

Аннотация. В этой статье говорится о применении информационных технологий на уроках казахского языка, которые не только облегчают усвоение учебного материала, но и представляют новые возможности для развития творческих способностей студентов, повышает мотивацию к учению, активизирует познавательную деятельность, развивает мышление и творческие способности студента.
Ключевые слова: Инновация, интернет, мультимедия, информация, коммуникация.

Annotation. In this article talks about the use of information technology in Kazakh language lessons that not only facilitate the digestion of educational material, but also provide new opportunities for developing students creative abilities, increase students' motivation for learning, activate cognitive activity, and develop the students thinking and creative abilities.
Keywords: Innovation, internet, media, information, communication.

Бүгінгі таңда жаңа ақпараттық технологиялардың білім беру үрдісінде алатын орны ерекше. Білім беруді ақпараттандыру мақсаты алға қойылып, білім беру саласында ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылып жүр. Қазақ тілін екінші тіл ретінде орыс тілді аудиторияда оқыту әдістемесінде оқылым, жазылым, тыңдалым және сөйлесім дағдыларын online арқылы дамыту маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін

білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – тіл үйренушілердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, тілді практикада меңгеруіне жағдай жасау. Сондықтан оқытушы әр сабаққа жауапкершілікпен дайындалып, олардың қазақ тіліне деген қызығушылығын ояту үшін әр түрлі технологияларды қолданғаны жөн. Қазіргі кезде көп қолданыста жүрген АКТ құралдарына интерактивті тақта, электронды оқулықтар, интернет кеңістігі, мультимедиялық материалдарды атауға болады. Интерактивті тақтаның сабақ үдерісінде оң нәтижеге жету үшін тигізетін әсері ерекше. Ол Activstudio бағдарламасының мүмкіндіктерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, ActiveBoard электрондық тақтасы: материалды қызу талқылау үшін жағдаят тудыратын сөйлемдерді, сұрақтарды ерекше бөліп көрсетуге, нақтылауға, қосымша ақпарат қосуға, электрондық маркер арқылы түсін және сызықтың қалыңдығын өзгертуге; сөздер мен сөйлемдердің бір-бірімен байланысын көрсете отырып, тақырыпты немесе сөйлемді толықтай аударуға кең мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ flash – анимацияларды пайдаланып, өлеңдер мәтінін жаттауға (Туған жер, Астана, Қазақстан, т.б. тақырыптарға сәйкес), суреттермен слайдтар жасауға; қазақ тілінде сөйлеушілердің дауысымен жазылған видео - роликтер көруге (мысалы, Біздің университет, Қазақстан қорықтары, Атақты спортшылар, т.б. туралы) сол тілде жазылған мәтінді тыңдауға (мәселен, Қ.Мырзалиевтің «Қызыл кітап» өлеңі, Ұлттық тағамдар, Шағын және орта бизнес тақырыптарына байланысты); суреттерді бір фонға қойып, суреттерді қимылдатып сөйлесу ситуациясын ұйымдастыруға (Банкте, Мейрамханада, Емханада, т.с.с.); сөзжұмбақтар шешуге, әртүрлі ойындар ойнатуға көп септігін тигізеді. Нәтижесінде тіл үйренушілер өз ойларын бағдарлама талаптарына сай үйретіліп отырған тілде еркін жеткізе алады, қазақ тілін қатынас құралы ретінде пайдалана біледі, пәнге деген қызығушылықтары артады.

Электронды оқулық – бұл дидактикалық әдіс - тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген жүйе болып табылады. Электронды оқулықтағы сан алуан қызықты материалдар, тест түрлері, диалогтық оқу түрлері, кестелер, сәйкестендіру тапсырмалары, бейне көріністер, мәтін түрлері және құрылымына байланысты тапсырмалар тіл үйренушінің қызығушылығын арттырып, шығармашылыққа жетелейтіні анық. Студент электронды

оқулықпен сабақ бойы үздіксіз байланыста болғандықтан, олардың білім сапасын бақылау жүйесі де оңайға түседі. Дәстүрлі оқытуда әр студентті оқытушы тарапынан бағалауға уақыт жетпей қалуы мүмкін, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр кезеңін бақылай алады. Тіпті кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайда оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпарға сілтемелер беріп отырады. Университетіміздің кітапхана қорындағы үш деңгейден тұратын «Жаңа толқын» мемлекеттік тілді жеделдете деңгейлік оқытуға арналған электронды оқу құралы, «Қазақ тілі» орыс бөлімдеріне арналған электронды оқулығы, «Кең байтақ Қазақстан» мәтіндер жинағынан тұратын электронды оқулығы компьютердің мультимедиалық мүмкіндіктерін, анимация мүмкіндігін, ілеспені, дыбыс меншіктеуді, гиперсілтеме көріністерін пайдалана отырып жасалған, білім беру үрдісінде көп көмегі тиіп жүрген оқу құралдары болып табылады. Бұл оқулықтарды қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, тіл үйренушінің пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады.

Өткен тақырыпты қайталау мақсатында тест тапсырмаларын көп өткіземіз, бұл жағдайда бізге көмекке келетін бағдарлама – Kahoot. Ол – мобильді құрылғыларда дұрыс жауабы бар онлайн викторина құруға мүмкіндік беретін сервис. Бұл құралдың тиімділігі студенттердің жауаптары бірден бағаланады. Сондай-ақ оларды шапшаңдыққа, тез ойлана білуге үйретеді. Әр сұраққа байланысты фото және видео көрсету арқылы тест тапсырмалары экраннан көрсетіледі. Ал студенттер мобильді құрылғылары арқылы виртуалды кабинетке кіріп, тіркеліп, сұрақтарға жауап береді. Әр студент жауаптарын құпия түрде бере алатындықтан, бір - бірінен көшіру деген болмайды. Тест аяқталғанда жалпы экранда олардың жауап қорытындылары көрсетіледі. Тез әрі дұрыс жауап берген студент жеңімпаз атанып, дұрыс жауапқа сәйкесінше балл алады. Олардың жауаптары бойынша есепті оқытушы өз электронды поштасына жолдай алады. Сервис арқылы құрылған бір викторинаға жалпы саны 30 - ға дейін тіл үйренуші қатыса алады. Веб сервис олардың әр тақырып бойынша білімін бекітуге, тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қашықтан оқыту мақсатында да қолдануға болады. Құрылған тестті әлеуметтік желілер арқылы немесе электронды пошта арқылы

сілтемесін жіберіп, басқа әріптестермен бөлісуге болады. Бұл бағдарламаның мүмкіндіктерін сабақта қолдану оқытушының уақытын үнемдеп, студенттерді қазақ тілін білуге қызықтыра түседі.

Қазақ тілі пәнінде интерактивті әдістерді және түрлі ақпараттық технологияларды жаңа сабақ түсіндіргенде, грамматикалық құрылымдарды өткенде және қорытынды сабақта қолданамын. Бұл әдістер бойынша сабақ барысында студенттер көп сөйлеп, оқытушылар аз сөйлеуге тиісті болады. Оқытудың басқа әдістеріне қарағанда, интерактивтік әдіс студенттердің жоғары белсенділік танытуын талап етеді. Сабақ кезінде оқытушының көбінесе тыңдаушы рөлін атқаруы оның оқу үрдісінен шет қалуы болып саналмайды. Оқытушы студенттердің іс - әрекетін алға қойған мақсатқа жетуге бағыттайтын басқарушының міндетін атқарады. Ақпараттық құралдардың озық үлгісі болып табылатын лингофондық құрал - жабдықтар, аудио, видео кешені тіл үйренушілердің ауызша және жазбаша аударудағы білімін жетілдіру, сөздік қорын жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай-ақ оқыту процесінде мультимедия бағдарламасының көмегімен ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, комуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кең қолданылады. Сонымен қатар оқытушы да қазіргі қолданыстағы ақпараттық құралдарды жетік меңгеріп, Power Point, Active Studio, Kahoot бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай, үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қолдана білуге, әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпыну керек.

Қазіргі студенттер кітапханаға барғаннан гөрі интернетпен жұмыстануға көбірек қызығушылық танытады, заман талабына сай жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологиялардың бар мүмкіндіктерін пайдаланып, оны өмірлік қажеттіліктеріне қарай пайдаланатын ұрпақ тәрбиелеуде АКТ таптырмайтын тәсіл болып қала бермек. Интернетпен жұмыс жасағанда студенттер белсенді болады, яғни өздері ізденеді, зерттейді, таңдайды, шешеді, жасайды, жұмыстанады. Студент өзіне қажетті ақпаратты таңдап алып, өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады. Өз бетінше ізденіп, дұрыс ақпаратты алып, оны өңдеуге үйренеді, компьютерлік сауаттылығы қалыптасады.

АКТ - ны қазақ тілі сабақтарында қолдана отырып, студенттердің білім, білік дағдыларын қалыптастыруға, логикалық ойлау

қабілеттерін дамытып, интернет желісінен сабаққа қажетті деректерді өз бетімен ізденуіне, техникалық құралдармен жұмыстануға, компьютерлік сауаттылықтарын қалыптастыруға болады. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда осы айтылған инновациялық технологияларды пайдалану сапалы білімнің кепілі, шығармашылық жетістіктің негізгі көзі және оқытушының кәсіби өсуінің тура жолы деп санаймыз.

Әдебиеттер:

1. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері // Алматы. – 2008.

2. Иманбаева А., Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі // Қазақстан мектебі. – 2000. – №2. – 45б.

3. Баймуманов Б., Қараев Ж. Дидактические особенности использования информационных технологий обучения // Высшая школа Казахстана. – 2000. – №6. – С.46.

4. Белғара Б.Б., Құрманова Н.Ж., Айтпанова Л.Т. «Жаңа толқын» мемлекеттік тілді жеделдете деңгейлік оқытуға арналған электрондық оқу құралы. III деңгей // Астана. – 2007.

5. Жаримбетова Г.Т., Интерактивті тақтада жұмыс жасау мүмкіндіктері // Мектептегі технология. – 2008. №9. – 34б.

ГЛАГОЛЫ ДВИЖЕНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ТЮРКИЗМЫ РУССКОГО ГОВОРА: ОСОБЕННОСТИ ОТНОШЕНИЯ К СУБЪЕКТУ

Шагимгереева Б.Е.
старший преподаватель Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова, магистр,
город Уральск.
t_2004@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности глаголов движения казахского языка и тюркизмов русского говора относительно субъекта. Субъектом движения могут выступать как одушевленные, так и неодушевленные предметы, в зависимости от которого в реализации ими движения наблюдаются некоторые различия.

Ключевые слова: глаголы движения, семантика, тюркизм, субъект

Annotation. In this article, the features of the verbs of the movement of the Kazakh language and the Turkisms of the Russian dialect are considered with respect to the subject. The subject of the movement can be both animate and inanimate objects, depending on which in the implementation of their movement there are some differences.

Keywords: verbs of movement, semantics, Turkism, subject

В современном казахском языке группа глаголов, выражающих движение в пространстве, довольно обширна, семантически богата.

Основа семантической системы глаголов движения связана с семой «менять место в пространстве», или перемещение в пространстве. Значение движения или перемещения субъекта в пространстве заключается в глаголе жүру. Глаголы данной группы характеризуются направленностью, скоростью (темпом), способом движения. Если рассматривать эти глаголы движения как семантическую группу, то ядром ее выступает глагол жүр [1, 58].

В семантике глаголов движения наряду со значением движения выделяются такие семантические компоненты, как субъект движения, среда , темп, способ движения, направление движения.

Тюркские глаголы движения отмечены в диалекте уральских казаков: так, «в современных припевках …можно встретить и целые выражения

«Во саду ли, в огороде
Кыз уйнаб джуреб (ди),
За ней парень молодой
Джюгур джиберда» [3, 296].

Тюркизмы узбекского языка: чуйнамок – играть, юрмок – ходить, уйнаб юреди – бездельничает, гуляет; югурмок – бегать, юбормок – направлять (оттенок быстрого действия), югур - юборади - бегает).

В данном примере наряду со значением движения глагол несет в себе значения направленности и темпа движения. Взятые для анализа глаголы использовал Н.М. Малеча при сборе материала к «Словарю говоров уральских (яицких) казаков» и каталог словаря» [4].

Субъектом движения могут выступать как одушевленные, так и неодушевленные предметы, в зависимости от которого в реализации ими движения наблюдаются некоторые различия.

По отношению к субъекту глаголы движения в современном казахском языке делят [2, 78] на три группы:

1) глаголы, обозначающие движение одушевленных предметов;

2) глаголы, обозначающие движение неодушевленных предметов;
3) глаголы, обозначающие движение одушевленных предметов и неодушевленных предметов.

1. Глаголы, обозначающие движение относительно одушевленных предметов.

К глаголам, обозначающим движение одушевленных предметов относятся: бару -, безу -, ену, жету, желу, жорту – бежать средней рысью, жүру – ходить, идти, ездить, ехать, зыту, келу, кету, кіру, кезу, қашу, міну, озу, тарту, түсу, шабу, ұшу, ығу и т.д.

В свою очередь, данные глаголы отличаются друг от друга в зависимости от выполнения движения человеком или животным. Например: *Қыз түйесін тұрған жерінде шөктіргісі келіп, ноқта сабағын бір-екі басып қалып, «шөк!» - деп еді, түйе сызға шөге қоймады* (Ғ.Мүсірепов) (пример взят из работы К.Касабек).

Шөге ғой, түйем, шөк – шөк.

Әкем түйенің мұрынындағы жібін ұстап «шөк - шөк!» - деп қалып еді, түйе тізерлеп отыра кетті,мені бір қолымен үстіне көтеріп мінгізді.

В данных предложениях глагол *шөк* употребляется для выражения движения относительно одушевленного предмета, а именно – животного, а среди животных – только применительно к верблюду. Таким образом, движение, выражаемое глаголом *шөгу*, свойственно не всем одушевленным предметам, а в основном только по отношению к верблюду, также данный глагол может употребляться в некоторых случаях в переносном значении.

В результате, глаголы движения подразделяются и относительно одушевленных предметов (людей или животных), а также характерных им свойств движения [2, 79].

1) Глаголы, обозначающие движение, присущее только людям.

К ним относятся глаголы *бару*, *ену*, *жету*, *міну*. Например: - Ну-с, зайдем теперь поскорей к портному - и обедать! - весело сказал отец, выходя из гимназии.

Жігіт ойланып қалды, сосын айнаның қасына барып, тумысында тұңғыш рет өзіне - өзі көңіл тоқтатып қарап қалды. (Юноша задумался, потом подошел к зеркалу, в первый раз в жизни оглядел себя.)

Үңгірдің ішіне бірден кіріп баруға қорқынышты еді де, ол жауларды сыртқа шығарып алып шайқасуды ұйғарды. (Войти в грот было страшновато, и Ихтиандр решил вызвать врагов наружу.

Бальтазардан осындай мағлұматтар алған Зурита Буэнос - Айреске барып қайтуды ұйғарды. (Получив эти сведения от Бальтазара, Зурита решил съездить в Буэнос - Айрес.)

- Ал енді тігіншіге барамыз – деді әкем гимназиядан (Исх.п.) шығысымен көңілденіп, - сосын түстенеміз. (- Ну-с, зайдем теперь поскорей к портному - и обедать! - весело сказал отец, выходя из гимназии.)

В приведенных выше примерах глаголы *бар*, *кір*, *қайт* применены только по отношению к людям, так как такие движения человек выполняет осознанно, что не свойственно животным.

2) Глаголы, выражающие движение, присущее только животным.

Если в роли субъекта выступают животные, для выражения их движения употребляются глаголы *жорт*, *шөк*. Например: *Әкем екеуміз циркте отырмыз, аренада бір үйір қап - қара ергежейлі жылқы жортып жүр бәрі де бір желістен танбайды, бәрі де бір тізбекті бұзбайды, қоңыраулары сылдырлап, бастары кегжиіп безіп жүр – бәрі де бір - бірінен аумаған, бәрінің де бүйірлері тоқ, сирақтары қып - қысқа, желіп келе жатып бір кезде бәрі де ауыздықтарын шайнап төбеге ұрғандай тоқтай қалысты...* (...Сидел с отцом в цирке, глядел на арену, на которую бежало целое маленькое стадо черных пони, целых шесть штук они бежали дружно, ровным рядом, мелкой рысцой, звеня бубенчиками, зло, упрямо согнув черные головы, - все масть в масть, рост в рост, все одинаково бокастые, коротконогие, - и, выбежав, вдруг уперлись, грызя удила и тряся султанами ...)

В данном предложении глаголы *жорт*, *жел* выражают движение, присущее только животным.

На движение, присущее птицам, указывает глагол *ұшу*. Например:

Жол жиегінен қырсау секілді айдары бар қыр шағаласы ұшып шықты... (Степная чайка с хохлом в виде скобки поднимается с дороги)

3) Глаголы, выражающие движение, присущее как людям, так и животным.

Количество глаголов, одинаково употребляющихся для выражения движения и людей, и животных, превышает количество глаголов первых двух групп [К.Касабек], так как они обозначают движение, характерное для всех одушевленных предметов. К ним относятся следующие глаголы: *еру*, *желу*, *жүру*, *жүгіру*, *зыту*, *кезу*, *келу*, *кету*, *қашу* и другие. Например: *Бірде түс әлетінде, жұрттың бәрі дем алып жатқан кезде, Кристо сол биік қабырғаның қасына жүгіріп барды.* (Как-то в полдень, когда все отдыхали, Кристо подбежал к высокой стене.) *Кристоның*

қайыра *<u>қашқысы келіп кетті</u>*. (И Кристо снова <u>захотелось бежать</u> отсюда.)

...Пеш маңында аспазшылар таңғы тамақтың қамына кіріседі де иіске бола ащық терезе мен баспалдаққа <u>жүгірген иттер</u> әлдекімнің таяғынан қынсылап <u>қашып жатады</u>... (...Меж тем как в людской избе и белой кухне уже пылает оранжевый огонь в печах и начинается работа стряпух, смотреть и обонять которую лезут под окна и на пороги собаки, часто с визгом от них отскакивающие...)

В приведенных примерах глаголы *жүгіру, қашу* в одних случаях выражают движение относительно человека, в других – относительно животных. Предметы, выступающие в роли субъекта, являются одушевленными, и глаголы в обоих случаях выражают значение движения одушевленных предметов.

<u>2. Глаголы, обозначающие движение относительно неодушевленных предметов.</u>

Субъектом движения указанной группы являются предметы, которые не обладают жизнеспособностью, способностью развиваться, размножаться, самостоятельно передвигаться. К ним в основном относятся твердые и жидкие вещества. Несмотря на то, что неодушевленные предметы не обладают способностью передвигаться, они под влиянием каких-либо явлений окружающей среды вступают в движение. В казахском языке глаголов, выражающих движение неодушевленных предметов крайне мало [2, с. 80 - 81]. К ним относятся глаголы *ағу*, *бату*, *таму*, *жүру*, *жүзу* и др.

Движение жидких веществ (вода) выражается глаголом *ағу*.

Движение жидкого вещества в пространстве вниз, на землю, на твердую поверхность обозначается глаголом *таму*.

Движение какого-либо предмета на поверхности жидкости выражается глаголом *жүзу*.

<u>3. Глаголы, обозначающие движение и одушевленных, и неодушевленных предметов</u>

В современном казахском языке имеются глаголы, одинаково присущие как к одушевленным, так и к не одушевленным предметам. К данной группе относятся следующие глаголы: *асу*, *келу*, *кету*, *жүзу*, *өту*, *түсу*, *ұшу* и т.д., субъектом которых могут быть и одушевленные, и неодушевленные предметы. Тем не менее в значениях перечисленных глаголов при выражении движения одушевленных или неодушевленных предметов наблюдаются различия.

В связи с этим данные глаголы можно рассматривать, разделив их на небольшие подгруппы.

В зависимости от типа субъекта эти глаголы можно разделить на две подгруппы: 1) глаголы, передающие движение людей и неодушевленных предметов; 2) глаголы, выражающие движение людей, животных и неодушевленных предметов.

Если субъектом является человек или неодушевленный предмет, применяются такие глаголы движения, как *түс*, *шық*. Например: *Ихтиандр шығанақ жақтан жүзіп кеп жағаға шықты*. (Ихтиандр выплыл из залива и вышел на берег.)

Жер ошақтан шыққан түтіндер біріне - бірі қосылып, тұтасып көкшіл мұнарадан тарайды (Б. Тұрсынбаев) (пример взят из работы К.Касабек).

Мен оны сүйретіп әкеп суға қайта түсіргем. (Я стащил его в воду.)

Бірде бекеттен түстім де мән - мақсатсыз сонда бардым.
(Я бесцельно доехал однажды до этой станции, слез и пошел.)

Ольсеннің қолын созғаны сол еді, кенет алқа оқыстан қыз қолынан сусып, теңіз түбіне түсті. (Ольсен уже протянул руку, но вдруг ожерелье выскользнуло из рук Гуттиэре и упало в море.)

В приведенных примерах мы видим, что глаголы *түс* и *шық* в одних случаях могут выражать движение человека, в других – неодушевленного предмета. В то же время следует учесть, что глагол *түс*, употребленный во втором случае, при передаче на русский язык не выражает значения движения.

Если в роли субъекта выступают человек, животные и неодушевленные предметы, для выражения их движения употребляются такие глаголы, как *жүз*, *кел*, *өт*, *түс* и другие. Например:

Глагол келу

Қалын бидай, жүгері және сұлы егілген алқаптарды жағалап отыратын шаң басқан, қара жолдың бойымен бір кәрі, өзі жүдеу үндіс келе жатыр. (По пыльной дороге вдоль тучных полей пшеницы, кукурузы и овса шел старый, изможденный индеец.)

В данном предложении субъектом движения *келді* является *үндіс* (индеец), человек. Здесь глагол *келу* употреблен для обозначения движения человека.

Осы араға көп жылдар бойы қатарымен ұрғашы дельфин келіп жүретін және осынау жылы шығанақта балалайтын – екеу, төртеу, кейді тіпті алтауын табатын. (Сюда много лет подряд приплывала

дельфин-самка, и здесь, в этой теплой бухте, у нее рождались дельфинята — два, четыре, иногда и шесть.)

В этом предложении субъект движения *келіп жүретін* – дельфин-самка. Здесь глаголом *келу* выражено движение дельфина.

Также сюда можно отнести следующий пример: *Бір күні Бұлбұл құсты Есек көрді, Қасына сөз айтпаққа жақын келді.* В данном предложении субъект движения *келді* есек (осел), животное. Глагол келу употреблен здесь для выражения движения животного.

Қайықтардың бірі жағаға тым жақындап келген - ді. (Одна из лодок подошла довольно близко к берегу.)

Здесь субъектом движения *келген - ді* выступает *қайықтардың бірі* (одна из лодок), неодушевленный предмет. Движение неодушевленного предмета также выражено глаголом келу.

Или же такой пример: – *Мама, Сырым ағамның пошта таситын машинасы келе жатыр! – деп қайта шыға жөнелді.* В данном предложении субъектом движения *келе жатыр* является машина, неодушевленный предмет.

Глагол жүзу

1) Қарттығына, аяғының кемдігіне қарамастан ол (Бальтазар) тәп-тәуір жүзетін. (Несмотря на старость и больную ногу, он плавал отлично.) В данном предложении субъект движения *жүзетін* – человек, здесь глагол *жүзу* употреблен для выражения движения человека в воде.

2) Балық жүзе жөнелді... (Рыба поплыла...) Здесь субъектом движения *жүзе жөнелді* является балық (рыба). Глагол *жүзу* в данном предложении обозначает движение рыбы в воде.

3) Қайықтар шығанақ бетінде шашырай жүзіп жүр. Лодки рассеялись по заливу. В третьем предложении субъект движения *жүзіп жүр* – қайықтар (лодки). Лодка – неодушевленный предмет. И здесь для выражения движения лодок по воде употреблен глагол *жүзу*.

Глагол өту

Тұла бойы тітіренткен қоңырау үнімен мен тағы бір көпірден өтіп тауға көтерілдім. (Под этот гудящий звон, - он гудел даже во мне во всем, - я перешел еще один мост, поднялся на гору.) Субъект движения *өтіп бара жатқан* – человек. Глагол *өту* выражает в данном случае движение человека.

Или же такой пример: *Таңертең көлдің жанынан өтіп бара жатқан бір шаруа мұз үстінде талып жатқан балапанды көріп, оны үйіне әкелді.* (Рано утром мимо проходил крестьянин (Г.Х. Андерсен). В данном

случае субъектом движения *өтіп бара жатқан* выступает шаруа (крестьянин), человек.

Әсіресе, бір қораз байғұс балапанды олай өтсе де, былай өтсе де шоқып, денесін қанатып, маза бермеді (Г.Х. Андерсен). Здесь субъект движения *олай өтсе де, былай өтсе де* - балапан (утенок). Глагол *өту* употреблен при выражении движения птицы.

Ихтиандр ақыры өзен бойымен жоғары өрлей жүзген жүргіншілер кемесіне жармасып үлгергенше, ағысты бойлай төмен қарай талай кемелер өтті. (Несколько пароходов прошли вниз по течению, пока наконец Ихтиандр сумел прицепиться к пассажирскому пароходу, идущему вверх по реке.)

В этом предложении субъект движения *өтті* – кемелер, неодушевленные предметы. Глагол *өту* выражает движение лодок.

Таким образом, глаголы келу, жүзу, өту в приведенных выше примерах употреблены для выражения движения и одушевленных (человека, животных) и неодушевленных предметов.

Предметы в объективном мире настолько разнообразны, что многие имеют присущее только им движение. Значит, глаголы движения в казахском языке по отношению к субъекту разные, в результате которого они не могут сочетаться с любыми существительными.

Литература:

1. Алимтаева Л.Т. Қозғалыс атаулары ретіндегі етістіктердің семантикалық сипаты және грамматикалық потенциалы: филол.ғыл.канд. …дисс. – Алматы, 2010. – 119 б.

2. К.Касабек Бір буынды негізгі түбір салт етістіктері (Оқу құралы). – Алматы, 1999, 132 б.

3. Бломквист У.Э. К вопросу о двуязычии и тюркских заимствованиях в говоре уральцев Амударьинского оазиса. Из наблюдений этнографа зимой 1942-1943 года. – Из архива музея антропологии и этнографии http://kunstkamera.ru/files/lib/mae_xxviii/mae_xxviii_13.pdf

4. Малеча Н.М. «Словарь говоров уральских (яицких) казаков» и каталог словаря», в 4 - х т., - Оренбург: Оренбургское книжное издательство, 2002-2003 гг. - http://www.cossackdom.com/slovar/slovar.html

5. Дмитриев Н.К. Глаголы движения // Очерки по методике преподавания русского и родного языков в нерусской школе. – М.: 1954. С. 205

6. Вещилова В.Ф. Глаголы движения в турецком языке // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Часть 4. Лексика. – М.: Изд - во АН СССР, 1962. С.111.

7. Аухадиева З.Ж. Выражение пространственных отношений в немецком и казахском языках. Дис. … к.ф.н. Алматы, 1996, 180 с.

8. Лизунова Р.Д. Семантика аналитических конструкций с глаголами движения: (на материале татарского и других тюркских языков): автореф. канд. филол. наук. - А-Ата: Ин-т языкознания, АН КазССР, 1991. – 20 с.

ӘБУ СӘРСЕНБАЕВТЫҢ ӨЛЕҢ ӨРІМДЕРІ

Шайекенов Ж.Ж.,
филология ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университінің аға оқытушысы
Орал қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада Әбу Сәрсенбаев кітаптарындағы өлеңдерде кездесетін теңеулер, эпитеттер мен метафоралар сипатталады. Ақын поэзиясындағы ешкімде кездеспейтін теңеудің жасалу жолдары мен ерекшеліктері айтылады.

Тірек сөздер: теңеу, поэзия, ақын, эпитет, метафора,

Аннотация. В этой статье описывается особенности стихов Абу Сарсенбаева

Ключевые слова:сравнение, поэзия, поэт, эпитет, метафора.

Annotation. This article describes the features of Abu Sarsenbayev's poetry

Keywords: comparison, poetry, poet, epithet, metaphor

Ақынның стилін анықтайтын басты белгілердің тағы бірі - өлеңдегі ырғақ. «Поэзиядағы ұлы қасиет – үндестік – гармония! Ал сөз бен дыбысты үндестікке әкелетін күш-ырғақ. Ырғақ яки ритм – қимылдың, құбылыстың, үннің жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануы – дейді академик З.Қабдолов.

Ырғақтың негізі - өлеңнің буынында, бунағында, тармағында, ұйқасында. Өлеңді өлең жасайтын да, негізінен ырғақ. Біз енді Әбу Сәрсенбаев лирикасында ырғақ табиғатына назар аударып көрейік. Қазақ поэзиясында ең көп қолданылатын өлең өлшемдері – жеті буынды, жеті - сегіз буынды, он бір буынды. Әбу ақынның да қазақтың өлең өлшеміндегі осы дәстүрді жалғастыра отырып,

оны одан әрі дамытуға, жаңаландыруға атсалысты. Ақын лирикасын зерттеу барысында ол алты, жеті, сегіз, тоғыз, он бір буынды өлең түрлерін барынша шебер қолданған. Кейде бұл өлшемдер ауытқып он бір, он екі, он, он бір болып келетін де кездері болады.

Біздер көппіз, директор тек бір ғана -11
Әрқайсымыз оны әкедей қызғана -12
Оңашалап сөйлеспекпіз еркелеп, -11
Шатырына ентелейміз ертерек -11
Соғыстың малтып күрең дариясын -10
Күн батты.
Жалын шарпып ай ұясын -10
Түнгі аспан түнеріпті күллі әлемнің -13
Арқалап қасиетін, бар ұятын -10

Бұл мысалдардан біз ақын өлеңдеріндегі буын саны құбылып отыратындығын байқаймыз. Сол сияқты осы дәстүрді дамыта отырып, Әбу ақын он төрт, он бес, он алты, он сегіз және аралас буынды өлең өлшемдерімен де жазған мұнда да ауытқулар бар:
Ежелгі қазақ халқының астана-жұрты армысың - 16
Жұпарға толы сан ауаң – кәусарың-дағы әр жұтым - 16
Топырағыңның да әр түйірі – қымбат қой, қымбат арлы үшін - 19
Төсіңде алтын арайың жатады-ау шалқып таңғысын - 17
Бүкпепсің тізе дұшпанға – тартсаң-дағы сан қысым - 15
Өтіпті бұнда ізгілер халқына арнап бар күшін - 16
Арды аттаған азғынға арнапты зауал-қарғысын - 16

Өлең өлшемдерін бұлай құбылтып қолдану ақынның өзіндік стиль ерекшелігінде танытады ғой деп ойлаймыз. Бұл өзіндік сөз қолданыстан туған өрнектер. Қайткенде де ақын қазақ өлеңінің дәстүрін жаңашалап дамытушылардың бірі болды деп айтуымызға да негіз бар. Қасым Аманжолов енгізген он буынды өлең нұсқаларын да сәтімен қолданып отырғандығы жұмыста жоғарыдағы айқын мысалдармен сараланады.

Ақын өлең тармақтарын өзінше, өлеңнің мазмұнына нұқсан келтірмейтіндей етіп құбылтып қолдануға да шебер. Кейде екі, кейде үш, көбіне төрт, кейде алты, сегіз тармақтарды пайдаланып отырады. Мысалы: екі тармақты шумақ.

Жан ана, жанардағы жан сезімің
Аңғартты арнайы мол ой теңізін.

Үш тармақты шумақ та бар:
Күтеміз бап та
Өсе бер мақта,
Мақта, мақта, мақта!

Көбіне дәстүрлі көп тармақпен келеді, сондай - ақ біраз өлеңдері алты, сегіз тармақты болып келіп, Абайдың өлеңдерімен үндесіп жатады. Мысал келтіріп көрелік: Сегіз тармақты:

Жарқылдап оттар, - 5
Заулады оқтар - 5
Гранаталар жарылып, - 7
Үйірілді найза - 6
Лықсып сайға - 4
Жау қашты қанға малынып - 8
Селкінді аспан жаңғырып - 8
Қайталап тұрды жаңғырық - 8

Алты тармақты шумақ:

Болса-дағы ұлтым қазақ - 8
Өссем де қазақ қырында - 8
Жүрегіміз жалғасатын - 8
Тарас пен Абай жырында - 8
Ер тілегі бір болатын - 8
Туысқаным, Украина! - 6
Теңіз шынды түсірмек боп алшыдан - 11
Тепкілейді. «Шында өзгермес паң шыдам. - 12
Сәнденді ол, күн нұрымен жалтылдап - 12
Шаң-тозаңын толқын шайып аршыған - 11
Теңіз, теңіз біле ме екен ол тентек - 12
Құралғанын миллион ұсақ тамшыдан. - 11

Өлең тармақтары өзгерген сайын буын сандары да әртүрлі болып отырады. Бұлардан басқа Әбу ақын өлең тармақтарын да, өлең буындарын да араластырып қолдана береді.

Жар бойында жалғыз емен - 8
Жолаушының көзін тартып - 8
Жапырағы ескен желмен - 8
Әлденендей сыр ағытып - 8
Судырлайды бір тынбастан - 8

немесе

Эх, трубка, - 3
Сен серігісің - 5

Майдандық жолымның - 6
Түтіннің тізбегіндей - 7
Жауға атылар зауал оғының - 10
Ширатылып аспанға ұшады - 10
Бейне бір шумағындай - 7
Кеудедегі ыза шоғының - 9
Эх, трубка, трубка! - 5

осылардағы алғашқы үзінді бес тармақтан құралса, соңғысы тоғыз тармақтан тұрады. Алғашқысында буын саны біркелкі болса, соңғысында буын саны әр келкі, аралас. Мұны кезінде (осы өлеңді) академик З.Қабдолов: «бір аяғы поэзияда, бір аяғы прозада тұрған аралық айшық секілді: ал оқи жөнелсек, өлең, ақынның трубка туралы ойын, ұғымын ғана емес, осы ой тұсындағы сыры мен сезімін, тіпті сол сәттегі көкіргеі қарс айырыла күрсінуіне дейін дірілдетіп әкеп дәл жеткізіп тұрған қызулы өлең», - деп жоғары бағалап еді. Міне, ақын осы өлеңнің қызулы болып шығуы үшін, жауынгердің трубкасына деген шын ықылас-сезімін білдіру үшін әдейі өзіндік тәсіл, сөз қолдану, өлең жасау машығын тапқан. Мұндай өзіндік өлең мәнерімен жазылған жырлар мол ұшырасып отырады. Өлеңді түрлендіре, жаңаша жасап отыру үлкен ақындық шеберлікті де талап етеді. Өлең бунақтары да әркелкі болып отырады. Бір бунақты тармақтар да («Эх, трубка», «Сен серігісің»), екі бунақты, үш, төрт бунақты немесе көп бунақты өлең-жырлары да баршылық. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтіріп өтейік.

/Сен ешқашан/ ми дегенді/қинамадың/ауыр оймен/арытып/ /Сездің бе өзің/, мойныңда/тарих артқан/батпан міндет/барлығын

Осы үзінді көп бунақты өлең тармақтарына ұқсайды, ақын осындай сөздің шұбатылып кетуінен сақтанып, өлең тармақтарын бөлшектеп, сатылап құруға көп барады:

/ Өз халқыңның /,
/ өз жұртыңның / ойлап / келер тағдырын
Сен де болды / тек қана бір / қара бастың
/ қамын ойлап / жаман мұң /
/ Ондайлар еш / халқым деген / ұсыныстың /
/ суығына тоңбайды /.
Көкірегінің көзі соқыр
Миғұла туған жандардың
/ Мейлі тіпті /, жүз жасасын / жүзіне әжім/ Қонбайды/.

Бір қарағанда ақын әңгімелеп айтып отырған қара сөзге ұқсап кетеді. Автор айтпақ ойына философиялық мән беру үшін осы тәсілді таңдаған. Бір жағы ақыл, насихат айту мәнерінде келіп тұр.

Тармақтардың осылай бірде ұзарып, бірде қысқарып келіп отыруы ғибратты сөздердің мән - мағынасын айқындай түсу үшін, сол сөздерге баса назар аударту үшін көркем тәсіл ретінде әдейі жасалғаны сезіледі. Өлеңді интонациямен бөліп - бөліп оқуға да оңтайлы келеді. Әбу ақын өлеңдерінің көпшілігін осылай сөйлеу интонациясына лайықтап жазуға бейім. Бұл да ақынның жаңашылдығының бір қырын танытады. Бұрынғы термелеп айтатын өлеңдердегі сөйлемдердің интонациялық, синтаксистік құрылыстарындағы біркелкілік, ұқсастықтардан бойын аулақ салу мақсатында Әбу ақын осындай өлеңде ұзын тармақтар мен қысқа тармақтарды араластыру, ұзын тармақтарды бөлшектеу сияқты тәсілдерді қолданып, оны қазақ поэзиясында едәуір орнықтырып, алға дамытушылардың алдыңғы қатарында болды.

Ақын қазақ поэзиясында ерікті өлеңдердің жақсы үлгісін жасады деп айтуымызға болады. Академик З.Ахметов «Өлең – сөздің теориясы» кітабында Әбу Сәрсенбаевтың екі өлеңін, «Сен құрметте оны» және «Мазасыз Украина түні» өлеңдерін ерікті өлеңнің жақсы үлгісі ретінде келтіріп өтеді. Ақынның бұдан да басқа көптеген өлеңдері осы тәсілмен жазылған.

Қайран, асыл Мадьяр аға,
Ұлтжанды болып туған арлы қазағым.
Отаршылдық еңсесін басқан халықтың, -
Арылту үшін рухани бодан азабын, -
Жан дауыспен жар салсаң да:
«Оян, оян, оян!» - деп, -
Селт ете алмай жатты - ау жұрты:
Меңіреу, мелшеу даланың.
«Оян, қазақ!»
Ұлы мақсат көздеген, -
Осы ұранды сенің бұрын айтқаның хақ өзгеден.
Ахмет аға, Әлихан аға ұстаздарың шығар - ақ, -
Сені осы батылдыққа бапкерің боп мезгеген!
Ұстаздармен бірге кешкен шәкірттік, сапар, пікірлер,
Ашты аспанын буылдырлау ұлттық шала санаңның, -
Биік Мұрат қазаныңды қайта балқып, -
Шын болат боп жаралдың! –

Ұлы мақсат жолына сен өзіңді,
Керек болса құрбандыққа атауды да қаладың!

Бұл өлең де жеделдетіп айтып, әндетіп оқып кетуге көнбейді.

Дауыс толқыны, ырғағы ауызекі сөздің айтылу қалпына сәйкес. Өлең ырғағы көріп отырғанымыздай барынша ерікті, толқымалы. Сөйлемдердің интонациясы, синтаксистік құрылысы, әндеткен, дауысты еркін құбылтып сөйлеуге, жеке сөзді, қысқа сөйлемшені оқшаулап, бөліп алып, нақпа - нақ айтуға ыңғайлы. Өлең тармақтары төрт - бестен бастап он алты буынға дейін әр түрлі болып отырады. Ұзынды-қысқалы тармақтардың бунақталуы да әрқалай, ұйқастары да берік сақталмаған. Шумақ, ұйқас өлеңге тән өрнектіліктің белгілері екені рас. Бірақ бұл жерде ол белгілер қатаң сақталмаған, ұйқастар екі - үш тармақтардан кейін келіп, шумақтар сегіз-тоғыз тармақтармен аяқталып, өзгермелі қалыпта болып тұр. Мұның барлығы өлеңнің айтылу, оқылу қалпын сөйлеу тіліндегі дауыс толқынының өз бетінше, табиғи түрінде жоғарылап, төмендеп отыруына мейлінше сәйкестендіру мақсатында істелген сияқты және сәтті, әсерлі шыққан ғой деп ойлаймыз. Міне, ақынның көптеген өлең-жырлары осындай ырғақты болып келіп, өзгелерге көп ұқсамай да жатады. Бұл өлең өнерінің тез қабылдануына, жеңіл оқылуына, жырланып отырған оқиға, құбылыстардың терең мәнін ашуына да қолқабыс етеді деп ойлаймыз.

ОҚУШЫЛАРҒА КӨРІКТЕУІШ ҚҰРАЛДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Мухамеджанова Г.Т.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ., Қазақстан)
elnur-09@list.ru

Аңдатпа. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру мен жүйелеуге, қазақстандықтардың тіл мәдениетін жетілдіруге басымдылық беріліп, оны аталған бағдарламаның міндеттері ретінде көрсетеді. Соңғы жылдары білім беру парадигмасы басқа арнаға бұрылды. Осыған сәйкес білім берудің мақсаты да өзгерді. Өйткені қазіргі білім беру құндылық, ойлау, сана, таным, дүниетаным секілді ұғымдармен байланыстырып оқытуды басшылыққа алады.

Аннотация. Государственная программа развития и использования в Республике Казахстан языков на 2011 - 2020 годы, ставя приоритеты на совершенствование и систематизацию лексического запаса казахского языка, языковую культуру казахстанцев, отражают их как цели данной программы.

В последние годы парадигма образования повернулась в другое русло. Соттветственнно изменились и цели образования. Так как современное образование ставит во главу связь обучения с такими понятиями, как ценность, мышление, познание и мировоззрение мира.

Ключевые слова. Образование, парадигма образования, познание, философия образования, мышление.

Annotation. The state program for the development and use of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020, setting priorities for improving and systematizing the lexical stock of the Kazakh language, the language culture of Kazakhstanis, reflect them as the goals of this program. In recent years, the paradigm of education has turned into a different direction. Sotsvetstvenno have changed the purpose of education. Since modern education places the connection of learning with concepts such as value, thinking, cognition and worldview of the world.

Key words. Education, the paradigm of education, cognition, the philosophy of education, thinking.

Философия – дүниетанымдық ғылыми жүйе. Дүниетанымның тірек ұғымдары «дүние» және «адам». Қазіргі тоғыспалы ғылымдардың негізгі мәселелері осы екеуінің арақатынасынан туындайды. Екеуінің табиғаты екі түрлі болғанмен, екеуі де бір - біріне тәуелді. Тілдік құралдар адамның дүниетанымына байланысты туындайды. Ендеше, көріктеуіш құралдар да, дүниетаным да философияның компонеттері. Яғни философияның негізгі мәселесі адамның сыртқы дүниеге қатынасы болғандықтан, көріктеуіш құралдардың философиялық құбылыс болуының объективті негізі болып табылады.

Ойлау дегеніміз – білім беруге ұмтылу (Гегель), демек философия білім беру мәселелеріне көңіл аударады. Білім берудегі шешімін табатын мәселелерді философия тұрғысынан талдау қажет. Себебі тарихи өзгерістер (социализмнің құлдырауы, демократияның келуі, нарықтық экономика, техниканың дамуы, ақпарат тасқыны) салдарынан білім берудің дамуы қиындай түсті. Бұның бәрін «антропологиялық катастрофа» деп атады. Енді білім беру антропологиялық философия тұрғысынан қарастырыла

бастады. Антропологиялық философияда адам ерекше болмыс ретінде, адамның мәні, табиғаты және рухани дүниесі, адамның өмір сүруі мен мәні, дүниедегі адам өмірінің мәні дегендер енеді. Сонымен, білім беру философиясы – «адамның мәдениеті мен рухани байлығын арттыру мақсатына қызмет етеді» [1: 9].

Әлемдік және отандық философтар білім беру философиясына тұшымды тұжырымдар қалдырған. Гегельдің философиялық ойларынан білім беру идеяларын көре аламыз. Өзінің «Рух феноменологиясында» білім беру тұжырымдамасын рухани - философиялық етіп жасады. Рухты сананың қозғалысы мен қалыптасу үдерісі деп пайымдайды. Гегель даралықты адам дамуының бастапқы нүктесі десе, ал адамның қалыптасуын рухани жұмыс дегенге саяды. Нақтылай түссек, білім беру тек адамға білім мен тәрбиені беріп қана қоймай, рухани өсуінің тетігі болады. Гегельдің ойынша, «педагогика – адамдарды инабаттылыққа апаратын өнер: ол адамды табиғи тіршілік иесі ретінде қарастырып, оның бірінші тіршілігін екінші тіршілігіне – руханилыққа жеткізе алатын жолын көрсетеді. Осылайша руханилық оның әдетіне айналады» [2]. Яғни, білім беру оқушыларды руханилыққа, адамгершілікке апаратын жол, қоғамда индивид ретінде толық қалыптасуының негізі болып табылады.

Білім беру үнемі құндылық ретінде қарастырылып келеді. Жаһандану дәуірінде оның білім беруге тигізетін әсерінен «құндылықтарға» бағдарлай оқыту маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» – деп атап көрсетілген [3].

Білім берудің аксиологиялық бағдарының әдістемелік негізінде құндылықтар теориясы жатыр. Аксиологиялық (гр. axios – құнды) немесе құндылықтар, мәдениет парадигмасында құндылықтарды табиғатпен, әлеуметпен қатар қоятын «үшінші ақиқат» ретінде қарастырады. «Құндылықтар – дүниедегі әртүрлі құбылыстар мен деректердің жеке тұлғалық, қоғамдық және өркениеттік деңгейдегі

маңыздылығын білдіретін ұғымдар. Олар – әлеуметтік практикадағы субъектіаралық, адамаралық қатынастарды реттеуші рухани мәнділік. Құндылықтар – адам өмірінің мәнділігін, бағыт-бағдарын анықтаушы рухани күш» [4: 14]. Аксиологияда құндылықтар қоршаған ортаның әлеуметтік маңызы бар нысандары мен құбылыстары адам мен қоғам үшін рухани тетік болып анықталады. Бұлар жеке және қоғамдық мәнге ие болады. Мән – «құндылық» түсінігінің негізгі сипаттамасы. Құндылық адам руханилығының бастауы болып табылады.

Қазіргі философтар құндылықтар иерархиясында мақсатты бағдар ретінде бірінші орынға «тұлғаны» қояды. Аксиологиялық құрылымда орталық құндылыққа «адам өмірінің мәні» түсінігі маңызды.

Мәдениеттің ядросы – рухани құндылықтар. «Рухани құндылықтар – адамның шынайы болмысының нығаюына әсер ететін, тұлғалық дамуына өзек болатын, еркіндігін шығармашылықпен, жасампаздықпен көрсетуге мүмкіндік беретін Ақиқаттың нұрлы құбылыстары дейміз» [5: 84]. Ал ұлттық мәдени құндылықтарға белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір - қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар кіреді.

Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір - қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады. Көріктеуіш құралдарды ғасырлар бойы ұлт санасында жинақталған, дүниетанымды айқындайтын ұлттың рухани құндылығы деп білеміз. Тілдік құралдарды ұлттық құндылықтар ретінде меңгертіп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығара аламыз.

Білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, жоғары сынып оқушысының бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Өйткені бүгінгі өркениет ағымы «Мені» жоғары азаматқа зәру болып отыр. Осындай азаматтарды тәрбиелеу көзі біздің ұлттық рухани дүниемізде, құндылықтарымызда жатыр. Көріктеуіш тілдік құралдар – оқушының дүниетанымын

қалыптастыратын сөз мәдениеті мен шешендік өнердің ажырамас бөлігі. Тілдік құралдарды мектепте меңгерту оқушылардың ішкі «Менінің» жетілуіне, рухани дүниесінің артуына азық болады. Көріктеуіш құралдар айтылар ойды тұспалдап, әсірелеп, аз сөзбен тұжырымдап, нақты әрі әсерлі жеткізеді. Олай болса, тілдік құралдар шешендік өнердің шығармашылық әдісі деп те айтуға болады. Шешендік сөз шынайылықты жанамалап, тыңдаушыға ерекше көркемдікпен көрсетеді.

Тіл – адамның, ұлттың болмысын айқындайтын құндылық. Өйткені тіл – таным құралы. Таным – «ақиқат болмыстың ойдағы көрінісі болып табылады, сол арқылы білім қоры жинақталып, ақпарат қабылданады». Ақиқат адам санасында көрініс беріп, таным нәтижесінде әлем туралы білімі жинақталады. Оқушыға *тарыдай* деген теңеуді айтатын болсақ, ең алдымен оның санасында орныққан көлемі кіп-кішкентай зат бейнесі көз алдына келеді. Ал *қолағаштай* дейтін болсақ, бірден оның санасында үлкен зат пайда болады. Сөйтіп оның ойы тіл арқылы көрініс тауып, тіл арқылы қалыптасады. Тілдің философиялық мәнін ашуға негіз болатын принциптердің бірі – *тіл мен сананың бірлігі.* Ақиқат дүниені тануда дүниетанымдық білім арқылы жалпыадамзаттық сана қалыптасып, ол жер бетіндегі барлық ұлтқа ортақ болады. Ал ұлт ретінде ерекшеленуі ұлттық сананы қалыптастырады. Демек тілден жалпыадамзаттық құндылықтармен бірге ұлттық дүниетаным да көрініс табады. Тіл ұлттың танымын, салт-дәстүрін, ділін, ұлттық ерекшеліктерін сипаттайды. Сөйтіп сөйлеушіні қалыптастырады. Оқушылар көркем мәтінді түсінбей жатады. Бұл олардың мәдени кодты аша алмауының, білмеуінің салдарынан болады. З. Ахметжанова: «Қазақ тілінің концептуалы жүйесін білмегендіктен, жастар қазақ халқының салт-дәстүрін ескіліктің сарқыншағы ретінде қабылдап, теріс бағалайды. Жалпыадамзаттық, әлемдік мәдениеттің бөлшегі болып табылатын ұлттық мәдениеттің терең, философиялық мәнін жас буын өкілдері түсіне алмай жүр», − дейді.

Философтар адамның санасын қарапайым сана және философиялық сана деп бөліп қарастырады да, адамның қарапайым түсініктерін жоғары бағалайды. Н. Нұрышева «қарапайым сана тәжірибені нақты сезімдік бейнелерде белгілей отырып, философиялық сананың негізін» қалыптастыртынын дәлелдей отырып, мынандай тұжырым жасайды: «Қарапайым сананың нақты көрінісі – халық ауыз әдебиеті болғандықтан, қазақ халқының философиялық дүниетанымын зерттеу ісін қазақтың ауыз әдебиетін тереңдеп тексеруден бастаған

жөн». Олай болса, қазақтың халық ауыз әдебиеті ең шұрайлы, ең бай тіл болып саналатынын ескерсек, қазақ халқының қаншалықты мықты, ой-өрісі терең халық екендігін бағамдай берсек болады. Біздің бұл ойымызды Ә.Қоңыратбаевтың пікірі де бекіте түседі: «Қазақ фольклорының образдары жанды әрі шынайы болып келеді. Олар адамға терең ой салып, ғибрат береді. Фольклор туындылары адам тәрбиесі, қоғам мәселелерінен шет жырланған емес. Оның басты айтар ойы – халықты, адам баласын сүйе біл, еңбек пен ерлікті қастерле, досқа жылы, қамқор, дұшпанға берік бол, жас та болсаң елге ағалық көрсете біл, өмірден үйрен де, өрге, өнерге ұмтыл деген ғибрат». Қазақ фольклорын көріктеуіш тілдік құралдардың отаны десек де болады. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырындағы гипербола: *Астындағы бурылдың, Жоғары ерні көк тіреп, Төменгі ерні жер тіреп;* лексикалық қайталамалардың қолданылуы.

Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Бұл қазақ халқының сана-сезімінің жоғары болғанын танытады. Философия адамға өз өмірінің терең мағынасы мен мақсатын, тілдің мәнін түсіндіретін бірден-бір ғылым саласы болып табылады. Қоғамдағы өзгерістердің шешуші факторы болып табылатын адам тілді қолдану арқылы оның әлеуметтік қызметін арттыра түседі. Адам экономикалық, әлеуметтік, саяси немесе рухани салаларда белгілі бір жетістіктерге тек тіл арқылы ғана қол жеткізе алады. Себебі тіл – қарым-қатынас құралы. Адам басқа адамдармен тіл арқылы қарым-қатынасқа түседі, өз ойын білдіреді, алға қойған мақсаттарын дәлелдейді. Сол арқылы ол өмірден өз орнын табуға ұмтылады. Қазіргі таңда өмір күрделенген сайын адамға өмірден өз орнын табу, өз мүмкіндіктерін толыққанды жүзеге асыру қиындық тудыруда. Ақпараттар ағымы көбейген жаһандану заманында бәсекеге қабілетті болу үшін оқушыларға көп жүк жүктейді. Өйткені ол өз ұлтын дәріптеуге, мәдениетін асқақтатуға, тарихын сақтауға, тілін қадірлеуге тиісті тұлға болуы қажет. Сонда ғана тіл деген қасиетті нәрсені болашақ ұрпаққа аманат қылып табыстай алады. Ол өмірдің мәнін қазақ халқының рухани мәдениетінен таба алады.

Қазақ философиясы қазақ ауыз әдебиетінен, оның ақындық, жыраулық, шешендік өнерінен бастау алады. З. Қабдолов айтқандай, «... тіл жоқ жерде көркем әдебиет те жоқ, ... тіл жоқ жерде философия да жоқ...». Олай болса, көріктеуіш тілдік құралдардың мәдени сипатын айқындау, жоғары сынып оқушысының сөйлеу мәдениетін жетілдіру философияның да өзекті

мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақ тілінің таусылмас қазынасы – оның көріктеуіш құралдары. Қазақтың ауыз әдебиеті, ақын-жыраулары мен шешендерінің сөз саптауы қазақтың тіл өнерін жетік меңгергенін танытады.

Қазақтың шешендік сөздерінен *ғылым мен білімнің* адам өміріндегі орнын, қоғамның дамуында маңыздылығын билер мен шешендер өздерінің философиялық пайымдауларында халыққа үндеген. Оған дәлел ретінде «*Даналық негізі – білім», «Оқыганның бәрі жарық, оқымаганның беті шарық», «Судан терең – оқу, ғылым»* (Досбол би), *«Керуен басы білікті болса, түйе азбайды. Қолбасы білікті болса, сарбазы азбайды»* (Бәйдібек би), «*Билер жақсы болса, білім иесі батырдағы»* (Төле би), «*Таудан биік көңіл бар, теңізден терең ғылым бар»* (Сырым шешен), «*Білім – таусылмайтын кен»* (Саққұлақ шешен).

Өнердің ең асылы – сөз. Көріктеуіш құралдар – бейнелі тіл, ал бейнелі тіл – саналы ойдың жемісі. Қазақ философиясының ерекшелігі – *ана тілін, сөз өнерін* ерекше бағалағаны. Халық ұғымында шешендік пен көсемдік – өнердің ең сапалы түрлері. Ол *«Сөйлей - сөйлей шешен боларсың, көре - көре көсем боларсың»* деген мақалдан - ақ анық байқалады. «Қазақ халқы сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай, өнеге ретінде данышпандығын өлең өрнектерімен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерделеп келе жатқан халық. «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Аталы сөзге арсыз таласады», «Сөз тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деп, сөз қадірін білген қазақ халқы қашан да сөздің жұмсалуына, қай жерде қалай сөйлеу керектігіне баса назар аударған.

Бөлтірік шешен: «*Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе тағы жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылды сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтінің біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қайда сөйлейтініңді біл. Оны білмесең, сара сөзің шала болады, арты жала болады...* » деген өсиет сөзі сөз мәдениетінің мәні мен маңызын айқындап тұр.

Адамның ойлау жүйесі оның *танымымен* тығыз байланысты. Тілдік ойлаудың ең жоғарғы көрсеткіші − автордың психологиялық танымын, санадағы ойдың сөзге айналу процесін айқындайтын танымдық құбылыс болып табылады (Кесте 4). Адамның танымы оның айналадағы дүниенің бейнесін қалай тануымен айқындалады.

«Бала – бауыр етің», «Бала табылады, бауыр табылмайды», «бауыры елжіреу» деген мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде теңеулер мал шаруашылығымен айналысқан халықтың бауырдың адам организміндегі рөлін жете танығандығымен байланысты. Халық бауырдың жалқы орган екенін, оның адамның қанын айналдырудағы жұмысын жақсы білген. Өлген адамға «бауырымдап» дауыс айтып келу де халықтың айналадағы дүниенің ақиқат бейнесін терең қабылдағанынан туындаған. Өйткені адамның дүниені түсінуі, оның заңдылықтарын игеруі оның тілінде көрініс табады. Бейнелі сөздер туралы Т. Қоңыров қазақ теңеулерінің ұлттық таным жүйесімен тығыз байланысты екенін көрсете отырып, ол жайында мынадай тұжырымды ой айтады: «Әдебиеттегі образдар жүйесі және сөз бейнелеу тәсілдері – ұлттық характердің ең басты көрсеткіштері. ...Теңеу категориясы – бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдері ішіндегі ең басты, ең пәрмендісі. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да өз бастауын осы теңеуден алады. ... Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктерінің жиынтығы, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі».

Адамның дүниетанымдық қабілеті оның тілдік тұлғасын анықтауға ықпал етеді. В.А. Маслова тілдік тұлғаның компоненттеріне мыналарды жатқызады: 1) құндылық, дүниетанымдық, тәрбие мазмұны компоненті, яғни құндылықтар жүйесі және өмірдің мәндері; 2) мәдениеттану компоненті, яғни тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; 3) жеке тұлғалық компонент, яғни әр адамда бар терең жекелік қасиеттер.

Дүниетаным – дүниеге көзқарас, адам қоғамымен бірге пайда болған қоғамдық тарихи құбылыс. Адам күнделікті өмірде өзіне қажет көптеген мәселелерді шешуі қажет болғандықтан, оған ерекше білімдер жүйесі қалыптасуы керек. Айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамдардың орны, тіршіліктің мән-мағынасы туралы білімдердің, көзқарастардың жүйеленген жиынтығы дүниеге көзқарас немесе дүниетаным деген ұғымды білдіреді. Дүниетаным – адам санасының, танымының қажетті құрамдас бөлігі. Ол адам танымының бір элементі емес, оның күрделі өзара әрекеттесуі. Түрлі білімдер, адамның сезімі, көңіл - күйі, үміті, ұмтылысы, мақсаты – бәрі дүниеге көзқарасқа бірігіп, адамның өзін және дүниені толығымен түсіндіреді.

Философтар «дүниетаным – дүниені түсінудің, ондағы адамның алар орны және өмірлік позициясы туралы көзқарастардың, принциптердің жиынтығы» деп түсіндіреді. Дүниетаным шығуының қайнар көзі – өмірдің өзі, адамның тіршілік болмысы. Дүниенің пайда болуы, ондағы адамның орны, оның тіршілік мәні, қоғам дамуының бағыты секілді мәселелер қай дәуірде де адамдарды толғандырып, ізденіске салып келді. Сөйтіп, дүние құбылыстарын түсіндіруге талпынған әрекеттер үнемі дамып отырады. Осыдан келіп, жалпы адамзаттың дүниетанымы, дүниеге көзқарасы кеңейеді және тереңдей береді.

Дүниетанымның бірлігін құрастыратын негіз – білім. Білім бірнеше түрге бөлінеді: күнделікті тіршіліктен қалыптасқан білім, кәсіби білім, сондай - ақ, ғылыми білім болып бөлінеді. Ертедегі ойшылдар білімді қараңғылықты, надандықты жоятын, халықтарды жақындастыратын күш деп ұққан.

Әдебиеттер:

1. Еділбаева С.Ж. Білім беру философиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 138 б.

2. Гегель. Философия духа // Энциклопедия философских наук: В 3 т. – М.: Мысль, 1977. – Т.3. – 471 с.

3. Adilet.zan.kz

4. Раев Д.С. Қазақ шешендігі философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.

5. Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік және философиялық талдау. – Алматы: Раритет, 2010. – 181 б.

УДК: 82

«ПСИХОЛОГИЗМ» В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ, ИССЛЕДУЕМЫЙ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕМ

Умарова Г.С.
– кандидат филологических наук, доцент,ЗКГУ им.М.Утемисова)
E-mail: *umarova_1959@mail.ru*
Ергалиева Н.У.
магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail:n.ergalieva@mail.ru

Аңдатпа. Мақала бүкіл әлемдік және орыс әдебиетіндегі, сонымен қатар әдебиет тануындағы «психологизм» түсінігін теориялық ой - өрлеуде, бұл мен байланысты дамуы мен тарихында пайда болған мәселелерды қарастыруға арналған.

Түйінді сөздер: «психологиялық» термині; кейіпкердің ойы, айқындауын сипаттау; кейпкердің ішкі сыры, шығармашылық талант.

Аннотация. Статья посвящена теоретическому осмыслению понятия «психологизм» в литературоведении, истории и развитии исследования данной проблемы в мировой и русской литературе.

Ключевые слова: термин «психологизм», передача переживаний, внутренний мир героя, творческий талант.

Annotation. Abstract. Article is devoted to theoretical judgment of the concept "psychologism" of literary criticism, the history and the development of a research of this problem in the world and Russian literature.

Key words:term "psychologism", transfer of experiences, world of the hero, creative talent.

В современном литературоведении выясняем, чтотермином «психологизм»обозначают тщательно индивидуализированное воспроизведение переживаний персонажа, героя в их взаимосвязи и динамике.[1, С. 128].

Исследуя историю возникновения и развития психологизма в художественной литературе, Г.Н.Поспелов утверждает, что на ранних стадиях развития литературы психологизм не был ярко выражен. Причиной такого утверждения ученый видит в отсутствии художественного интереса к умонастроениям человека, непосредственно не связанными с его деяниями. Все, что находилось вне сферы решительных поступков и поворотных

событий, для первоначально возникших жанров – эпоса и драмы, как бы не существовало.

Но уже *в народных сказках* передача переживаний, чувств, того, о чем подумали герои, изображались долгое время элементарно. *В античной литературе*выявлялась сила, напряженность, острота какого - либо одного чувства или намерения. Умонастроения персонажей раскрывались в сообщениях либо об их горе и слезах, либо, напротив, об их веселье и радости. Так, описание в последней главе «Иллиады» горя Приама, хоронящего своего сына Гектора, – это оно из глубочайших проникновений античной литературы в мир человеческих переживаний. А вместе с тем психологизм, в современном смысле этого слова, здесь отсутствует. О силе отцовского горя свидетельствуют поступок Приама, не побоявшегося ради выкупа тела Гектора отправиться в стан ахейцев к Ахиллу. Элементы описания внутреннего состояния передают собственные слова героя о постигшей его беде («Я испытую, чего на земле не испытывал смертный») его стенания и проливаемые слезы, о которых говорится неоднократно, пышность похорон, завершивших девятидневное оплакивание Гектора. Не «диалектика» переживаний выявляется здесь. В гомеровской поэме с максимальной целеустремленностью запечатлевается *одно* чувство, чувство отцовского горя, предельное в своей силе и яркости. Наиболее элементы психологизма проявились в *средневековой литературе, в исповеди и житии* («Исповедь» Августина, «Житие протопопа Аввакума»), а также в рыцарских романах («Парцифаль» Вольфрама фон Эшенбаха).Но еще ярче он выразился в произведениях позднего средневековья и Возрождения, как «Божественная комедия» Данте, повесть «Фьяметта» Боккаччо, трагедии Шекспира с присущими им сложными переживаниями героев. Важный этап упрочения психологизма в художественной литературе произошел в XVIII веке *в произведениях писателей - сентименталистов*, как «Юлия, или Новая Элоиза» Руссо, «Сентиментальное путешествие» Стерна, «Страдания юного Вертера» Гёте, «Бедная Лиза» Карамзина. В них на первом плане – душевные состояния людей, тонко и глубоко чувствующих. К возвышенно трагическим, нередко иррациональным переживаниям личности приковала внимание *литература романтизма* (повести Гофмана, поэмы и драмы Байрона). Внедрение психологизма в литературу XVIII – XIX веков было связано с резко возросшим

интересом писателей к *внутренним мотивам* человеческого поведения. Ф.Шиллер писал: «Мы должны видеть не только, как он (герой – *В.Х.*) совершает свой поступок, но и как задумывает его. Его мысли значат для нас бесконечно больше, чем поступки, и нам гораздо важней источник этих мыслей, чем последствия его поступков». [2, С. 497].

Традиция психологизма была подхвачена и развита представителями *реалистической литературы* XIX в. Бальзак и Стендаль, Лермонтов и Тургенев воспроизводили сложные умонастроения, порой конфликтно сталкивавшиеся между собой. Эти умонастроения были связаны с разными сторонами жизни персонажей: с окружающей их социальной действительностью, с природой, с фактами их личной жизни, с ее бытовым укладом и, главное, с их собственными духовными исканиями. Эти писатели чаще воссоздавали сложившиеся умонастроения, а не их возникновение и формирование.

Начало теоретическому осмыслению психологизма в русскойреалистической литературе XIX века заложил представитель революционно-демократической критики, Н.Г.Чернышевский, анализируя творчество Л.Н.Толстого. По мнению критика, «психологический анализ может принимать различные направления: одного поэта занимают все более очертания характеров; другого – влияния общественных отношений и житейских столкновений на характеры; третьего – связь чувств с действиями;четвертого – анализ страстей…». [3, С.505]. Оценка Н.Г.Чернышевским психологического анализа как «едва ли не самого существенного из качеств, дающих силу творческому таланту», актуальна и сейчас. [4, ebooks.grsu.by/.../1 – issledovanie – khudozhestvennogo - psikhologizma – v - otechestvenn].

По теоретическому осмыслению психологизмапродолжили работу представители психологического направления культурно - исторической школы литературоведения А.Потебня и В.А.Овсянников - Куликовский. Ими были предложены принцип анализа произведения в его художественно - эстетическом своеобразии. Такой принцип анализа, предложенный А.Потебней и В.А.Овсянников - Куликовским, зависел, по мнению литературоведов, от психологической индивидуальности автора произведения и духовным обликом воспринимающего читателя. Хотя предложенные принципы не были далее разработаны учеными

психологического направления, эти подходы предвосхитили научные методологии двадцатого столетия. [5, С. 8 – 9]

Продолжение истории осмысления «психологизма» мы находим в трудах Л.С. Выготского в его научном труде «Психология искусства».

Автором переосмысливаются проблемы соотношения языка и мысли, литературы и общественной психологии, психологии творчества и восприятия, затронутые предшествующими учеными. Выготский вносит свою лепту в разработку проблем «эстетической реакции», катарсиса, эмоционально - образного содержания художественных произведений.

В труде «Психология искусства» изложены не только собственное видение автора творческого перехода эмоций в образы фантазии, но также им даны ценные замечания общего характера. Выготским подчеркивается, что «каждая эпоха имеет свою психологическую гамму, которую перебирает искусство».

С конца XIX века психологическое содержание художественной литературы превращается в активно обсуждаемую проблему многоаспектного исследования (психология творчества, восприятия), объектом интереса различных наук.[6, С. 93].

Проблема психологизма стала обсуждаться советскими писателями и литературоведами с 20 – 30 - х годов по 60 - е годы XX столетия.

Дискуссия о психологизме/антипсихологизме («живом человеке») с 20 – 30 - х годов по 60 - е годы XX столетия велась в аспекте художественного метода, традиций и новаторства. В 70 – 80 - е годы происходит переход к теоретическому и историческому осмыслению проблемы. В то же время многообразие и противоречивость истолкования проблемы не способствовали выработке точного определения, границ понятия и целостной концепции художественного психологизма.

Традиционно для изучения теоретических и практических вопросов психологизма в художественном произведении являлось наследие писателей реалистической литературы. Поэтому в большинстве исследований литературоведов «заметна тенденция рассматривать сам психологизм как открытие реализма XIX века и игнорировать предшествующие этапы его развития» [7, С.4] и последующие.

Действительно, исследователями доказывается мысль о том, что реалистической литературе XIX века принадлежит заслуга углубления в психологию человека как социально детерминированной единицы, во внутренний мир личности,

понимаемой как «характер, сформированный определенными социальными и историческими обстоятельствами». [8, С. 106]. Вследствие этого исследователи XX века корректно рассматривают психологизм классиков XIX в. в диалектической связи с предшествующим и последующим этапами его развития.

Активно и плодотворно осмысливаются психологизм в художественной литературе в исследованиях историко - типологического характера. Это, прежде всего, работы Д.С.Лихачева [9,1970], Л.Я.Гинзбурга [10,1999], А.В.Карельского [11,1983], Н.В.Забабуровой [12, 1992]. Модификации психологизма становятся исторически содержательными только при рассмотрении соотношения между концепцией личности, присущей эпохе, и ее художественным воссозданием. В осмыслении новаторских аспектов, особенностей психологического изображения, по мысли исследователей, оказываются значимыми художественный метод (А.В.Карельский), «мировоззренческая программа автора» (А.Н.Андреев), жанровая типология (А.Я.Эсалнек), мотивированность, обусловленность внутренней жизни, поступков персонажа (Л.Я.Гинзбург).

Мысль о многоаспектности категории психологизма в художественной литературе и необходимости сочетания синхронического и диахронического подходов в его изучении, требующем всестороннего анализа произведения, звучит в работах исследователей зарубежной литературы (А.В.Карельский, Н.В.Забабурова, Н.С.Лейтес).

К 90-м годам психологизм уже рассматривался как имманентный движению историко-литературного процесса. Причем психологизм соотносился с внутрихудожественной спецификой его этапов в современных исследованиях И.В.Николаевой, И.И.Буровой, Т.П.Усачевой, В. Гудонене, Е.Ю.Хонг.

Художественный психологизм по - разному рассматривается литературоведами западного и советского литературоведения. Потаённая жизнь человеческой души, проблемы сознательного и бессознательного, отображенные в художественной литературе, продолжают привлекать внимание исследователей разных стран.

Итак, нами замечено, что в сложном и неоднозначном освоении литературного произведения продолжается переосмысление психологизма как теоретической и конкретно-исторической проблемы.

ПРОСТРАНСТВО ДЕТСТВА В ПРОЗЕ В.РАСПУТИНА И Б.СОКПАКБАЕВА

Алмагамбетова Н.А.,
магистр-преподаватель кафедра Казахская филология,
город Уральск

Аңдатпа. Бұл мақалада В.Распутин мен Б.Соқпақбаевтың прозасындағы балалық шақ кеңістігі сөз болады. Екі жазушының әңгімелерінің ерекшелігі салыстырылады.

Аннотоция. В статье рассматривается просранство детства прозе В.Распутина Б.Сокпакбаева. Подвергается анализу особенности рассказов двух писателей.

Annotation. In the article, the childhood progeny of B.Rasputin's prose B.Sokpakbaev is considered. The features of the stories of two writers are analyzed.

Тема ребенка и детства считается одной из ведущих и ключевых тем мировой литературы. Данная тема является универсальной, не ограниченной рамками какой-либо национальной литературы или конкретного временного периода. Эта универсальность объясняется тем, что детство – такое же общечеловеческое явление, как рождение, жизнь, смерть. Поэтому эти явления, вечные и присущие всем без исключения людям, находят отражение в литературе.

По мнению исследователей, определить эпоху, в которую пространство детства становится главным в мировой литературе, достаточно сложно. В литературоведении известно утверждение о том, что начало нового этапа, заинтересованного отношения к детству связано во второй половиной XVIII – началом XIX века. Некоторыми исследователями подчеркивается, что само понятие детства как самоценной стадии духовного развития могло возникнуть только на почве сентиментально - романтического умозрения.

Вопрос о более раннем периоде заинтересованного отношения к детству мировой литературы появляется со второй половины XX в. «Если по отношению к XIX - XX векам сентиментально-романтический культ детства – начало нового периода в истории темы, то по отношению к предыдущим столетиям – кульминация длительного процесса». Рассмотрение детства в культуре и литературе

большое значение приобретает XVI - XVII веков. Новое отношение к детству в культуре, по сравнению с прошедшими веками, связано с идеологией Просвещения.

Определение «пространство детства» пока не представляется однозначным, как и определение самого детства. Однако, очевидно, что «пространство детства» мыслится современными учеными в первую очередь как духовная территория конкретного ребенка и детства в целом, противопоставленная миру взрослых. Применение этого понятия в качестве одной из граней, характеризующих художественное пространство произведения, в котором детство является для автора значимым концептом, может оказаться продуктивным.

Пространство детства – это, в первую очередь, духовное пространство, которое формируется под влиянием того, что окружает ребенка. Это пространство детского сознания, детское видение мира, которое имеет свои отличительные особенности в сравнении со «взрослыми» представлениями. Поэтому важной характеристикой пространства детства в художественном тексте является оппозиция «детское – взрослое».

Пространство детства – объективно существующая часть художественного мира в произведениях о детях и для детей. Необходимо различать реальное (географическое, социальное, историческое) пространство, на фоне которого изображается детство; духовное, психологическое пространство героя-ребенка (мир его чувств, переживаний); и концептуальное пространство, представляющее авторский взгляд, авторское отношение к детству. Последнее связано не только с мировоззрением, но и с жанровыми и стилевыми предпочтениями. Пространство детства по-разному романтиков у представлено в автобиографической прозе и классическом романе, в лирике и в литературе для детей. При всем многообразии художественных модификаций, важной характеристикой пространства детства представляется оппозиция «детское – взрослое», позволяющая определить границы анализируемого явления.

Отражение мира детства, анализ внутреннего мира ребенка все больше привлекает внимание западных, российских и казахстанских исследователей. Проза о детях воспринимается как отдельная и полноправная область литературы. Произведения о детях рассматриваются в рамках изучения межнациональных литературных отношений, стремления к сравнительно-историческому анализу тем,

образов, жанров национальных литератур. Этим определяется актуальность настоящего исследования, в котором предпринимается попытка проанализировать литературный образ детства, созданный русским и казахским писателями в прозе XX столетия.

Образ ребенка присутствует в мировом искусстве и литературе во все времена, однако к началу XIX столетия его значимость возрастает, он становится центральным. Это отнюдь не отрицает развития детской темы на предшествующем этапе развития литературы, а, наоборот, предполагает существование некоторого периода подготовки к тому, чтобы она вышла на первый план. Исследователь Ю.Н.Тынянов в рассказах о Пушкине указывает, что в эпоху разложения какого - либо жанра тема детства перемещается из центра на периферию, а на его место «из задворков» выходит новое явление. То же можно сказать об изображении детства в литературе, будучи представленным в качестве периферийного явления, в определенный момент оно занимает центральное и доминирующее положение.

Детство существует в особом месте с особым ландшафтом, мифологией и культурой, идеологией собственных представлений об идентичности и стратегией прогностических предпочтений…. Детство является органической данностью, с одной стороны, и с другой – продуктом социализирующего воздействия.

Образ центрального персонажа и рассказчика в рассказе В. Распутина «Уроки французского» представляют действующее и рефлексирующее Я, сознание одного человека, но на разных возрастных этапах жизни. Форма перволичного повествования позволила В. Распутину передать эмоционально теплое, сочувственное отношение рассказчика к персонажу, а временная дистанция от событий – внести рефлексивные моменты туда, где герой (в силу возраста, ограниченности знания, погруженности в обстоятельства) на это не способен. Поэтому сфера персонажа в «Уроках французского» – непосредственный опыт и вызванные им эмоции, ощущения, а сфера рассказчика – этико-философские обобщения, объяснения состояний персонажа.

Значение игры осознается только повзрослевшим героем: сближение с учительницей позволило выйти из границ своих возрастных и деревенских стереотипов, приблизится к пониманию переживания других, а главное, позволило вынести значимые жизненные уроки, понимание, что буква закона (ее воплощает директор) далеко не всегда совпадает с нормой морали; чтобы дать

нравственную оценку чему - либо, за внешним нужно уметь рассмотреть сущность. В. Распутин намеренно обнажает парадокс: герой играет в азартные игры, но не игра управляет им, лишает рационального мышления, а он сам рассчитывает, как и сколько он заработает.

Отношение ребенка к игре как к спортивному состязанию лишает саму игру атрибутивных признаков пагубной азартной игры. В его сознании биологические потребности (поесть, чтобы выжить) менее значимы, чем нравственные. Он готов прекратить игру с учительницей, подозревая, что она поддается ему, играет нечестно. Ставя своего героя в ситуации морального выбора, когда на кону жизнь и здоровье, В. Распутин утверждает способность деревенского ребенка к выживанию, смекалке при сохранении нравственной чистоты.

Использованные в рассказе приемы психологизма подчинены художественной задаче – раскрыть внутренний мир мальчика, механизмы нравственного выбора в экзистенциальных ситуациях выживания, столкновения с ценностно иным отношением к игре/жизни (у игроков, учительницы). В. Распутин утверждает значимость учителей, которые, давая своим примером «уроки доброты», закладывают нравственную основу личности.

Произведение Б. Сокпакпаева показывает проблемы и сомнения, которые волнуют нас в подростковом возрасте, будто главный герой вылеплен по образу всех детей. Процесс становления личности начинается с поиска нравственных ориентиров. Тщательно выписывая муки героя перед собранием, по сути, автор рассказывает о пути человека к Истине, и, в конечном счете, самому себе. Художник не утяжеляет душу ребёнка сложными переживаниями, не заставляет рассуждать умнее своих лет. Через радость и боль людей, с которыми сводит его судьба, через совершаемые поступки и проступки происходит взросление подростка. Все эти события Б. Сокпакбаев рассматривает как своеобразное звено в диалектике человеческой души, как особый вид духовной памяти, соединяющий прошлое с настоящим. Портреты и характеры многих людей чётко проявила авторская память: это и близкие мальчика (мать, отец, брат, бабушка, дедушка), и крикливый, упивающийся властью класском Жунисбай, и первый учитель, открывший много неизведанного и преподнёсший уроки человечности.

Кожа живёт не только впечатлениями. Он делает их предметом анализа, подыскивая им соответствующие толкования и закрепляя в

своей памяти. Мучительные вопросы к себе, решение прекратить безрассудство, обещание исправиться – путь самоанализа героя. Раскрытие внутренних переживаний и раздумий героя становится основным художественным приемом писателя. Во всех произведениях Б. Сокпакбаева зримо выступает своя манера письма. Здесь и углубленный реализм, и верное следование перипетиям жизни, и впечатляющая достоверность их передачи. Еще при жизни Бердибека Сокпакбаева называли классиком казахской детской литертуры.

Литература:

1. Введение в литературоведение: Учебник для филологических специальностей университетов / Поспелов Г.Н., Николаев П.А., Волков И.Ф., Хализев В.Е. и др.; Под ред. Г.Н.Поспелова. – 2-е изд., доп. – М.: Высш.школа, 1983. – 327 с.

2. Шиллер Ф. Преступник из - за потерянной чести. – Собр. соч. в 7-ми т. – М., 1957. – Т. 6.

3. Чернышевский Н.Г.Поли. собр. соч. – М., 1947. – Т. 3.

4.ebooks.grsu.by/.../1 - issledovanie - khudozhestvennogo psikhologizma - v - otechestvenn

5. Аскольдов, С. Психология характеров у Достоевского / С.Аскольдов // Достоевский Ф.М.: Статьи и материалы. Сб. 2 / Под ред. А.С.Долинина. – Л., 1924.

6. Выготский Л.С. Психология искусства / Л.Выготский. – Спб.: Азбука, 2000.

7. Забабурова Н.В. Стендаль и проблемы психологического анализа / Н.В.Забабурова. – Ростов – на - Дону: Изд - во Ростов. Ун - та, 1982.

8. Зингерман Б.И. Пикассо, Чаплин, Брехт, Хемингуэй / Б.И.Зингерман // Образ человека и индивидуальность художника в западном искусстве XX в. – М.: Наука, 1984.

9. Лихачев Д.С. Человек в литературе Древней Руси / Д.С.Лихачев. – М.: Наука, 1970. – 178 с.

10. Гинзбург Л.Я. О психологической прозе / Л.Я.Гинзбург. – М.: INTRADA, 1999. – 415 с.

11. Карельский А.В. От героя к человеку (Развитие реалистического психологизма в европейском романе 30 – 60 - х годов XIX в.) / А.В.Карельский. – Вопросы лит. – 1983. – №9. – С. 81 – 122.

12. Забабурова Н.В. Французский психологический роман (эпоха Просвещения и романтизм) / Н.В.Забабурова. – Ростов – на - Дону: Изд. Ростовск. Ун - та, 1992. – 223 с.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

1. Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы – *педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

2. Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы – *филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.*

3. Жексенғалиев Болат Өтеғалиұлы – *Мемлекеттік қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау мемлекеттік мекемесінің директорының міндетін атқарушы, Орал қ.*

4. Аронов Құспан Ғұмарұлы – *филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

5. Хасанов Ғабит Қайыржанұлы – *филология ғылымдарының докторы, профессор. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

6. Сұлтаниязова Индира Сағындыққызы – *философия докторы (PhD), доцент. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

7. Баязитова Р.Р. – *к.и.н., доцент кафедры башкирской литературы и культуры, руководитель научно - образовательной лаборатории этнографии и фольклора народов Евразии им. А.М. Сулейманова, ФГБОУ ВО «Башкирский государственный педагогический университет им.М.Акмуллы», Россия, Уфа.*

8. Утегенова К.Т. – *к.п.н., доцент. Западно - Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова, г. Уральск.*

9. Кужбанова Н.Е. – *магистрант. Западно - Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова, г. Уральск.*

10. Қыдыршаев О.А. – *магистр - оқытушы. Орал қ.*

11. Алдашева К.С. – *философия докторы (PhD), аға оқытушы. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

12. Молдагалиева Ұ.Ж. – *«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 - курс магистранты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

13. Хайрамбаева Г.Б. – *учитель русского языка и литературы, средняя общеобразовательная школа им. Ы. Алтынсарина, Таскалинского района, ЗКО*

14. Нуртаева Л.К. – *оқытушы. «БҚОӘББ Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі» МКҚК, Орал қ.*

15. Айтимбетова А.А. – *оқытушы. «БҚОӘББ Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі» МКҚК, Орал қ.*

16. Дуйсенгалиева Н.Е. – *аға оқытушы, магистр. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

17. Қадырғалиев Ж.Д. – *аға оқытушы. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

18. Донскова Г.А. – *к.ф.н., доцент. Западно - Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова, г. Уральск.*

19. Ұлықпанова Ә.Ж. – *аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.*

20. Женісова Б.Қ. – *студент. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.*

21. Ахатова Н.К. – *старший преподаватель Западно - Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова, магистр филологии, PhD докторант Стамбульского университета Республики Турции, г.Уральск.*

22. Бекташева Г.Т. – *«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 - курс магистранты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

23. Амангельдиева Г.К. – *«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 - курс магистранты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

24. Рахметова А.Н. – *«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 - курс магистранты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

25. Утегенова А.Н. – *магистрант 1 курса. Западно - Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова, г.Уральск***.**

26. Калиева А.Т. – *оқытушы, магистр. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

27. Суйншева Н.А. – *«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 - курс магистранты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

28. Мүтиев З.Ж. – *ф.ғ.к., доцент, филология факультетінің деканы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

29. Ашимова Р.С. – *педагогика ғылымдарының магистрі, Орал қаласы оқушылар сарайының әдіскері, Орал қ.*

30. Донскова О.А. – *к.ф.н., профессор, Пятигорский государственный университет, г.Пятигорск, РФ*

31. Дюсембина Г.Е. – *философия докторы (PhD), аға оқытушы, қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

32. Шайекенов Ж.Ж. – *ф.ғ.к., аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

33. Хасанова А.Р. – *«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 - курс магистранты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.*

34. Шагимгереева Б.Е. - *старший преподаватель Западно - Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова, магистр, г.Уральск.*

35. Мухамеджанова Г.Т. – *оқытушы, магистр, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ.*

36. Умарова Г.С. – *кандидат филологических наук, доцент, ЗКГУ им.М.Утемисова, г.Уральск.*

37. Ергалиева Н.У. – *магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова, г.Уральск.*

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

1. Иманғалиев А.С.
АЛҒЫ СӨЗ **3**

2. Қыдыршаев А.С., Қыдыршаев О.А.
ШЕШЕНДІК ДӘСТҮР – ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨЗІ **4**

3. Садуақас Н.А.
ЛАТЫН ГРАФИКАСЫН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНЕ КӨШІРУ ТУРАЛЫ **16**

4. Жексенғалиев Б.Ө.
ЛАТЫН ЖАЗУЫ НЕГІЗІНДЕ ТӨЛ ӘЛІПБИДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ **24**

5. Аронов Қ.Ғ.
ЖАҢА ӘЛІПБИ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ КЕПІЛІ **30**

6. Хасанов Ғ.Қ.
ШУМЕР ТІЛІ МЕН КӨНЕ ТҮРІК ТІЛІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ **34**

7. Сұлтаниязова И.С.
АНТОНИМИЯНЫҢ ҰҒЫМДЫҚ АППАРАТЫ **43**

I СЕКЦИЯ

ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ТҮРКІЛІК МӘДЕНИ МҰРА

1. Мүтиев З.Ж., Ашимова Р.С.
САТЫБАЛДЫ ДАУМОВТЫҢ ЖУРНАЛИСТІК ІЗДЕНІСІ: ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР **55**

2. Баязитова Р.Р.
ТРАДИЦИОННЫЙ ЭТИКЕТ БАШКИР
КАК КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ **63**

3. Утегенова К.Т., Кужбанова Н.Е.
ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА ПО ПРОГРАММЕ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ **68**

4. Алдашева К.С.
НОРМАТИВТІ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ: НОРМА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАНУ **73**

5. Дюсембина Г.Е.
ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ «БИЛІК» КОНЦЕПТІСІНІҢ РЕПРЕЗЕНТТЕЛУІ **83**

6. Молдагалиева Ұ.Ж.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ СТИЛЬДІК ҚАБАТТАРЫ **94**

7. Хайрамбаева Г.Б.
СЛОВАРНАЯ РАБОТА НА УРОКАХ
РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ **101**

8. Нуртаева Л.К., Айтимбетова А.А.
ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ
ҚОЛДАНУ **107**

9. Дуйсенгалиева Н.Е.
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕН ТУЫНДАЙДЫ **111**

10. Қадырғалиев Ж.Д.
ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС - ТӘСІЛДЕРІ **116**

11. Суйншева Н.А.
КӘДІРБЕК СЕГІЗБАЕВТЫҢ «БЕЛАСҚАН» РОМАНЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТ ҮЛГІЛЕРІНІҢ КӨРІНІСІ **122**

12. Хасанова А.Р.
СВЕТҚАЛИ НҰРЖАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ **130**

II СЕКЦИЯ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ: ЗЕРТТЕУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ДӘРІПТЕУ

1. Донскова О.А., Донскова Г.А.
ТЮРКИЗМЫ ДИАЛЕКТА УРАЛЬСКИХ (ЯИЦКИХ) КАЗАКОВ: АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ **134**

2. Ұлықпанова А.Ж., Жеңісова Б.Қ.
ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ **141**

3. Ахатова Н.К.
О КАЧЕСТВАХ ЛИЧНОСТИ ДЕЯТЕЛЯ СЫРЫМА ДАТОВА, ИЗВЕСТНОГО В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА БИЯ, ОРАТОРА, МУДРЕЦА **149**

4. Бекташева Г.Т.
М.ҚАШҒАРИДІҢ «ДИУАНИ ЛҰҒАТ АТ - ТҮРІК» ШЫҒАРМАСЫ ТІЛІН АНТРОПОӨЗЕКТІК БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ **154**

5. Амангельдиева Г.К.
ҒАЙСА - ҒАЛИ СЕЙТАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТІЛІК, АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІК **162**

6. Рахметова А.Н.
АҚЫН А. НӘРІКОВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР, ӨСКЕН ӨЛКЕ ТАҚЫРЫБЫ **171**

7. Утегенова К.Т., Утегенова А.Н.
ПОЛИЛИНГВАЛЬНЫЕ ЯЗЫКОВЫЕ КОНТАКТЫ: КОДОВОЕ ПЕРЕКЛЮЧЕНИЕ В УСТНОЙ РЕЧИ КАЗАХОВ **178**

8. Калиева А.Т.
ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ **183**

9. Шагимгереева Б.Е.
ГЛАГОЛЫ ДВИЖЕНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ТЮРКИЗМЫ РУССКОГО ГОВОРА: ОСОБЕННОСТИ ОТНОШЕНИЯ К СУБЪЕКТУ **187**

10. Шайекенов Ж.Ж.
ӘБУ СӘРСЕНБАЕВТЫҢ ӨЛЕҢ ӨРІМДЕРІ **195**

11. Муханбетжанова Г.Т.
ОҚУШЫЛАРҒА КӨРІКТЕУІШ ҚҰРАЛДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ **200**

12. Умарова Г.С., Ергалиева Н.У.
«ПСИХОЛОГИЗМ» В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ, ИССЛЕДУЕМЫЙ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕМ **209**

13. Алмагамбетова Н.А.
ПРОСТРАНСТВО ДЕТСТВА В ПРОЗЕ В.РАСПУТИНА И Б.СОКПАКБАЕВА **214**

Жауапты редакторы
Ответственный редактор Кужалиева Р. Р.

Компьютерде беттеген және дизайн
Компьютерная верстка и дизайн Аманшина Р. У.

Техникалық редакторлар
Технические редакторы Сахметова С. К.
Кубегенова Г. К.
Есимгалиева Ж. З

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫЛЫП ШЫҚҚАН
ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Көлемі 14,1 б.т. Таралымы 100 дана. Офсет қағазы.
Тапсырыс №31

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің
Редакциялық баспа орталығы.
Орал қаласы, Достық даңғылы, 162.